Осы Бастапқы инвестициялық меморандумдағы ақпарат толық емес және өзгеруі мүмкін. Бастапқы инвестициялық меморандум қандай да бір бағалы қағаздарды сатуға ұсыныс болып табылмайды және ұсыну немесе сатуға рұқсат берілмеген қандай бір юрисдикцияда бағалы қағаздарды сатып алу туралы ұсынысқа қатысты сауал жасау болып табылмайды.

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум KEGOC-тың жай акциялары листингін Қазақстандық қор биржасының («KASE») ресми тізіміндегі «Акциялар» секторының бірінші санатында ұсынуға байланысты ықтимал инвесторларды «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» («KEGOC») акционерлік қоғамымен таныстыру мақсатында әзірленді. Бағалы қағаздарды сауда-саттыққа шығару туралы өтінім KASE тарапынан әлі жасалған жоқ, бірақ алдағы уақытта жасалады деп күтілуде. Ықтимал инвесторлар KASE айналымында болатын бағалы қағаздарды сатып алуға қызығушылық танытуы мүмкін, бұл жағдай бағалы қағаздар тізімге енгізілгенде ғана болуы мүмкін. Бұған қоса, KEGOC бағалы қағаздарды ұсыну мүмкіндігін қарастырып отыр, бірақ бұл ұсынысқа қатысты соңғы шешім Қазақстан Республикасының Үкіметі мен KEGOC және KEGOC Директорлар кеңесінің бақылаушы акционері болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» тарапынан мақұлданғанда ғана жүзеге асады.

KEGOC бағалы қағаздарының KASE тізіміне кез келген ретте енгізілуі және KEGOC тарапынан бағалы қағаздардың кез келгенінің ұсынылуы инвестициялық меморандумның соңғы нұсқасының KASE тарапынан мақұлдануына негізделеді. Бағалы қағаздарды ұсыну мақсатында пайдаланылатын ақпаратқа жатқызылатын ресми құжат – акциялар шығарылымының Проспектісі болып табылады, бұл құжат осы Бастапқы инвестициялық меморандумнан бөлек және кез келген соңғы инвестициялық меморандумнан ерекшеленеді. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум бағалы қағаздарды сатуға ұсыныс немесе бағалы қағаздарды сатып алу туралы ұсынысқа қатысты сауал жасау болып табылмайды, сондай-ақ тіркелгенге дейін мұндай ұсыныс, сауал жасау немесе сол мемлекеттегі немесе юрисдикциядағы бағалы қағаздар туралы заңнамаға сәйкес, сатуға рұқсат алу заңсыз деп табылатын мемлекетте немесе юрисдикцияда бағалы қағаздарды қандай да бір жолмен сатуға жол бермейді.

KEGOC осы инвестициялық меморандумның толық ресми нұсқасы Компанияның жай акцияларын KASE ресми тізіміне енгізу рәсімі аяқталғаннан кейін KASE интернет ресурсының тиісті рубрикасында жарияланады деп күтуде. Компания ықтимал инвесторларға Компания акцияларына қатысты кез келген инвестициялық шешімді қабылдау кезінде инвестициялық меморандумның толық ресми нұсқасын басшылыққа алуды ұсынады.

KASE Жоба мазмұны үшін жауапты емес.

KEGOC

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумдағы ақпарат толық емес және өзгеруі мүмкін. Бұл құжатта сипатталған бағалы қағаздарды орналастыру туралы өтінім Қазақстандық қор биржасына ұсынылмаса және мақұлданбаса, олар биржа тізіміне енгізілмейді. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум бағалы қағаздарды сату туралы ұсыныс немесе мұндай ұсыныс не сату рұқсат етілмеген кез келген юрисдикцияда бағалы қағаздарды сатып алу туралы ұсынысқа қатысты сауал жасау болып табылмайды.

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы

(«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген, тіркеу нөмірі 6801-1901-АҚ)

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - «KEGOC», немесе «Компания») қатысты ақпаратты қамтиды. Компания жай акцияларды («Акциялар») тек қана Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған Бірыңғай Жинақтау Зейнетақы Қоры («БЖЗҚ») акционерлік қоғамына ұсынуды («Ықтимал ұсыну») көздейді. Компания Ықтимал ұсынуды тек Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі, сондай-ақ өзге талап етілетін келісімдер негізінде жүзеге асыруға құқылы.

Акцияларға инвестиция салу белгілі бір тәуекелдермен байланысты. Ықтимал инвесторлар Акцияларға инвестиция салу туралы шешімді қабылдағанға дейін барлық құжатпен, әсіресе 19-беттен бастап «Тәуекелдік факторлары» бөлімімен танысулары тиіс.

Акциялар АҚШ-тың 1933 жылғы «Бағалы қағаздар туралы» Заңына (өзгерістерімен), онда (АҚШ-тың «Бағалы қағаздар туралы» Заңы) мазмұндалған ережелер мен нормативтік қағидаттарға сәйкес тіркелген емес және тіркелмейді, және кейбір жайттарды қоспағанда, Америка Құрама Штаттарында («АҚШ») сатуға ұсынылмайды немесе сатылмайды.

Акциялар шығарылымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде 2013 жылғы 18 наурызда және 2014 жылғы 10 қыркүйекте тіркелді. Компания Ықтимал ұсынуға байланысты Акцияларды KASE ресми тізіміндегі «Акциялар» секторының бірінші санатына енгізуді жоспарлап отыр. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум «Қазақстан Қор Биржасы» («KASE») акционерлік қоғамына акциялар листингінің KASE-ға ұсынылуына байланысты ұсынылды. Акцияларды тіркеу немесе оларды өзге қор алаңдарына сауда-саттыққа шығару туралы өтініш беру жоспарланбаған, және қазіргі сәтте мұндай өтініш беру жоспарда жоқ.

Жалғыз қаржылық консультант

«Halyk Finance»

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	4
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ.....	7
БОЛЖАМДЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЛІМДЕМЕ.....	10
АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.....	12
ЫҚТИМАЛ ҰСЫНЫСТАРҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ.....	13
ЛИСТИНГ.....	27
ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ.....	30
ДИВИДЕНДТЕР ЖӘНЕ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ.....	57
КАПИТАЛДАНДЫРУ.....	59
ІШІНАРА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ.....	60
БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕСІ МЕН ТАЛДАУЫ.....	65
САЛАҒА ШОЛУ	122
НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....	130
БИЗНЕС.....	139
НЕГІЗГІ АКЦИОНЕР.....	192
ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР (БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР)	193
ЖАРҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	199
БАСШЫЛЫҚ.....	206
ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ СИПАТТАМАСЫ.....	224
САЛЫҚ САЛУ.....	229
ЛИСТИНГ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ.....	231
ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИЙІ.....	238
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР ИНДЕКСІ.....	242
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР	243
КОНСУЛЬТАНТТАР, БАНКТЕР ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ АУДИТОРЛАРЫ.....	244

I. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Акциялар Қазақстан Республикасының («**Қазақстан**») ішіндегі және одан тысқары жерлердегі инвесторлардың шектелмеген тобына сатуға ұсынылған жоқ. Акциялар сол акцияларды ұстаушыларға Компанияның бұрын шығарған акцияларын ұстаушылармен қатар Ықтимал ұсыныстан кейін Компанияның акциялары бойынша жария етілетін немесе төленетін дивидендтерді немесе өзге төлемдерді алудың тең құқығын қоса алғанда, ұсынылады.

Инвесторлар осы Бастапқы нвестициялық меморандумда берілген ақпаратты негізге алуы тиіс. Ешбір адамның осы Бастапқы нвестициялық меморандумда қамтылғандардан басқа қандай да болмасын ақпарат беруге немесе қандай да болмасын куәландыру жүргізуге өкілеттігі жоқ. Егер инвесторларға қандай да болмасын бір адам осындай ақпарат немесе растама берген жағдайда, инвесторлар Компания немесе «Қазақстан Халық Банкінің» «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы («**Қаржылық консультант»**) немесе қандай да болмасын олардың аффилирленген тұлғалары тарапынан бекітілген деп мұндай ақпаратты немесе растаманы негізге алмауы тиіс. Осы Бастапқы нвестициялық меморандумның жариялануы немесе осы Бастапқы нвестициялық меморандум негізінде жүзеге асырылған Акцияларды сатып алу-сатуға қатысты жасалған қандай да болмасын мәмілелер қандай жағдайда болмасын акциялар жарияланған сәттен бастап Компания қызметінде ешбір өзгерістердің болмағанын немесе осы құжатта мазмұндалған ақпараттың осы Бастапқы нвестициялық меморандум әзірленген күннен кейін қандай да бір сәтте дұрыс болып табылатынын білдірмейді.

Бастапқы нвестициялық меморандумның мазмұны заңдық, қаржылық немесе салық кеңестері ретінде қабылданбауы тиіс. Әрбір ықтимал инвестор өзінің жеке заң, қаржы немесе салық кеңесшісіне заң, қаржы немесе салық жөнінде кеңес алу үшін өтініш білдіруі тиіс. Компания және Қаржылық консультант оферта адресатына немесе Акцияларды сатып алушыларға олардың инвестицияларының заңдылығына қатысты ешқандай куәландыру жасамайды.

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумда мазмұндалған ақпаратты Компания ұсынды және осы құжатта көрсетілген басқа көздерден алынады. Қаржылық консультант анық немесе жобалап түсіндіру арқылы ешқандай куәландыру жасамайды, және осы құжатта мазмұндалған қандай да болмасын ақпараттың дәлдігіне немесе жан-жақты толықтығына қатысты өзіне ешқандай жауапкершілік алмайды. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум қандай да болмасын кредиттік немесе басқадай бағалауға негіз болып табылмайды және Компания немесе Қаржылық консультант осы Бастапқы инвестициялық меморандумды қандай да болмасын алушыға Акцияға жазылу немесе оны сатып алу туралы берген ұсынысы деп есептелмеуі тиіс. Әрбір ықтимал инвестор Бастапқы инвестициялық меморандумды толығымен оқып шығуы және осы Бастапқы инвестициялық меморандумда қамтылған ақпараттың өзіне қатыстылығын анықтап алуы тиіс. Кез келген ықтимал инвестордың акцияға жазылу туралы шешімі ықтимал инвестор қажет деп тапқан зерттеуге негізделуі тиіс. Ықтимал инвесторлар инвестициялық шешім қабылдау кезінде Компанияны жеке өзі зерделеп алуға, ықтимал тәуекелдерді қоса алғанда, осы құжаттың талаптарын негізге алуы тиіс.

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумды тарату, белгілі бір құқықтық өкілеттік бойынша Акцияларды ұсыну немесе сату заңнамамен шектелуі мүмкін. Компания немесе Қаржылық консультант Акцияларды жария түрде ұсыну немесе осы Бастапқы инвестициялық меморандум бойынша иелену Қазақстанды қоспағанда, кез келген құқықтық өкілеттік бойынша осындай материалдарды жариялауға немесе таратуға тең рұқсат беретін ешқандай іс-әрекеттер (немесе кез келген ұсыныспен немесе жарнамалық материалмен немесе Акцияға қатысты өтініш беру нысанымен) жасаған емес, бұл мақсаттар үшін белгілі бір іс-әрекеттер талап етіледі. Осы Бастапқы инвестициялық меморандумды алуы мүмкін тұлғалар қандай да болмасын осындай шектеулермен өз бетінше танысып шығуы және сақтауы тиіс. Осындай шектеулердің кез келгенінің сақталмауы, қандай да болмасын құзыреттер бойынша бағалы қағаздар туралы заңнаманы бұзу болып табылады. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум Акцияға жазылу туралы ұсыныс беруші немесе кез келген құзырет шегінде Акцияларды сатып алу туралы ұсыныс жасау болып табылмайды, сондықтан Акцияларды ұсыну немесе сату заңсыз болып табылады.

Ықтимал ұсынысқа байланысты Қаржылық консультант тек Компания мүддесі үшін іс-әрекет жасайды және Қаржылық консультанттың клиенттері үшін қолданылатын қорғану шараларына қатысты қандай да болмасын өзге тұлғалар алдында жауапты емес, сондай-ақ осы құжатта сипатталған мәмілелер мен келісімдерге қатысты берілген кеңестер үшін жауап бермейді.

Акциялар АҚШ-тың Бағалы қағаздар комиссиясы мен биржаларында («**SEC**»), АҚШ-тың қандай да болмасын бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялары мен биржаларында немесе АҚШ-тың өзге реттеуші органдарында тіркелмеген, жоғарыда айтылған органдардың бірде біреуі Акциялардың артықшылығына, осы Бастапқы инвестициялық меморандумның дұрыстығы немесе дәлдігіне қатысты ешқандай ұсынымдарды қарастырған жоқ және берген жоқ. Кез келген куәландырулар керісінше АҚШ-та қылмыстық іс болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде 2014 жылғы 10 қыркүйекте тіркелген Қазақстандық Проспектіде Акцияларға қатысты ақпарат мазмұндалады, соған сәйкес Акциялар ұсынысы Қазақстан Республикасында іске асырылады. Проспект осы Инвестициялық меморандумнан бөлек жеке құжат болып табылады, ол құжатты Компанияның корпоративтік интернет ресурсынан, KASE мен ҚР Ұлттық Банкінің («**ҚҰБ**») интернет ресурстарынан алуға болады.

Инвесторларға түсінік беру

Компания және Қаржылық консультант осы Бастапқы инвестициялық меморандумды қолдана алатын тұлғалардан тиісті заңдармен белгіленген және тиісті юрисдикцияда қолданылатын кез келген шектеулерді зерделеуін және сақтауын талап етеді. Қазақстан Республикасынан басқа жерлерде кез келген өзге юрисдикцияда Бағалы қағаздар ұсынысының кез келгенін шығаруға рұқсат алуға қатысты ешқандай іс-әрекет жасалмайды.

Америка Құрама Штаты

Акциялар «Бағалы қағаздар туралы» АҚШ Заңы бойынша тіркелмеген және тіркелмейді, сондай-ақ АҚШ-та ұсынылмайды немесе сатылмайды. Акциялар АҚШ-тан тысқары жерлердегі инвесторларға «Бағалы қағаздар туралы» Заңның S қағидаттарына сәйкес ұсынылады. Бұдан басқа, бағалы қағаздарды ұсыну басталған сәттен бастап 40 күн өткенге дейін дилердің, оның бағалы қағаздарды ұсынуға қатысушы немесе оның қатысушы болмағанына қарамастан АҚШ-та Акцияларды ұсынуы немесе сатуы «Бағалы қағаздар туралы» АҚШ Заңына сәйкес тіркеуге қойылатын талаптарды бұзуы мүмкін.

Еуропалық экономикалық кеңістік

Қаржылық консультант «Эмиссиялық проспектілер туралы директиваны» іске асырған Еуропалық экономикалық кеңістіктің мүшелері болып табылатын мемлекеттердің бірде-біреуінде (**«Тиісті мүше-мемлекет»** деп бөлек аталатын) Тиісті мүше-мемлекеттің «Эмиссиялық проспектілер туралы директивасын» іске асырған күнінен бастап төмендегі күндерге дейін ешқандай Акцияларды ұсынған жоқ:

- Акцияларға қатысты проспектіні жариялау; сондай-ақ
- Мұндай проспектіні осындай Тиісті мүше-мемлекеттің құзыретті органының бекітуі, я болмаса, тиісті жағдайларда осындай проспектіні басқа осындай Тиісті мүше-мемлекеттің құзыретті органының бекітуі және бұл туралы осындай Тиісті мүше-мемлекеттің құзыретті органының мекенжайына хабарлауы; «Эмиссиялық проспектілер туралы директиваға» барлық осындай іс-әрекеттер сәйкес келген жағдайда.

Осы ережелердің мақсаттарында «Акцияларды көпшілікке ұсыну» деген сөздер кез келген Тиісті мүше мемлекетте кез келген Акцияларға қатысты, осындай ақпарат осындай мүше мемлекетте «Эмиссиялық проспектілер туралы директиваны» іске асыру шаралары шеңберінде өзгеше түсіндірілуі мүмкін деңгейде инвесторға Акцияларды сатып алу немесе жазылу туралы шешім қабылдауына мүмкіндік беретін Бағалы қағаздар мен Акцияларды ұсыну талаптарына қатысты кез келген нысанда жеткілікті ақпарат беретін хабарламаны білдіреді. «Эмиссиялық проспектілер туралы директива» деген сөздер 2003/71/EC Директивасын білдіреді және ол әрбір мүше-мемлекетте кез келген тиісті іске асыру шараларын қамтиды.

Ресей Федерациясы

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум Ресей Федерациясында жария түрдегі оферта немесе Акциялар жарнамасы болып табылмайды, сондай-ақ Ресей Федерациясында Акциялардың қандайын да болмасын сатып алуға ұсыну немесе ұсынуды жүзеге асыруға шақыру болып табылмайды. Акциялар Ресей Федерациясында «орналастыруға» немесе «көпшілікке ұсыным» беруге арналмаған және не Акциялар, не болмаса кез келген басқа проспект немесе оған қатысты құжат Ресей Федерациясының уәкілетті органдарында тіркелген емес және тіркелмейді. Осы Бастапқы инвестициялық меморандумдағы Акциялар туралы кез келген ақпарат Ресей Федерациясынан тыс жерлердегі тұлғаларға арналған және соларға жолданған. Акцияларды Ресей Федерациясында немесе Ресей Федерациясында құрылған немесе сол жерде резидент болып табылатын кез келген тұлғаларға немесе кез келген тұлғалардың пайдасына (заңды тұлғаларды қоса алғанда) немесе Ресей Федерациясының аумағында жүрген кез келген адамға, Ресей заңдарымен рұқсат етілген жағдайларда қоспағанда, ұсынылмайды, сатылмайды немесе біреу арқылы берілмейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ

Сіздерге 2014 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдың қаржылық есептемесі осы Бастапқы инвестициялық меморандумға енгізілмегенін және осы Бастапқы инвестициялық меморандумның өзгерістері мен толықтырулары бар нұсқасында немесе инвестициялық меморандумның соңғы редакциясына енгізілмейтінін хабарлаймыз. «Бастапқы инвестициялық меморандум 2014 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдың қаржылық есептемесін қамтымайды» деген тәуекелдік факторына назар аударыңыз.

Қаржылық ақпарат

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумға енгізілген 2011, 2012 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанымен аяқталғандағы жай-күй бойынша және осы кезеңдердің аудит жүргізілген қаржылық есептемесі («**Аудиттелген қаржылық есептеме»**) және 2014 жылдың 30 маусымына аяқталған және жоғарыда көрсетілген жылдың 6 айы ішіндегі Компанияның аудиттелмеген қаржылық есептемесі («**Аудиттелмеген қаржылық есептеме**») (бұдан әрі Аудиттелген қаржылық есептемемен бірге – «**Қаржылық есептеме**») Қаржылық Есептеменің Халықаралық Стандарттарына («**ҚЕХС**») сәйкес әзірленді. (Аудиттелмеген қаржылық есептеме 34 «Аралық қаржы есептемесі» ҚЕХС-ға (IAS) сәйкес дайындалды). Өткен кезеңдерге жататын және осы Бастапқы инвестициялық меморандумда көрсетілген кейбір қаржылық деректер айтарлықтай түзетулер жасалмай Қаржылық есептемеден алынды.

Тәуелсіз аудиторлар

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдың қаржылық есептемесіне аудитті Компанияның бұдан бұрынғы тәуелсіз аудиторы – «Делойт» ЖШС, 2012 жылдың 31 желтоқсанында және 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдардың қаржылық есептемесіне аудитті Компанияның ағымдағы тәуелсіз аудиторы – «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. «Эрнст энд Янг» ЖШС Аудиттелмеген аралық қаржылық есептемеге шолу тексерісін жүргізді.

ҚЕХС-ты қолданбай есептелген көрсеткіштерді ұсыну

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумда көрсетілгендей, «EBITDA» амортизациялау, жалпы әкімшілік шығыстарды, сатуға қатысты амортизациялау мен іске асыру шығыстары есепке алынбай, қызметтердің өзіндік құны шегерілгендегі негізгі қызметтен түсетін кірісті білдіреді. EBITDA Компанияның жұмысы мен өтімділігін бағалаудың қосымша әдісі болып табылады, ол ҚЕХС-қа сәйкес талап етілмейді және ұсынылмайды. Бұған қоса, EBITDA салықтарды төлегеннен кейінгі кіріс, салықтарды төлегенге дейінгі кіріске балама немесе ҚЕХС-қа сәйкес алынған өнімділікті бағалаудың кез келген басқа құралдарымен немесе операциялық қызметтің нәтижесінде алған ақшалай ағындар көрсеткішінің баламасы ретінде, Компания өтімділігін бағалау немесе бизнесті дамытуды инвестициялау үшін Компания иелігіндегі қолма-қол қаражатты бағалау жүйесі ретінде қаралмауы тиіс.

Компания EBITDA ұсынады, өйткені осы көрсеткішті бағалы қағаздарға талдау жасаушылар, инвесторлар мен басқа мүдделі тараптар өз нәтижелері туралы есеп ұсыну кезінде көпшілік бөлігін EBITDA құрайтын осындай эмитенттерді бағалау кезінде жиі пайдаланады деп есептейді. Бірақ EBITDA талдамалық құрал ретінде шектеулерге ие және ол Компания жұмысының нәтижелерін талдаудан бөлек қаралмауы немесе осындай талдама орнына қолданылмауы тиіс. Компания өнімділігін бағалаушы ретінде EBITDA мынадай себептер бойынша бірқатар шектеулерге ие:

ол Компанияның ақшалай шығыстарын немесе күрделі шығындар бойынша алдағы міндеттемелерін немесе келісім-шарттық міндеттемелерін көрсетпейді;

ол Компанияның айналым капиталындағы өзгерістерді немесе Компанияның айналым капиталы үшін қолма-қол ақша қажеттілігін көрсетпейді;

ол сыйақылар бойынша айтарлықтай шығыстарды немесе сыйақылар бойынша төлемдерді немесе Компанияның негізгі берешегі бойынша төлемдерді төлеумен байланысты қолма-қол ақша қажеттілігін көрсетпейді;

ол бір сектордың немесе бір мемлекеттің өзінде жұмыс істейтін компаниялар үшін елеулі мөлшерде болуы мүмкін табыс салығындағы айырманы көрсетпейді;

жабдықтардың тозуы мен амортизациялау ақшалай емес шығындар болып табылса да, тозатын және амортизацияланатын активтер болашақта жиі ауыстырылуы тиіс және EBITDA осындай ауыстыруға қажетті қолма қол ақшаны көрсетпейді;

ол бағамдық айырмаға қатысты кірістерді немесе шығындарды көрсетпейді;

Компанияның қызметін жүзеге асыратын саладағы басқа компаниялар бұл көрсеткіштерді Компания қолданатын тәсілдің салыстыру құралы ретіндегі пайдалылығын шектей отырып, одан ерекшеленетін тәсілмен есептеуі мүмкін.

Дөңгелектеу

Осы Инвестициялық меморандумда берілген жекелеген сандық және пайыздық көрсеткіштер дөңгелектенген күйде ұсынылды. Осыған байланысты бірқатар кестелердегі қорытынды көрсеткіштер ретінде көрсетілген сандық және пайыздық мәндер олардың осының алдындағы сомаларын қосу жолымен алынған мәндерден өзгешеленуі мүмкін.

Белгілі бір қаржылық ақпаратты салыстырудың мүмкін еместігі

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдың кірістері туралы шоғырландырылған есептегі белгілі бір баптар 2012 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдардағы кірістер туралы шоғырландырылған есептердің көрсеткіштерімен тікелей салыстыруға жатпайды. Шоғырландырылған қаржылық есептемеден алынған Қаржылық ақпарат («Шолу – Тарихи қаржылық есептемеге шолу» және «Ішінара тарихи шоғырландырылған қаржылық ақпарат» бөлімінде көрсетілгендей) қайта жіктеуге жатқызылған жоқ. Қайта жіктеу 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылғы таза пайдаға және жиынтықты кіріске немесе акционерлік капиталға әсерін тигізген жоқ. Осылайша, қайта жіктеу Компанияның есепке алу саясатындағы өзгерістерге ықпал етпеді.

Валюта

Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады. Тиісінше, Компанияның функционалдық валютасы болып табылмайтын валютадағы мәмілелер тиісті мәміле жасалған күнгі айырбас бағамы бойынша теңгеге айырбасталады.

Егер өзгелей көрсетілмесе, «**теңгеге»** жасалған балық сілтемелер Қазақстанның ресми валютасына жасалған сілтемелер болып табылады, ал «**АҚШ долларына**» жасалған барлық сілтемелер АҚШ ресми валютасына жасалған сілтемелер болып табылады, ал «**еуроға**» жасалған сілтемелер Еуразиялық экономикалық және валюталық одақтың бірыңғай валютасына жасалған сілтемелер болып табылады.

Қазақстан, нарық және Компанияның салалары туралы ақпарат

Қазақстанға және осы елдің электр энергетикасы саласына қатысты осы Бастапқы инвестициялық меморандумда пайдаланылатын статистикалық деректер мен ақпарат, егер өзгелей көрсетілмесе, ҚҰБ-нің «http//www.nationalbank.kz«. ресми интернет ресурсында жарияланған жылдық есебін қоса алғанда, Қазақстанның Статистика агенттігі, Қазақстанның Қаржы министрлігі, ҚҰБ құжаттарынан және олар шығарған басқа жарияланымдардан алынды. Осы құжатта келтірілген нарықтық деректер мен бәсекелестік тудырушыларға қатысты ережелер туралы деректердің кейбіреулері Дүниежүзілік Банк пен Халықаралық валюта қорының ашық қолжетімді мәліметтерін, сондай-ақ Қазақстанның баспасөз беттеріндегі жарияланымдар мен Қазақстан Үкіметі (**«Үкімет»)** жариялаған шешімдердегі деректерді қоса алғанда, АҚШ мемлекеттік органдары мен өзге тараптық көздердің жарияланымдарынан алынды. Ұсынылған статистикалық ақпаратқа ұқсас статистика басқа көздерден де алынуы мүмкін, дегенмен базалық кемшіліктер және әдістемелер, бұдан әрі қорытынды деректер, әртүрлі көздерде бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін.

Жоғарыда келтірілген ақпарат Компанияның өзіне қаншалықты мәлім болса, Компания осы көздерде жарияланған ақпарат негізінде оны растаған болса, әзірленген ақпаратты бұрмалайтын немесе түсініксіздікке алып келетін ешбір фактіге жол берілмеді. Осы Бастапқы инвестициялық меморандумда үшінші тұлғалардың ақпараты пайдаланылған жағдайда ондай ақпарат көздері көрсетілді.

БОЛЖАМДЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумда «болжамдық сипаттағы мәлімдемелер» болып табылатын немесе есептелуі мүмкін мәлімдемелер келтіріледі. Болжамдық сипаттағы мұндай мәлімдемелерді «жорамалдаймыз», «бағалаймыз», «күтеміз», «ұйғарамыз», «мүмкін», «тиіс» деген секілді «болжамдық» терминологияны, немесе олардың қарсы мағынадағы формаларын, немесе өзге де нұсқаларды, немесе салыстыру терминдерін пайдалану арқылы немесе стратегияларды, жоспарларды, мақсаттарды, келешек оқиғалар мен ниеттерді қарастыру жолымен анықтауға болады. Болжамдық сипаттағы мәлімдемелерге тарихи фактілерге жатпайтын және осы Бастапқы инвестициялық меморандумда жиі айтылатын барлық сұрақтар енеді. Болжамдық сипаттағы мәлімдемелерге басқалармен қатар:

- Компанияның ағымдағы болжамдары туралы ниет-пікірлері мен мәлімдемелері, олардың қатарында Компанияның жұмыс нәтижелеріне, қаржылық жай-күйіне, өтімділігіне, келешегіне, өркендеуі мен стратегияларына қатысты болжамдар;
- Тарифтердің алдағы өзгерістеріне қатысты Компания болжамдары;
- Компания өз қызметін жүзеге асыратын саланың дамуы туралы мәлімдемелер енеді.

Болжамдық сипаттағы мәлімдеме негізінен тәуекелдермен және тұрақсыздықпен байланысты, өйткені олар алдағы уақытта болмауы мүмкін оқиғаларға мен жағдаяттарға жатады. Болжамдық сипаттағы мәлімдемелердің болашақта орындалуына кепілдік берілмейді. Компания жұмысының нақты нәтижелері, қаржылық жай-күйі мен Компанияның өтімділігі, сондай-ақ Қазақстанның және Компания қызметі жүзеге асырылатын саланың дамуы осы құжатта мазмұндалған болжамдық сипаттағы мәлімдемелерден елеулі түрде ерекшеленуі мүмкін. Нақты нәтижелердің KEGOC болжамдарынан айтарлықтай ерекшеленуіне әкелуі мүмкін маңызды факторлар осы құжаттағы алдын ала ескертуші мәлімдемелерде санамаланған, олардың қатарында:

- жабдықтардың істен шығуы мен еңбек дауларын қоса алғандағы тұтынымдық шектеулер;
- Компания мен Қор арасында жасалған өзара қарым-қатынастар туралы келісімде көзделген құқықтарды Компанияның өзара қарым-қатынастардың жекелеген аспектілерін реттеу мақсатында мәжбүрлі орындатуға қабілетсіздігі;
- KEGOC қызметін қаржылық бағалау негізінде жатқан кемшіліктер;
- Компания жұмысына немесе белгіленген инвестициялық бағдарламасына ықпал етуі мүмкін Үкіметтің тарифтік саясаты мен іс-әрекетін қоса алғандағы Үкімет қаулыларындағы өзгерістер;
- KEGOC стратегиясы мен бизнесін келешекте дамыту ауқымы мен сипаты;
- Қазақстанның электр энергетикалық саласын одан әрі дамыту векторы;
- Компания қызметіне тәуекелдердің айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне қатысты KEGOC компаниясының болжамдары;
- Қазақстандағы экономикалық немесе саяси жағдайдағы қолайсыз өзгерістер; және
- Компанияның жұмысына немесе оның өндірістік объектілеріне әсерін тигізетін жоспарланбаған оқиғалар немесе жайттар; және
- KEGOC дивидендтік саясаты бар.

Осы және басқа да факторлар «Тәуекелдік факторлары» және «Бизнес» бөлімдерінде жан-жақты талқыланады. Бұл факторлардың басым көпшілігі Компания тарапынан

бақыланбайды. Егер осы тәуекелдердің немесе айқындалуы қиын факторлардың біреуі немесе бірнешеуі жүзеге асса, немесе оларға негіз болған болжамдар дұрыс болып шықпаса, онда нақты нәтижелер осы құжатта болжамдық, жорамал, есептелген немесе күтілетін деп сипатталған көрсеткіштерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Заңнамамен немесе тиісті уәкілетті органмен көзделген жағдайларды қоспағанда, сала туралы ақпаратты және осы Бастапқы инвестициялық меморандумда баяндалған болжамдық сипаттағы мәлімдемелерді жаңалауға қатысты Компанияның ниеті жоқ және бұл турасында өзіне міндеттемелер алмайды.

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумда болжамдық сипатта ұсынылған кез келген мәлімдеме Компанияның болашақ оқиғаларға қатысты ағымдағы пікірін білдіреді және оның бизнесіне, қаржылық жағдайына. операциялық нәтижелеріне, өдаму стратегиясы мен өтімділігіне қатысты тәуекелдерге, белгісіз жайттар мен жорамалдарға қатысты өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Болжамдық сипаттағы кез келген мәлімдеме осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге ғана жарамды. Кез келген заңмен белгіленген міндеттемелер, ережелер немесе регламенттер сақталған жағдайда Компания жаңа ақпараттың келіп түсуіне, алдағы оқиғаларға немесе өзге жағдайларға қарамастан болашаққа қатысты кез келген мәлімдемелерді ашық түрде өзгертуге немесе оларды қайта қарауға қатысты міндеттемелер қабылдамайды. Болашаққа қатысты, бізге немесе біздің атымыздан іс-әрекет жасайтын тұлғаларға қатысты бұдан кейінгі барлық жазбаша және ауызша өтініштер соларда көрсетілген ақпараттар негізінде толық қамтылған жағдайда қаралуы тиіс. Ықтимал инвестор инвестициялық шешім қабылдар алдында нақты нәтижелердің өзгерістеріне әкеп соғуы мүмкін осы Бастапқы инвестициялық меморандумда көрсетілген жайттарға ерекше назар аударуы тиіс.

АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Төмендегі кестелерде ҚҰБ жариялаған деректер негізінде көрсетілген кезеңдегі теңге мен АҚШ доллары арасындағы айырбас бағамы туралы ақпарат ұсынылған.

Бұл бағамдар осы құжатта көрсетілген қаржылық ақпаратты дайындау кезінде пайдаланылған нақты бағамдардан өзгешеленуі мүмкін.

	Теңге АҚШ долларына шаққанда			
31 желтоқсанда аяқталған жыл	**Ең жоғарғы**	**Ең төменгі**	**Орташа**	**Кезең соңы**
2009 ……	151,4	120,8	147,5	148,4
2010 ……	148,5	146,4	147,3	147,4
2011 ……	148,4	145,2	146,6	148,4
2012 ……	150,9	147,5	149,1	150,7
2013 ……	154,5	150,2	152,1	153,6
2014 . қаңтар……	155,54	154,06	154,79	155,54
2014 ж. ақпан……	184,95	155,46	172,44	184,06
2014 ж. наурыз…….	184,08	181,78	182,33	182,04
2014 ж…сәуір……	182,07	182,01	182,04	182,05
2014 ж. мамыр……	183,96	182,01	182,36	183,05
2014 ж. маусым……..	183,51	183,49	183,51	183,51

Осы Бастапқы инвестициялық меморандумда теңгемен немесе АҚШ долларымен көрсетілген ақша сомасына қатысты осындай айырбастау бағамымен нақты ставка бойынша теңгеге немесе АҚШ долларына (жағдайларға сәйкес) айырбасталуы немесе осындай айрыбастау болуы мүмкін деген ешқандай растамалар қамтылмаған.

ЫҚТИМАЛ ҰСЫНЫСТАРҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Келесі бөлімді осы Бастапқы инвестициялық меморандумда толығырақ баяндалған ақпаратқа кіріспе ретінде қарау қажет. Акцияға инвестиция салу туралы шешім қабылдағанға дейін ықтимал инвесторлар Қаржылық есептемені қоса алғанда, бүкіл инвестициялық меморандуммен мұқият танысып шығуы тиіс. Атап айтқанда, ықтимал инвесторлар "ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ" бөлімінде көрсетілген факторларды мұқият зерттеп шығуы тиіс. Бұл қысқаша шолу инвесторлар үшін маңызды болуы мүмкін бүкіл ақпаратты қамтымайды және ықтимал инвестордың Акцияларға инвстиция салу туралы кез келген шешімі тек қана осы жиынтық ақпаратқа ғана емес, сонымен бірге бүкіл инвестициялық меморандумды зерттеуге негізделуі тиіс.

Шолу

KEGOC Қазақстанда электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтерді және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін жүзеге асыратын, Қазақстанда құрылған компания болып табылады. Компания 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстанның энергетикалық жүйесін басқаруды қайта құрылымдау жөніндегі бастамасы шеңберінде құрылды. Қазіргі уақытта Компанияда 4 729 адам жұмыс істейді. Аталған бастапқы инвестициялық меморандум әзірленген сәтте Компания «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (**«Қор»**) 100% еншілес компаниясы болатын, ал Ықтимал ұсыныстан кейін Компанияның кем дегенде 90% плюс бір акциясы Қорға тиесілі болады.

Мемлекет тағайындаған жүйелік оператор ретінде Компания Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесін (**"БЭЖ"**) басқарады. Бастапқы инвестициялық Меморандум жасалған мерзімде БЭЖ (а) Ұлттық электр торабынан (**"ҰЭТ"**); (б) 76 электр станциясынан (ұлттық маңызы бар 8 электр станциясын қоса алғанда); (в) 21 электр желілік таратушы компаниялардан; және (г) 129 көтерме сауда тұтынушыларынан тұрады. KEGOC ұзындығы 24 567,733 километр болатын 35-1150кВ жоғары вольттық электр жеткізу желілерінен, 77 қосалқы станциядан тұратын ҰЭТ активтерін иеленеді және басқарады, сонымен қатар осы активтерге техникалық қызмет көрсетеді және жөндеу жүргізеді. KEGOC мемлекетаралық және өңіраралық электр жеткізу желілері бойынша электр энергиясын жеткізуді, электр станцияларының өңірлік электр желілік компаниялармен және ірі тұтынушылармен байланысын қамтамасыз етеді. БЭЖ-дің қалған активтері үшінші тұлғаларға тиесілі. KEGOC электр энергиясын өндіретін электр станцияларында немесе тарату торабын иелену мен пайдалануды жүзеге асыратын компанияларда қатысу үлестерін немесе акияларын иеленбейді. Тұтастай алғанда, KEGOC электр энергиясын электр станцияларынан тарату компаниялары мен ірі тұтынушыларға дейін жеткізуге жауапты. KEGOC электр энергиясын халыққа жеткізуді жүзеге асырмайды.

Компанияның негізгі рөлі ағымдағы техникалық, экономикалық және табиғатты қорғау талаптарына сәйкес БЭЖ-дің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және ҰЭТ-ты бақылауды жүзеге асыру болып табылады. KEGOC:

- Үкіметінің БЭЖ-дің сенімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын орындай отырып;

- акционерлік құнының артуын қамтамасыз етіп, өзінің негізгі қызметін дамыта отырып және ҰЭТ-тың тасымалдау әлеуетін арттыра отырып, сонымен қатар қазақстандық БЭЖ-дің экспорттық әлеуетін барынша қолдануды қамтамасыз ете отырып; және

- корпоративтік басқару тәжірибесін дамыта отырып, Компанияны орнықты дамытуды қамтамасыз ете отырып, осы міндеттерге қол жеткізу үшін жұмыс істейді.

2013 жылы Компания өзінің негізгі қызметінен 73 811 723 мың теңге сомасында табыс алды. Олардың 544 351 735 мың теңгесі Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметінен, 10 827 210 мың теңгесі электр энергиясын желіге босатуды диспетчерлендіруден, 6 843 284 теңгесі электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастырудан алынған болатын. Негізгі табыстың қалған бөлігі:

- электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан;

- жоспардан тыс ағындарды қамтамасыз ету мақсатында сатып алынатын электр энергиясын сатудан;

- электр қуатын резервтеу жөніндегі қызметтерді сатудан;

- қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатудан алынды.

Мықты тұстары

Басшылықтың пікірі бойынша Компанияның Қазақстанда электр энергиясын жеткізу қызметтерінің жетекші жеткізушісі ретіндегі өзінің тиісті орнын сақтап қалуға және күшейтуге ықпал ететін төмендегідей негізгі мықты тұстары бар:

Қазақстанда ҰЭТ-тың иесі және операторы ретінде Компания электр энергиясын жеткізу жөніндегі жетекші компания болып табылады

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес KEGOC жүйелік оператор болып тағайындалды, ҰЭТ-тың иесі және операторы болып табылады және, тиісінше, электр станцияларын, тарату құрылғыларын, өңіраралық және/немесе мемлекетаралық электр жеткізу желілерін қамтитын ҰЭТ желілері бойынша электр энергиясын жеткізуге айрықша құқығы бар. Компания жүйелік оператор бола отырып, Табиғи монополиялар туралы Заңымен табиғи монополиялар саласына жатқызылған Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсетеді. KEGOC Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді. Қазақстан нарығында Компания жеке электр жеткізу желілерінің операторлары тарапынан шектеулі бәсекелестікке кездесіп отыр.

2013 жылы Компания (а) Компанияның желілері бойынша 41 055 млн. кВтсағ. көлемінде электр жеткізу жөнінде қызмет көрсетті, бұл Қазақстан бойынша электр энергиясын жалпы тұтыну көлемінің 40,13%-ын құрайды, (б) 83 863 млн. кВтсағ. көлемінде электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөнінде қызмет көрсетті, және (в) 153 521 млн. кВтсағ. көлемінде электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсетті. Басшылық Компания Қазақстанның заңнамасына сәйкес ҰЭТ-ты басқару және оны иелену құқығын сақтайды және сонысымен KEGOC-тың Қазақстанның электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу, электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі жетекші компаниясы ретіндегі дәрежесін сақтап қалады деп пайымдауда.

Компания активтердің маңызды базасын иеленеді және табысты күрделі қаржы салымы бар

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Үкімет Компанияға қазіргі кезде ұзындығы 24 563,733 километр болатын 35-1150кВ электр жеткізу желілерінен және тиісті инфрақұрылымнан тұратын ҰЭТ-ты басқару мен иелену құқығын берді. Компания электр станцияларының жабдықтарын сақтау мен жаңғыртуға және электр энергиясын жеткізуді тиімді басқару үшін еліміздің өңірлері арасында электр жеткізу желілерінің өткізу қабілеттерін арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асырады. Компанияның ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруда белгілі бір тәжірибесі бар және өз инвестициялық бағдарламасының мынадай сатыларын сәтті іске асыра алады деп пайымдайды.

Электр энергиясына деген сұраныс артқан Қазақстандағы тұрақты макроэкономикалық жағдай

Жарияланған статистикалық деректерге сәйкес ішкі жаппай өнімнің артуы 2012 жылы 5,0%-ды, 2013 жылы 6,0%-ды құрады. 2014 жылы ІЖӨ артуы 5,0% құрайды деп болжамдалуда. Қазақстан экономикасының айтарлықтай өркендеуі электр қуатына деген сұраныстың артуына әкелді. 2010 жыл мен 2013 жыл аралығында Компанияның электр энергиясын жеткізу жөніндегі көрсетілген қызмет көлемі 30,3 млрд. кВт.сағ. бастап 41,1 млрд. кВт.сағ. дейін артты, бұл 8,3% орташа жылдық артуды құрайды. Қазақстанның мемлекеттік борыш деңгейі де төмен. Қазақстандық экономиканың тұрақты артуын қоса алғанда, Қазақстандағы тұрақты макроэкономикалық жағдай электр энергиясын жеткізуге деген бөлшек және өнеркәсіптік сұраныстардың артуына әкеледі деп күтілуде.

Акционер мен Үкіметтің мықты қолдауы

Компания қазіргі уақытта толығымен Қорға тиесілі. Ықтимал Ұсыныстан кейін Қорға KEGOC-тың 90% плюс бір акциясы тиесілі болады. Қордың мәлімделген миссиясы Қорға тиесілі ұлттық компаниялардың ұзақ мерзімді құндылығын жоғары деңгейге жеткізу және олардың операциялық тиімділігін арттыру болып табылады. Нәтижесінде, Компанияның басшылығы Ықтимал Ұсыныстан кейін Қор Компанияның жұмысында және Компанияны бұдан әрі дамытудаммаңызды рөл атқаруды жалғастырады деп болжамдайды. Қордың Қазақстанды экономикалық дамытудағы жетекші рөлі Компанияға алдыңғы қатарлы өнеркәсіп тұтынушыларымен өзара қарым-қатынасты қолдай отырып, оның операциялық тиімділігін жақсартып, сонымен қатар Қазақстандағы өнеркәсіп тұтынушыларымен және экспорт нарығымен өзара жаңа қарым-қатынас құра отырып, оның инвестициялық бағдарламаларын іске асыруға көмектеседі деп күтілуде.

Тәжірибесі мол құзыретті басшылық және біліктілігі жоғары жұмыс күші

KEGOC-тың басшылар командасының Қазақстанның энергетикалық компаниялары мен мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мол, әлеуеті жоғары. Компания басшылығы командасының құрамы мен тәжірибесі оның өркендеуінде негізгі рөл атқарды және басшылық мұндай тәжірибе Компанияның болашақтағы стратегияларды сәтті іске асыру және бизнесті кеңейту үшін өте қажет деп пайымдайды. Бұдан өзге, Компания біліктілігі жоғары, кәсіби және сенімді, электр энергиясын жеткізу желілерін басқару мен қызмет көрсетуде көп жылдық тәжірибесі бар адамдарды тарта алады. Компания басшылығы Компанияның электр жеткізу бойынша көшбасшы ретіндегі жағдайы жоғары біліті кандидаттарды жалдауға көмектеседі деп сенеді. Компания өз қызметкерлерінің дағдыларын қолдаумен дамыту және тәжірибелерін кеңейту үшін орналасқан жерлерінде кәсіби оқытуды қоса алғанда оқыту үшін көп мүмкіндіктер береді. KEGOC қызметкерлері жоғары деңгейдегі қанағаттанушылықты көрсетіп отыр, бұл Компанияның тиімді жұмыс істеуіне көмектеседі.

Тартымды дивидендтік саясат

Компания тиісті кезеңнің қаржылық көрсеткіштеріне қарай жыл қорытындылары бойынша да, жарты жылдық қорытындылар бойынша да дивидендтер төлей алады. Дивидендтер төлеу Қазақстанның заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен және Компанияның дивидендтік саясатымен реттеледі. Дивидендтік саясатқа сәйкес Компания тиісті қаржы кезеңіне таза табыстың кем дегенде 40%-ы мөлшерінде дивидендтер төлеуге ниетті. Алайда, дивидендтерді төлеудің нақты мүмкіндігі дивидендтерді төлеуді шектейтін және тіпті тыйым салатын Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына байланысты. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі Компания қабылдаған шартты және басқа да міндеттерді есепке алуы және кез келген басқа да факторларды, соның ішінде Компанияның қаржылық жағдайын, оның қаржылық жағдайына қатысты болжамдарды, Компанияның ақша қаражатына деген қажеттіліктерін (мысалы, күрделі қаржы салымдары және инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін) назарға алуы тиіс.

Стратегия

Компания технологиялар, экономика, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау саласындағы жаңа стандарттардың талаптарын есепке ала отырып, Қазақстан БЭЖ сенімді қызмет етуін және тиімді дамуын қамтамасыз етуді өз миссиясы деп болжайды. Компания басшылығы Компанияның Қазақстанда және ғаламдық экономикалық ортада табысты жұмыс істей алатын дербес, бәсекеге қабілетті коммерциялық ұйым ретінде қалыптасуын өзінің негізгі стратегиялық мақсаты етіп қойып отыр. Негізгі стратегиялық мақсатты жүзеге асыру үдерісінің бөлігі ретінде Компания мынадай бағыттар бойынша стратегияны іске асыруға басты назар аударады:

Қазақстанның қажеттіліктеріне сәйкес Қазақстан БЭЖ сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету

ҰЭТ-тың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2000 жылдан бастап Компания 2025 жылға дейін әзірленген қосалқы станциялардың жабдықтарын және электр жеткізу желілерін қайта құру мен жаңғыртуға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асырып келеді. 2015 және 2025 жылдар аралығындағы инвестициялық бағдарлама жалпы инвестиция көлемі 142,1 млрд. теңгені құрайтын қолданыстағы активтерді қайта құру мен жаңғыртуды қамтиды, олардың 84,8 млрд. теңгесі электр жеткізу желілерін қалпына келтіруді инвестициялауға жұмсалады деп болжамдалуда. Басшылық KEGOC-тың электр энергиясын жеткізу жөніндегі инфрақұрылым объектілерін жаңғырту мен қызмет көрсетуді көздеуі олардың қызмет ету сенімділігін, тиімділігі мен мерзімін арттырады, сонымен қатар жеткізуге жұмсалатын электр энергиясының технологиялық шығысын оңтайландыру, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге жұмсалатын шығыстарды қысқарту есебінен өндірістік көрсеткіштерді жақсартады.

Компания бизнесін өркендету мүддесінде және Қазақстан экономикасының қажеттіліктеріне сәйкес ҰЭТ-ты дамыту

ҰЭТ-ты дамыту экономика мен халықтың электр энергиясына деген артып келе жатқан сұраныстарын қамтамасыз ету үшін жаңа электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, қазіргі таңда Компанияның стратегиялық жоспарларына сәйкес ҰЭТ-ты дамыту жөніндегі басым жобалардың инвестициялық қоржынына 140 жоба кіреді. KEGOC-тың 2015 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламасы жаңа инфрақұрылым салу мен жұмыс істеп тұрған электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды жаңғыртуға 383,3 млрд. теңге мөлшеріндегі жоспарлы күрделі қаржы салымдарын қамтиды. Инвестициялық бағдарлама тізбектер бойынша ұзындығы 4 571 км қосымша электр жеткізу желілерін салуды болжамдайды. Басшылық жаңа электр желілері мен қосалқы станцияларын салу Компанияға тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруға,

жеткізілетін электр энергиясының көлемін, қуатын арттыруға және қосымша экспорттық және транзиттік мүмкіндіктерді, сонымен бірге Компанияның тиімділігін арттыра отырып құруға мүмкіндік береді.

Компания қызметінің тиімділігін арттыру

Компания өз қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық технологияларды қолданады, болашақта жаңа жабдықты ендіреді және ендіруді жоспарлайды және электр энергиясын жеткізген кезде ысырап деңгейін оңтайландыру жөнінде міндет қойды. Сонымен қатар, Компанияның қызметіне монитроинг жүргізу үшін Компания өндірістік активтерді басқару жүйесі арқылы басқарудың озық әдістемесін, теңгерімделген басқару жүйесін ендірді.

Акционерлік құнын арттыруды қамтамасыз ету

Компания акционерлік құнының артуын реттелетін қызметтерге экономикалық негізделген тарифтер белгілеу кезінде Компанияның мүдделерін қорғау арқылы Компания шығыстарын оңтайландыру, көрсетілетін қызмет көлемдерін арттыру, клиенттердің қанағаттануына зерттеу жүргізу әдісі арқылы клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру, Компанияның тариф саясаты мен электр энергетикасы саласындағы заңнаманы жетілдіру үдерісіне қатысуы арқылы орындауды жоспарлайды.

Қазақстанда электр энергиясы нарығының тиімділігін жетілдіру және арттыру

Жүйелік оператор бола отырып, KEGOC Қазақстанда электр энергиясының тиімділігін жетілдіру мен арттыруға белсенді түрде қатысады. Атап айтқанда, Компанияның үш негізгі қызметінің бірі электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметі болып табылады. 2016 жылы толыққанды теңгерімделген нарықты іске қосу тұтынушыларды шекті жүктеме кезеңінде электр энергиясын кезеңдік тұтынуды азайтуға, ал энергия өндіруші ұйымдарды қуат резервтерін осындай қосымша көлемдерге қажеттіліктер туындаған кезде электр энергиясының қосымша көлемдерін өндіруге дайын күйде ұстау арқылы қуат тапшылығын жабуға ынталандырудың нарықтық механизмдерін құруға бағытталған.

Компания электр энергиясы нарығын іске қосу саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру есебінен өндіруші қуатты озық дамыту арқылы Қазақстан БЭЖ-нің ұзақ мерзімді сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санайды.

Сонымен қатар, Компания өзінің еншілес ұйымы «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС арқылы жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) қолдана отырып, өндірілетін электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу-сату секторына қатысады.

Корпоративтік басқару тәжірибесін дамыту және орнықты дамуды қамтамасыз ету

Компания корпоративтік басқаруды жетілдіру саясатын жалғастырады және аталған саладағы анағұрлым жақсы тәжірибелерді ендіруге талпынады. БҰҰ Ғаламдық шартының мүшесі бола отырып, Компания адам құқықтары, еңбек, қоршаған орта және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы Ғаламдық шарттың қағидаттарын берік сақтайтынын растайды.

Шектес елдердің электр энергетикалық компанияларымен өзара орнықты серіктестік қарым-қатынастарға қол жеткізу

Компания болып жатқан ықпалдасу үдерісі, Кедендік одақ, Еуразиялық экономикалық одақ құру шеңберінде шектес елдердің энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмыс істей отырып, осы елдердің электр энергетикалық кәсіпорындарымен ынтымақтастықты қолдау және дамыту, жүйелік оператор ретінде Орталық Азия мемлекеттерімен, Ресеймен және басқа да мемлекеттермен өзара қарым-қатынас кезінде БЭЖ мүдделерін қорғау, ТМД елдерінің жалпы электр энергетикалық нарығын (ең алдымен, Ресеймен және Белорусиямен біртұтас электр энергетикалық нарықты) құруға ықпал етуді міндет етіп қойып отыр.

Компания трансшекаралық қызметті кеңейтуге және тереңдетуге талпынуда. 2014 жылғы 29 мамырда Қазақстан, Ресей мен Белоруссия басшылары қатысушы елдер арасында жалпы электр энергетикалық нарық құруды болжамдайтын Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды. Жүйелік оператор бола отырып, KEGOC Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығын құру жөніндегі шағын комитет жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік комитеттің жұмысына қатысады.

Сонымен қатар, Қазақстанда елдің өз қажеттіліктерінен айтарлықтай асатын ірі көмір бассейндерінің, табиғи газ бен уранның болуы электр энергиясын өндіру мен экспорттауға әлеуеттік негіз болып отыр. 220-500 кВ мемлекетаралық электр жеткізу желілерінің болуы KEGOC-қа электр энергиясын көршілес елдерге жеткізуге мүмкіндік беріп отыр.

Тәуекел факторлары

Компания Акцияларына салынатын инвестициялар Компанияның бизнесіне байланысты тәуекелдермен, Қазақстанға байланысты өнеркәсіптік, саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық тәуекелдермен, сонымен қатар басқалардың арасындағы төмендегідей мәселелерге байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, акциялардың ерекшелік сипатымен байланысты тәуекелдермен қатар жүреді:

Компанияға қатысы бар тәуекелдер:

- Компания қажетсіз реттейтін өзгерістер нысаны болып табылады (және нысаны болуды жалғастыра беруі мүмкін) және қатал реттелетін операциялық орта жағдайында тұр.

- Компанияның табысы мен тиімділігі ең алдымен заңнама нормаларына, сонымен қатар реттеуші орган қабылдаған нормаларға, олардың тарифтік реттеу мен тарифтерді есептеу жүйелерін түсіндіруге сай ағымдағы тарифтік саясатқа байланысты.

- Ұзақ мерзімді тарифтердің құрылымы Компания үшін қызметтердің нақты көлемдері мен олардың өзіндік құны жоспардағыдан айтарлықтай ауытқыған жағдайда пайданың қажетті көлемін қамтамасыз ете алмауы мүмкін.

- Негізгі құралдарды есепке алу және тарифтердің құрылымы туралы талаптардағы өзгерістер Компанияға теріс әсер етуі мүмкін.

- Ықтимал ұсыныс құрылымы Қазақстанның заңнама талаптарын есепке ала отырып, құрылғанына қарамастан ол ҰЭТ-ты жекешелендіруге тыйым салу талаптарына қайшы келетіндей түсіндірілуі мүмкін.

- Компанияның жүйелік оператор ретіндегі мәртебесін өзгерту Компанияның жұмысы мен болашақ қызметіне айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

- Компания үшінші тұлғалардың қызметтеріне сүйенеді.

- Қордың Компанияның негізгі акционері ретіндегі мүдделері Компания мүдделерінен және Акцияны ұстаушылардың мүдделерінен ерекшеленуі мүмкін.

- Компания Өзара қарым-қатынас туралы келісім бойынша өз құқықтарының мәжбүрлі орындалуына қол жеткізбеуі мүмкін.

- Компания жуырда қызметкерлерді қысқарту саясатын іске асыру бойынша бірқатар шараларды жүзеге асырды.

- Компанияның электр жеткізу желілерінің өткізу қабілеті бұзылуы мүмкін, бұл оған айтарлықтай айыппұлдар салынуына әкеп соғады.

- Компанияның кейбір активтерінің жай-күйі оның операциялық стандарттары деңгейінің шектелуіне және (немесе) жаңғырту мен кеңейту жөніндегі күрделі жұмыстарды қажет етуіне әкеп соғуы мүмкін.

- Компанияның өз инвестициялық бағдарламасын уақтылы және бюджет шеңберінде жүзеге асыруға қабілетсіздігі Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін.

- Компания өз электр жеткізу желілері жұмысының тоқтап қалуы, сонымен қатар кез келген үшінші тараптың қатысынсыз орын алуы мүмкін іркілістер немесе кедергілер нәтижесінде үшінші бір тұлғаға келтірілген залалдар мен шығындар үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

- Компанияның сақтандыру өтемі шығындарды өтеу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.

- Компания өз басшылығының білімі мен тәжірибесіне тәуелді және құзыретті басшылықты жоғалту Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жай-күйі мен нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

- Компания басшылығының листингтік компанияға басшылық жасау тәжірибесі болмады.

- Компания бизнесіне жұмыс қарқынының төмендеуі, тоқтап қалуы, ереуілдер және еңбек қатынастары мәселелеріне байланысты жұмыс тәртібінің басқадай бұзылуы әсер етуі мүмкін.

- Компания күрделі қарыз қаражатын тарту немесе өз акцияларын шығару есебінен күрделі шығындарды қаржыландыруға байланысты қиындықтарды сезінуі мүмкін.

- Компанияның қарыз қаражаты мен акционерлік капиталының ара қатынасы оның тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

- Теңгеге қатысты АҚШ доллары мен басқа да валюта бағамының құбылуы Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жай-күйіне және жұмыс нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін.

- Компания оның қызметіне теріс әсер ететіндей қоршаған ортаға эмиссия үшін рұқсаттар алу бойынша талаптар мен табиғатты қорғау заңдарының ықпалына түседі, бұл шығындарға, міндеттемелерге, жауапкершілікке немесе шектеулерге әкелуі мүмкін.

- Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың бұзылуы, сонымен қатар төтенше жағдайлар Компанияның жұмысын бұзып, пайдалану шығындарын арттыруы мүмкін.

- Компанияның жылжымайтын мүлік құқығы, сонымен қатар оның айырықша құқықтары дауланyы мүмкін.

- Компания өз бизнесін жүргізу үшін ақпараттық жүйелерге және деректерді өңдеу жүйелеріне байланысты, осындай жүйелердің дәлсіздігі немесе бұзылуы Компанияның қаржылық жағдайына және нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

- Компанияның немесе оның еншілес Компанияларының қатысуымен болған сот даулары мен басқа да істі қарау бойынша қабылданған қолайсыз шешімдер Компанияның бизнесінде және қаржылық жағдайы мен нәтижелерінде теріс көрініс табуы мүмкін.

Қазақстанмен байланысты тәуекелдер

- Компания дамып келе жатқан нарықтарға байланысты жалпы тәуекелдерге ұшырауы мүмкін.

- Қазақстандық экономика басқа елдердің экономикасында болып жатқан оқиғалардың теріс әсеріне ұшырауы мүмкін.

- Рұқсаттар алу үшін Компания сақтауы тиіс заңнамадағы, қағидалардағы және талаптардағы кез келген өзгерістер айтарлықтай шығындарды талап етуі немесе Компанияны материалдық жауапкершілікке немесе басқа да санкцияларға ұшыратуы мүмкін.

- Қазақстанның Корпоративтік басқару кодексі Қазақстанда корпоративтік басқарудың орнықты тәжірибесін қаматамасыз етуде өз тиімділігін әлі дәлелдемеді.

- Сыртқы факторлар Қазақстанның экономикасынатеріс әсер етуі мүмкін.

- Валюталық реттеу туралы заң ережелерінің Компанияның шетелдік валютада жасалған мәмілелеріне әсер етуі.

- ҚҰБ теңгенің айырбас бағамын қайта қолдау туралы шешім қабылдауы мүмкін, бұл Қазақстан Республикасының қаржы секторына және экономикасына теріс әсер етуі мүмкін.

- Экономикалық реформаларды іске асыру нәтижелеріне қатысты екіұштылық бар.

- Қазақстанның экономикалық өркендеуінің баяулауы Компанияның бизнесіне теріс әсер етуі мүмкін.

- Шикізат тауарларының бағасындағы өзгерістердің, валюта бағамының құбылуы мен экспорттық сауда-саттыққа тәуелділіктің Қазақстанның экономикасына теріс әсер ету мүмкіндігі.

- Компанияның барлық қызметі Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, ол үнемі Қазақстанда орын алған экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты.

- Қазақстандағы салық жүйесі салыстырмалы түрде алғанда дамудың ерте сатысында тұр. Салық заңнамасын түсіндіру және қолдану үдерісі дамуда, бұл Компания қызметіне және Қазақстандағы ивнестицияларға қатысты тәуекелдерді арттырады.

- Компания Қазақстанның мемлекеттік органдары жариялаған және осы Ықтимал инвестициялық меморандумда пайдаланылған ресми статистикалық және басқа да деректердің дәлдігіне кепілдік бере алмайды.

Листингпен, ықтимал ұсыныспен және Акциялармен байланысты тәуекел факторлары

- Акциялар үшін белсенді сауда нарығы дамымауы мүмкін.

- АҚШ, Ұлыбританияға және Батыс Еуропаның басқа да елдеріне қарағанда бағалы қағаздар нарығы аз дамыған, бұл Акциялар үшін тиімді жұмыс істейтін нарықтың дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

- Акция бағасы айтарлықтай ауытқуы мүмкін.

- Компания дивидендтерін төлеу көптеген факторларға байланысты.

- Дамып келе жатқан нарықтардағы қаржылық күйзелістер Акция бағаларының тұрақсыздығына әкелуі мүмкін.

- Акцияларға салынатын инвестицияларға байланысты инвесторлар көтерген шығындар олар Акцияларға салған инвестициядан алған табыстармен салыстырғанда көбірек болуы мүмкін.

- Компанияның алдағы уақытта борыштық немесе үлестік бағалы қағаздарын ұсынуы Акциялардың нарықтық құнына теріс әсер етуі және бұрынғы акционерлер үлесін бұзуы мүмкін.

- Есептік кезеңдегі қаржылық есептемелер тікелей салыстыруға жатпайды.

- Бастапқы инвестициялық меморандум 2014 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы қаржылық есептемені қамтымайды.

- Жеке тұлғалардың Акциялар бойынша табыстарына салық салынуы мүмкін.

Бұл соңғы тізбе емес және Компанияға тән әрі Ықтимал ұсыныспен байланысты айқындалмаған жағдайлар мен тәуекелдердің толық сипаттамасын қамтымайды. Барынша толық мәлімет «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» бөлімінде берілген.

Тарихи қаржы ақпараттарына шолу

Мына кестелерде Компанияның тарихи қаржылық деректері мен 2011ж., 2012ж. және 2013ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы, сонымен қатар 2014ж. бірінші жарты жылдығындағы және сол жылдардағы жай-күй бойынша басқадай операциялық деректер қамтылған. Төменде келтірілген қаржылық ақпарат осы Бастапқы инвестициялық меморандумның барлық дерлік бөлігіне енгізілген Шоғырландырылған қаржылық есептемеден алуыны және сонымен бірге қарастырылуы тиіс. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2012ж. және 2013ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға, сонымен қатар 2014ж. бірінші жарты жылдығына және сол жылдардағы жай-күй бойынша әзірленген шоғырландырылған қаржылық есептемеге аудит жүргізді, ал «Делойт» ЖШС 2011ж. 31 желтоқсанда аяқталған

жылдағы және сол жылдағы жай-күй бойынша шоғырландырылған қаржылық есептемеге аудит жүргізді. Қаржылық ақпаратқа шолу осы Бастапқы инвестициялық меморандумның бөлігі болып табылатын «ТАҢДАМАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ», «БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУІМЕН ТАЛДАУЫ» бөлімдерімен және ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕМЕН (оған берілген ескертулерді қоса алғанда) бірге қарастырылуы тиіс.

	31 желтоқсанда			30 маусымда	
	2011 (аудиттелді) (мың теңгемен)	**2012 (аудиттелді)**	**2013 (аудиттелді)**	**2013 (мың теңгемен)**	**2014**
Қаржылық жағдай туралы есеп					
Ұзақ мерзімді активтер	176 699 251	189 344 946	319 615 755	191 436 435	473 445 342
Ағымдағы активтер	40 869 277	43 059 890	47 705 971	47 033 014	55 809 639
Барлығы активтер	**217 568 528**	**232 404 836**	**367 321 726**	**238 222 078**	**529 254 981**
Капитал	120 965 687	126 560 042	221 181 463	129 075 310	332 197 751
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	78 121 436	84 403 326	118 413 645	87 445 475	168 981 623
Қысқа мерзімді активтер	18 481 405	21 441 468	27 726 618	21 701 293	28 075 607
Барлығы міндеттемелер	96 602 841	105 844 794	146 140 263	109 146 768	197 057 230
Барлығы капиталдар мен міндеттемелер	**217 568 528**	**232 404 836**	**367 321 726**	**238 22 078**	**529 254 981**

	31 желтоқсанда			30 маусымда	
	2011 (аудиттелді) (мың теңгемен)	**2012 (аудиттелді)**	**2013 (аудиттелді)**	**2013 (мың теңгемен)**	**2014**
Табыстар туралы шоғырландырылған есеп					
Түсім	57 249 517	65 855 173	73 811 723	34 976 552	42 685 668
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(41 451 948)	(49 268 483)	(55 574 322)	(26 152 847)	(34 650 783)
Жаппай пайда	**15 797 569**	**16 586 690**	**18 237 401**	**8 823 705**	**8 034 885**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(5 976 393)	(5 829 446)	(6 422 878)	(2 837 073)	(6 332 064)
Сату бойынша шығыстар	(156 142)	(168 612)	(154 408)	(87 131)	(74 386)
Пайда (қайта бағалаудан болған			-26 807 757		14 194 012

	31 желтоқсанда			30 маусымда	
	2011 (аудиттелді) (мың теңгемен)	**2012 (аудиттелді)**	**2013 (аудиттелді)**	**2013 (мың теңгемен)**	**2014**
Табыстар туралы шоғырландырылған есеп залал)					
Операциялық пайда	**9 665 034**	**10 588 632**	**-15 147 642**	**5 899 501**	**15 822 447**
Депозиттер, ағымдағы шоттар және облигациялық купондар бойынша пайыздық табыстар	1 699 050	1 604 788	1 797 051	862 971	822 647
Қаржылық шығыстар	(2 457 956)	(1 991 132)	(2 021 023)	(967 831)	(1 693 881)
Оң/ (теріс) бағамдық айырмашылық	1 306 839	(1 806 822)	(2 680 967)	(100 897)	(13 367 026)
Басқадай табыстар	736 475	138 783	381 865	74 102	115 677
Басқадай шығыстар	(249 108)	(49 423)	(17 631)	(120 388)	(35 932)
Пайдаға салық салғанға дейінгі пайда/(залал)	**10 700 334**	**8 484 826**	**-17 688 347**	**5 647 458**	**1 663 932**
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыс	(2 878 089)	(1 543 797)	(3 188 073)	(1 337 303)	(1 076 012)
Бір жылдағы пайда/(залал)	**7 822 245**	**6 941 029**	**-14 500 274**	**4 310 155**	**587 920**
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан болған залалдар	(167)	-	(110 801 004)	(115 578)	(111 109 831)
Барлығы бір жылдағы жиынтық табыс/(залал)	**7 822 078**	**6 941 029**	**96 300 730**	**4 194 577**	**111 697 751**

- Компанияның жиынтық табыс, көрсетілген қызметтердің өзіндік құны, басқа да шығыстар, басқа да табыстар, жалпы және әкімшілік шығыстар мен қаржылық шығыстар туралы шоғырландырылған есептеме баптары табысты, шығындар мен шығыстарды көрсету әдісінің өзгеруі нәтижесінде бір жағынан 2011ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл мен басқа жағынан 2012ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл аралығын салыстыруға жатпайды. Көрсетілген барлық кезеңдер бойынша осындай салыстыруды қамтамасыз ету мақсатында 2011ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тиісті баптар қайта жіктеліп,

төменде көрсетілді. Осындай қайта жіктеулер 2011ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылғы таза пайда мен жиынтық табысқа немесе 2011ж. 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша капиталға әсер етпеді:

2011ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға

Мың теңгемен	**Алдыңғы есеп**	**Қайта жіктеу**	**Қайта жіктеу сомасы**
Түсім	54 793 163	2 456 354	**57 249 517**
Басқадай табыстар	3 192 829	(2 456 354)	**736 475**
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(39 581 302)	(1 870 646)	**(41 451 948)**
Басқадай шығыстар	(2 119 754)	1 870 646	**(249 108)**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(6 332 179)	355 786	**(5 976 393)**
Қаржылық шығыстар	(2 102 170)	(355 786)	**(457 956)**

(1) Электр энергиясын сатудан түскен 1 794 017 мың теңге сомасындағы түсім, электр энергиясын резервтеу қызметінен түскен 528 197 мың теңге сомасындағы түсім, электр энергиясының активтеріне қызмет көрсетуден түскен 134 140 мың теңге сомасындағы түсім Басқадай табыстар құрамынан Түсімдер құрамына ауыстырылды;

(2) Сатып алынған электр энергиясының 1 781 250 мың теңге сомасындағы өзіндік құны және 89 396 мың теңге сомасындағы электр энергиясы желісі бойынша активтерге қызмет көрсету құны Басқадай шығыстар құрамынан Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны құрамына ауыстырылды;

(3) Банкі кепілдемелеріне қатысты 355 786 мың теңге сомасындағы комиссия Жалпы және әкімшілік шығыстар құрамынан Қаржылық шығыстар құрамына ауыстырылды;

	31 желтоқсанда					**30 маусымда**	
	2011 (аудиттелді)	**2012 (аудиттелді)**	**2011**	**2012**	**2013 (аудиттелді)**	**2013**	**2014**
	(мың теңгемен)		өзгеріс %		(мың теңгемен)	(мың теңгемен)	
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп							
Операциялық қызметтен түскен ақша ағынының таза сомасы	17 536 699	14 664 826	2.0	(16.4)	14 458 324	9 849 809	5 839 389
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағыны	(35 010 626)	(19 276 465)	117.1	(44.9)	(17 999 863)	(7 358 328)	(7 034 090)
Қаржылық қызметте	21 595 473	3 127 659	(844.0)	(85.5)	6 988 560	1 000 888	6 915 157

	31 желтоқсанда					30 маусымда	
	2011 (аудиттелді)	**2012 (аудиттелді)**	**2011**	**2012**	**2013 (аудиттелді)**	**2013**	**2014**
	(мың теңгемен)		өзгеріс %		(мың теңгемен)	(мың теңгемен)	
Пайдаланылған таза ақша ағындары							
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	4 121 446	(1 483 980)	(325.2)	(136.0)	3 447 021	3 492 369	5 720 456
Таза бағамдық айырмашылық	46 551	(15 155)	(697.7)	(132.6)	236 032	47 001	765 190
1 қаңтардағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары	5 375 640	9 543 637	(25.5)	77.5	8 044 502	8 044 502	11 727 555
31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары	9 543 637	8 044 502	77.5	(15.7)	11 727 555	11 583 872	18 213 201

	31 желтоқсанда					30 маусымда	
	2011 (аудиттелді)	**2012 (аудиттелді)**	**2011**	**2012**	**2013 (аудиттелді)**	**2013**	**2014**
	(Мың теңгемен)		өзгеріс %		(Мың теңгемен)	(Мың теңгемен)	
EBITDA[(1)]							
EBITDA……..	**16 273 651**	**17 862 077**	**10.5**	**3.8**	**20 201 773**	**9 512 384**	**9 531 304**
Маржа EBITDA, %.....	29.7%	27.1%	24.1	15.0	27.4	27.2	22.3

EBITDA амортизацияны есепке алмағандағы қызметтердің өзіндік құны бойынша шығыстарды, амортизацияны есепке алмағандағы жалпы әкімшілік шығыстар мен сату жөніндегі шығыстарды алып тастағанда негізгі қызметтен түскен табыс ретінде айқындалады. EBITDA маржасы негізгі қызметтен түскен табыс сомасына бөлінген EBITDA ретінде анықталады. EBITDA-ға және EBITDA маржасына енгізілген сомалар Компанияның шоғырландырылған қаржылық есеаптемесінен алынған кезде олар ҚЕХС-қа сәйкес есептелген қаржылық көрсеткіштер болып табылмайды және, тиісінше, Компанияның өтімділік көрсеткіші ретінде түсімнің немесе жиынтық табыстың/(залалдың) жалпы сомасының баламасы ретінде қарастырылмауы тиіс. Компания басшылығы қазіргі уақытта өзгелермен қатар өз қызметінің нәтижелерін бағалау, бюджет әзірлеу және осындай бюджеттермен салыстырғанда қызмет тиімділігін бағалау мақсатында EBITDA және EBITDA

маржасын қолданады. Компания басшылығы EBITDA және EBITDA маржасын қызметті бағалауға көмектесуге арналған арнайы құрал ретінде қарастырады, себебі EBITDA және EBITDA маржасы тозумен және амортизациямен, пайыздық шығындармен, салықтармен және басқа да ақшалай емес төлемдермен байланысты баптарды қоспайды. Сонымен қатар, Компания EBITDA мен EBITDA маржасын инвесторлар жиі қолданатын көрсеткіштер ретінде санайды. EBITDA мен EBITDA маржасы ҚЕХС-та көзделмеген көрсеткіштер болып табылатындықтан төменде келтірілген кесте EBITDA мен EBITDA маржасының ҚЕХС шеңберінде табыстар туралы есеп баптарымен салыстыруды қамтиды:

	30 желтоқсанда					**30 маусымда**	
	2011 (аудиттелді)	**2012 (аудиттелді)**	**2011**	**2012**	**2013 (аудиттелді)**	**2013**	**2014**
	(Мың теңгемен)		өзгеріс %		(Мың теңгемен)	(Мың теңгемен)	
Түсім	54 793 163	65 855 173	24.1	15.0	73 811 723	34 976 552	42 685 668
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(39 581 302)	(49 268 483)	27.3	18.9	(55 574 322)	(26 152 847)	(34 650 783)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(6 332 179)	(5 829 446)	24.5	(2.5)	(6 422 878)	(2 837 073)	(6 332 064)
Сату бойынша шығыстар	(156 142)	(168 612)	(30.2)	8.0	(154 408)	(87 131)	(74 386)
Тозу және амортизация	7 550 111	7 273 445	7.3	(3.6)	8 541 658	3 612 883	7 902 869
EBITDA	**16 273 651**	**17 866 233**	**10.5**	**3.8**	**20 201 773**	**9 512 384**	**9 531 304**
EBITDA маржасы, %	29.7%	27.1%			27.4	27.2	22.3

ЛИСТИНГ

Эмитент	Толық атауы: мемлекеттік тілде: «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы; орыс тілінде: акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»; ағылшын тілінде: joint stock company «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company). Қысқартылған атауы: мемлекеттік тілде: «KEGOC» АҚ; орыс тілінде: АО «KEGOC»; ағылшын тілінде: JSC «KEGOC». Эмитент Қазақстанның заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген акционерлік қоғам болып табылады.
Акциялар	Қазіргі уақытта Компанияның Жарғылық капиталы (Ықтимал ұсыныс жабылғанға дейін) толығымен төленген 234 000 001 акциялардан тұрады. Акциялардың (ЖАРҒЫ СИПАТТАМАСЫ» бөлімінде сипатталған құқықтары бар.
Қаржы консультанты және Андеррайтер	«Halyk Finance» Қазақстанның Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы
Жарғылық капитал	2013 жылғы 26 ақпанда, сол уақытта Компанияның жалғыз акционері болып табылған Қор Компанияның жай акцияларын 1:20 мөлшерінде бөлшектеуді шешті. Акциялардың бөлшектелуін ҚХБ 2013 жылы 18 наурызда тіркеді. Ықтимал ұсынысқа дейін Компанияның Жарғылық капиталы 114 362 122 мың теңгені құрады және 234 000 001 шығарылған және толығымен төленген жай акцияларды қамтыды. Компанияның Жарғылық капиталы өз ұстаушыларына дауыс беру құқығын беретін жай акцияларға бөлінген. Компанияның жай

	акциялары өз ұстаушыларына **«ЖАРҒЫ СИПАТТАМАСЫ»** бөлімінде көзделетін белгілі бір құқықтарды береді.
Дивидендтік саясат	Компания дивидендтердің жыл сайынғы жемесе жарты жылдық төлемдерін жүзеге асыра алады. Дивидендтік саясатқа сәйкес Компания тиісті кезеңге таза табыстың кем дегенде 40%-ы мөлшерінде дивиденд төлеуге ниетті. Алайда, дивидендтерді төлеуге жұмсалатын нақты сома белгілі бір жағдайда дивидендтер төлеуді шектейтін және тіпті тыйым салуы мүмкін қолданыстағы заңнамамен реттеледі. Компанияның дивидендтерді төлеуі ең алдымен Компанияның инвестициялық қажеттіліктеріне негізделген және соған байланысты түзетілетін болады. Дивидендтерді жариялау және төлеу тәртібі Қазақстанның заңнамасымен реттеледі және дивидендтер сомасы басқалармен қатар Компанияның таза табысының мөлшеріне, оның қаржылық жағдайына, капиталға деген сұранысы мен шарттық және басқа да міндеттемелеріне тәуелді. Егер дивидендтер жарияланса, олар қазақстандық теңгемен немесе акционердің келісімі ескеріле отырып Компания акцияларымен немесе облигацияларымен төленеді. Дивидендтік саясат туралы барынша толық ақпарат алу үшін **«ДИВИДЕНДТЕР ЖӘНЕ ДИВИДЕНДТІ САЯСАТ»** бөлімінен таныса аласыздар.
Акциялар листингі және маркетинг	Компания Акцияларды KASE ресми тізімінің «Акциялар секторының» бірінші санатына енгізуге өтініш берді. KASE өтінішті қабылдады. KEGOC акциялары ешқандай да басқа қор биржасында листингте тұрған жоқ, және қазіргі уақытта Компания қандай да бір басқа биржада акциялар листингін жоспарлап отырған жоқ.
Дауыс беру құқығы	Әрбір Акция ұстаушыға акционерлердің жалпы жиналысында бір дауыс беру құқығын береді. «ЖАРҒЫ СИПАТТАМАСЫ» бөлімін қараңыз.
Тәуекел факторлары	Акцияларға салынған кез келген инвестиция тәуекелді білдіреді. Ықтимал инвесторлар «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» бөлімінде,

	сонымен қатар бұл Бастапқы инвестициялық меморандумның басқа да бөлімдерінде қарастырылған Компания мен Акцияларға қатысты тәуекелдерді мұқият талдауы тиіс.
Жалпы ақпарат	НИН: KZ1C34930012 ISIN: KZ1C00000959 CFI: ESVUPR Компанияның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., 010010, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат Телефон: +7(7172) 693-824, 690-203 Факс: +7 (7172) 690-455 Электрондық поштасы: kegoc@kegoc.kz "http://www.kegoc.kz/"

ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ

Акцияларға инвестиция салар алдында Сіз бүкіл Бастапқы инвестициялық Меморандумды, сонымен қатар Инвестициялық меморандумның соңғы редакциясын мұқият зерттеуіңіз және атап айтқанда, бұдан әрі сипатталатын тәуекел факторларын қоса алғанда осындай инвестициялармен байланысты барлық тәуекелдерді қарастыруыңыз қажет. Компания қазіргі уақытта өзіне беймәлім немесе осы Бастапқы инвестициялық Меморандумды әзірлеген кезде өзіне маңызды емес болып көрінген, бірақ өз бизнесіне әлі де әсер етуі мүмкін қосымша тәуекелдерге және белгісіздіктерге тап болуы мүмкін. «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» бөліміндегі ақпарат тәуекелдер мен белгісіз жайттардан тұратын болжамдау сипатындағы мәмілелерді қамтиды. Компанияның нақты нәтижелері көптеген факторларға байланысты «Болжамдау сипатындағы өтініштерде» сипатталғандарын қоса алғанда болжамдық сипаттағы мәмілелерде жорамалданған жайттардан өзгешеленуі мүмкін.

Компанияға қатысы бар тәуекелдер

Компания жағымсыз реттеуші өзгерістердің нысаны болып табылады (және нысаны болып қала береді) және реттелетін қатал операциялық орта жағдайында тұр

Компания өз қызметін қатаң түрде реттелетін салада жүзеге асырады және тиісінше, оның қызмет нәтижелері тиісті бақылаушы және реттеуші органдардың, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (**«ҰЭМ»**) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (**«ЭМ»**) Атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің нормативтік-құқықтық актілерін қолдануымен байланысты.

Компания Табиғи монополиялар туралы заңға сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енген. Бұл дегеніміз, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, Компанияға реттелетін қызметтен өзге қызметті жүзеге асыруға тыйым салынған. Тиісінше, Компанияның коммерциялық икемділігі немесе диверсификациясы бар, толығымен алғанда Қазақстанның электр энергетикалық саласында ғана өз қызметін жүзеге асыруы тиіс. Яғни, Компания Қазақстанның электр энергиясы нарығында болған оқиғаларға тәуелді, егер аталған нарықта құлдырау байқалса, бұл оның тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Компания қызметін реттейтін немесе Компания қызметін бақылайтын мемлекеттік органдар мерзімді түрде жаңа құқықтық нормативтік актілерді қабылдау, реттеу мәселесі бойынша өз ұстанымын өзгерте, электр энергетикасындағы реформаларды баяулата немесе жеделдете алады, кез-келген осындай фактор Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, жұмыс нәтижелері мен перспективаларына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қазақстандағы табиғи монополиялар қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт болып табылатын Табиғи монополиялар туралы заңға өзгерістер мен толықтыруларды қарастыруда. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум күні Табиғи монополиялар туралы заңға өзгерістердің бірнеше жобалары ұсынылған болатын, бірақ бір де бір нұсқасы толығымен келісілмеді және қабылданбады. Компания ұсынылған өзгерістермен және толықтырулармен қамтылмаған табиғи монополиялардың кейбір басқа да субъектіілері сияқты Қазақстанның тиісті мемлекеттік органдарына өз түсіндірмелерін беру мүмкіндігі болатындай етіп бұл өзгерістер мен толықтырулардың жобасын алды. Компания ұсынылған өзгерістер Компанияға айтарлықтай теріс әсер етуі тиіс деп санағанына қарамастан қабылданған өзгерістер бәрі бір де Компанияға және басқа да табиғи монополиялар субъектлеріне теріс әсер етуі мүмкін. Көп жағдайда заң жобасы оны Мәжілісте және Парламент комитеттерінде қарау үдерісінде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Компанияға өзгерістер мен толықтырулардың келісілген редакциясы қандай болатыны және олар қашан қабылданатыны мәлім емес.

Компанияның табысы мен тиімділігі ең алдымен заңнама нормаларына, соның ішінде реттеуші орган қабылдаған нормаларға, олардың тарифтік реттеу және тарифті есептеу жүйелерін түсіндіруге байланысты

Компанияның реттелетін негізгі қызметтен алатын бүкіл табысы Табиғи монополиялар мен реттелетін нарық туралы заң талаптарына сәйкес реттелуі және бекітілген тарифтердің деңгейімен шектелуі тиіс. Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді. Компанияның тарифтер деңгейіне әсер ету мүмкіндігі ҰЭМ-ға тарифтерді есептеуге шығындарды енгізуді негіздеу үшін растайтын құжаттарды ұсынумен шектелген. Тариф белгілеу мақсатында Компания капитал табыстылығының әділ нормаларына сүйенеді. Бұл Компанияға негізделген шығындарды плюс пайданың қол жетімді деңгейін өтеуге кепілдік беретін тарифтерді белгілеуге (ҰЭМ ұйғарымына сәйкес) мүмкіндік береді. ҰЭМ Компания мәлімдеген шығындар тізбесімен немесе Компания осындай шығындарға жоспарлаған сомалармен келіспеуі мүмкін және келіспеуге құқығы бар, сонымен қатар оның Компания әзірлеген тарифтердің болжамдалған құрамдас бөліктеріне қатысты, мысалы, қолданыстағы қызметтің болжамдалған көлеміне қатысты басқа да пікірі болуы мүмкін. ҰЭМ сарапшылармен тарифтерді бекіту үшін қолданылатын құрамдас бөліктердің есептері жөнінде кеңеседі. Мұндай сарапшылардың құрамына мемлекеттік органдардың, тұтынушылар және басқа да табиғи монополиялар топтарының қызметкерлері енуі мүмкін. ҰЭМ Компания берген шығындар есептерінен және өзге де критерийлерден шегінуіне әкелуі мүмкін, нәтижесінде олар келесі кезеңге тарифтерді бекіту кезінде есепке алынбайды және бұл Компанияның табыстылығына жалпы теріс әсер етуі мүмкін, яғни Компанияға бекітілген шығындар мен жұмыстың нақты нәтижелері арасындағы айырмашылықты өзінің таза табысынан өтеуіне тура келеді.

Жоғарыда аталғандарға қосымша ретінде табиғи монополиялардың жекелеген субъектілері қызметтерінің бағалары құнсыздану индексін есептеуге енгізілген және құнсыздану маңызды факторлары ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, 2012ж. 8 мамырда Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (**«ТМРА»**) мен Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі күнтізбелік жылға табиғи монополиялар мен реттелетін нарық субъектілерінің қызметтері тарифтерінің (бағалары, алым мөлшерлемелері) өзгеруінен болған құнсыздануға ұйғарынды үлесті есептеу әдістемесін бекітті. Үкіметтің құрылымына жақында енгізілген өзгерістер нәтижесінде ТМРА мен Экономикалық даму және сауда министрлігінің функциялары ҰЭМ-ға табыс етілді. Осылайша, Үкімет саясатының нәтижесінде KEGOC тарифтерінің өсуі оның Қазақстандағы құнсыздануға әсер етуі себепті шектелуі мүмкін.

Реттелетін тарифтер Компанияға электр энергиясын жеткізу жөніндегі объектілерге инвестицияланған капитал қайтарымының тиімді деңгейін бір мезетте ала отырып, бұрынғы көлемде ағымдағы инвестицияларды жүзеге асыру мүмкіндігін сақтап қалуға кедергі келтіретін деңгейде белгілену мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Сонымен қатар, тарифтік реттеудің қолданыстағы жүйесі кеңейтілуі немесе өзгертілуі мүмкін; тариф белгілеудің жаңа схемалары мен әдістері енгізілуі мүмкін. Бұл жағдайда тарифтердің құрылымы алдағы уақытта Компания үшін қолайсыз болып өзгермейтініне ешқандай кепілдіктер болмауы мүмкін емес. Бұл Компанияның бизнесіне, қаржылық жағдайына операциялық қызметтен болған нәтижелерге теріс әсер етуі мүмкін.

Қолданыстағы тарифтерді олар белгіленген кезең ішінде аралық түзетуді реттеуші тізбесі Компанияның бақылауынан тыс кейбір төтенше жағдайларға нақты әкелген кейбір төтенше жағдайлардың басталуына байланысты ғана мақұлдауы мүмкін. Мұндай жағдайлар еңсерілмес күш жағдайларының басталуын, қызметтердің нақты көлемдерінің белгіленген көлемдерден ауытқуын, технологиялық бұзылыстардың алдын алу үшін әрекеттер қолдану қажеттілігін немесе мемлекеттік органдардың ұйғарымдарын орындауды қамтиды. Бұған қосымша ҰЭМ

азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлігін, қоршаған ортаны қорғау үшін, сонымен қатар табиғи монополистке электр энергиясының бағалары мен салықтардың артуын өтеу мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде қолданыстағы тарифті реттей алады. Реттеуші сонымен қатар әр нақты жағдайда және қандай бөлігінде тарифтің түзетуге жататынын немесе жатпайтынын өз бетімен анықтауға да құқылы.

Компания тарихи түрде тарифтерді бекітуге жыл сайын өтініш беріп тұрды. Осылайша, Компанияның тиісті жылдағы негізделген шығындардан кез келген ауықтуы ағымдағы тиісті тарифтік жылға ғана әсер ете алды және Компанияның келесі жылға шығындарды көрсете отырып, жаңа өтініш беру арқылы келесі жылы осындай шығыстарға түзету енгізу мүмкіндігі болды. Қазіргі уақытта Компанияның тарифтік кезеңі екі жылды құрайды. Бұдан кейін Компания ҰЭМ-ге 2013 және 2014 жылдардағы Табиғи монополиялар туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес бес жылдық және одан көп тарифті бекіту үшін өтініш білдіреді. Демек, қазіргі уақытта Компанияның нақты шығындары бекітілген «негізді» шығындардан артық болған жағдайда Компания үлкен тәуекелге баратын болады, себебі негізделген шығындар бес жылдық тарифтік кезеңнің басында бекітілуге жатады. Компанияның бес жыл ішінде тарифтерді түзету жөніндегі мүмкіндіктері жоғарыда санамалап көрсетілген негіздермен айтарлықтай шектеледі, Компанияның тарифке аралық түзету енгізу туралы өтініші ағымдағы екі жылдық тарифтік кезең ішінде де, бұдан кейінгі көп жылдық кезең ішінде де қанағаттандырылады деуге еш кепілдік жоқ. Сонымен қатар, ҰЭМ құрылыс жұмыстарына жұмсалатын шығындарды және көп жылдық тарифтік кезең ішінде Компания шығындарының артуына әкелуі мүмкін өзге де оқиғаларды қалай қарастыратыны беймәлім болып отыр.

Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы шартқа сәйкес жалпы электр энергетикалық нарық құру мүмкіндігі де бұдан әрі формалар реформалар жүргізуге (Компанияның тарифтерін есептеу әдістемесін қайта қарауды қоса алғанда) әкелуі және Компания табыстарына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін.

Қызметтердің нақты көлемдері мен олардың өзіндік құны жоспардағыдан ауытқыған жағдайда ұзақ мерзімді тарифтер құрылымы Компания үшін пайданың қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмауы мүмкін

Тарифтердің шекті деңгейлері негізінде реттеу тәжірибесіне өтуге байланысты, сонымен қатар Табиғи монополиялар туралы заңға соңғы өзгерістер енгізілуіне байланысты 2015 жылдан бастап Компания кемдегенде бес жылға тарифтердіңшекті деңгейін бекіту туралы өтініш білдіретін болады. Бұл өзгеріс Компанияның жоғары тұрақтылық деңгейін, сонымен қатар ұзақ мерзімді болашаққа тарифтер мен түсімдерді болжау мүмкіндігін қамтамасыз етуге қатысты шешімінен туындап отыр. ҰЭМ Компания ұсынған тарифтердің бекітілген шекті деңгейінен бас тартуымүмкін немесе ҰЭМ Компанияның қызмет көрсетуге жұмсайтын шығындарының артуына байланысты тарифтердің шекті деңгейлерінің артуына кедергі келтіреді деген тәуекел бар, себебі тарифтердің қолданыстағы шетеулі тарифтері жоғарыда санамалап көрсетілген жағдайлардың шектелген тізбесі келіп жетуі себепті ғана түзетіледі және кез келген жағдайда ҰЭМ мақұлдаған болуы тиіс. ҰЭМ тарабынан қызметтердің өзіндік құны өзгерген кезде тарифтердің ұзақ мерзімді шекті деңгейлерін арттырудан бас тартуы Компания пайдасының төмендеуіне әкеледі.

Негізгі құралдарды есепке алу және тарифтердің құрылымы туралы талаптардағы өзгерістер Компанияға терісәсер етуі мүмкін

2013 жылы Компания 1997 жылдан бастап алғаш рет өз активтерін қайта бағалауды жүзеге асырды.

Активтердің құны тарифтерді есептеу кезінде қолданылатын факторлардың бірі болуы себепті Компания тарифтерінің мөлшері, тиісінше, оның түсімінің көлемі де артты.

Компанияның негізгі құралдарын қайта бағалау нәтижесін 2013 жылдан бастап 2014 жыл аралығында бес жыл ішінде өздері бекіткен кестеге сәйкес тарифтерді бекіту кезінде реттеуші есепке алатын болады. ҰЭМ өз қалауы бойынша негізгі құралдарды қайта бағалауды есепке алу кестесін қайта қаруы мүмкін немесе болашақта тарифтерді бекіткен кезде бұрын ҰЭМ ұсынған басқа да бағаға сүйенуі немесе қолданыстағы бағаны түзетуі мүмкін деген тәуекел бар. Алайда, 2013 жылғы 19 сәуірде ТМРА Компанияға ресми хат жіберді. Бұл хатта Компанияны нәтижесінде негізгі құралдардың құны 199 миллиард теңгеге артқан ТМРА Басқармасының негізгі құралдарды қайта бағалау сомасын келісу туралы 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 15 қаулысы бекітілгені және 5 жыл ішінде реттелетін қызметтердің тарифтеріне қайта бағалау нәтижелерін енгізу кестесін бекіту туралы хабардар етті.

2014 жылы Компания ҚЕХС мақсаттары үшін есепке алу саясатының ауысуына және әділ құн бойынша есепке алу әдісіне көшеуге байланысты бұдан әрі қосымша қайта бағалау жүргізді. Нәтижесінде, Компанияның активтерінің теңгерімдік құны активтердің реттелетін базасын анықтаған кезде есепке алынатын активтер құнынан артады. Бұдан кейінгі кезеңдерге тарифтерді бекіткен кезде Компания келесі кезеңдерге арналған тарифтер есебіне енгізілетіндей ҰЭМ-ге қайта бағалау нәтижелерін ұсынуды жоспарлап отыр. Алайда, Компания 2014 жылы жүргізген қайта бағалауды реттеуші орган келісетініне еш кепілдік жоқ, ал егер келісетін болса, онда тарифті есептеген кезде қандай сомада және қандай бөлітермен есепке алынатынына қатысты еш кепілдік жоқ.

Сонымен қатар Компания негізгі құралдарды қайта бағалауды ағымдағы құнын қарау нәтижелеріне және Компанияның шаруашылық қызметіне араласуына байланысты мерзімді түрде жүргізуге ниетті.

ТМРА сондай-ақ «Халық IPO» бағдарламасына қатысушы компаниялардың тарифтерін бекіту үшін бірқатар арнайы рәсімдерді қабылдады. Осындай арнайы рәсімдер реттелетін қызметтерді ұсынуға қатысқан активтер құнын анықтау үшін аса пайдалы тәсіл болып табылады және табыстылықтың реттелетін нормасын арттырады. ТМРА Басқармасының №15 қаулысының ережелеріне сәйкес KEGOC Акциялар ұсынысы туралы шешім қабылдағаннан кейін көтерілген жаңа тарифтерді қолдануға құқылы.

Дегенмен, реттеуші өз ұстанымын өзгерте алады және жасалған өзгерістерді қайта қарай алады, бұл Компания бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне және Компания бизнесінің перспективасына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Ықтимал ұсыныс құрылымы Қазақстанның заңнама талаптарын есепке ала отырып қалыптасқанына қарамастан ол ҰЭТ-ты жекешелендіруге тыйым салу туралы талапқа қайшы келеді деп түсіндірілуі мүмкін

Ықтимал ұсыныс «Халық IPO» бағдарламасының бөлігі болып табылады және KEGOC акцияларын сатуды қамтиды. Ықтимал ұсыныста Компанияның өз активтерін сатуы көзделмейтін болады. Атап айтқанда, ҰЭТ құрылымына кіретін активтерді сату көзделмеген. Электр энергетикасы туралы заңда берілген ҰЭТ анықтамасына сәйкес ҰЭТ құрамына кіретін активтер (яғни қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері мен кернеуі 220 киловольт және одан жоғары электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр жеткізу желілерінің жиынтығы) жекешелендіруге жатпайды және Үкімет айқындайтын тәртіпте және шарттарда ұлттық компанияға табыс етіледі. Заңның бұл ережесі «Жекешелендіруге жатпайтын

мемлекеттік меншік объектілерінің тізімдемесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 шілдедегі №422 Жарлығы негізінде енгізілді.

Ықтимал ұсынысты орналастыру қарсаңында жоғарыда аталған Президенттің Жарлығының күші жойылып, «Иеліктен айыруға жатпайтын объектілер тізімдемесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа Жарлығымен ауыстырылды. Иеліктен айыруға жатпайтын нысандардың жаңа тізбесі электр жеткізу желілерін қамтымайды.

Жекелеген объектілерді жекешелендіруге тыйым салудан басқа Қазақстан Республикасы сонымен қатар Қазақстанды орнықты дамыту үшін аса маңызды бірқатар объектілерді иеліктен айыруға бақылауды жүзеге асырады. Стратегиялық объектілерге жатқызылған объектілер жеке меншікте де, мемлекет меншігінде де болуы мүмкін, бірақ сонымен бірге Үкіметтің тиісті шешім қабылдауынсыз иеліктен айыра алмайды. Мемлекет сонымен қатар иеліктен айырған кезде стратегиялық объектілерді сатып алуға құқылы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 шешімімен ҰЭТ мен Компания Акциялары стратегиялық объектілерге жатқызылды.

Ықтимал ұсынысты дайындаған кезде Компания осындай Ықтимал ұсыныстарды және Ықтимал ұсыныс шеңберінде орналастырылатын акциялар санын, сонымен қатар мемлекеттің Акцияларды айырықша сатып алу құқығынан бас тартуын бекітетін Үкіметтің шешімін алуды жоспарлайды. Қосымша түрде Компания Үкіметтің шешімін алуды жоспарлайды, соған сәйкес 10% минус бір Акция стратегиялық объектілер тізбесінен алыптасталатын болады.

Алайда, «Электр энергетикасы туралы» Заңда көзделген ҰЭТ активтерін қоса алғанда жекелеген активтерді жекешелендіруге қойылатын кеңінен жасалған тыйым әлі де қолданылуда. Компания Ықтимал ұсыныс тыйым салынған ҰЭТ активтерін жекешелендіру болып табылмайды, себебі Ықтимал ұсыныстан кейін Компания ҰЭТ жалғыз иесі болып қала береді.

Мемлекеттің стратегиялық объектілерді бақылауын күшейту мақсатында 2014 жылғы 2 шілдеде «Электр энергетикасы туралы» Заңға өзгерістер енгізетін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Атап айтқанда, Ұлттық басқарушы холдингке (яғни Қорға) ұлттық компания (яғни KEGOC) акцияларын иеліктен айыруға тыйым салынды, нәтижесінде Қорға Компанияның кемінде 90% плюс бір дауыс беруші акциясы тиесілі. Қор және KEGOC Ықтимал ұсынысты 10% минус бір акциядан аспайтын мөлшерде сататындай етіп құрылымдау жөнінде бірлесе қадам жасады, ал сәйкесінше, Қорға кем дегенде тоқсан пайыз плюс бір акция тиесілі болады.

Алайда, Ықтимал ұсыныс ашық сынға түсіп, теріс түсіндірме берілуі және дауалануы мүмкін деген тәуекел бар. Үкіметтің қазіргі құрамы «Халық IPO» бағдарламасын, Ықтимал ұсынысты қолдағанымен, Үкіметтің бұдан кейінгі құрамы оларды қолдамауы мүмкін. Мемлекеттік органдар немесе Қазақстан Үкіметінің болашақ құрамдары тарапынан болатын кез келген сын болашақта Компания бизнесіне, оның операциялық нәтижесіне және қаржылық жағдайына кері ықпал етуі мүмкін.

Дегенмен де, ҰЭТ-ты жекешелендіруге қатысты заңдар алдағы уақытта өзгермейтініне ешқандай кепілдік жоқ, бұл жағдай Ықтимал ұсынысқа жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның жүйелік оператор ретіндегі мәртебесінің өзгеруі Компания жұмысы мен болашақ қызметіне айтырлықтай кері ықпал етуі мүмкін

Электр энергетикасы туралы заңға сәйкес жүйелік оператор дегеніміз бұл бір орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергетикалық жүйедегі теңгерімді сақтауды, жүйелік қызмет көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің қосалқы қызметтерін пайдалануды, сонымен қатар ҰЭТ бойынша электр энергиясын жеткізуді, оған техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалануға дайын күйінде сақтауды жүзеге асыратын ұлттық компания болып табылады. Энергетика министрлігі («ЭМ») тағайындаған жүйелік оператор бола отырып, KEGOC-тың ҰЭТ-ты пайдалануға, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсынуға айрықша құқығы бар. Алайда, жүйелік оператор етіп тағайындау құқығы ЭМ тиесілі. ЭМ Компанияның еліміздің жалғыз жүйелік операторы ретіндегі мәртебесін қандай да бір жағдайда өзгертуі еліміздің электр энергиясын жеткізу саласындағы жетекші компания ретінде Компанияның жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұл Компанияның қаржылық жағдайы мен болашақ қызметіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компания үшінші тараптардың қызметіне сүйенеді

Компания өз еңбек және материалдық ресурстарына сенеді, сонымен қатар өз активтері мен инфрақұрылым объектілеріне техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыру үшін сыртқы мердігерлерге сүйенеді. Компания сонымен қатар өз инвестициялық жобаларын іске асыру үшін, соның ішінде құрылыс, қайта құру және қалпына келтіру саласындағы жұмыстарды орындау үшін, сонымен қатар жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін сыртқы мердігерлер қызметін пайдаланады.

Қызметті жүзеге асыру шеңберінде және өзінің бірқатар жобаларын іске асыру үшін Компанияға қажетті қызметтердің бірқатары қазіргі уақытта коммерциялық шарттар негізінде шектеулі жеткізушілер тарапынан ғана көрсетіледі. Компанияның талаптарын қанағаттандыратындай сапалы деңгейде осындай қызметтер көрсетуде болатын кез келген іркілістер немесе кідірістер Компания қызметі мен жобалары үшін іркілістерге немесе басқа да теріс салдарға әкелуі мүмкін. Осындай іркілістер немесе кідірістер Компанияның бизнесіне, оның қызмет нәтижелеріне және қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, 2012 жылғы 26 мамырда Қордың Директорлар кеңесі бекіткен Қорға және дауыс беруші акцияларының 50 және одан көп пайызы (қатысу үлесі) Қорға меншік немесе сенімгерлік құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғаларға қатысты қабылданған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібін реттейтін қағида (**«Самұрық-Қазынаның Сатып алу қағидасы»**) Компанияда қолданылады. Самұрық-Қазынаның Сатып алу қағидасы сатып алудың әр түрлі тәсілдерін қарастырады. Алайда, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көп бөлігін Компания ашық тендер тәсілімен сатып алады. Самұрық-Қазынаның Сатып алу қағидасына сай Компания әр тендерді өткізу үшін толық тендерлік құжаттама әзірлеп, өтінім беру мерзімі өткенге дейінгі кем дегенде 15 күн ішінде сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастыруы тиіс.

Әрбір тендерді өткізу үшін Компанияда тендерлік комиссия құрылады, оның қызметіне жеңімпазды анықтау кіреді. Әдетте, сатып алу туралы шарттар бір қаржылық жылға жасалады. Алайда, жекелеген жағдайда, ұзағырақ мерзімге шарт жасауға рұқсат етіледі. Шартты ұзарту тек кезекті тендер өткізу нәтижелері бойынша ғана мүмкін. Осылайша, Компания тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үшін бірнеше тендер өткізеді, бұл кідірістерге, шығыстардың артуына және сатып алуға байланысты басқарушылық функцияларды орындау уақытының ұлғаюына әкеледі. Самұрық-Қазынаның Сатып алу қағидасын сақтау қажеттілігіне байланысты Компанияда жеткізушілер мен мердігерлерді уақтылы тарту, сонымен қатар үшінші тұлғалармен ұзақ мерзімді коммерциялық қарым-қатынас орнату мүмкіндігінің болмауы Компания қызметіне кері әсер етуі және операциялық шығыстардың артуына әкелуі

мүмкін. Егер Компания мердігерді немесе жеткізушіні ауыстыруға мәжбүр болса, мұндай ауыстыру уақтылы және айтарлықтай қосымша шығындарсыз жүргізілетініне ешқандай кепілдік жоқ.

Қордың Компанияның негізгі акционері ретіндегі мүдделері Компания инвесторларының мүдделерінен және Акцияларды ұстаушылардың мүдделерінен өзгеше болуы мүмкін

Ықтимал ұсыныс аяқталғаннан кейін Қорға және Үкіметке (Қор арқылы әрекет ете отырып) Компания акцияларының көп бөлігі тиесілі болады. «Халық IPO» бағдарламасына сәйкес KEGOC Ықтимал ұсыныс арқылы 10% минус бір акцияны сатуды жоспарлап отыр. Қор мен Компания Ықтимал ұсыныстан кейін Компания мен Қордың өзара қарым-қатынастарының жекелеген аспектілерін реттейтін Өзара қарым-қатынас туралы келісім жасады, KEGOC миноритарлық акционерлері негізгі акционер – Қордың, сәйкесінше, Үкіметтің KEGOC бақылауымен байланысты белгілі бір тәуекелдер бар. (1-бөлімді қараңыз) «ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР (БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР)», «Өзара қарым-қатынас туралы келісім»). Сонымен қатар «Компания Өзара қарым-қатынас туралы келісім бойынша өз құқықтарының мәжбүрлі орындалуына қол жеткізе алмайды» тәуекел факторын да қараңыз.

Компанияның негізгі акционері бола отырып, Қордың дивидендтерді төлеу, басшыларды тағайындау, қайта құру, тарату, біріктіру және қосу, сонымен қатар Компания Жарғысына өзгерістер енгізу туралы мәселелерді қоса алғанда, Компания акционерлерінің жалпы жиналысында қаралатын мәселелердің көпшілігі бойынша шешімдердің қабылдануын бақылау мүмкіндігі бар. Қор сонымен қатар KEGOC-тың Директорлар кеңесін бақылау арқылы KEGOC-тың бизнес стратегиясы мен қызметіне елеулі әсер етеді. Мұндай шоғырландырылған бақылау басқа акционерлердің корпоративтік мәселелерге қабілеттілігін шектейді, сәйкесінше, миноритарлық акционерлер өздерінің мүдделеріне сәйкес келмейді немесе олар үшін пайдалы емес деп қабылдайтын әрекеттерді жүзеге асыру мен шешімдер қабылдауға әкеліп соғуы мүмкін.

Егер Компанияның қайсыбір әрекеттерді жасауы акционердің келісімін талап ететін болса, негізгі акционер KEGOC басшылығының пікірі бойынша мақсатқа лайық деп танылған әрекеттерді мақұлдайды және негізгі акционерге KEGOC-тың қызметімен және бизнесімен бәсекелес қызметті жүзеге асыруға ешкім кедергі келтіре алмайтынына кепілдік жоқ. Қордың, сәйкесінше, KEGOC-тың негізгі нақты акционері ретіндегі Үкіметтің мүдделері басқа акционерлердің мүдделерімен сай болмауы мүмкін және Үкімет Компанияның бизнесіне, қаржылық жағдайға, қызметі мен перспективалары нәтижелеріне анағұрлым қолайсыз әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдай алады. Осындай кейбір шешімдер тек коммерциялық пікірлер тұрғысынан ғана қабылдана алмайды немесе бәрінен бұрын, Үкіметтің саяси, экономикалық немесе әлеуметтік мақсаттарында айтылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда бұл Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, қызметі мен перспективаларының нәтижелеріне аса қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда баяндалғандар тұрғысынан KEGOC өзіне әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылым салу, қайырымдылық қызмет, әлеуметтік салаға, сонымен қатар қауымдастықтар мен әлеуметтік-экономикалық саясат пен өнеркәсіп саласындағы саясатты іске асыруға жұмсалатын мемлекеттік және квази-мемлекеттік шығыстармен дәстүрлі түрде байланысты басқа да міндеттерді дамыту сияқты әлеуметтік міндеттерді қабылдауға құқығы бар. Реттелетін кәсіпорын және Қордың бақылауындағы компания рнетінде KEGOC оның әлеуметтік бағыт ұстануы, сонымен қатар әлеуметтік саланы, экономика мен өнеркәсіпті дамытуға байланысты қызметке қатысуы KEGOC-тың Қазақстандағы іскерлік дәрежесінің маңызды бөлігі, сонымен қатар оның ел аумағындағы қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады деп пайымдайды.

KEGOC Қазақстанның мемлекет бақылайтын басқа да компаниялары сияқты Астанаға өз әкімшілік, басқарушылық персоналын және бас кеңсесін орналастыру арқылы, сонымен қатар бірқатар әлеуметтік жобаларды іске асыру арқылы Астананы дамытуды қолдады. Компания өз қаражаты есебінен балалар бақшасын салуды жүзеге асыруда және әр түрлі демеушілік көмектер көрсетті. Мұндай қызмет түрі күрделі шығындарға әкеледі, бұл басқа жағдайда өз бизнесін дамытуға немесе кәсіпкерлік шығыстарын өтеуге бағытталған болар еді. Мұндай шығыстар қолданыстағы заңнама талаптарына қайшы келмейтініне қарамастан олар аса маңызды болуы мүмкін. KEGOC бұл жобалар азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары компания бола отырып, KEGOC Қазақстанда ұстанатын қоғамдық және әлеуметтік мақсаттармен келіседі деп пайымдайды.

Үкімет Қор арқылы әрекет ете отырып, Компанияға байланысты немесе оған әсер ететін, Үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын көрсете алатын шешімдер қабылдай алады. Оның үстіне осындай шешімдер электр энергетикасы саласында қызметін жүзеге асыратын, мақсаты пайда алу және акционерлердің мүддесінде қызметін жүзеге асыру болып табылатын жеке компания қабылдайтын шешімдерден ерекшеленеді.

Ресей, Белорусь және Қазақстан арасында Еуразиялық экономикалық одақ құруға байланысты KEGOC Жүйелік оператор ретінде Еуразия экономикалық комиссиясы Алқасы мен Еуразия экономикалық одағының жалпы электр энергетикалық нарығын құру жөніндегі шағын комитеті жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік комитеттің жұмысына қатысады. Осындай қызметке Компанияны Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық және саяси конъюктурасы жағдайында бизнесті жүргізуге дайындау бөлігінде оң әсер ететініне қарамастан KEGOC Қазақстан Республикасының мүдделерін басшылыққа алады және ең алдымен Компанияның мүдделерін емес, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының әр түрлі аспектілерін көрсететін шешімдер қабылдайды.

Компания сонымен бірге Үкіметті, Қорды және Үкімет бақылайтын немесе акцияларының көп бөлігі Үкіметке тиесілі басқа да компанияларды қоса алғанда үлестес тұлғалармен және басқа да тұлғалармен мәміле жасауға қатысады және қатысуын жалғастырады. Мүдде қайшылықтары Компанияның нарық анықтамайтын немесе осындай мәмілелер үлестес емес үшінші тұлғалармен жасалған жағдайға қарағанда Компания үшін пайдасы аз шарттармен мәміле жасауға қатысуының тікелей немесе жанамаа нәтижелері ретінде туындауы мүмкін.

Компания Өзара қарым-қатынас туралы келісім бойынша өз құқықтарының мәжбүрлі орындалуына қол жеткізбеуі де мүмкін

Компания мен Қор Компания мен Қор арасындағы өзара қарым-қатынастың жекелеген аспектілерін реттеу мақсатында Өзара қарым-қатынас туралы келісім жасаады. Қор Компанияның бақылаушы акцилнері бола отырып, Қордың және миноритарлық акцияонерлердің мүдделерін есепке ала отырып, Компанияны теңгерімді басқару мақсатында өзіне белгілі бір шектеулер қабылдады. Өзара қарым-қатынастар туралы келісімдер жасағанмен де Қазақстанда осындай келісімдерді жасаудың орнықты тәжірибесі жоқ. Қазақстандық сот құқықтық тұжырымдаманы және Өзара қарым-қатынас туралы келісімнің негіз қалайтын қағидаттарын толығымен қабылдайтынына еш кепілдік жоқ. Қосымша ретінде, Қазақстанның заңнамасы заңда тікелей көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жасалған шарт негізінде бірқатар түбегейлі құқықтар мен құзыреттіліктерді шектеуге тыйым салады. Компания Өзара қарым-қатынастар туралы келісім Қордың түбегейлі құқықтары мен құзыреттіліктерін шектемейді деп санайды. Алайда, қазақстандық сот аталған тәсілді қолдайтынына және Компанияның пайдасына Өзара қарым-қатынастар туралы келісімнің ережелерін мәжбүрлі қабылдау туралы шешім қабылдайтынына еш кепілдік жоқ, себебі тәжірибеде соттың өзара белгілі бір әрекет жасау немесе осындайлардан қалыс қалу туралы шешімін мәжбүрлі қабылдау күрделендірілген.

Жақында Компания қызметкерлерді қысқарту саясатын іске асыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды

Компания 2013 және 2014 жылдары қызметкерлерді қысқарту саясатын іске асыру жөнінде бірқатар шаралар жүргізді, соған сай Компанияның штаттық құрылымы оңтайландырылды, ал кейбір қызметтерді Компания келісім-шарт негізінде үшінші тұлғалардан сатып ала бастады. Компания қызметкерлерінің ағымдағы саны өз қызметін тиімді жүргізу үшін жеткілікті деп санаса да, соңғы қысқартудың Компанияның жұмысына және қаржылық жағдайына қолайсыз әсері болмайды деуге кепілдік жоқ. «KEGOC» АҚ-ның 2015-2019 жылдарға арналған даму жоспарында штатты және қызметкерлер санын қысқарту көзделмеген, алайда, Жоспар мұндай өзгерістерден қорғалмаған және осылайша, Компания ағымдағы қызметкерлер санын сақтап қалатынына кепілдік жоқ. Компания қызметкерлерінің санын бұдан әрі кез келген қысқарту оның бизнесіне, қаржылық жағдайына, нәтижелері мен перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін.

Топтың электр жеткізу желілерінің өткізу қабілеті бұзылуы мүмкін, бұл оған қомақты айыппұл салуға әкеліп соқтыруы мүмкін

Компанияның бизнесі оның ҰЭТ арқылы үлкен қашықтықта электр энергиясын жеткізе алу қабілеттілігіне байланысты. Егер табиғи апаттар, авариялар, ланкестік әрекеттер, адами факторлар немесе басқа да көтерілістер ҰЭТ-тың электр энергиясын өткізу қабілеттілігін кәдімгідей қысқартатын болса, бұл Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне қолайсыз әсер етеді.

2011 жылғы қарашадан бастап Өзбекстанның энергетикалық жүйесі БЭЖ-ден электр энергиясын жоспардан тыс алуға әкелетіндей БЭЖ-бен қатарлас жұмыстың келісілген қатарлас жұмысын жүйелі түрде бұзып келеді. Өзбек энергия жүйесінің осындай теңгерімделмеген жұмысы Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің электр жеткізу желілерінің ажырауы мен асқын жүктелу қаупін тудырады. Электр энергиясын жеткізу мен таратуды жүзеге асыратын өзбекстан компаниясы - «Узбекэнерго» МАК электр энергиясын жоспардан тыс алуды жүзеге асырды. Барлық электр энергиясын жоспардан тыс алу Компания мен «Узбекэнерго» МАК арасында жасалған шарттармен реттеледі.

Қазіргі уақытта Компания 2013-2014жж. шарттар шеңберінде «Узбекэнерго» МАК-тың берешегін өтеу жөніндегі кінәраттық-қуынымдық жұмыстарды табысты жүргізеді. **«БИЗНЕС»** бөлімінің **«Сотта істі қарау»** секциясын қараңыз.

«Узбекэнерго» МАК-та жасалған шарттар бойынша берешектерінің пайда болуы жүйелі сипатқа ие. Берешекті өтеу мерзімі өте кешіктірілсе де жүзеге асырылуда, бұл Компанияға теріс әсер етеді. Соған байланысты Компания Қазақстан Республикасының Үкіметіне аталған мәселелерді үкіметаралық деңгейде шешуге көмектесуін өтініп, хат жазды. Алайда, Компания қабылданған шаралар «Узбекэнерго» МАК-пен барлық жиналған берешектерін өтеуге мүмкіндік беретініне, Компанияның сауда-саттық ұстанымының айтарлықтай ысыраптар көтеретіндей осыған ұқсас жағдайлар тағыда болмайтынына сенімді емес.

Компанияның электр энергиясын жеткізу қабілетін алдағы уақытта кез келген бұзушылық (апаттық құбылыстар, әскери қимылдар мен т.б. сияқты жойқын күш жағдайы салдарынан болған бұзушылықтардан басқа) Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне қолайсыз әсер ететіндей айтарлықтай айыппұлдар салынуға әклмейтініне кепілдік жоқ.

Компанияның белгілі бір активтерінің жай-күйі оның операциялық стандарттары деңгейінің шектелуіне және (немесе) жаңғырту мен кеңейту бойынша күрделі жұмыс жүргізудің талап етілуіне әкеліп соқтыруы мүмкін

Компания активтерінің көп бөлігі аса тозған. Компанияның ескірген активтері Компанияның операциялық белсенділігін шектеуі мүмкін. Бұл Компания жұмысының тиімділігіне және/немесе жеткізілетін электр энергиясы көлемдерінің ысыраптары көп болуына әкеліп соқтыруы ықтимал және соңында Компанияның пайдасына теріс әсерін тигізетіндей осындай активтерді жөндеу мен ауыстыру бойынша айтарлықтай шығындарға байланысты Компанияның қызметі мен көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізеді. Активтердің жай-күйін жақсарту үшін Компания кешенді жаңғырту бағдарламасы бағытында белсенді күш салды. 2025 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін құрылған инвестициялық бюджетте жаңа желілік объектілер салу мен жабдықтарды жаңғырту шығындары басым түседі. Электр жеткізу желілерін салу және қайта құру жөніндегі инвестициялық жобаларды табысты іске асыру ҰЭТ сенімді және тиімді қызметін қамтамасыз етуге және, сәйкесінше, Компанияның пайда алуына айтарлықтай көмектеседі. Дегенмен, жұмыс істеп тұрған активтерді жөндеу немесе ауыстыру бойынша қосымша шығындар тәуекелі Компанияның табыстылығына әсер етуі мүмкін. Бұған қосымша, инвестициялық бағдарламаларды іске асыру шығындарын ҰЭМ бекітеді, егер инвестициялық бағдарламалардың нақты шығындары көзделген шығындардан артатын болса, бұл Компанияның табыстылығына жағымсыз әсер етуі мүмкін болатын тәуекелдер бар. Бірнеше жылға ілгері бекітілетін тарифтің шекті деңгейі жағдайында Компания инвестицияялық бағдарламаны келісуге алдын ала, яғни тиісті тарифтік кезеңнің қолданысы басталғанға дейін ұсынуы тиіс болады. Тарифтік режимнің болжамды табиғаты себепті инвестициялық бағдарламаның және табыстар бойынша болжамдардың негізделуіне қатысты айқын емес жағдай туындауы мүмкін, бұл өз кезегінде шығыстарға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Егер инвестициялар салу алдағы тарифтік кезеңдер ішінде болжамдалатын болса, тарифтік кезеңде инвестициялық шығыстар қалай есепке алынатыны айқын емес.

Сонымен қатар, жаңа жабдыққа инвестиция салу арқылы электр энергиясын жеткізу жүйесін жаңғырту жүйенің пайдалану көрсеткіштерін арттыруы және желідегі шығындарды азайтуы тиіс. ҰЭТ ысыраптары тек жабдықтың ескіруінен ғана емес, сонымен қатар ҰЭТ өте ұзын болуынан, сонымен қатар өндіруші қуаттардың негізгі бөлігі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, ал электр энергиясын тұтыну Қазақстанның оңтүстігінде шоғырланған біртұтас энергия жүйесінің тарихи конфигурациясына байланысты туындаған. Осылайша, жұмыс істеп тұрған жеткізу жабдығын жаңғырту және оның жұмысын оңтайландыру көмегімен желі ысыраптарын азайту мүмкіндігі шектелген, себебі мұндай жаңғырту энергияны аса үлкен қашықтықта жеткізу кезінде желідегі ысыраптарға әсер етпейді.

Компанияда материалдар мен қосалқы бөлшектердің авариялық резервтері болған уақытта, онда қосалқы бөлшектердің міндетті резервтері жоқ. Сонымен қатар заңнамады қосалқы бөлшектердің осындай резервінің болуы туралы талап белгіленбеген. Егер Компания қосалқы бөлшектерді үнемді бағамен сатып ала алмайтын болса, Компанияның өз активтерін жөндеу немесе ауыстыру қабілеті бұзылуы мүмкін, бұл Компанияның бизнесіне, қаржылық жағдайына және нәтижелері мен перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін.

Компанияның өз инвестициялық бағдарламасын уақытында және бюджет шеңберінде жүзеге асыра білуге қабілетсіздігі Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін

Компанияның инвестициялық бағдарламасын уәкілетті органдар, атап айтқанда ҰЭМ және ЭМ бекітеді. Инвестициялық бағдарламаны іске асырудың нақты шығындарының бекітілген шығындардан артып кетуін болдырмау мақсатында Компания инвестициялық бағдарламаның бөлігінен бас тартуға немесе оны іске асыруды аса кешірек мерзімге шегеруге мәжбүр болады,

бұл нәтижесінде инвестициялық бағдарламаның тиімділігін азайтуға мүмкіндік береді. Екі фактор да Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, нәтижелері мен перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін.

Компания оның электр жеткізу желілері жұмысының бұзылуы, сонымен қатар кез келген белгілі бір үшінші тұлғамен байланысты емес болуы мүмкін іркілістер мен кедергілер нәтижесінде үшінші тұлғаға келтірілген залалдар мен шығындар үшін жауапқа тартылуы мүмкін

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компания үшінші тұлғалардың тарату жүйелерінде іркілістер немесе кедергілер туғызатындай электр энергиясын жеткізетін объектілер немесе жабдықтар жұмысының тоқтап қалуы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірген залалы үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына сай Компания кінәлі үшінші тұлғадан келтірілген шығынның барлық сомасын өтеуді талап етуге құқылы, алайда осындай әрекеттер ең алдымен Компанияның өзін жауапкершілікке тарту тәуекелін жоймайды.

Компания үшінші тұлғаның зиян келтіруі оның жабдығының жұмыс істемей қалуы нәтижесінде туындауы мүмкін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырмайды, бұл Компанияға, оның бизнесіне, нәтижелеріне, қызметіне, қаржылық көрсеткіштеріне және сәйкесінше, Компанияның дивидендтер төлеу мүмкіндіктеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Компанияның сақтандыру өтелімі белгілі бір залалды өтеу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін

Компания жыл сайын өз активтерін кездейсоқ, кенеттен және күтпеген тікелей табиғи әсерден (мысалы, бораннан, дауылдан, құйынды дауылдан, өрттен, жер сілкінісінен, су тасқынынан және т.б.) сақтандырып отырады. 2014 жылы активтер 134 миллиард теңге сомасына сақтандырылды. Саладағы қалыпты тәжірибеге сәйкес Компанияның тіректері мен электр жеткізу желілері мұндай сақтандыру өтелімінен алынып тасталды және Компанияда тіректер мен жеткізу желілерінің қосымша сақтандыру өтелімі жоқ. Компания сонымен қатар қызметте болатын үзілістерден де сақтандырылмаған. Тіректер мен жеткізу желілеріне ешқандайда залал келтірілмейді немесе оларды ауыстыру бойынша болатын кідірістер Қордың қаржылық жағдайына айтарлықтай қолайсыз әсер етпейді деуге еш кепілдік жоқ.

Компания басшылықтың білімі мен тәжірибесіне тәуелді және құзыретті басшылықты жоғалту Компанияның бизнесіне, қаржылық жағдайына және нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін

Компанияның ағымдағы және болашақ бизнесі, сонымен қатар қызметінің нәтижелері айтарлықтай деңгейде орта және жоғары басшылықтың және жоғары білікті инженерлер мен негізгі қызметкерлері командасының және Компанияның басқа да негізгі қызметкерлерінің тұрақты қосып отырған үлесіне байланысты. Компанияның ағымдағы және болашақ бизнесі, сонымен қатар қызметінің нәтижесі де Компанияның негізгі басшылықты, сонымен қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар коммерциялық және техникалық персоналды тарту, оқыту, мотивациялау және сақтап тұру қабілетіне байланысты.

Компанияның жұмыс істеп тұрған акционері – Қор, KEGOC-ты қоса алғанда өзі меңгерген компаниялардағы негізгі басшылыққа қатысты ротациялау саясатын басшылыққа алады. Нәтижесінде, Компания алдағы уақытта басшылардың осындай құрамы болатынына, немесе егер жаңа басшылар бұрынғылардың орнына тартылатын болса, оларда осындай білім мен

тәжірибе болатынына кепілдік бере алмайды. Осындай басшыларды ауыстыру Компанияның қызметіне теріс әсер етіп, ұзақ уақытты алуы мүмкін. Қазіргі уақытта Компанияда «негізгі мамандарды» сақтандыру жоқ және негізгі басшылардың кез келгенін ауыстыруға байланысты айтарлықтай шығыстарды көтеруі мүмкін.

Компания өз инженерлік-техникалық қызметкерлеріне және жұмысшы мамандықтары бар қызметкерлерге айтарлықтай дәрежеде тәуелді. Қызметкер үшін ұзақ бәсекелестік көлемі қазіргі уақытта қолданыстағы тарифтік механизмдермен шектелуі мүмкін жұмыс күшіне жұмсалатын қосымша шығындардың артуына немесе қажетті қызметкерлерді тартудың немесе сақтап қалудың мүмкін еместігіне әкелуі мүмкін. Қазіргі уақытта жұмыс күшіне жұмсалатын шығындар қолданыстағы тарифтік механизмдермен шектелген. Әр осындай фактор Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, нәтижелері мен перспективаларына айтарлықтай және теріс әсер етуі мүмкін.

Компания басшылығының листингтік Компания басшылығы тәжірибесі болмады

Акциялары листингте тұрған компанияларды әдетте жария емес компанияларға қарағанда басқару аса қиын. Акциялары листингте тұрған компанияларға басқалармен қатар ақпаратты ашып көрсету талаптарын қоса алғанда, қосымша талаптар қолданылады. Өзінің ықтимал үлкен инвесторлық базасы болуы себепті мұндай компаниялар мүдделі тараптардың мұқият назарына ілігеді. Компанияның Акциялары бұрын қор биржасы тізіміне енгізілмеген болатын және Компания басшылығы ешқашан да листингтік компанияның істерін күнделікті жүргізуге жауапты болған емес және Компания акцияларының листингіне байланысты туындауы мүмкін асқан жауапкершілік бойынша тәжірибесі болмады. Компанияның Акциялары қор нарығында айнала бастағанына байланысты басшылыққа түсетін қосымша жүктеме Компания жұмысын басқарудағы тиімділіктің азаюына әкеліп соқтыруы мүмкін, бұл Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, нәтижелері мен перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін.

Компанияның бизнесіне жұмыс қарқынының төмендеуі, тоқтап қалуы, көтерілістер мен еңбек қатынастары мәселелеріне байланысты жұмыстардың басқа да бұзушылықтары әсер етуі мүмкін

Компания қызметкерлерінің басым көпшілігі Компанияның кәсіподақ мүшелері болып табылады. Компания қызметкерлердің кәсіподақтарымен жақсы қарым-қатынастарды жолға қойды және қызметкерлердің қанағаттануының жоғары деңгейі туралы мәлімет бар. Бұл ретте Компанияның ағымадағы еңбек шарттарының мерзімдері аяқталар алдында немесе огсын,дщай мерзімдер аяқталғаннан кейін жұмыс қарқыны төмендемейтініне, тоқтап қалмайтынына немесе көтеріліс болмайтынына кепілдік бере алмайды. Жұмыс қарқындарының төмендеуі, тоқтап қалуы, көтерілістер немесе еңбек қатынастарына байланысты басқа да оқиғалар Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, нәтижелері мен перспективаларына жзағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компания күрделі қарыз қаражатын тарту немесе өз акцияларын шығару есебінен күрделі шығындарды қаржыландыруға байланысты қиындықтарды өткеруі мүмкін

Компания бұрын күрделі қаржы шығындарының бір қатар ірі бағдарламаларын іске асырды және алдағы уақытта күрделі қаржы салымы бағдарламаларын жалғастыруға ниетті. Компания өз күрделі қаржы салымдары бағдарламалары өз ақша қаражаттары есебінен, сонымен қатар қосымша қарыз капиталын тарту және/немесе өз акцияларын шығару жолымен қаржыландырылуы мүмкін деп пайымдайды. Қазіргі уақытқа дейін Компания үшінші тарап жағынан қаржыландыруды сәтті тартып келгеніне қарамастан болашақта мұндай қаржыландыруды тарту аса қиын болуы ықтимал. Бұл Компанияның күрделі қаржы шығындары бойынша өз мақсаттарына қол жеткізуіне кедергі келтіруі мүмкін, бұл оның

қаржы шаруашылығы нәтижелеріне теріс әсер етіп, нәтижесінде, Акцияларды нарықта айналдыруға әсер етуі мүмкін.

Қор бұрын Компанияның негізгі акционері ретінде әрекет ете отырып, Компанияның қосымша капиталын білдіргеніне қарамастан, Қор болашақта осындай қолдау көрсетуге дайын немесе қолдау көрсете алады деуге сенімділік жоқ. Компанияның дауыс беруші акцияларының көпшілігін иелене отырып, Қор Компания капиталын арттыру туралы кез келген шешімін тойтарып тастауы мүмкін және егер Компанияға капиталды арттыру қажет болса, онда Қор мұндай артуды мақұлдайды немесе кез келген жаңа акцияларға немесе меншік капиталының басқа да нысандарына жазылуға қатысатын болады немесе басқаша түрде Компанияға қаржыландыру береді дегенге сенімді болудың қажеті жоқ. Қаржыландырудың жеткілікті мөлшерін алуға деген кез келген қабілетсіздік Компанияның активтер базасы мөлшерін арттыру, өз күрделі қаржы шығындарын қаржыландыру немесе борыштық міндеттемелерін орындау қабілеттілігін шектеуі ықтимал.

Сонымен қатар, жаңа акциялардың кез келген шығарылымы капиталды арттырудың осындай үдерісіне қатыса алмайтын жұмыс істеп тұрған акционерлердің үлестерін шайып жіберуге әкеледі («Компанияның алдағы уақытта борыштық немесе үлестік бағалы қағаздарын ұсынуы Акциялардың нарықтық құнына теріс әсер етіп, жұмыс істеп тұрған акционерлерді босаңсытуы мүмкін» тәуекел факторын қараңыз).

Компанияның қарыз және акционерлік капиталының ара қатынасы оның тиімділігіне теріс әсерін тигізуі мүмкін

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның АҚШ долларымен, еуромен және теңгемен берілген кредиттер және басқа да қарыздары бойынша жалпы шоғырландырылған берешегі шамамен алғанда 80,808,814 мың теңгені құрайды (шамамен алғанда 536,081 АҚШ доллары). 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның және оның еншілес компанияларының (**«Топ»**) АҚШ долларымен, еуромен және теңгемен берілген жалпы шоғырландырылған берешегі шамамен алғанда 92 541 271 мың теңгені құрайды (шамамен алғанда 602 443 мың АҚШ доллары). Компанияның меншік және қарыз капиталының ара қатынасы оның өз борыштарын өтей алу, болашақта қосымша қаржыландыру алу, жағымсыз экономикалық жағдайларға қарсы тұру немесе пайда болған іскерлік мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін пайдалану қабілеттіліктеріне теріс әсер етуі мүмкін.

АҚШ доллары мен басқа да валюталардың айырбастау бағамының теңгеге қатысты құбылып тұруы Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін

Компанияның күрделі қарыз қаражаты мен сыйақылар бойынша шығыстарының көп бөлігі АҚШ долларымен және Еуромен берілген уақытта Компанияның табыстары теңгемен беріледі. Компания пайдалары мен ұсынылған қаржыландыру үшін сыйақы бойынша шығыстар ара қатынасы АҚШ долларының және (немесе) еуроның теңгеге шаққандағы нарықтық айырбастау бағамының артуы Компанияның шығыстарға қатысты пайдасының азаюына әкеледі және оның жұмыс нәтижелерінде көрініс табады. Сонымен қатар, Компания өзінің мәмілелерін шетел валютасымен хеджерлемейді, себебі хеджерлеу бойынша шығындар Компанияның ҰЭМ бекіткен тарифтерімен өтелмейді. Нәтижесінде АҚШ долларының және еуроның теңгеге шаққандағы нарықтық айырбастау бағамы артуы Компанияның қаржылық жағдайына және оның АҚШ долларымен және еуромен берілген берешекке қызмет көрсету қабілеттілігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Компания 2011 жылғы және сәйкесінше 2010 жылы 1 306 839 мың теңге және 368 557 мың теңге сомасындағы бағамадық айырмашылықтан түскен пайдамен салыстырғанда 2012 жылы 1 806 822 мың теңге сомасындағы бағамдық айырмашылықтан залал көтерді.

2014 жылғы 11 ақпаннан бастап негізгі валюталардың айырбастау бағамының теңгеге шаққанда артуы Компанияға және оның нәтижелеріне теріс әсерін тигізді. Нәтижесінде 2014 жылғы бірінші жарты жылдықта Компанияның бағамдық айырмашылықтан болған залалы 13 367 026 мың теңгені құрды. Толық ақпарат алу үшін «БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЫ» – Бағамдық айырмашылықтан болған пайда/(залал)» бөлімінен қараңыз.

Компания табиғатты қорғау заңнамасының және оның қызметіне әсер ететін қоршаған ортаны қорғауға салынатын эмиссияларға рұқсат алу жөніндегі талаптардың күшіне ұшырайды. Бұл тиісті шығындарға, міндеттемелерге немесе шектеулерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компания өз қызметін жүзеге асыру және қызмет көрсету үшін жергілікті атқару органдарында қоршаған ортаға эмиссия үшін рұқсат алуға міндетті. Белгілі бір жағдайларда осындай рұқсат беретін орган Компанияға берілген экологиялық рұқсаттарға өзгерістер енгізе, жаңарта немесе кері қайтара алады.

«KEGOC» АҚ-ның негізгі қызмет түрі (электр энергиясын жеткізу) қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейді. Компания қызметінің қалыпты түрлерінің су объектілеріне немесе атмосфераға әсері шамалы деп бағаланады. Компанияның суды тұтыну көлемі шамалы, себебі технологиялыық үдерісте ол қолданылмайды. Атмосфералық ауаға тигізілетін әсер шамалы деп бағаланады. Технологиялық үдерісте спецификалық қалдықтар пайда болатыны болжамдалмайды.

Экологиялық тәуекелдерді азайту үшін өндірісті экологиялық бақылау бағдарламаларына сәйкес мамандандырылған ұйымдар күн сайын зертханалық және есептеу әдістері арқылы қоршаған ортаның, соның ішінде атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг жүргізеді.

Қазіргі уақытта Компания қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жауапкерішілікпен байланысты қайсыбір маңызды шығындарды көтермейді. Ол басқалармен қатар қалдықтарды жою жөніндегі қолданылатын рәсімдерді сақтауды; инспекция жүргізулеріне көмектесу үшін тиісті мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты; менеджмент жүйесін сертификаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар немістің сертификаттау жөніндегі ресми органы TÜV NORD CERT GmbH (Германия) сертификатау жүйесінде сертификаттаған қоршаған ортаны басқару жүйесін ендіруді; өз инвестициялық жобаларын мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынуды, сондай-ақ Компанияның жобаларын қаржыландыратын көп жақты қаржы институттарына (ЕҚДБ сияқты) тоқсан сайын есеп беруді; және улы газдар лақтырындылары кадастрларына жыл сайын тексеру жүргізуді қоса алғанда, осындай жауапкершілікті жеңілдету үшін шаралар қолданады.

Алайда, Компания қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өз міндеттемелерін әрқашан ұтымды сақтайтынына кепілдік жоқ. Сонымен қатар, болашақ нормативтік құқықтық актілер, нормативтік ережелер мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсаттар Компаниядан электр жеткізу жүйелерін болашақтағы талаптарға сәйкестендіру және оларды тиісті ретпен сақтау үшін қосымша шығыстарды талап етуі мүмкін. Атап айтқанда, қала аймағына жақын жерде немесе тікелей сонда орналасқан инфрақұрылымдарға қатысты Компанияның өз инфрақұрылымын кеңейту және артып келе жатқан сұранысты қанағаттандыру қабеліттілігі болашақта осындай талаптармен шектелуі мүмкін.

Сәйкесінше, Компанияның қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты болашақ шығыстары, міндеттемелері, жауапкершілігі мен шектеулері оның бизнесіне, қаржылық жағдайына және нәтижелеріне қолайсыз әсер етуі мүмкін. Бұл оның пайдалылығында және Компанияның акционрелік құнды жасай білу қабілеттілігінде қолайсыз әсерін қалдырады.

Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың бұзылуы, сондай-ақ төтенше жағдайлар Компанияның жұмысын бұзып, пайдалану бойынша шығындарды арттыруы мүмкін

Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласында заңнаманың бұзылуы немесе денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі тиісті органдардың нұсқауларының сақталмауы басқалармен қатар Компанияның электр энергиясын жеткізу жөніндегі барлық объектілерінің немесе бөлігінің уақытша тоқтауына және заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қымбат тұратын рәсімдерді еріксіз орындауға әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер денсаулық сақтау және еңбекті қорғау жөніндегі қазақстандық органдар Компанияның электр энергиясын жеткізу жөніндегі барлық объектілерін немесе бөлігін тоқтататын болса немесе заңнаманың сақталуы жөніндегі қымбат тұратын рәсімдерді орындауын талап етсе, бұл Компанияның имиджіне, нәтижелеріне және перспективаларына айтарлықтай және қолайсыз әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, заңдарды, соның ішінде денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы сақтау шығындары бұзушылықтарды жою тарифтерін, айыппұл сомаларын және қосымша шығындарды есептеген кезде негізделген шығындардың тиісті құрамдас бөлігіне енгізілетін болады, реттеуші орган тарифті есептеуге енгізбеуі мүмкін. Бұл тарифтерді құру, сонымен қатар тарифке енгізілмейтін шығыстар түрлерін анықтау мақсатында шығыстар құрылымын анықтайтын ТМРА нормативтік актілерінде көрсетілген.

Компания қызметінің мәнісі өндірістегі жазым жағдайлар қаупін және олардың қызметкерлерінің арасындағы өмірге қауіпті жағдайларды шамалайды. Компанияның осындай тәуекелдерге арналған сақтандыру өтелімі болғанына қарамастан, кісі өліміне немесе өндіріске байланысты еңбекке қабілеттілікті мүлде жоғалтуға (мүгедектікке) әкеліп соқтыратын жазым жағдайлар Компанияның қызметкерлерге немесе бұған құқығы бар туыстарына міндетті түрде өтемақы төлеуіне әкеліп соқтырады, ең алдымен бұл Компанияның имиджіне, нәтижелері мен перспективасына қолайсыз әсер етеді.

Компанияның мүлік құқығы, сонымен қатар оның айырықша құқығы дауласуы мүмкін

ҰЭТ-ның маңызды бөлігі Компания сервитут негізінде құқығы бар жер телімдерінде орналасқан. Компания барлық сервитуттар негізінен қолданылатын заңдарға сәйкес дайындалған, алынған және тіркелген барлық сервитуттар бұл құжаттардың нысанына, басымдылығына немесе тіркелуіне қатысты немесе Компанияның сервитут талаптарын сақтауына қатысты құқықтық даулар туындауы мүмкін деп санайды.

Компания өз бизнесін жүргізу үшін ақпараттық жүйелерге және деректерді өңдеу жүйелеріне байланысты, осындай жүйелердің дәлсіздігі немесе жұмыс істемей қалуы Компанияның қаржылық жағдайына және нәтижелеріне теріс әсерін тигізуі мүмкін

Ақпараттық жүйелер мен деректерді өңдеу жүйелері Компанияның өз жеткізетін қуаттарын және ҰЭТ жұмысын бақылау, диспетчерлеу мен теңгерімдеу жөніндегі функцияларын жүзеге асыру, клиенттерге шоттар ұсыну, жедел тиімділікке қол жеткізу және мақсаттарын орындау және оның стандарттарына сай болу қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін аса маңызды.

Компанияның немесе оның еншілес Компанияларының қатысуымен болған сот даулары мен басқа да сотта істі қарау жөніндегі қолайсыз шешімдер Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне қолайсыз әсерін тигізуі мүмкін

Компания көптеген сот және әкімшілік сотта істі қарауға тартылуы мүмкін. Қолайсыз шешім қабылдаған жағдайда мұндай істі қарау толығымен немесе ішінара, жекелеп немесе басқа да істі қараумен құрамдас түрінде айтарлықтай шығындарға, айыппұлдарға немесе Компанияның

басқа да залалдарына әкелуі мүмкін. Компания егер аталған тәуекелдер іске асырылатын және осындай резервтер бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің қолданылатын қағидаларына сәйкес келетін болса, оның сыртқы заң кеңесшілерінің пікіріне және ұсынымдарына сәйес ол өз шығындарын жабу үшін дұрыс резервтер жасады. Алайда, кейбір күтпеген залалдар, атап айтқанда, қоршаған орта мәселелеріне қатысы бар залалдар жаңа ақпараттың пайда болуы шамасына қарай пайда болуы немесе өзгеруі мүмкін және, егер істі қарау бойынша шешімдер Компания үшін толығымен немесе ішінара қолайсыз болса, осындай тәуекелдер нәтижесінде осындай залалдар Компания құрған кез келген резервтерді айтарлықтай арттыра алатыны ықтимал.

Қазақстанмен байланысты тәуекелдер

Компания дамып келе жатқан нарықпен байланысты жалпы тәуекелдерге ұшырайды

Қазақстан сияқты нарықтары дамып келе жатқан елдер нарықтары аса дамыған елдерге қарағанда тұтастай алғанда құқықтық, реттеу, экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге жиі ұшырайды. Бұл тәуекелдер дамып келе жатқан елдерде капиталды тарту үдерісін қиындатады және осындай елдердің экономикасына теріс әсер етеді. Қазақстан сияқты дамып келе жатқан нарықтар жылдам болатын өзгерістер сезінуі мүмкін және мұндай жағдайда аталған Бастапқы инвестициялық меморандумда баяндалған ақпарат тез ескіруі мүмкін. Экономикасы дамып келе жатқан елдерде бизнесін жүргізетін кәсіпорындар үшін қарыз қаражатының қол жетімділігі тұтастай алғанда осындай нарықтардағы инвесторлардың сенім деңгейіне және, сәйкесінше, инвесторлар тарапынан (мемлекет немесе орталық банк тарапынан кредиттік рейтингтерді немесе иентервенцияларды азайту сияқты) сенім деңгейіне әсер ететін факторларға байланысты және осындай кез келген мемлекеттердегі кәсіпорындар үшін қарыз қаржыландырудың қол жетімділігі де құнына әсер етуі мүмкін. Инвесторлар болып жатқан тәуекелдерді және Компанияға инвестиция салу тиімділігін бағалаған кезде абай болуы тиіс.

Халықаралық және ішкі капитал нарықтарында әлемдің қаржы-экономикалық дағдарыстың әсер етуіне байланысты соңғы жылдар ішінде орын алған іркілістер өтімділіктің төмендеуіне және нарықтың кейбір қатысушылары үшін тәуекел сыйақыларының артуына, қол жетімді қаржыландыру көлемінің қысқаруына әкелді. Қазақстан сияқты дамып келе жатқан нарығы бар елдерде орналасқан компаниялар осындай іркілістерге, қаржыландырудың қол жетімділігінің төмендеуіне және қаржыландыру шығыстарының артуына ерекше сезімтал болуы мүмкін, бұл осындай компанияларда қаржылық қиындықтарға байланысты проблемалардың туындауына әкеледі.

Ғаламдық экономикадағы ауытқулар немесе дамып келе жатқан экономикаға инвестиция салумен байланысты тәуекелдердің артуы Қазақстанға шетел инвестицияларын тартуды және оның қажеттілігін азайтады және Қазақстанның экономикасына теріс әсер етеді. Егер Қазақстан экономикасына шетелдік қаржы салымы азаятын болса, нәтижесінде экономика өтімділіктің шетелуін өткеруі мүмкін. Егер Қазақстан экономикасы дамып келе жатқан басқа да нарықтық экономикадағы оқиғалардан қорғалмаған. Егер тіпті Қазақстан экономикасы салыстырмалы түрде тұрақты болып қалатын болса да, экономикасы дамып келе жатқан басқа да елдерде, әсіресе ТМД елдерінде, ленкестік пен ішкі шиеленістерді қоса алғанда, жақында айтарлықтай саяси тұрақсыздықты өткерген Каспий немесе Орталық Азия өңіріндегі қаржылық тұрақсыздандыру немесе тұрақсыздық Қазақстанның экономикасына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Украинадағы саяси және қарулы шиеленіс, Украинадағы және Қырымдағы саяси жағдай, сонымен қатар олармен байланысты оқиғалар Ресейдегі экономикалық ахуалға және «домино әсеріне» сай тұтастай алғанда өңірдің және атап айтқанда Қазақстанның экономикасына теріс

әсерін тигізеді, себебі Қазақстан Ресейдің жақын тұрған сауда серіктесі болып табылады. Егер Укрнаинада болып жатқан саяси шиеленістер мен қарулы қақтығыстар реттелмейтін болса, сонымен қатар Украинада және басқа да елдерде жаңа қақтығыстар немесе ағымдағы әскери іс-қимылдар эскалациясы басталған жағдайда немесе жаңа экономикалық немесе осындай қақтығыстар мен шиеленістерге байланысты сауда-саттықты шектеу сияқты басқа да санкцияларды енгізген жағдайда бұл өңірдің экономикасына, соның ішінде Ресейдің және өңірде жұмыс істейтін компаниялардың қызметтеріне бұдан әрі қолайсыз әсер етуі мүмкін. Инфляция күтілгеннен де артық болып, Қазақстандағы көптеген ірі банктердің кредиттік рейтингтері төмендеді. АҚШ пен ЕО Ресейдегі бір қатар тұлғалар мен компанияларға қатысты санкциялар қолданды. Ресей, ең бірінші кезекте, АҚШ пен ЕО-дан келіп түсетін бір қатар тауарлар мен қызметтерді қамтитын сауда санкцияларымен жауап берді. Қазақстан Үкіметі тарапынан жеңілдетілген шараларға қарамастан осындай санкциялар Ресейдің экономикасына тоеріс әсер етеді, бұл өз алдына Қазақстанның экономикасында да келеңсіз орын алуы мүмкін. Қазақстанның банктік секторындағы дағдарыс жалғаспайды немесе нашарламайды немесе инфляция өсуін жалғастырмайды деуге кепілдік жоқ. Қаржылық проблемалар немесе экономикасы дамып келе жатқан елдерге инвестиция салумен байланысты болжамдалған тәуекелдер деңгейінің артуы Қазақстанға салынатын шетелдік инвестициялардың іркуі және елдің экономикасына теріс әсер етуі мүмкін. Қазақстан экономикасындағы құлдырау, нәтижесінде, Компания бизнесінің беледін түсіруі мүмкін, бұл Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, нәтижелеріне, перспективаларына теріс және айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, қаржы дағдарысы кезеңінде немесе экономикасы дамып келе жатқан мемлекетке инвестициялар ұсынысына байланысты болжамдалған тәуекелдер деңгейінің артуы кезеңінде осындай нарықтарда жұмыс істейтін компаниялар инвестицияларды алып алуға бдайланысты өтоімділіктің айтарлықтай шектеулеріне ұшырауы мүмкін. Осылайша, Қазақстанның экономикасы салыстырмалы түрде тұрақты болып табылатынына қарамастан экономикасы дамып келе жатқан кез келген елдегі, атап айтқанда соңғы уақытта маңызды саяси тұрақсыздықты (соның ішінде ланкестік қауіпті) басынан өткеріп жатқан Орталық Азия өңіріндегі ТМД елдеріндегі қаржы дағдарысы Компания қызметін бұзуы оның бизнесіне, қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайында көрініс табуы мүмкін.

Қазақстанда 1991жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан Республикасында болған саяси, құқықтық және экономикалық ортадағы өзгерістерге қарамастан жемқорлық жағдайы жеке секторларда да және мемлекеттік секторларда да орын алады. Жемқорлықтың Компанияға әсерін болжамдау қиын. Белгілі бір жағдайда жемқорлық Компанияның қызметіне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстан экономикасы басқа елдердің экономикасындағы оқиғалардың теріс әсеріне ұшырауы мүмкін

Экономикалық жағдайлар елдерге байланысты ерекшеленетініне қарамастан инвесторлардың бір елде болып жатқан оқиғаларды қабылдауы Қазақстанды қоса алғанда басқа елдерде эмитенттердің бағалы қағаздарына капиталды инвестициялауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Қазақстанның экономикасына Ресей Үкіметі рубльдік бағалшы қағаздар бойынша өз міндеттерін орындамаған және Ресейдің Орталық Банкі рубльге қолау көрсетуді тоқтатқан кезде 1998 жылы Ресейде болған экономикалық дағдарысты қоса алғанда, 1990 жылдары экономикасы дамып келе жатқан кейбір елдерде орын алған саяси және экономикалық оқиғалар теріс әсер етт. 2014 жылдың басында ҚҰБ 2013 жыл ішінде біртіндеп төмендеген ресей рубіліне шаққанда теңгенің айырбастрау бағамы деңгейін қолдау қажеттілігі себепті хабарламаларға сай шетелдік валюталарға шаққанда теңгенің айырбастау құнына түзету жүргізуді шешті. Айырбастау бағамының белгілі бір деңгейін қолдау қажеттілігі әсіресе Кедендік одақ және Еуразиялық экономикалық кеңістік шеңберінде қазақстандық тауарлардың баға бойынша бәсекеге қабілетін қажеттілігінен туындап отыр.

Сонымен қатар, қазақстандық экономикаға сауда саласындағы серіктестер болып табылатын немесе ғаламдық экономикаға әсер ететін дамып келе жатқан елдердегі оқиғалар әсер етуі мүмкін.

Қайсыбір елдің немесе аса маңызды ғаламдық кәсіпорындардың біреуінің төлем қабілетсіздігі ғаламдық қаржы жүйесі үшін қиын салдарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, ағымдағы ғаламдық қаржы дағдарысы жалпы ғаламдық экономикалық құлдырау мәнмәтінінде дамиды. Бұл мәнмәтінде кредит беруді ғаламдық азайту аса ықтимал болар еді, бұл ғаламдық экономиканың бұдан әрі құлдырауына әкелуі мүмкін. Осындай жағдай қазақстандық экономика үшін, негізінен, тікелей шетелдік инвестициялардың айтарлықтай қысқаруы салдарынан ұзақ мерзімді күрделі салдарға әкелуі мүмкін. Ғаламдық экономиканың кез келген бөлігінде немесе Ресейдің немесе Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық жағдайындағы нашарлау Қазақстан экономикасына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін, бұл өз алдына, Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Заңнамадағы, қағидалардағы және талаптардағы кез келген өзгерістерн Компания сақтауы тиіс рұқсаттарды алу үшін Компаниядан айтарлықтай шығыстарды талап етуі немесе материалдық жауапкершілікке немесе басқа да санкцияларға әкелшуі мүмкін

Компания Қазақстан заңнамасына сәйкес талап етілетін рұқсаттарды тұрақты алуы және қолдауы тиіс. Осындай талаптардың сақталмауы Компанияның қызметіне, оның бизнесіне, қаржылық жағдайына және нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Қазақстанның Корпоративтік басқару кодексі Қазақстанда корпоративтік басқарудың орнықты тәжірибесін қамтамасыз етуде өз тиімділігін әлі дәлелдеген жоқ

2001 жылы Қазақстан 2003 жылдан бастап KASE ресми тоізіміне енгізілген компаниялар үшін міндетті болған өз алғашқы корпоративтік басқару кодексін қолданысқа енгізді. Алайда, Қазақстанның Корпоративтік басқару кодексі Қазақстанда корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін қамтамасыз етуде өзінің тиімділігін әлі дәлелдеген жоқ. Компания корпоративтік басқару саласындағы бір қатар халықаралық қағидаттарды ерікті түрде қабылдағанына қарамастан Компаниядан Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі немесе Еуроодаққа мүше елдердің немесе АҚШ-тың корпоративтік басқару жөніндегі ұқсас стандарттары қағидаттарын сақтау талап етілмейді (Компания да ниетті емес).

Сыртқы факторлар Қазақстанның экономикасына теріс әсер етуі мүмкін

Қазақстаннан тыс жерлердегі факторлар Қазақстанның экономикасына, атап айтқанда, елдің қаржы және банк секторларына әсер етті. Мысалы, Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі алты банкке қатысты қаржылық тұрақтылық рейтингін төмендеткен уақытта 2009 жылғы ақпанда Standard & Poor’s халықаралық рейтингтік агенттігі қазақстандық бес ірі коммерциялық банктердің кредиттік рейтингтерін төмендетті. Рейтингтік агенттіктердің мәлімдемесіне сай мұндай төмендеу әлемдік экономикалық дағдарыстың Қазақстанның және қаржы институттарының экономикасына бұдан әрі теріс әсер етуі, атап айтқанда активтер сапасының және өтімділік, қазақстандық банктердің шетелден тартқан берешектерін қайта қаржыландыруға қабілетсіздігі деңгейінің төмендеуі, шамалы дәрежеде 2009 жылғы ақпанда теңге бағамын түзету салдарынан болды. Қазақстанның бірқатар коммерциялық банктері өтеу мерзімдері келгендіктен халықаралық берешектерін қайта қаржыландыруда қиындықтарды өткерді, нәтижесінде ҚҰБ-дан қысқа мерзімді қаржыландыру тартуға және өз кредиттеу көлемдерін айтарлықтай шектеуге мәжбүр болды. Бұдан өзге бірнеше банктер қайта құрылымдауға ұшырады және/немесе қайта құрылымдау шеңберінде мемлекеттік көмек алды. Қайта құрылымдалған банктердің кейбіреулері бұрынғыдай проблемаларға ұшырауда және

капиталы мен қызметі құрылымында өзгерістер болуы мүмкін қайта құрылымдау сатысында тұр. Сонымен қатар, Қазақстанның қаржы секторына қатысты қайта құрылымдау жөніндегі шаралар соңында толық сәтті болатынына еш кепілдік жоқ және дағдарыс және құрылымдаудың бұдан кейінгі үдерісі соңында қазақстандық банктердің қызметтері мен олардың клиенттерінде қалайша көрініс табатыны белгісіз. Ірі компаниялар, жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекеттік компаниялар өте шектеулі көлемде және қолайлы жағдайы аз болса да шетелдік қаржыландыруға қол жзеткізуін жалғастырған уақытта тұрғын үй және құрылыс салаларындағы кәсіпорындар, сонымен қатар шағын және орта кәсіпорындар басым дәрежеде зардап шекті.

Қазақстан Республикасы 2010 жылғы сәуірден бастап тұрақты кредиттік рейтингін сақтап қалды. Егеменді рейтингтердің кез келген төмендеуі алайда, Компанияның рейтингтерінің төмендеуіне әкеледі. Егемен кредиттік рейтингтің кез келген төмендеуі және ел экономикасындағы өтімділік проблемалары Қазақстанның экономикасының дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл өз алдына Компанияның бизнесіне, оның қызметінің нәтижесіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

Валюталық реттеу туралы заң ережелерінің Компанияның шетел валютасындағы мәмілелеріне әсері

2009 жылғы шілдеде Қазақстанның Президенті 2009 жылғы шілдеде 2009 жылғы 10 тамыздан бастап күшіне енген Валюталық реттеу туралы Заңға өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойды. Бұл түзетулерге сай Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне және оның қаржзы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төнген жағдайда, егер жағдай экономикалық саясаттың басқа да шараларымен шешілуі мүмкін емес болса, ел Президенті арнайы валюталық режимді енгізуге құқылы. Арнайы валюталық режим шеңберінде енгізілуі мүмкін шектеулерге мыналар жатады: (i) уәкілетті банкте немесе ҚҰБ белгіленген мерзімге валюталық операция сомасынан пайыз түрінде анықталатын мөлшерде депозитті сыйақы төлемінсіз орналастыруды талап ету; (ii) ҚҰБ валюталық операция жүргізуге арнайы рұқсатр алшуын талап ету; (iii) резиденттер алған шетел валютасын міндетті түрде сатуды талап ету; (iv) шетелдік банктерде шоттарды пайдалану бойынша шектеулер және (v) валюталық операциялар бойынша есеп айырнысу көлемдеріне, санына жзәне валютасына қойылатын лимиттер. Сонымен қатар, егер Қазақстан экономикасының тұрақтылығына қауіпе төніп тұрған болса, Президенттің басқа талаптарды және валюталық операцияларға шектеулерді енгізуге құқығы бар.

ХВҚ Жарғысында көзделген Халықарылық валюта қоры (**«ХВҚ»**) мүшесінің міндеттерін саақтауды қамтамасыз ету үшін жаңа валюталық режиммен шетел валютасында міндеттемелерді өтеу бөлігінде азаматтар үшін ешқандай шектеулер көзделмейді. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум күніндегі жай-күй бойынша Президент енгізілген түзетулердің ережелерін іске асыруға сүйенді, соған байланысты валюталық режим жүргізу Компанияда қалшайша көрініс табатыны түсінікті. Сонымен бірге, Компанияның шетел валютасында жасалған мәмілелеріне күрделі шектеулер қою Компания бизнесі, оның қызмет нәтижелері мен оның қаржылық жағдайы үшін айтарлықтай теріс салдарын тигізуі мүмкін.

ҚҰБ теңгенің айырбастау бағамын қолдау туралы жаңа шешім қабылдауы мүмкін, бұл Қазақстан Республикасының қаржзы секторына және экономикасына теріс әсер етуі мүмкін

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңге 1993 жылғы қарашада айналымға енгізілді. Ағымдағы шоттар бойынша операциялар жүргізу мақсатында теңге - айырбасталатын валюта, дегенмен ол Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қаржылық операциялар жүргізу мақсатында еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды. ҚҰБ 1999 жылғы сәуірде теңгенің құбылмалы бағамын белгілеуі себепті валютаның айырбастау бағамы 2009

жылғы ақпанда теңге бағамын түзетуге дейін айтарлықтай ауытқып тұрды. Соңғы жылдары ҚҰБ АҚШ долларына қатысты теңгенің айырбастау бағамының дәлізін (яғни ауқымын) жариялады. Дегенмен 2014 жылдың басында ҚҰБ теңгені күрт теңгенің айырбастау бағамын шетел валюталарына шаққанда түзетті. Осылай түзеткеннен кейін теңгенің айырбастау бағамы АҚШ долларына қатысты алдын ала жарияланған дәліз шегінде ұсталып тұрды, бұл теңгенің шамалы нығаюына әкелді. Айырбастау бағамы Қазақстан Республикасындағы инфляция деңгейіне байланысты, себебі инфляцияның аса жоғары қарқыны ұлттық валютаның бағамын түзетуге әкелді.

Көбінесе шикізат тауарлары (атап айтқанда, мұнай және газ) бағасының құлдырауынан туындаған, Қазақстан Республикасының ағымдағы шотына түскен қысымға байланысты 2009 жылғы 4 ақпанда ҚҰБ АҚШ долларына қатысты теңгенің айырбастау құнын шетелдік валютаға қатысты 18%-ға түзетті (айырбастау бағамы 1,00 АҚШ долларына 143,98 теңгені құрды). Теңге бағамын түзету қазақстандық экспорттың бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған. 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми айырбастау құны KASE деректері бойынша 1,00 АҚШ долларына шаққанда 148,36 теңгеге тең болды. Бұл 2008 жылғы 31 желтоқсандағы деңгеймен салыстырғанда теңге бағамының 22,8%-ға түзету туралы дәлелдейді. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми айырбастау құны 2010 жылдан бастап 2012 жылға дейінгі кезеңде салыстырмалы түрде тұрақты күйде қалды. 2010 және 2011 жылдардағы 31 желтоқсанда және 2012 жылғы 30 маусымда ҚҰБ белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми айырбастау бағамы, сәйкесінше, 1 АҚШ долларына шаққанда 147,4 теңгеге, 148,4 теңгеге және 149,42 теңгеге тең болды. 2014 жылғы 11 ақпанда ҚҰБ АҚШ долларына қарағанда теңгенің айырбастау бағамына түзету жүргізді. Нәтижесінде қазақстандық валютаның бағамы шамамен 155,6 теңгеден 163,9 теңгеге дейін өсті, соңында, 2014 жылғы 13 ақпанда 1,00 АҚШ долларына шаққанда 184,5 теңгеге жетті. Осыдан кейін теңге тұрақты болып қалды және тіпті АҚШ долларына шаққанда 1,00 АҚШ доллары үшін 181,6 теңгеге дейін өсті.

ҚҰБ валюта бағамын реттеу тәртібін бұдан әрі қайта қарауды жоспарламайтынын жариялаған болса да, оның саясатының өзгермейтініне кепілдік жоқ және валютаның айырбастау құнын қолдау немесе алдағы уақытта теңге бағамын түзету туралы кез келген шешім Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті мен экономикасына теріс әсерін тигізуі мүмкін, бұл өз кезегінде Компанияның бизнесіне, қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Экономикалық реформаларды іске асыру нәтижелеріне қатысты екіұштылық бар

Көптеген кәсіпорындарда күрделі инвестрицияларға деген қажеттілік үкіметтік жекешелендіру бағдарламасына әкелді. Үкімет стратегиялық маңызды деп санайтын белгілі бір кәсіпорындар жекешелендіру бағдарламасынан алынып тасталды. Дегенмен негізгі секторлардағы кәсіпорындардың көпшілігі аталған үдерістен ірі мұнай өндіруші кәсіпорындарды, тау-кен өндірісі компанияларын, ұлттық телекоммуникациялық компанияларды толығымен немесе ішінара сату жолымен өтті.

Алайда Қазақстанның көптеген экономика секторлары әлі де даму мен өсу үшін күрделі инвестицияларды талап етеді. Сәйкес емес бизнес-инфрақұрылым экономикалық нәтижелерді және жеке сектордағы өркендеуді шектейді. Сонымен қатар Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың айтарлықтай мөлшері реформалауды жүзеге асыру үшін қолайсыз әсер ету үшін және салықтарды тиімді жинауға кедергі келтіру үшін жеткілікті деп санайды. Үкімет бұл проблемаларды бизнес-инфрақұрылымды жақсартру және салық салуды әкімшілік етоу арқылы, сонымен қатар жекешелендіру үдерісін жалғастыру арқылы шешуге ниетті. Алайда, аталған шараларды іске асвыру тиімді болатынына немесе осындай шараларды орындау

Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына немесе нәтижелеріне айтарлықтай қолайсыз әсер ететініне кепілдік жоқ.

Қазақстанның экономикалық дамуының баяулауы Компанияның бизнесіне теріс әсер етуі мүмкін

Компанияның нәтижелері, активтерінің артуы және сапасы Қазақстанның бүкіл экономикасының жай-күйіне тікелей байланысты. Қазақстанның экономикасына қарыздар бойынша сыйақының жалпы өсуі теріс әсер етуі мүмкін, ауа райы жағдайлары ауыл шаруашылығына, тауарлар мен энергияның бағаларына, басқа елдердің қорғану шаралары мен басқа да көптеген факторлар теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстанның экономикасы ауыспалы кезеңде тұр. Қызмет секторы құратын экономиканың үлесі өнеркәсіптік, өндірістік және ауыл шаруашылығы секторларының үлесі азайған кезде артып келеді. Сонымен қатар, мұнай мен газға деген сұраныстың айтарлықтай қысқаруы Қазақстанның экономикасында теріс көрініс табады, бұл Компанияға теріс әсер етуі мүмкін. Компанияның бизнесіне осы негізгі экономикалық өзгерістердің әсерін дәл болжау мүмкін емес. Қазақстан экономикасының дамуындағы кез келген кідірістер немесе тауарлардың ғаламдық бағаларының болашақтағы тұрақсыздығы Компанияның бизнесіне теріс әсерн етуі мүмкін.

Қазақстан экономикасына шикізат тауарлары бағаларындағы өзгерістер, валюта бағамадарының ауытқуы және экспорттық сауда-саттыққа тәуелділіктің теріс әсер ету мүмкіндігі

Қазақстан экономикасы мұнай, газ және басқа да шикізат тауарларының экспортына тәуелді болып тұр. Осылайша, қазақстандық экономикасына мұнай, газ, металдар және басқа да шикізат тауарлары бағаларының тұрақсыздығы немесе айтарлықтай құлдырауы теріс әсер етуі мүмкін. Әлемдік нарықта ұсыныстардың көп болуы немесе мұнай, газ, металл және басқа да шикізат тауарларына сұраныстардың азаюы, мұнай, газ немесе басқа да шикізат тауарларының кез келген маңызды нарығы экономикасының жалпы құлдырауы, АҚШ доллары ұстанымының басқа валюталарға қатысты бәсеңдеуі Қазақстанның экономикасына қолайсыз және қатты әсер етуі мүмкін. Бұл өз алдына Компанияның бизнесінде, оның қаржылық жағдайында, нәтижелері мен перспективаларында көрініс табады.

Қазақстан шикізат тауарлары бағасының төмендеуінің, сондай-ақ әлемнің басқа да елдеріндегі экономикалық тұрақсыздықтың теріс әсерін сезініп отыр. Үкімет экономиканы реформалау, шетелдік инвестициялардың кіріс ағындарын ынталандыру мен экономиканы әртараптандыру жөніндегі шараларды қолдады. Үкімет мұнайдан болатын табыстар орнықты құлдыраған жағдайда Қазақстанның қаржы нарығы мен экономикасын қолдау үшін 2000 жылы Ұлттық қор құрды (**«Ұлттық қор»**). Осындай күш жұмылдыруға қарамастан экспорт нарығындағы ш сұраныстың аз болуы және шикізат тауарлары бағалары деңгейінің төмен болуы, әсіресе, мұнай және газ өнеркәсібіне қолданылады, алдағы уақытта Қазақстанның экономикасына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл өз алдына Компанияның бизнесіне, песпективаларына, қаржылық жзағдайына, ақша ағындарына немесе қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай қолайсыз әсер етуі мүмкін. Компания қызметінің негізгі көлемі Қазақстан аумағындща жзүзеге асырылады. Сонда Компания активтерінің негізгі бөлігі орналасқан, сондықтан Компания елдегі экономикалық және саяси жағдайларға айтарлықтай тәуелді. «Компания нарығы дамып келе жатқан елде қызметті жүзеге асыруға байланысты жалпы тәуекелдерге ұшырайды» қараңыз.

2008 жылдан бастап 2009 жылдың басына дейінгі кезеңде мұнай мен басқа да тауарлардың әлемдік бағасының төмендеуі Қазақстан экономикасының қарқындау перспективаларына теріс әсер етті. 2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет бастапқыда мұнайдың бір баррель құны 60 АҚШ долларын құрайтыны туралы ұйғаным негізінде болжамдалған. Бұл

болжамдар бастапқыда мұнайдың әлемдік бағасының бұдан әрі де құлдырауына байланысты бір баррель құны 40 АҚШ доллары деңгейінде түзетілді. Осының нәтижесінде 2009-2010 жылдары бір баррельге 50 АҚШ доллары және 2011-2014 жылдары 60 АҚШ доллары деңгейіне дейін қайта қаралды. 2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін болжамдаған кезде мұнайдың бір баррелінің құны 90 АҚШ доллары деңгейінде есепке алынды. Соған қарамастан, мұнай бағасының тұрақсыздығы жалғасуы себепті ұлттық бюджетке бұдан әрі өзгеріс енгізу талап етілмейтініне еш кепілдік жоқ.

ІЖӨ 1999 жылғы сәуірде құбылмалы айырбастау бағамы саясатын қабылдағаннан кейін нақты түрде өсетін уақытта ІЖӨ артуды жалғастыратынына кепілдік жоқ және ІЖӨ өсу қарқынының кез келген төмендеуі елдің дамуына және сәйкесінше, Компанияның бизнесіне, қызмет нәтижелері мен оның қаржылық жағдайына теріс әсер етеді.

Компанияның барлық қызметі Қазақстанда жүзеге асырылады. Сәйкесінше, ол үнемі Қазақстанда бой алған экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде болды. Осылайша, қазіргі заманғы Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қысқаша тарихы бар және экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық және қаржылық тұрақсыздықтың болуы ықтимал. Қазақстан командалық экономикадан нарықтық экономикаға ауысады. Дегенмен, мұндай өзгерістер анағұрлым дамыған іскери ортаны құрады, Қазақстан және Еуропаның батыс елдері мен АҚШ нарықтық экономикасының арасында кәдімгідей айырмашылық сақталып тұр. Өзіне тән тәуекелдерге басқалармен қатар жергілікті валютаның тұрақсыздығы, азаматтық тәртіпсіздік (Маңғыстау облысында 2011 жылы болған жағдайлар сияқты), валюталық бақылау саласындағы өзгерістер, тұрақты валютаның жетіспеуі, энергия тарифтеріндегі, салықтардағы, роялти мөлшерлемесіндегі, монополияға қарсы заңнамадағы өзгерістер, меншікті ұлттандыру және экспроприациялау, экспортқа тыйым салу немесе тоқтатып қою кіреді. Осы жағдайлардың қайсыбірі болған жағдайда бұл Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, нәтижелері мен перспективаларына айтарлықтай қолайсыз әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 74 жаста. Ол бұл қызметті 1991жылдан бастап атқарып келеді. Осылайша, Конституцияның Қазақстанда Президенттікке басқа кандидатты сайлауға қатысты ережелерді қолдану тәжірибесі жоқ.

Президенттің басшылығымен нарықтық экономиканың негізі қаланды, соның ішінде мемлекеттік активтер жекешелендірілді, капиталдардың қозғалысын бақылауды ырықтандыру, салықтық реформа және зейнетақы жүйесін реформалау жүзеге асырылды. 2007 жылы Қазақстанның Парламенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өкілеттік мерзімі біткеннен кейін бұл лауазымға шектеусіз қайта сайлануына мүмкіндік беретіндей Қазақстан Конституциясына өзгерістер енгізу үшін дауыс берді. 2011 жылғы сәуірдің басында Президент Назарбаев жаңа бес жылдық мерзімге 95,55% дауыспен қайта сайланды. Қолданыстағы заңнама Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бұл лауазымға өкілеттік мерзімі біткеннен кейін қайта сайлануға мүмкіндік беретініне қарамастан, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Президент сайлауына қатысу туралы шешім қабылдайтынына немесе жаңа мерзімге сайланатынына ешқандай кепілдік жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымынабасқа адамды тағайындау Қазақстандағы саяси және макроэкономикалық жағдайды белгілі бір кезеңге тұрақсыздандыруы мүмкін, бұл өз кезегінде елдегі инвестициялық ахуалдың өзгеруіне, әкеледі және соңында Қазақстанның экономикасына теріс әсер етеді.

Қазақстандағы салық жүйесі дамудың салыстырмалы түрде бастапқы сатысында тұр. Салық заңнамасын түсіндіру және қолдану үдерісі дамуда, бұл Компанияның қызметіне және Қазақстандағы инвестицияларға қатысты тәуекелдерді арттырады

Қазақстандағы салық заңнамасы жаңа, Қазақстандағы салық тәуекелдері салық жүйесі аса дамыған елдердегі салық тәуекелдеріне қарағанда тұтастай алғанда аса жоғары болуда. Компания бизнеске жалпыға ортақ қолданылатын салықтарды төлейді, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына өз қызметкерлері үшін міндетті әлеуметтік аударымдар жасайды. Салықты реттеуді және салық заңнамасын сақтауды ірі айыппұлдар мен санкциялар салатын және өсімақы есептейтін өкімет тексереді және зерттейді. Сонымен қатар дивидендтердің және Акциялар құны өсімінің салық режимі өзгертілуі мүмкін.

Қазақстанның салық заңнамасы әрқашан айқын анықтала бермейді және әрқашан бірізді қолданыла немесе қолданысқа енгізіле бермейді. Сонымен қатар, Қазақстанның салық заңнамасы дамуын жалғастырып, аса күрделі бола беруде. Салық заңнамасының екіұшты пайдаланылуы және қолданылуы алдағы уақытта Компанияның қосымша және маңызды салық төлемдері бойынша қауіп тудырады. Жалпы ереже бойынша салық органдары тиісті салық кезеңі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде салық сомаларын қосымша есептеуге құқылы.

Компания аталған Бастапқы инвестициялық меморандумдағы ресми статистикалық және қазақстандық мемлекеттік органдар жариялаған басқа да деректердің дәлдігіне кепілдік бере алмайды

Ресми статистикалық және қазақстандық мемлекеттік органдар жариялаған басқа да деректер аса дамыған елдердің өкіметі жариялаған деректер сияқты соншалықты толық немесе сенімді бола алмайды. Ресми статистикалық және басқа да деректер дамыған елдерде қолданылатын әдістерден айырмашылығы бар әдістерді қолдана отырып, дайындалуы мүмкін. Компанияда осындай ресми статистикалық және басқа да деректерді тәуелсіз тексеру жөнінде деректер жоқ және осы Бастапқы инвестициялық меморандумдағы Қазақстанның электр энергетикасы саласына қатысты кез келген ресми статистикалық және басқа да деректер осындай ақпараттың толықтығына немесе сенімділігіне қатысты мәселелердің шешілмеуі салдарынан екіұштылыққа ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, бұл Бастапқы инвестициялық меморандумдағы белгілі бір статистикалық ақпарат пен басқа да деректер аталған Инвестициялық меморандумды әзірлеуге байланысты дайындалған жоқ, ресми мемлекеттік көздерден алынды.

Аталған Бастапқы инвестициялық меморандумда баяндалған белгілі бір ақпарат ресми емес көздерден алынған ақпараттарды қолдана отырып, Компания басшылығының білімі мен зерттеулеріне негізделген. Аталған ақпарат осындай ақпараттың толықтығына немесе сенімділігіне қатысты тәуелсіз тексеруден өткен жоқ.

Акцияларға байланысты нарықтық тәуекелдерді бағалау үшін елеулі факторлар

Қазақстан сияқты дамып келе жатқан нарықтарға инвестиция салуға байланысты тәуекелдерге қосымша ретінде Акциялардың әр ықтимал инвесторы өзінің жеке себептеріне байланысты осындай инвестициялардың мүмкіндіктерін анықтауы тиіс. Атап айтқанда, әр ықтимал инвесторда:

- Акцияларды, Акцияларға инвестиция салу ерекшеліктері мен тәуекелдерін, сондай-ақ аталған Бастапқы инвестициялық меморандумда кез келген қолданылатын толықтыруларымен бірге бар немесе соған сілтеме жасалған ақпаратты дұрыс бағалау үшін тәжірибесі мен жеткілікті білімі болуы;

- тиісті талдау құралдарын білуі және өз қаржылық жағдайы мәнмәтінінде, Акцияларға салынатын инвестицияларды және Акциялар оның жалпы инвестициялар қоржынына тигізуі мүмкін әсерлерді бағалау үшін оларға қол жеткізе білуі;

- Акцияларға салынатын инвестицияларға байланысты тәуекелдерді көтеру үшін жеткілікті қаржы ресурстары мен өтімділігі болуы;

- Акциялардың талаптарын айқын түсінуі және кез келген тиісті индекстер мен қаржы нарықтарының жағдайымен таныс болуы; және

- экономикаға, пайыздық мөлшерлемеге және оның инвестициясы мен оның бірге жүретін тәуекелдерді көтере білу қабілетіне әсер етуі мүмкін басқа да факторларға қатысты ықтимал сценарийлерді бағалай алуы (дербес түрде не болмаса қаржы консультантының көмегімен) тиіс.

Листингке, Ықтимал ұсынысқа және Акцияларға байланысты тәуекел факторлары

Акциялар үшін белсенді сауда нарығы дамымауы мүмкін

Аталған Бастапқы инвестициялық меморандумда шығарылған және сипатталған Акциялар үшін сауда нарығы акцияларды шығарған кезде белгіленбеуі, тіпті ешқашан да дамымауы мүмкін. Егер нарық дамыса, ол өтімділік деңгейі төмен нарық болуы мүмкін. Сондықтан инвесторлардың өз Акцияларын оңай немесе оларды дамыған қайталама нарық бар ұқсас инвестициялармен салыстырылатын табыстармен қамтамасыз ететін баға бойынша сата білу мүмкіндігі болуы тиіс. Егер Акциялар үшін өтімді қайталама нарық дамымайтын болса, бұл Акциялардың нарықтық құнына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Акциялар үшін кез келген нарықтың өтімділігі Акцияларды ұстаушылар санына, бағалы қағаздар делдалдарының Акциялар нарығын құруға деген мүдделілігіне және басқа да факторларға байланысты болады. Акциялар үшін жалғыз KASE-дегі қайталама нарық болып табылады, сонымен қатар аталған уақытта Компанияда басқа да кез келген қор биржасында Акциялар листингі жөніндегі жөніндегі перспективалық жоспар жоқ. KASE биржасының өтімділігі аса дамыған юрисдикциядағы биржаларға қарағанда аса төмен, сонымен қатар ол мәмілелердің көлемі осындай биржадағы мәміле көлемінен анағұрлым аз. Сәйкесінше, Акциялар үшін қайсыбір нарықтың дамуына немесе өтімділігіне қатысты кепілдік беруге болмайды. Сонымен қатар Компанияның капиталдандыру деңгейінің салыстырмалы төмен деңгейі Компания Акциялары өтімділігінің қысқаруына әкелуі мүмкін.

2014 жылы наурызда жұмыс істеп тұрған жеке және мемлекеттік зейнатақы қорларының барлық активтері ҚҰБ басқаруымен бір біртұтас зейнетақы қорына біріктірілді. Барлық зейнетақы қорларын ҚҰБ басқаруымен бір біртұтас зейнетақы қорына біріктіру Акциялардың өтімділігіне және сәйкесінше, олардың құнына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақстанның АҚШ, Ұлыбритания және Батыс Еуропаның басқа да елдеріне қарағанда бағалы қазағдар нарығы аз дамыған, бұл Акциялар үшін тиімді жұмыс істеп тұрған нарықтың дамуына кедергі келтіреді

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы Қазақстанда өткен жүз жылдықтың 90-шы жылдарының ортасында, соңында ғана құрылды және бағалы қағаздармен мәлімелер жасау, клирингтеу және тіркеу үшін арналған рәсімдер сондықтан да құқықтық екіұштылықтарға, техникалық қиындықтар мен кедергілерге ұшырайды. Соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістер болғанымен де Қазақстанда капиталдың қазіргі заманғы нарығының тиімді жұмыс істеуі үшін күрделі құқықтық және реттеуші базаны әзірлеу қажет. Атап айтқанда, инсайдерлік ақпаратты қолдана отырып, нарықтық манипуляциядан және мәмілелерден құқықтық қорғану жеткіліксіз дамыған немесе АҚШ, Ұлыбрнитания және Батыс Еуропаның басқа да елдеріне қарағанда Қазақстанда қатаң сақталмайды. Сонымен қатар, бағалы қағаздарға инвесторлар үшін АҚШ, Ұлыбритания және Батыс Еуропаның басқа да елдерінде тіркелген компанияларға

инвестогрлар үшін қол жетімділік деңгейіне қарағанда Компания сияқты қазақстандық заңды тұлғаларға қатысты ақпараттың қол жетімділігі аз.

Акциялардың бағасы айтарлықтай ауытқуы мүмкін

Акция ұсыныстарының бастапқы бағасы Акцияларды олардың биржадағы листингінен кейін Акциялардың нарықтық бағасының көрсеткіші бола алмайды. KASE-дегі саудаға қол жеткізгеннен кейін Акциялардың нарықтық бағасы Компанияның өндірістік көрсеткіштеріне қатысы болуы немесе болмауы мүмкін бағалар мен көлемінің елеулі ауықтуларына ұшырауы мүмкін. Акциялардың нарықтық бағасы басқалармен қатар мыналарды қоса алғанда Компанияның бақылауынан тыс болатын бірқатар факторларға жауап ретінде айтарлықтай ауытқуы мүмкін: кез келген есептік кезеңдегі Компанияның өндірістік нәтижелерінің нақты немесе күтілетін өзгерістері; Компанияның өнеркәсіп секторына инвестиция салуға байланысты нарықтағы көңіл-күйі; бизнестің қолайсыз дамуы; Компанияға қатысты қолданылатын нормативтік-құқықтық реттеудегі өзгерістер; бағалы қағаздар талдаушыларының қаржылық бағалауларындағы немесе ұсынымдарындағы өзгерістер; және Акциялардың көп бөлігінің нақты немесе күтілген сатылымы, сондай-ақ басқа да факторлар. Сонымен қатар, соңғы жылдары ғаламдық қаржы нарықтары бағалар мен көлемдердің айтарлықтай ауытқуы жағдайын бастан өткерді, егер бұл болашақта қайталанатын болса, Компания қызметінің нәтижелеріне, оның перспективаларына немесе қаржылық жағдайына қарамастан, Акциялардың нарықтық бағаларына қолайсыз әсерін тигізуі мүмкін. Тауар бағаларының құбылуын, ұқсас компаниялардың нарықтық бағаларындағы өзгерістерді немесе тарифтік реформаны енгізуді, резервтердің болуын, жалпы нарықтық жағдайларды, табиғи апаттарды, ланкестік әрекеттерді, азаматтық тәртіпсіздік пен соғысты қоса алғандағы факторлар Акциялардың нарықтық бағаларында қолайсыз көрініс табуы мүмкін.

Компания дивидендтерін төлеу көптеген факторларға байланысты

2014 жылы Қор Компанияның жалғыз акционері бола отырып, Компанияның жаңа дивидендтік саясатын бекітті. Дивидендтік саясатта жыл қорытындысы бойынша да, жарты жыл қорытындысы бойынша да дивидендтер төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Дивидендтер төлеу Қазақстан заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен және оның дивидендтік саясатымен реттеледі. Дивидендтік саясатта Компания тиісті жылға немесе жарты жылға таза табыстың кем дегенде 40% мөлшерінде дивидендтер төлеуге ниетті екені көзделген. Алайда, дивидендтерді төлеудің нақты мүмкіндігі және дивидендтердің нақты мөлшері дивидендтер төлеуді шектейтін және кейбір жағдайда тіпті дивидендтер төлеуге тыйым салатын Қазақстан заңнамасы талаптарына байланысты болады. Қосымша ретінде, Директорлар кеңесі Компанияның шарттық және өзге де міндеттемелерін және Компанияның операциялық нәтижелері, оның қаржылық және күрделі қаржы салымдарына қажеттілігі, Компанияның пайдасы, қаржылық жағдайы, перспективасы мен жалпы іскерлік конъюктурасы сияқты басқа да факторларды есепке алуы тиіс.

Сонымен қатар, ҰЭМ операциялық немесе инвестициялық шығыстарды үнемдеу нәтрижесінде алынған пайдаға қатысты арнайы талаптарды белгіледі. Атап айтқанда, мұндай пайда қайта инвестициялануы тиіс және акционерлерге дивидендтер түрінде бөліне алмайды. Компания қолданыстағы нормативтік шектеулердің және басқа да шектеулердің болуы себепті дивидендтік саясаттың талаптарын орындай алмайды деген тәуекел бар. Жоғарыда аталғандарға қосымша рнетінде реттеуші алдағы уақытта Компания төлейтін дивидендтердің деңгейіне тікелей немесе жанама әсер ететін қосымша шектеулерді енгізе алады.

Жоғарыда көрсетілгендей Компанияның болашақтағы дивидендтер төлеу туралы шешімдері әр түрлі себептерге байланысты, олардың бөлігі Компанияның бақылауында емес. Осылайша,

Компания өз акционерлеріне әр қаржылық жылға немесе жартры жылдыққа дивидендтер бөле алмайды деген тәуекел бар.

Дамып келе жатқан нарықтардағы қаржылық күйзелістер Акция бағаларының тұрақсыздығына әкеліп соқтыруы мүмкін

Акциялардың нарықтық бағасына Қазақстандағы экономикалық және нарықтық жағдайлар және әр түрлі дәрежеде ТМД басқа да елдеріндегі және тұтастай алғанда дамып келе жатқан елдердегі экономикалық және нарықтық жағдайлар әсер етеді. Басқа да дамып келе жатқан нарықтардағы қаржылық күйзеліс бұрын сол немесе басқа да дамып келе жатқан экономикаларда қызметін жүзеге асырып жатқан компаниялардың бағалы қағаздар нарығына бүкіл әлем бойынша әсер етті. Егер тіпті Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығы салыстырмалы түрде тұрақты болатын болса, ТМД елдері сияқты басқа да дамып келе жатқан нарықтағы қаржылық дағдарыстар Акциялардың нарықтық бағаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Инвесторлар Акцияларға салынатын инвестицияларға байланысты көтерген шығыстар Акцияларға салынатын инвестициялардан алған табыстармен салыстырғанда маңызды болуы мүмкін

Инвестордың Акцияларға салатын инвестицияларының жалпы табыстылығына консультант, брокер, агент және акциялардың атаулы ұстаушысы және/немесе инвестор қолданатын клирингтік жүйе талап ететін комиссиялық сыйақы мөлшері әсер етуі мүмкін. Мұндай тұлға немесе институт инвестициялық шот ашқаны, оны жүргізгені, Акцияларды табыс еткені, кастодилады қызмет көрсеткені және дивидендтер төлегені үшін сыйақы талап етуі мүмкін. Сондықтан да әлеуетті инвесторларға Акциялар бойынша өндіріліп алынатын негізді зерттеуіне ұсыныс беріледі.

Компанияның алдағы уақытта борыштық немесе үлестік бағалы қағаздарды ұсынуы Акциялардың нарықтық құнына теріс әсер етуі және жұмыс істеп тұрған акционерлерді әлсіретуі мүмкін

Компанияның алдағы уақытта қосымша Акциялар эмиссиясы немесе борыштық немесе бағалы қағаздар ұсынысы, не болмаса мұндай оқиғалар болуы мүмкін екенін сезіну арқылы өз күрделі қаржы ресурстарын бұдан әрі арттыру үшін қаржыландыру алуға талпынысы Акциялардың нарықтық құнына теріс әсер етуі мүмкін. Қосымша Акциялар шығарылымы немесе басқа да үлестік бағалы қағаздар ұсынысы Компания акционерлерінің экономикалық және сайлау құқықтарын әлсіретуі және/немесе Акциялардың нарықтық құнын төмендетуі мүмкін. Сонымен бірге «Компанияның күрделі қаржы шығындарын қаржыландыру үшін қарыз және акционерлік капиталды тартуы қиындатылуы мүмкін» тәуекел факторын қараңыз.

Есептік кезеңдердегі қаржылық есептер тікелей салыстыруға жатпайды

Компания 31 желтоқсанда аяқталған 2012 және 2013 жылдардағы табыстар туралы шоғырландырылған есепті дайындаған кезде түсімдердің, шығындар мен шығыстрардың белгілі бір сомасын тану әдісін өзгертті. Компанияның 31 желтоқсанда аяқталған 2011 жылдағы табыстар туралы есеп 2012 жылғы аудиттелген қаржылық есепеке енгізілген күйде өзгернісвтерді көрсететіндей қайта қаралды. Компания өткен кезеңдердегі қаржылық есепетерді қарастырмады. Нәтижесінде 31 желтоқсанда аяқталған 2012 және 2013 жылдардағы қарнжылық есептеме Компанияның өткен қаржылық есептемелерімен тікелей салыстыруға келмейді. Толық ақпаратты «БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЫ – Компания қызметіне әсер ететрін негізгі фактгорлар – Қайта қарау» бөлімін қараңыз.

Бастапқы инвестициялық меморандум 2014 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы қаржылық есептемені қамтымайды

2014 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы қаржылық есептеме осы Бастапқы инвестициялық меморандумда берілмеген және Компания осындай есептемені көрсету үшін Компания осы Бастапқы инвестициялық меморандумға өзгерістер енгізбейді. Алайда, Компания бұл есептеме нәтижесін өз интернет ресурсында және KASE интернет ресурсында жариялауға ниетті. 2014 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған 9 айдағы қаржылық есептеме шамамен алғанда 2014 жылғы қарашаның ортасында жарияланатын болады.

Жеке тұлғалардың Акциялар бойынша табыстарына салық салынуы мүмкін

Егер тиісті Акциялар KASE тізіміне енгізілген болса, Акциялар бойынша инвесторларға төленетін ақылар жеке табыс салығынан босатылады. Инвесторда KASE ресми тізіміне енгізілген акцияларды сату кезінде пайда болуы мүмкін құн өсімі де жеке табыс салығынан босатылған. Компания KASE ресми тізіміне акцияларды енгізуге өтініш берсе де және қазіргі уақытта Акцияларды ресми тізімге енгізуге байланысты қайсыбір қиындықтарды күтпейтін болса да Компания шындығында листинг туралы оң шешім алынатынына немесе Акциялардың делистингі болмайтындығына кепілдік бере алмайды. Салық салу туралы анағұрлым толық ақпаратты «САЛЫҚ САЛУ» бөлімінен қараңыз.

ДИВИДЕНДТЕР ЖӘНЕ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Дивиденттік саясат

Компанияның Дивидендтік саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес әзірленді.

2014 жылғы қыркүйекте Қор Компанияның жалғыз акционері бола отырып, Дивидендтік саясатқа өзгеріс енгізді, соған сәйкес Компания тиісті кезеңдегі қаржылық нәтижелерге байланысты жыл қорытындысы бойынша да, жарты жылдық қорытынды бойынша да дивидендтер төлей алады. Компанияның саясаты Директорлар кеңесі дивиденд мөлшеріне қатысты өз ұсынымдарын жасаған кезде басшылыққа алатын басымдылықтарды белгілейді. Саясаттың мақсаты – заңнаманың сақталуын және Компанияның капиталға деген қажеттіліктері мен оның акционерлерінің мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, сонымен қатар инвестициялау және капиталдандыру үшін Компания акцияларының тартымдылығын арттыру. Компанияның Дивидендтік саясатында және жарғысында Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтер төлеу және олардың мөлшері туралы ұсыным дайындау үшін жауапты, ал Компанияның акционерлері кез келген ұсынылған дивидендтерді төлеуге немесе тиісті қаржылық кезеңге дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқығы бар деп қарастырылған.

Саясатта Компания тиісті қаржы жылына таза табыстың кем дегенде 40% мөлшерінде дивидендтер төлеуге ниетті екені көзделген. Алайда, дивидендтерді төлеуге жұмсалатын нақты сома белгілі бір жағдайларда дивидендтер төлеуді шектейтін және тіпті дивидендтер төлеуге тыйым салатын қолданыстағы заңнамамен реттеледі. Компанияның Директорлар кеңесі өткен қаржы жылына немесе жарты жылдыққа таза пайданы бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсыныс дайындаған кезде Компанияның шарттық және басқа да міндеттемелерін, кез келген факторларды, соның ішінде Компанияның қаржылық жағдайын, оның қаржылық жағдайына қатысты болжамдарды, ақша қаражатына қажеттілікті (мысалы, күрделі қаржы салымдары және инвестициялық бағдарламалар үшін) және т.б. есепке алуы тиіс.

Әр нақты жылдағы дивидендтер мөлшері тиісті қаржы кезеңінде Компанияның таза табысы сомасына тең немесе одан көп болуы мүмкін. Кез келген дивидендтер төлеу Қазақстанның заңнамасымен, Компанияның шартты міндеттемелерімен және Компанияның басқа да ішкі құжаттарымен реттеледі. Компания табысынан асатын мөлшерде дивидендтер төлеу Компанияның бөлінбеген пайдасынан ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Компанияның Дивидендтік саясаты Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады: www.kegoc.kz.

Компания өз дивидендтік саясатын өзгертуге құқылы.

Дивидендтер төлеуге қатысты шарттық міндеттемелер

ЕҚДБ-мен жасалған қаржылық шарттар Компанияның дивидендтер төлеуіне қатысты белгілі бір шектеулерін белгілейді. Атап айтқанда, Компания дивидендтер төлемеуге міндеттенеді, егер:

- міндеттемелерді орындамау жағдайы орын алса (аталған термин тиісті қаржылық келісімдерде қалай анықталған) немесе егер міндеттемелер орындалмаған жағдай дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау нәтижесінде туындаса;

- дивидендтер мөлшері мынадай көрсеткіштерден шамалы артса: (а) қол жетімді ақша қаражаты және (б) дивидендтер төленетін қаржы жылында төлеу үшін қол жетімді пайда.

Дивидендтерді төлеуге қойылатын заңнамалық шектеулер

Акционерлік қоғамдар туралы заң мынадай жағдайда акционерлік қоғамдарға дивидендтер төлеуге тыйым салады:

- меншік капиталы мөлшері теріс болғанда немесе егер қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса; немесе

- егер қоғам Қазақстан Республикасының қалпына келтіру және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіз немесе жағдайы жоқ белгілеріне сай келсе немесе аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

Акционерлік қоғамдар туралы заң орналастырылмаған немесе қоғам сатып алған акциялар бойынша дивидендтер төлеуге де тыйым салады.

ҰЭМ операциялық немесе инвестициялық шығыстарын үнемдеу нәтижесінде алынған пайдаға қатысты арнайы талаптарды белгілейді. Атап айтқанда, мұндай пайда қайта инвестицияланууы тиіс және акционерлерге дивидендтер нысанында қайта бөлінбейді.

Компания 2008-2014 жылдары төлеген дивидендтер

2009 жылғы 20 тамызда Қордың Басқармасы Компанияның 2008 жылға 746 044 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтіні туралы шешім қабылдады. Бұл Компанияның шоғырландырылған таза табысының 10%-ын немесе бір акцияға 90,04 теңгені құрайды.

2010 жылғы 18 қыркүйекте Қордың Басқармасы Компанияның 2009 жылы залал көтергеніне байланысты 2009 жылға дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады.

2011 жылғы 26 мамырда Қордың Басқармасы Компанияның 869 403 мың теңге сомасында дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдады. Бұл Компанияның таза табысының 15%-ын немесе бір акцияға 82,61 теңгені құрды.

2012 жылғы 12 маусымда Қордың Басқармасы Компанияның 2011 жылы 2 346 674 мың теңге сомасында дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдады, бұл Компанияның таза табысының 30%-ын немесе бір акцияға 221,71 теңгені құрды.

2013 жылғы 29 наурызда Қордың Басқармасы Компанияның жалғыз акционері ретінде 2012 жылға 2 082 309 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады, бұл Компанияның таза табысының 30%-ын немесе бір акцияға 9,74 теңгені құрды (1:20 бөлшектеуден кейін есепке алғанда). 2012 жылғы дивидендтерді Компания Қорға 2013 жылғы 11 сәуірде төледі.

2013 жылғы қызмет қорытындылары бойынша Компанияның таза табысының болмауына байланысты Қор Басқармасы 2013 жылға Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтер есептемеу және төлемеу туралы шешім қабылдады.

КАПИТАЛДАНДЫРУ

Мына кестеде Компанияның капталдандыруы мен ақша қаражаттары 2014 жылғы 30 маусымдағыжай-күй бойынша Компанияның аудиттелмеген шоғырландырылған қаржылық есептемесі негізінде, Ұсынысты орналастырғаннан және оны іске асыру барысында алынған қаражатты пайдаланғаннан кейін формальді түрде көрсетілген.

Бұл кестені «ТАҢДАМАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ» және «БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУІ ЖӘНЕ ТАЛДАУЫ» бөлімдерімен және аталған құжаттың қайсыбір жеріне енгізілген қаржылық есептемесімен қатар қарау қажет.

	На июня 2014 жылғы 30 маусымда (мың теңгемен)
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары (1)…….....	20 237 849
Басқа да қаржы активтері …….	3 671 689
Қысқа мерзімді қарыздар……..	-13 402 909
Ұзақ мерзімді қарыздар……	-104 079 840
Жарғылық капитал…….	107 245 972
Бөлінбеген пайда және резервтер ……...	224 951 779
**Акционерлік капитал…….. **	**332 197 751**
Барлығы қарыздар …….	**-117 482 749**
Жалпы капиталдандыру ……..	**238 624 540**

(1) 2 024 648 мың теңге мөлшеріндегі пайдалануы шектеулі ақшалай қаражатты қамтиды.

ТАҢДАМАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ

Мына кестелерде 2012ж., 2011ж. және 2010ж. 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есебінен және 2014ж. 30 маусымдағы жай күй бойынша аралық қаржылық есептемесінен алынған белгілі бір тарихи шоғырландырылған қаржылық ақпарат көрсетілген. Төменде берілген қаржылық ақпарат Бастапқы инвестициялық меморандумның кез келген бөлігіне енгізілген шоғырландырылған қаржылық есептемеден және сонымен бірге қаралуы тиіс. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2012ж. және 2013ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жай-күй бойынша қаржылық есептемелерге аудит жүргізді, сонымен қатар сол жылдағы және 2014ж. 30 маусымда аяқталған жылғы алты айға қаржылық есептемеге шолу жасады. «Делойт» ЖШС 2011ж. 31 желтоқсанға аяқталған жылға және жай-күй бойынша шоғырландырылған қаржылық ақпарат аудитін жүргізді. Қаржылық ақпаратқа шолу «БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУЫ» бөлімдерімен және осы Бастапқы инвестициялық меморандумның бөлігі болып табылатын Қаржылық есепетемемен («ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР» бөлімін қараңыз) (оның ескертулерін қоса алғанда) бірге қаралуы тиіс.

	31 желтоқсанда 2011 (аудиттелді) (Мың теңгемен)	2012 (аудиттелді)	30 маусымда 2013 (аудиттелді) (Мың теңгемен)	2014
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп				
Ұзақ мерзімді активтер	176 699 251	189 344 946	319 615 755	473 445 342
Ағымдағы активтер	40 869 277	43 059 890	47 705 971	55 809 639
Барлығы активтер	**217 568 528**	**232 404 836**	**367 321 726**	**529 254 981**
Капитал	**120 965 687**	**126 560 042**	**221 181 463**	**332 197 751**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	78 121 436	84 403 326	118 413 645	168 981 623
Ағымдағы міндеттемелер	18 481 405	21 441 468	27 726 618	28 075 607
Барлығы міндеттемелер	**96 602 841**	**105 844 794**	**146 140 263**	**197 057 230**
Барлығы капитал мен міндеттемелер	**217 568 528**	**232 404 836**	**367 321 726**	**529 254 981**

	31 желтоқсанда аяқталған жылға желтоқсанда			**30 маусымда аяқталған жылғы**	
	2011 аудиттелді	**2012 аудиттелді**	**2013 аудиттелді**	**2013 аущдиттел меді**	**2014 аудиттел-меді**
	Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп [1]				
Табыстар	57 249 517	65 855 173	73 811 723	34 976 552	42 685 668
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-41 451 948	-49 268 483	-55 574 322	-26 152 847	-34 650 783
Жаппай пайда	**15 797 569**	**16 586 690**	**18 237 401**	**8 823 705**	**8 034 885**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-5 976 393	-5 829 446	-6 422 878	-2 837 073	-6 332 064

	31 желтоқсанда аяқталған жылға желтоқсанда			30 маусымда аяқталған жылғы	
	2011 аудиттелді	**2012 аудиттелді**	**2013 аудиттелді**	**2013 аущдиттелмеді**	**2014 аудиттелмеді**
Сату бойынша шығыстар	-156 142	-168 612	-154 408	-87 131	-74 386
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған (залал)/табыс			-26 807 757		14 194 012
Операциялық пайда/(залал)	**9 665 034**	**10 588 632**	**-15 147 642**	**5 899 501**	**15 822 447**
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялар бойынша пайыздық табыс	1 699 050	1 604 788	1 797 051	862 971	822 647
Қаржылық шығыстар	-2 457 956	-1 991 132	-2 021 023	-967 831	-1 693 881
Оң/(теріс) бағамдық айырмашылық	1 306 839	-1 806 822	-2 680 967	-100 897	-13 367 026
Басқадай табыстар	736 475	138 783	381 865	74 102	115 677
Басқадай шығыстар	-249 108	-49 423	-17 631	-120 388	-35 932
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)	**10 700 334**	**8 484 826**	**-17 688 347**	**5 647 458**	**1 663 932**
Пайда салығы бойынша шығыстар	-2 878 089	-1 543 797	-3 188 073	-1 337 303	-1 076 012
Бір жылдағы пайда/(залал) есептік кезең	**7 822 245**	**6 941 029**	**-14 500 274**	**4 310 155**	**587 920**
Пайда салығын шегергенде есептік кезеңдегі басқадай жиынтық (залал)/табыс	-167	-	-110 801 004	-115 578	-111 109 831
Барлығы пайда салығын шегергенде бір жылдағы есептік кезеңдегі жиынтық табыс/(залал)	**7 822 078**	**6 941 029**	**96 300 730**	**4 194 577**	**111 697 751**

Осындай салыстыруды барлық көрсетілген кезеңдер бойынша қамтамасыз ету мақсатында 2011 жылғы 31 желтоқсанмен, аяқталған жылдағы тиісті баптар қайта жіктелді және төменде берілді. Осындай қайта жіктеулер 2011 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылғы жиынтық табысқа немесе 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша капиталға әсер етпеді:

[1] Компанияның жиынтық табыс, негізгі қызметтен болоған табыстар, басқа да табыстар, көрсетілген қызметтердің өзіндік құны, басқадай шығыстар, жалпы және әкімшілік шығыстар және қаржылық шығыстар туралы шоғырландырылған есептеменің баптары табыстарды, көрсетілген қызметтердің өзіндік құнын және басқа да шығысрады ұсыну әдісінің өзгеруі нәтижесінде бір жағынан 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл мен басқа жақтан 2012ж. 31 желтоқсанда, 2013ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар арасында тікелей салыстыруға жатпайды.

2011ж. аяқталған жылға *(мың теңгемен)*	өткен кезең	қайта жіктеу	қайта жіктеуден кейінгі сома
Табыстар	54 793 163	2 456 354	**57 249 517**
Басқадай табыстар	3 192 829	- 2 456 354	**736 475**
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-39 581 302	-1 870 646	**-41 451 948**
Басқадай шығыстар	-2 119 754	1 870 646	**-249 108**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-6 332 179	355 786	**-5 976 393**
Қаржылық шығыстар	-2 102 170	-355 786	**-2 457 956**

1 794 017 мың теңге сомасында электр энергиясын сатудан болған түсім, 528 197 мың теңге сомасында электр энергиясын резервтеу бойынша қызметтен болған түсім, 134 140 мың теңге сомасында электр желілік активтерге қызмет көрсетуден болған түсімдер Басқадай табыс құрамынан Түсімдер құрамына көшірілді;

1 781 250 мың теңге сомасында сатып алынған электр энергиясының өзіндік құны және 89 396 мың теңге сомасында электр желілік активтерге қызмет көрсету құны Басқа да шығыстар құрамынан Көрсетілген шығыстардың өзіндік құны құрамына ауыстырылды

355 786 мың теңге сомасына банктік кепілдіктер бойынша комиссия Жалпы және әкімшілік шығыстар құрамынан Қаржылық шығыстар құрамына ауыстырылды;

	31 желтоқсанда аяқталған жылға			**30 маусымда аяқталған жылға**	
	2011	**2012**	**2013**	**2013**	**2014**
	Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп				
Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп					
Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары	17 536 699	14 664 826	14 458 324	9 849 809	5 839 389
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаты	-35 010 726	-19 276 46	-17 999 863	-7 358 328	-7 034 090
Қаржылық қызметте қолданылған таза ақша ағындары	21 595 473	3 127 659			
Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза өзгерістер	4 121 446	-1 483 980	3 447 021	3 492 369	5 720 456
Таза бағамдық айырмашылық	46 551	-15 155	236 032	47 001	765 190
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	**5 375 640**	**9 543 637**	**8 044 502**	**8 044 502**	**11 727 555**

	31 желтоқсанда аяқталған жылға			30 маусымда аяқталған жылға	
	2011	**2012**	**2013**	**2013**	**2014**
	Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп				
кезең басында					
Ақша қаражаттрары және олардың баламалары кезең соңында	**9 543 637**	**8 044 502**	**11 727 555**	**11 583 872**	**18 213 201**

	31 желтоқсанда аяқталған жылға			30 маусымда аяқталған жылға	
	2011	**2012**	**2013**	**2013**	**2014**
EBITDA					
EBITDA	17 225 413	17 871 308	20 209 138	9 516 058	9 534 572
Маржа EBITDA, %	30.1	27.1	27.4	27.2	22.3

EBITDA мен EBITDA маржасы ҚЕХС-та қарастырылмаған көрсеткіштер болуы себепті төменде келтірілген кесте ҚЕХС шеңберінде EBITDA мен EBITDA маржасының табыстар туралы баптармен салыстырмасынан тұрады:

	31 желтоқсанда аяқталған жылға			30 маусымдағы 6 айға	
	2010	2012	2013	2013	2014
Табыстар	57 249 517	65 855 173	73 811 723	34 976 552	42 685 668
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-41 451 948	-49 268 483	-55 574 322	-26 152 847	-34 650 783
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-5 976 393	-5 829 446	-6 422 878	-2 837 073	-6 332 064
Сату бойынша шығыстар	-156 142	-168 612	-154 408	-87 131	-74 386
Тозу және амортизация	7 560 379	7 282 676	8 549 023	3 616 557	7 906 137
EBITDA	17 225 413	17 871 308	20 209 138	9 516 058	9 534 572
EBITDA маржасы, %	30.1%	27.1%	- - 27.4	27.2	22.3

[2] EBITDA амортизацияны есепке алмағанда өзіндік құн шығыстарын шегергенде негізгі қызметтен, амортизацияны есепке алмағанда жалпы әкімшілік шығыстардан және сату бойынша шығыстардан табыс ретінде анықталады. EBITDA маржасы негізгі қызметтен болған табыс сомасына бөлінген EBITDA ретінде анықталады. EBITDA мен EBITDA маржасына енгізілген сома Компанияның шоғырландырылған қаржылық есепетемесінен алынған уақытта олар ҚЕХС-на сәйкес есептелген қаржылық көрсеткіштер болып табылмайды және, сәйкесінше, Компанияның өтімділік көрсеткіші ретінде жиынтық трабыстың/(залалдың) жалпы сомасы немесе түсім баламасы ретінде қарастырылмауы тиіс. Компания басшылшығы қазіргі уақытта өз қызмет нәтижелерін бағалау, бюджет әзірлеу және осындай бюджетпен салыстырғанда қызметінің тиімділігін бағалау мақсатында EBITDA мен EBITDA маржасын қолданады. Компания басшылығы EBITDA мен EBITDA маржасын қызметті бағалауда көмектесуге арналған пайдалы құралы ретінде қарастырады, себебі EBITDA мен EBITDA маржасы тозу мен амортизацияға, пайыздық шығыстарға, салықтар мен басқадай ақшалай емес аударымдарға байланысты баптарды алып тастайды. Сонымен қатар, Компания EBITDA мен EBITDA маржасы инвесторлар қолданатын көрсеткіштерді білдіреді деп санайды.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТАЛДАУЛАРЫ МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Келесі түсіндірмелер мен талдауларды Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептемесімен және аталған Бастапқы инвестициялық меморандумға енгізілген тиісті ескертулерімен бірге оқу қажет. Компанияның қаржылық есептілігі ҚЕХС-мен сәйкес дайындалған.

Аталған түсіндірмелерге тәуекелдер мен екіұштылықты білдіретін болжамдау сипатындағы өтінім кіреді. Болжамдау сипатындағы мәлімдемелер туралы анағұрлым толық ақпаратты «БОЛЖАМДАУ СИПАТЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕР» бөлімінен қараңыз. Нақтылы нәтижелер Бастапқы инвестициялық меморандумның «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» және басқа бөлімдеріндегі талқыланған тәуекелдерді қоса алғанда, әр түрлі факторлар нәтижесінде болжамдау сипатындағы өтініштердегі күтілгендерден айтарлықтай ерекшеленеді. Осылайша, келесі түсіндірмелерді аталған Бастапқы инвестициялық меморандумда сипатталған «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» бөлімімен бірге оқу қажет.

Шолу

Компания Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (**«БЭЖ»**) жүйелік операторы функциясын орындайтын ұлттық компания болып табылады. Компания мынадай негізгі қызметтерді жүзеге асырады: электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу және Қазақстанда электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру. Компания БЭЖ басқарады, Ұлттық электр торабын (**«ҰЭТ»**) иеленеді және басқарады және оған оған техникалық қызмет көрсетеді.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жай күй бойынша БЭЖ:

- қосалқы станциялар, тарату құрылғылары мен трансформатрлар кешенінен, сонымен қатар ұзындығы 24 533,033 км болатын жоғары вольтты электр жеткізу желілерінен (35-115кВ) және белгіленген қуаты 35 875,05 МВА болатын 76 қосалқы станцияны;

- Тікелей ҰЭТ-қа қосылған ұлттық деңгейдегі 8 электр станциясын;

- Тікелей немесе тарату компанияларының және басқа да заңды тұлғалардың тораптары арқылы тікелей Ұлттық торапқа жалғанған, аумақпен біріктірілген, 68 электр станциясын;

- Ұлттық торапқа тікелей қосылған 21 тарату электр желілік компанияларды (ТЭК);

- Қосалқы станциялары ҰЭТ-қа тікелей қосылған 129 көтерме сауда тұтынушыларын қамтиды.

Компания электр энергиясын мемлекетаралық және өңіраралық электр жеткізу желілері бойынша жеткізуді, электр станцияларының өңірлік электр желілік компаниялармен және ірі тұтынушылармен байланысын қамтамасыз етеді. «БИЗНЕС» бөлімін қараңыз.

Компанияның 2013 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған шоғырландырылған қаржылық есептемесі «Энергоинформ» АҚ мен 2013 жылғы 27 тамызда құрылған «Жаңартылатын энергия көздерін қолау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС қаржылық есептемесін қамтиды.

Компанияның негізгі табыс көздері Компания Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу жөнінде қызмет көрсетуден алып отырған реттелетін табыстар болып табылады.

Компания жұмысының нәтижелеріне әсер ететін негізгі факторлар

Компанияның нәтижелеріне төменде сипатталған факторларды қоса алғанда, әр түрлі факторлар әсер етеді және әсер ететін болады.

Тариф саясаты

KEGOC қызметі Табиғи монополиялар туралы заңға сәйкес реттеледі.

Табиға монополиялар туралы заңға сәйкес табиғи монополиялар саласына KEGOC көрсететін мынадай қызметтер жатады:

- Ұлттық электр торабының желілері бойынша электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

2008 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасында Электр энергетикасы туралы заңға сәйкес электр энергиясының теңгерімделген нарығы ендірілді. Аталған Заңға сәйкес Компания теңгерімделген нарықтың жұмысы үшін жауапты. 2008 жылдан бастап осындай қызмет теңгерімделген нарықта сатып алынған-сатылған электр энергиясы үшін нақты қаржылық есепе жүргізбей имитациялық режиміде жүзеге асырады. 2009 жылы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызмет табиғи монополиялар саласына жатқызылды. 2009 жылы ТМРА электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастрыру жөніндегі қызметр тарифін есептеу әдістемесін әзірлеп, бекітті. Бұл қызметтің тарифі 2009 жылғы 18 мамырдан бастап 0.018 теңге/кВтсағ. мөлшерінде бекітілді. Бұл тарифті есептеу әдістемесі 2010 жылы өзгертрілді және Қазақстан-Ресей шекарасындағы сағаттық ауытрқуларды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу-сатудан түскен шығыстар мен табыстар арасындағы айырмашылықты қамтиды. Қазіргі уақытта ТМРА 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 372-ОД бұйрығымен бекітілген Әдістеме қолданылады.

2009 жылғы 20 қарашада Қазақстан Үкіметі мен Ресей Үкіметі 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан мен Ресейдің біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімге қол қойды. Осылайша, Компания 2010 жылға мамырдан бастап электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыруға байланысты ұсынатын қызметтер шеңберінде Ресей-Қазақстан шекарасындағы электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтейтіндей электр энергиясын сатып алады және сатады. Қазақстан мен ресейдің біртұтас электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы үкіметаралық келісімге сәйкес сағаттық ауытқу көлемдерін сатып алу және сатудың қаржылық нәтижелері (айырмашылық) электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан ауытқуларын Ресейдің біртұтас электр энергетикалық жүйесінің физикалық реттегені үшін әділ төлем болып табылады.

KEGOC реттелетін қызмет үшін төлемді сатып алушыларға техникалық және қаржылық нормативтік актілер мен әдіснамаларда белгіленген қағидаттар, критерилер мен параметрлер негізінде реттеуші бекітетін және айқындайтын тарифтерге сай ұсынады.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді. Компания соған сәйкес белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағаларына және капитал табыстылығының әділ нормасына сүйенеді. Бұл Компанияға ҰЭМ мақұлдаған болуы тиіс тарифтік сметада белгіленген мөлшерде негізделген шығыстар плюс «пайданың» ұйғарынды деңгейін өтеуге кепілдік беретін деңгейде тарифтер белгілеуге мүмкіндік береді.

Бекітілген тарифтер бүкіл тарифтік кезең ішінде қолданылады. Бұрын қолданылған заңнама Компанияның бір жыл кезеңіне де, бірнеше жылға да тарифтерді бекітуге өтініш беруіне мүмкіндік беретін. Бұрын Компания бір жылдық мерзімге тарифтерді бекітуге өтніш беретін. 2013 жылы Компания тарифтердің шекті деңгейлерін екі жылға мақұлдауға өтініш берді. Алайда, 2013ж. және 2014ж. қабылданған, Табиғи монополиялар туралы заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес Компания алдағы уақытта кем дегенде бес жылдық кезеңге ғана тарифтердің шекті деңгейлерін бекіте алады. Осылайша, 2015 жылы Компания тарифті кем дегенде бес жылдық кезеңге бекіту үшін өтініш беруі тиіс. 2010 жылы ТМРА Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу жөнінде қызмет көрсету жөніндегі бірыңғай тарифтерді есептеу рәсімін белгілеу мақсатында Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтер тарифін есептеу әдістемесіне өзгеріс енгізілді. Жоғарыда көрсетілген әдістемеге және ТМРА бұйрығына сәйкес Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу жөнінде қызмет көрсетудің бірыңғай тарифін енгізумен аймақтық тарифтер 2010 жылғы 1 тамыздан бастап күшін жойды. Бірыңғай тарифті ендіру Компанияның жұмысын жақсартты, барлық тұтынушылары үшін ҰЭТ-қа теңдей қол жеткізуді қамтамасыз етті, баға белгілеуде айқындық болды.

Қазіргі уақытта қолданылатын 2013 жылғы 1 қараша мен 2015 жылғы 31 қазан аралығындағы кезеңге бекітілген Компанияның реттелетін қызметтерінің мынадай тарифтері қолданылады:

- жеткізу жөніндегі қызметтер
    - 2013 жылғы 1 қараша мен 2014 жылғы 31 қазан аралығында 1.305 теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз);
    - 2014 жылғы 1 қараша мен 2015 жылғы 31 қазан аралығында 1, 469 теңге/кВт сағ.;
- техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер
    - 2013 жылғы 1 қараша мен 2014 жылғы 31 қазан аралығында 0,134 теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз);
    - 2014 жылғы 1 қараша мен 2015 жылғы 31 қазан аралығында 0,148 теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз);
- теңгерімдеу қызметтері
    - 2013 жылғы 1 қараша мен 2014 жылғы қазан аралығында 0,060 теңге/кВтсағ.:
    - 2014 жылғы 1 қараша мен 2015 жылғы 31 қазан аралығында 0,068 теңге/кВтсағ.

Тарихи түрде Компания әрқашан тіркелген тарифтерді қолданды. 2013 жылы Халық IPO бағдарламасы қарсаңында KEGOC басшылығы жылдық тарифтерді қолдану тәжірибесін өзгертіп, «тарифтердің шекті деңгейлеріне» көшуді шешті. Қолданыстағы Табиғи монополиялар туралы заң Компанияны тарифтердің шекті деңгейіне өтініш білдіруге міндеттейді. Тарифтердің шекті деңгейін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері қаратынан бірнеше жыл мерзімге бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтерді есептеумен бара бар. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияның аса ұзақ мерзімде өз мүмкіндіктерін жосапрлауға, ал акционерлердің Компания туралы толығырақ ақпарат алуына мүмкіндік береді.

"KEGOC" АҚ ықтимал ұсынысын дайындау шеңберінде KEGOC АҚ орта мерзімді кезеңге бекітілген тарифтерді көтеру бойынша жұмыс жүргізді. ТМРА 2014 жылғы 16 мамырдағы №105-ОД бұйрығына сәйкес көтерілген тарифтер Ықтимал ұсынысты орналастыру шешім қабылдаған жағдайда күшіне енеді. Бұл шара KEGOC негізгі қызметінің табыстылығын

арттыруға бағытталған және акционерлерге дивидендтер төлеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2015 жылғы 31 қазанға дейін Ықтимал ұсыныс туралы шешім қабылдаған сәттен бастап Компания реттелетін қызмет көрсеткен жағдайда мынадай мөлшерде тарифтердің шекті деңгейі қолданылады:

- қолданыстағы тарифтің (1,305 теңге/кВтсағ.) 50%-ға өсуіне байланысты жеткізу жөніндегі қызметтер бойынша 1,954 теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз) мөлшерінде;
- қолданыстағы тарифтің (0,134 теңге/кВтсағ.) 36%-ға өсуіне байланысты техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер бойынша 0,182 теңге/кВтсағ. (ҚҚС-сыз) мөлшерінде;
- қолданыстағы тарифтің (0,060 теңге/кВтсағ.) 38%-ға өсуіне байланысты теңгерімдеу жөніндегі қызметтер бойынша 0,083 теңге/кВтсағ.(ҚҚС-сыз) мөлшерінде.

Электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемдерін, энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын тұтынушылар, сонымен қатар өз өнімін экспорт және импорт бойынша тұтынушылар қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында қызметтер тарифтеріне уақытша төмендету коэфициентін белгілеу тәртібі көзделген. Осындай қызметтерге Электр энергиясын жеткізу және (немесе) электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэфициенттерін белгілеу және күшін жою жөніндегі бекітілген қағидаға сәйкес электр энергиясын жеткізу және/(немесе) электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметтері жатады.

2011-2013жж. кезеңінде жеке кәсіпорындарға уақытша төмендету коэфициентін қолдана отырып, электр энергиясын жеткізу жөнінде қызметтер көрсетілді.

Тұтынушы	**Төмендету коэфициентінің қолданылу кезеңі**	**Төмендету коэффициенті**	**Төмендету көлемі, мың теңге**
"Казфосфат" ЖШС	05.03.2011-07.08.2011	0,92	**62 132**
	08.08.2011-31.08.2011	0,93	**7 872**
	01.09.2011-31.12.2011	0,99	**5 868**
	01.03.2012-31.08.2012	0,95	**44 734**
	01.03.2013-30.09.2013	0,89	**148 764**
	25.10.2013-31.12.2013	0,94	**26 813**
"Экибастузская ГРЭС-1" ЖШС	2011	KEGOC АҚ қолданыстағы тарифтерінің 10% мөлшерінде электр энергиясын жеткізу тарифі	**1 069 440**
	2012		**715 816**
	2013		**2 518 863**

Уақытша төмендету коэфициенттерін белгілеу және күшін жою қағидасының қолданысы KEGOC қызметін Ықтимал ұсыныстан кейін де қамтиды.

Инвестициялық бағдарлама

Компания активтерінің елеулі бөлігі қатты тозған және қазіргі таңда Компания ҰЭТ-ты қалпына келтіру, жаңғырту және кеңейтуге арналған күрделі қаржы салымдары бойынша өте ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруда. Төменде көрсетілген «Күрделі қаржы салымдары» бөлімін қараңыз. Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру негізінен меншік ақша қаражаты мен қарыздар, соның ішінде мемлекеттік кепілдікпен тартылған ақшалай қаражаттар есебінен жүргізіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

Компания 2013 жылғы 1 қарашадан бастап ҰЭТ құрылыстарын есепке алу әдісін нақты шығындар бойынша есепке алу моделінен қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделіне өзгертті, себебі бұрын қолданылған тарихи құн әдісі ҰЭТ объектілерінің әділ құнын және оларды қолдау шығыстарын айтарлықтай төмендетті.

Жоғарыда көрсетілгендей активтерді бағалау саясатын «тарихи құн» әдісінен «әділ нарық құны» әдісіне өзгерту шеңберінде Компания реттелетін қызмет тарифтерінің деңгейінің жоспарлы өзгеруіне және ҚЕХС талап еткендей шетелдік валютаға қатысты ұлттық валюта бағамына жүргізілген түзетуге байланысты 2014 жылы бұдан әрі қосымша қайта бағалау жүргізді. Сәйкесінше, Компанияның теңгерімдегі активтер құны қазіргі уақытта тарифтерді есептеу кезінде қолданылған активтер құнының мәнінен жоғары. Компания қайта бағаланған активтерді болашақ тарифтік кезеңіне енгізуге қол жеткізетініне сенім артып отыр, бірақ 2014 жылғы жаңадан қайта бағалауды реттеуші бекітетініне, егер солай болса, онда реттеуші мақұлдаған қайта бағалау сомасы қандай болатынына немесе РАБ қайта бағалауды қандай мерзімде есепке алатынына сенімділік жоқ.

Төмендегі кестеде негізгі құралдарды қайта бағалаудың 2013 жылдың соңында және 2014 жылдың 6 айындағы негізгі құралдардың құнына әсері туралы ақпарат келтірілген.

Мың теңгемен

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың теңгерімдік құны	**163 444 227**
Түсімдер	**42 471 799**
Сыртқа кетуі	**(558 334)**
Кезең ішінде есептелген амортизация	**(8 376 498)**
Негізгі құралдарды қайта бағалау, нетто	**111 837 970**
2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың теңгерімдік құны	**308 819 164**
Түсімдер	**7 040 592**
Сыртқа кетуі	**(105 671)**
Кезең ішінде есептелген амортизация	**(7 794 626)**
Негізгі құралдарды қайта бағалау, нетто	**153 137 451**
2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі құралдардың теңгерімдік құны	**461 096 910**

Бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша 2013 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жүргізілген қайта бағалаудан және 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жүргізілген қайта бағалаудан болған теңгерімдік құнның жалпы өсімі 265 млрд. теңгені құрады.

ТМРА Басқармасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі №15 қаулысымен РАБ анықтаған кезде есепке алынатын Компания активтерінің құнын қайта бағалау және 2013 және 2017 жылдар аралығында бес жыл ішінде KEGOC реттелетін қызметтерінің тарифіне қайта бағалау

нәтижелерін енгізу кестесі бекітілді. Қайта бдағалау нәтижесінде РБА 199 млрд. теңге мөлшеріне артады.

Сонымен қатар, Компания өз активтерін қайта қарау мен талдау және осындай активтерді өз бизнесінде қолдану үшін негізгі құралдарға мерзімді түрде қайта бағалау жүргізуді жоспарлап отыр.

- Реттелетін активтер базасында негізгі құралдарды қайта бағалауды есепке алу

Тарифтерді есептеудің шығын әдісі реттелетін активтер базасына (РАБ) Компанияның табыс алу құқығын алуына негізделген. РАБ анықтау осылайша, тарифтерді белгілеуде маңыздщы қадам болып табылады. Нәтижесінде, негізгі құралдарды қайта бағалау Компанияның меншік капиталына және пайдасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Қайта бағалауға байланысты, ТМРА Басқармасы 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 15 қаулысымен төмендегі кестеге сай жалпы алғанда 199 млрд. теңге мөлшерінде РАБ артуын бекітті:

Жыл	**2013**	**2014**	**2015**	**2016**	**2017**
РАБ кіретін негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде активтерді кезең кезеңімен арттыру пайызы	20%	40%	60%	80%	100%

«Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде KEGOC реттелетін қызметтері тарифтеріне 2013 жылғы негізгі құралдарды 199 млрд. теңгеден бастап қайта бағалауды енгізу кестесі

Сонымен қатар, Компания өз активтері құнын қайта қарау және талдау, осындай активтерді өз бизнесінде қолдану үшін уақыт өткен сайын қайта бағалау жүргізуді жоспарлап отыр.

Валюта

Компанияның табыстары мен активтері теңгемен жасалған, ал берешектің қалған бөлігі АҚШ долларында және еуромен берілген. Нәтижесінде, теңгеге шаққанда АҚШ доллары немесе еуро бағамын нығайту Компанияның шоғырландырылған берешегінің артуына әкеліп соқтырады.

Инфляция

Соңғы жылдары Қазақстандағы инфляцияның орташа қарқыны 2008 жылғы ғаламдық экономикалық құлдырау шегінде 17%-ға дейін артқанын қоспағанда 10%-дан төмен болды (CIA World Factbook деректері). 2011, 2012 және 2013 жылдары инфляция деңгейі Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттік деректеріне сәйкес 4.8%, 6.0% және 7.4% мөлшерінде болды.

Компаниянң шығыстары негізінен инфляция нәтижесінде артты. Алайда Компанияның табысы негізінен Компания тарифтерінің өсуі нәтижесінде артады. Тарифтердің бұлайша артуы инфляцияның артуына байланысты емес болуы мүмкін, сонымен қатар ол инфляцияның артуымен бір уақытта болмауы мүмкін. Сондықтан, Компанияның инфляцияға байланысты шығыстарының артуы мен Компания табыстарының артуы арасында уақытша айырмашылық болуы мүмкін. Компания қызметінің нәтижесінде инфляцияның әрекеті туралы аса толық ақпаратты «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» бөлімінен қараңыз.

Электр энергиясының өзіндік құны

Компания шығысының елеулі бөлігін электр энергиясын жеткізген кезде технологиялық ысыраптарды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу құрайды. Технологиялық ысыраптар басты негізде (i) күштік электр жеткізу желілеріндегі және күштік трансформаторлардағы жүктеме ысыраптарына (айнымалы ысыраптар) және (ii) әуелік электр жеткізу желілеріндегі

ысыраптарға, бос жүріс ысыраптарына («шартты-тұрақты ысыраптар») байланысты. 2014 жылғы бірінші жарты жылдықта Топ технологиялық ысыраптар бойынша электр энергиясын сатып алуға 10 394 356 мың теңге жұмсады, бұл негізгі қызметтен түскен табыстың 24.4% құрады. Электр энергиясының сатымдық бағасының өсу қарқыны инфляциядан ілгеріледі. Бұл Компания шығындарының елеулі бөлігі инфляцияға қарағанда аса жоғары қарқынмен артқанын білдіреді.

Есепке алу саясатының негізгі қағидаттары

Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі ҚЕХС сәйкес дайындалған. Компанияның Есепке алу саясатын қолданған кезде басшылық басқа көздерден алынғандары анық емес болып табылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы (теңгерімдік) құнына қатысты талқылау, бағалау және болжам жасауы тиіс. Бағалар мен өзара байланысты ұсыныстар тарихи тәжірибеге және орынды деп қарастырылатын басқа да факторларға негізделген. Нақты нәтижелер аталған бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Болжамдар мен шығыс болжамдары үнемі қайта қаралып отырады. Есепке алу бағаларының өзгерістері, егер қайта қарау сол кезеңде ғана әсер етсе, бағалау қайта қаралатын кезеңде немесе қайта қарау кезеңінде және егер қайта қарау ағымдағы кезеңге де, болашақ кезеңдерге де әсер ететін болса, алдағы кезеңде де болжамдалады.

Компанияның Есепке алу саясаты Компанияның аудиттелген Қаржылық есептемесіндегі ескертулерде, атап айтқанда 3-ескертуде толық сипатталған. Басшылық төменде қазіргі уақытта Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне әсер ететін Компанияның Есепке алу саясатын қолдану жөніндегі аса маңызды кезеңдері санамалап көрсетілген деп пайымдайды. Компанияның аудиттелген қаржылық есептемесіндегі 3-ескертуді қараңыз, онда Компанияның есепке алу саясатының негізгі ережелері ашып көрсетілген.

Күмәнді дебиторлық берешектер, өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар мен ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға берілген аванстар бойынша резерв

Басшылықтың дебиторлық берешек пен ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға берген аванстары бойынша резервтерді айқындауы, сонымен қатар басшылықтың өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтерді тану мен бағалауды айқындауы басшылықтан Компанияның аталған активтерді сату қабілеттілігін жақсы бағалау негізінде болжамдарды қолдануды талап етеді. Жалпы экономикалық жағдайдың немесе есептік күннен кейінгі болған басқа да осындай себептердің өзгеруі нәтижесінде басшылық Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептемесін дайындаған кезде жасалған қорытындылардан айырмашылығы бар қорытындылар жасауы мүмкін.

Мерзімі кейінге қалдыралған салық активі

Кейінге қалдырылған салық активтері әр есептік күнге бағаланады және есебінен барлық сома немесе активтің бөлігі өтелуі мүмкін салық салынатын жеткілікті пайданың болуы енді мүмкін емес болатын дәрежеде азаяды. Мұндай ықтималдық күтілген өнімділік негізінде талқылауды қамтиды.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Компания әр жылдық есептік кезеңнің соңында негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін қайта қарайды. Активтің пайдалы қызмет ету мерзімін бағалау экономикалық пайдалану, жөндеу мен қызмет көрсету жөніндегі бағдарлама, технологиялық жақсарулар мен басқа да іскерлік жағдайлары сияқты факторларға байланысты. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімін бағалауы Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептемесін дайындаған күні болған тиісті ақпаратты көрсетеді.

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Компанияның әр негізгі құралдар объектісін пайдалануы бір-біріне тәуелсіз ақша қаражатын алуды қамтамасыз етпейді, өз алдына біртұтас технологиялық үдеріс құрамында бір-бірінен бөлінбейтін операцияларды білдіреді, Компания ақша қаражаттары ағынын өндіретін бірліктерді сәйкестендіру негізінде құнсызданудан болған ықтимал залалдарды бағалайды. Компанияның өндіруші бірлігі тұтастай алғанда Компанияның барлық активтерін білдіреді. Әр есептік күнге Компания активтердің құнсыздануы мүмкін болатын қайсыбір белгілерді бағалайды. Егер мұндай белгілер болса, немесе егер құнсыздану нысанына жыл сайын тестілеу жүргізу талап етілген болса Компания өтелетін соманы бағалайды.

Қарыздар бойынша шығындарды капиталдандыру

Компания осындай активтер мақсатты пайдалану немесе сату үшін дайын болмаған сәтке дейін жіктелетін активтерді сатып алуға, салуға және өндіруге тікелей қатысы бар қарыздар бойынша шығындарды капиталдандырады. Жіктелетін активтер – бұл мақсатты пайдалану немесе сату үшін дайын күйге келтіру мақсатында елеулі уақыт кезеңін талап ететін активтер.

Қызмет нәтижелері

Келесі кестеде берілген кезеңдердегі таңдап алынған тарихи қаржылық деректер келтірілген. Төменде ақпарат теңгемен, Компаниядағы қолданылатын валютада берілген.

	31 желтоқсанға аяқталған жылға				
	2011	**2012**	**2013**	**2013**	**2014**
	(мың теңге)			**(мың теңге)**	**(мың теңге)**
Табыстар	57 249 517	65 855 173	73 811 723	34 976 552	42 685 668
Көрсетілген қызметтің өзіндік құны	-41 451 948	-49 268 483	-55 574 322	-26 152 847	-34 650 783
Жаппай пайда	**15 797 569**	**16 586 690**	**18 237 401**	**8 823 705**	**8 034 885**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-5 976 393	-5 829 446	-6 422 878	-2 837 073	-6 332 064
Сату бойынша шығыстар	-156 142	-168 612	-154 408	-87 131	-74 386
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған (залал)/ табыс	-	-	-26 807 757	-	14 194 012
Операциялық пайда	**9 665 034**	**10 588 632**	**-15 147 642**	**5 899 501**	**15 822 447**
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялар бойынша пайыздық табыс	1 699 050	1 604 788	1 797 051	862 971	822 647
Қаржылық шығыстар	-2 457 956	-1 991 132	-2 021 023	-967 831	-1 693 881
Оң/(теріс) бағамдық айырмашылық, нетто	1 306 839	-1 806 822	-2 680 967	-100 897	-13 367 026
Қауымдасқан компаниялардың залалындағы үлесі	-	-	-3 659	-	-6 323
Басқадай табыстар	736 475	138 783	381 865	74 102	115 677
Басқадай шығыстар	-249 108	-49 423	-13 972	-120 388	-29 609
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)	**10 700 334**	**8 484 826**	**-17 688 347**	**5 647 458**	**1 663 932**
Пайда салығы бойынша (шығыстар)/табыстар	-2 878 089	-1 543 797	3 188 073	-1 337 303	-1 076 012

Есептік кезеңдегі пайда/(залал)	**7 822 245**	**6 941 029**	**-14 500 274**	**4 310 155**	**587 920**
Пайда салығын шегергенде есептік кезеңдегі басқадай жиынтық (залал)/табыс	-167	-	110 801 004	-115 578	111 109 831
Барлығы пайда салығын шегергенде есептік кезеңдегі жиынтық табыс	**7 822 078**	**6 941 029**	**96 300 730**	**4 194 577**	**111 697 751**

2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы нәтижелерді 2013 жылғы 30 маусыммен аяқталған алты ай нәтижелермен салыстыру

Табыстар

	30 маусымда аяқталған алты ай				
	2013		**2014**		
	(Мың теңге)	**табыстардың %**	**(Мың теңге)**	**табыстардың %**	**өзг. %**
Электр энергиясын жеткізу:					
Электр энергиясын жеткізу (жеңілдікке дейін)	23 912 320	68,4	24 342 742	57,0	1,8
Жеңілдіктер	-1 321 308	-3,8	-1 249 298	-2,9	-5,4
Электр энергиясын жеткізу (жеңілдіктен кейін)	22 591 012	64,6	23 093 444	54,1	2,2
Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер	5 389 880	15,4	5 662 140	13,3	5,1
Сатымдық электр энергиясын сатудан болған табыс	1 114 610	3,2	4 877 166	11,4	337,6
Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	3 149 408	9,0	4 762 995	11,2	51,2
Электр энергиясы ағындарының халықаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан болған табыстар	2 300 578	6,6	1 958 141	4,6	-14,9
Басқадай	431 064	1,2	2 331 782	5,5	440,9
Негізгі қызметтен түскен жалпы табыстар	**34 976 552**	**100,0**	**42 685 668**	**100,0**	**22,0**

Қоғамның негізгі қызметтен түске табыстары 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 34 976 552 мың теңгемен салыстырғанда 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 42 685 668 мың теңгеге дейін 2,2%-ға артты, бұл электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтен түскен табыстардың 2,2%-ға (немесе жеңілдіктерді қоса алғанда 502 432 мың теңге) өсуі; техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтерден түскен табыстардың 5,1%-ға (немесе 272 260 мың теңге) артуы; Қазақстанда электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуге қатысы бар табыстың 51,2%-ға (немесе 1 613 587 мың теңге) өсуі; сатып алынатын электр энергиясын сатудан түскен табыстың 337,6%-ға (немесе 3 762 556 мың теңге) өсуі және басқа стардың 440,9%-ға (немесе 1 900 718 мың теңге) өсуі себепті болды. Бұл ретте электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық ағын сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыстардың 14,9%-ға (немесе 342 437 мың теңге) азайғаны байқалады.

Төмендегі кесте Компанияның тарифтер/көлемдер бөлігіндегі табыстарына жүргізілген талдауды көрсетеді:

		30 маусымда аяқталған алты ай		
		2013	**2014**	**% өзг.**
Электр энергиясын жеткізу				
Электр энергиясын жеткізуден кіріс	мың теңге	22 591 012	23 093 444	2,2
Электр энергиясын жеткізу көлемі	мың кВтсағ	21 495 857	18 657 253	-13,2
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ	1,1131	1,3052	17,3
Орташа тариф (жеңілдіктерді қосқанда)	теңге/кВтсағ	1,113[3]	1,305[4]	17,3
Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер				
Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтен түскен табыс	мың теңге	5 389 880	5 662 140	5,1
Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көлемі	мың кВтс	42 108 436	42 254 783	0,3
Бекітілген тариф	теңге/кВтс	0,128[1]	0,134[2]	4,7
Орташа тариф (жеңілдіктерді қосқанда)	теңге/кВтс	0,128[3]	0,134[4]	4,7
Электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызмет				
Электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтен түскен табыс	мың теңге	3 149 408	4 762 995	51,2
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыс	мың теңге	2 300 578	1 958 141	-14,9
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу көлемі	мың кВтсағ.	76 814 837	79 383258	3,4
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатындағы электр энергиясының көлемі	мың кВтсағ.	742 671	564 428	-24,0
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,041[1]	0,060[2]	46,3

Орташа тариф	теңге/кВтсағ	0,041[3]	0,060[4]	46,3

1-ескерту: 2012 ж. 1 қазаннан бастап қолданылатын бекітілген тариф
2-ескерту: 2013 ж. 1 қарашадан бастап қолданылатын бекітілген тариф
3-ескерту: 2013 ж. 1 қаңтар мен 30 маусым аралығында жеңілдіктерді қоса алғанда орташа тариф.
4-ескерту: 2014 ж. 1 қаңтар мен 30 маусым аралығында жеңлдіктерді қоса алғанда орташа тариф.

Электр энергиясын жеткізу

Электр энергиясын жеткізуден түскен табыс 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 22 591 012 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 23 093 444 мың теңгеге дейін негізінен орташа тарифтің 1,113 теңге/кВтсағаттан 1,305 теңге/кВтсағатқа дейін өсуі себепті артты. Орташа тарифтің суі көрсетілетін қызметтер көлемінің 21 495,9 млн кВтсағаттан 18 657,3 млн кВтсағатқа дейін кемуімен ішінара өтелді.

2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі көрсетілетін қызмет көлемінің 13,25%-ға азаюы, негізінен, мемлекетаралық транзиттің 68,9%-ға төмендеуінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығы субъектілеріне электр энергиясын жеткізу көлемдерінің азаюынан туындады.

Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер

Компанияның электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеуден түскен табысының 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 5 389 880 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 5 662 140 мың теңгеге дейін өсуі, негізінен орташа тарифтің 0,128 теңге/кВтсағаттан 0, 134 теңге/кВтсағатқа дейін өсуіне, сондай-ақ көрсетілген қызметтер көлемінің 42 108,4 млн кВтсағаттан 42 254,8 млн кВтсағатқа артуына байланысты болды.

Алты ай ішінде көрсетілетін қызмет көлемінің 0,3%-ға артуы өндіруді энергия өндіруші ұйымдарыдың электр энергиясы өндірісін арттыруына байланысты болды.

Сатып алынатын электр энергиясын сату жөніндегі қызметтер

Сатып алынатын электр энергиясын сатудан болған табыс 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 1 114 610 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 4 877 166 мың теңгеге дейін 337,6%-ға артты, бұл негізінен орташа тарифтің (i) 8,44 теңге/кВтсағаттан 11,1 теңге/кВтсағатқа дейін және (ii) көрсетілген қызметтер көлемінің 307, 2 млнкВтсағатқа артуына байланысты.

Электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер

Электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтен түскен табыс 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 3 149 408 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 4 762 995 мың теңгеге дейін 51,2%-ға артты, бұл негізінен орташа тарифтің 0,041 теңге/кВтсағаттан 0,060 теңге/кВтсағатқа дейін, сондай-ақ көрсетілген қызметтер көлемінің 76 814,8 млн.кВтсағаттан 79 383, 3 млнкВтсағатқа артуынан болды.

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыстар

Электр энергиясының мемлекетаралық ағындар сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістердің 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 2 300 578 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 1 958 141 мың теңгеге дейін

азаюы негізінен электр энергиясын нақты жеткерулердің 2013 ж. 742,7 млн кВтс-тан 2014 ж. 564,4 млн кВтс-қа дейін азаюымен байланысты.

Басқалар

Басқа да кірістер 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 431 064 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 2 331 782 мың теңгеге дейін 440,9%-ға артты, ең бастысы бұл резидент еместерге қуатты реттеу жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табыстардың 1 711 551 мың теңгеге дейін артуынан болды. Бұл "Узбекэнерго" МАК-ның 2013ж. бірінші жарты жылдықта көрсеткен қызмет ақысы 2013 ж. қарашасында төленгеніне байланысты.

Көрсетілген қызметтер көлемі

	30 маусымда аяқталған алты ай				
	2013		2014		
	(Мың теңге)	Кірістер ден %	(Мың теңге)	Кірістер ден %	% өзг.
Электр энергиясының технологиялық шығысы	9 263 121	26,5	10 394 356	24,4	12,2
Тозу және амортизация	3 483 452	10,0	7 744 376	18,1	122,3
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу шығыстары	4 651 858	13,3	4 889 010	11,5	5,1
Еңбек ақы бойынша шығыстар және еңбек ақыға байланысты басқа да аударымдар	4 337 970	12,4	4 741 366	11,1	9,3
Сатып алынатын электр энергиясының					
өзіндік құны	964 778	2,8	3 444 221	8,1	257,0
Пайдалану және жөндеу жөніндегі шығыстар	1 763 463	5,0	1 882 790	4,4	6,8
Тараптық ұйымдардың күзетуі					
бойынша шығыстар	455 042	1,3	455 214	1,1	0,0
Қорлар	350 410	1,0	365 198	0,9	4,2
Басқалар	882 753	2,5	734 252	1,7	-16,8
Барлығы өзіндік құн	**26 152 847**	**74,8**	**34 650 783**	**81,2**	**32,5**

Компанияның көрсеткен қызметтерінің өзіндік құны 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 26 152 847 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 34 650 783 мың теңгеге дейін 32,5%-ға артты, бұл негізінен (і) сатып алатын бағаның артуынан электр энергиясының технологиялық шығысының 12,2%-ға (орташа сатып алу бағасы 8,9%-ға артты) өсуіне, ҰЭТ ғимараттарына жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдардың

артуына байланысты (ii) амортизациялық аударымдар бойынша шығыстардың 122,3%-ға өсуі; (iii) негізінен қызмет көлемінің 307,2 млн кВтсағатқа артуы себепті сатып алынатын электр энергиясы өзіндік құнының 257,0%-ға артуы және орташа тарифтің 7,3 теңге/кВтсағаттан 7,8 теңге/кВтсағатқа дейін артуы себепті болды.

Компания электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын 2010 ж. мамырдан бастап сатып ала бастады. Электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемдерін өтеудің өзіндік құнын "KEGOC" АҚ электр энергиясын өз тұтынушыларына тұрақты жеткізу мен олардың сұранысын қанағаттандыруды қамтамасыз етуге байланысты қажетті шығыстар ретінде қарастырды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

	30 маусымда аяқталған алты ай				
	2013		**2014**		**2013**
	(Мың теңге)	Кірістер ден %	(Мың теңге)	Кірісте рден %	(Мың теңге)
Күмәнді берешек пен аванстардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу	273 658	0,8	2 284 397	5,4	734,8
Табыс салығынан басқа салықтар	806 768	2,3	2 047 617	4,8	153,8
Еңбекақы бойынша шығыстар және еңбекақыға байланысты басқа да аударымдар	1 008 944	2,9	1 208 821	2,8	19,8
Тозу және амортизация	131 111	0,4	160 188	0,4	22,2
Консультациялық қызмет	101 689	0,3	80 368	0,2	-21,0
Жалдау шығыстары	82 099	0,2	71 359	0,2	-13,1
Сақтандыру жөніндегі шығыстар	69 171	0,2	57 804	0,1	-16,4
Іссапар шығыстары	56 245	0,2	49 851	0,1	-11,4
Ескірген қорларға арналған резервті есептеу/(разервті қалпына келтіру)	-190 118	-0,5	39 730	0,1	-120,9
Материалдар	42 100	0,1	35 662	0,1	-15,3
Тренингтер мен оқыту	30 997	0,1	28 008	0,1	-9,6
Коммуналдық шығыстар	21 682	0,1	24 341	0,1	12,3
Күзету қызметтері	15 756	0,0	16 893	0,0	7,2
Банк қызметтері	15 211	0,0	16 466	0,0	8,3

Байланыс қызметтері	12 072	0,0	10 293	0,0	-14,7
Корпоративтік іс-шаралар	15 059	0,0	9 615	0,0	-36,2
Жөндеу шығыстары	1 707	0,0	4 209	0,0	146,6
Демеушілік	206 303	0,6	15	0,0	-100,0
Басқалар	136 619	0,4	186 427	0,4	36,5
Барлығы	**2 837 073**	**8,1**	**6 332 064**	**14,8**	**123,2**

Компанияның жалпы және әкімшілік шығыстары 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 2 837 073 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 6 332 064 мың теңгеге дейін 123,2%-ға артты, бұл негізінен (i) күмәнді берешек бойынша резервтің ең бастысы "Узбекэнерго" МАК тарапынан төлемді кешіктіруіне байланысты ("Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражатты" қараңыз) 734,8%-ға, 273 658 мың теңгеден 2 284 397 мың теңгеге дейін және (ii) Компания активтерінің артуына байланысты мүлік салығының өсуі себепті табыс салығынан басқа салықтардың мүлік салығының өсуі себебі бойынша 153,8%-ға артуынан болды.

Сату бойынша шығыстар

	30 маусымда аяқталған алты ай				
	2013		2013		
	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)
Еңбекақы бойынша шығыстар және еңбекақыға байланысты басқа да аударымдар	83 058	0,2	72 984	0,2	-12,1
Іссапарлық шығыстар	4 059	0,0	1 204	0,0	-70,3
Тозу және амортизация	14	0,0	8	0,0	-42,9
Басқалар	0	0,0	190	0,0	н/п
Сату бойынша барлық шығыстар	**87 131**	**0,2**	**74 386**	**0,2**	**-14,6**

Компанияның сату бойынша шығыстары 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 87 131 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 74 386 мың теңгеге дейін 14,6%-ға, негізінен қызметтерді сатумен айналысатын жұмыскерлерді өндірістік жұмыскерлер разрядына ауыстыруға байланысты еңбекақы жөніндегі шығыстардың азаюына (10 074 мың теңгеге) байланысты.

Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен табыс

2013 ж. 1 қарашадан Компания ҰЭТ ғимараттарын есепке алу әдісін қайта бағалау нақты шығындар бойынша есепке алу моделінен қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделіне өзгертті. Бұрын тарихи құн бойынша пайдаланылған есепке алу әдісі ҰЭТ объектілерінің әділ нарықтық құны мен оларды қамтамасыз ету шығыстарын толық бағаламады. Жаңа модельді қолдану жабдықтарды амортизациялау шығыстарын өте дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. 2013 ж. негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижелері туралы толығырақ ақпаратты "2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі нәтижелерді 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстыру" бөлімінен қараңыз.

2014 ж. мамырда, жаңа нарықтық тариф бекітілген соң Компания басшылығы негізгі құралдарға қайтадан бағалау жүргізу туралы шешім қабылданды. Табыстық әдісте жаңа тарифті қолдану экономикалық тозуды толығымен болдырмауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде Компания бұған дейін жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде мойындалған, 14 194 012 мың теңге мөлшеріндегі бұрын алынған залалды толтырды, сондай-ақ басқа жиынтық кіріс құрамына кірген 138 887 289 мың теңге мөлшеріндегі негізгі құралдар құнының өсімін мойындады.

Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялар бойынша пайыздық табыс

Компанияның Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялық купондары бойынша пайыздық табысы 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 862 971 мың теңгеден

2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 822 647 мың теңгеге дейін 4,7%-ға азайды, ең бастысы депозиттік базаның азаюына байланысты.

Қаржылық шығыстар

Компанияның қаржылық шығыстары 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 967 831 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 1 693 881 мың теңгеге дейін 75%-ға, негізінен 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 529 241 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 260 509 мың теңгеге дейін капиталдандырылған пайыздардың азаюына байланысты болды. Капиталдандырылған пайыздардың 50,8%-ға кемуі ең бастысы 2014ж. бірінші жарты жылдығында капиталдандырылған шығыстардың 2013ж. бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда кемуімен байланысты. 2014ж. бірінші жарты жылдығында займдар бойынша шығындарды капиталдандыру Компанияның мынадай негізгі инвестициялық жобаларымен байланысты болды: «Қазақстан ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең», «Кернеуі 500, 220 кВ желілерімен Қазақстан ҰЭТ-на жалғаумен бірге 500 кВ-тық «Алма» құрылысы», «220 кВ-тық ОБТҚС – Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру». Компания 2014 жылғы 30 маусымда және тиісінше 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 1,5%-4,2% мен 1,7%-4,3% мөлшерінде капиталдандыру мөлшерлемесін қолданды. Қосымша ретінде 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі қаржылық шығыстардың артуы ЕҚДБ мен ХҚДБ қарыздары бойынша пайыздық төлемдер жөніндегі шығыстардың артуынан (397 423 мың теңгеге) туындады.

	30 маусымда аяқталған алты ай		
	2013	**2014**	
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**% өзг.**
Басқа да тасбыстар			
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	53 072	40 878	-23,0
Негізгі құралдардың сыртқа кетуінен болған табыс, нетто	-	12 816	н/п
Басқалар	21 030	61 983	194,7
Барлық бақа да табыстар	74 102	115 677	56,1
Басқа да шығыстар			
Негізгі құралдардың сыртқа кетуінен болған шығыстар, нетто	-298	-	-100,0
Басқалар	-120 090	-29 609	-75,3
Барлық басқа да шығыстар	**-120 388**	**-29 609**	**-75,4**

Басқа да табыстар

Компанияның басқа да табыстары 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 74 102 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 115 677 мың теңгеге дейін

56,1%-ға артты. 2013 ж. алғашқы алты айында аяқталмаған құрылысқа байланысты тым көп құнсыздану болғаны байқалады.

Басқа да шығыстар

Компанияның басқа да шығыстары 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 120 388 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 29 609 мың теңгеге дейін 75,4%-ға кеміді. Кему көбінесе аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан болды.

Теріс бағамдық айырмашылық, нетто

Компанияның теріс бағамдық айырмашылық неттосы 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 100 897 мың теңгеден 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 13 367 026 мың теңгеге дейін артты. Былайша арту себебі 2014 ж. ақпанда болған теңгені негізгі шетел валюталарына қатысты түзету болып табылады, бұл валюталық қарыз қаражаты қайта бағалаудан 18 427 644 мың теңге мөлшеріндегі бір реттік залалға, сондай-ақ депозиттік шоттарда шетел валютасындағы ақшалай қаражаттың табысына және 6 126 670 мың теңге мөлшеріндегі сауда-саттық дебиторлық берешекке әкелді.

Валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында KEGOC Басқармасы ашық валюталық ұстанымдарды 220 млн Еуро немесе 293 млн АҚШ доллары шегінде барынша көп мөлшерде белгілеу туралы шешім қабылдады.

	АҚШ доллары		**Евро**	
	2013	**2014**	**2013**	**2014**
30 маусымдағы жай-күйі бойынша	151,7	183,5	197,9	249,9
Мезгіл ішінде орташа	150,9	176,2	198,2	241,7

Пайда салығы бойынша шығыстар

Пайда салығы бойынша шығыстар 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 1 337 303 мың теңгемен салыстырғанда 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 1 076 012 мың теңгеге дейін 19,5%-ға кеміді. Кему негізінен (i) шетелдік валютада өзгертілген қарыз қаражаттарын қайтадан теріс бағалауға байланысты теріс бағамдық айырмашылыққа; (ii) Компанияда негізгі қорларға жүргізілген қайта бағалау нәтижесіндегі салықтық әсерге; (iii) резидент еместердің күмәнді берешегі бойынша резервті есептеуге байланысты болды.

Есептік кезеңдегі пайда

2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 4 310 155 мың теңге мөлшеріндегі пайдамен салыстырғанда 587 920 мың теңге пайда тапты. Кему ең бастысы 2014 ж. ақпанда жүргізілген теңгенің түзетілуіне байланысты, соның нәтижесінде Компания 13 367 026 мың теңге сомадағы теріс бағамдық айырмашылықты мойындады.

Пайдаға салықты шегергендегі есептік мезгіл ішіндегі барлық жиынтық кіріс

Барлық жиынтық табыс 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 4 194 577 мың теңгемен салыстырғанда 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі 111 697 751 мың теңгеге дейін 2 562,9%-ға артты. Негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде Компания активтерді қайта бағалаудан 138 887 289 мың теңге сомасында табыс алды.

EBITDA

Келесі кестеде 2013 жылғы және 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі EBITDA салыстырылады.

	30 маусымда аяқталған алты ай			
	2013	**2014**	**Өзг.**	
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**%**
EBITDA	9 516 058	9 534 572	18 514	0,2
EBITDA маржа, %	27,2%	22,3%	н/п	-4,9

Компанияның EBITDA 2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 9 534 572 мың теңгені құрады, бұл 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегімен салыстырғанда 18 514 мың теңгеге жоғары және 0,2% мөлшеріндегі өсімді көрсетеді. Өзгеріс жоғарыда аталған факторларға байланысты болды. EBITDA ҚЕХС стандарттарының бірі болмағандықтан, келесі кестеде EBITDA пайдалар мен залалдар туралы есеппен бірге ҚЕХС-ға сай көрсетілген.

	30 маусымда аяқталған алты ай			
	2013	**2014**	**Өзг.**	
	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)	%
Табыстар	34 976 552	42 685 668	7 709 116	22,0
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-26 152 847	-34 650 783	-8 497 936	32,5
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-2 837 073	-6 332 064	-3 494 991	123,2
Сатып-өткізу жөніндегі шығыстар	-87 131	-74 386	12 745	-14,6
минус амортизация	3 616 557	7 906 137	4 289 580	118,6
EBITDA	9 516 058	9 534 572	18 929	0,2
EBITDA маржа, %	27,2%	22,3%	н/п	-4,9
Басқа да кірістер	74 102	115 677	41 575	56,1
Басқа шығыстар	-120 388	-29 609	90 779	-75,4
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс	-	14 194 012	14 194 012	н/п
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялар бойынша кірістер	862 971	822 647	-40 324	-4,7
Қаржылық шығыстар	-967 831	-1 693 881	-726 050	75,0
Теріс бағамдық айырма, нетто	-100 897	-13 367 026	-13 266 129	13 148,2

Қауымдасқан компанияның залалындағы үлес	-	-6 323	-6 323	н/п
Пайдаға салық бойынша шығыстар	-1 337 303	-1 076 012	261 291	-19,5
плюс амортизация	-3 616 557	-7 906 137	-4 289 580	-118,6
Есептік кезеңдегі пайда	**4 310 155**	**587 920**	**-3 722 235**	**-86,4**

2013ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі нәтижелерді 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстыру.

Табыстар

	2013 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл				
	2012		**2013**		
	(Мың теңге)	**Кірістерден %**	**(Мың теңге)**	**Кірістерден %**	**% өзг.**
Электр энергиясын жеткізу:					
Электр энергиясын жеткізу (жеңілдікке дейін)	43 378 750	65,9	47 046 175	63,7	8,5
Жеңілдіктер	-760 550	-1,2	-2 694 440	-3,7	254,3
Электр энергиясын жеткізу (жеңілдіктерден соң)	42 618 200	64,7	44 351 735	60,1	4,1
Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулер	10 081 550	15,3	10 827 210	14,7	7,4
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгеруді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулер	5 269 657	8,0	6 843 284	9,3	29,9
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер	3 575 129	5,4	3 995 050	5,4	11,7
Сатып алынатын электр энергиясын сатудан түскен табыс	2 685 490	4,1	3 470 894	4,7	29,2
Басқалар	1 625 147	2,5	4 323 550	5,9	166,0
Негізгі қызметтен түскен жалпы табыстар	**65 855 173**	**100,0**	**73 811 723**	**100,0**	**12,1**

Қоғамның табыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 65 855 173 мың теңгемен салыстырғанда 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 73 811 723 мың теңгеге дейін 12,1%-ға артты, бұл электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерден түскен табыстардың 2,2%-ға (немесе жеңілдіктерді қоса алғанда 1 733 535 мың теңге) өсуі; техникалық диспетчерлеу қызметтерінен болған табыстардың 7,4%-ға (немесе 745 660 мың

теңге) артуы; электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуге қатысы бар табыстардың 29,9%-ға (немесе 1 573 627 мың теңге) өсуі; электр энергиясының мемлекетаралық ағындар

сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыстың 11,7%-ға (немесе 419 921 мың теңге) артуы; сатып алынатын электр энергиясын сатудан болған табыстың 29,2%-ға (немесе 785 404 мың теңге) өсуі және басқа кірістердің 166,0%-ға (немесе 2 698 403 мың теңге) өсуі себепті болды.

Төмендегі кестеде Компанияның тарифтер/көлемдер бойынша табыстарына жасалған талдау көрсетілген:

		31 желтоқсанда аяқталған жыл		
		2012	**2013**	**% өзг.**
Электр энергиясын жеткізу				
Электр энергиясын жеткізуден болған табыс	мың теңге	42 618 200	44 351 735	4,1
Электр энергиясын жеткізу көлемі	мың кВтсағ.	43 487 097	41 055 346	-5,6
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,953[1]	1,113[2]	16,7
Орташа тариф (жеңілдікті қоса алғанда)	теңге/кВтсағ.	0,998[3]	1,147[4]	10,2
Техникалық диспетчерлендіру қызметі				
Техникалық диспетчерлендіру қызметінен түскен табыс	мың теңге	10 081 550	10 827 210	7,4
Техникалық диспетчерлендіру қызметінің көлемі	мың кВтсағ.	83 511 655	83 863 377	0,4
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,118[1]	0,128[2]	4,7
Орташа тариф (жеңілдікті қоса алғанда)	теңге/кВтсағ.	0,121[3]	0,129[4]	6,9
Электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметі				
Электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімін ұйымдастырудан түскен табыс	мың теңге	5 269 657	6 843 284	29,9
электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан болған табыс	мың теңге	3 575 129	3 995 050	11,7
Электр энергиясын өндіру және тұтынуды теңгерімдеу қызметінің көлемдері	мың кВтсағ.	152 908 895	153 521 394	0,4
электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатындағы электр энергиясының көлемі	мың кВтсағ.	1 201 141	1 263 691	5,2
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,032[1]	0,041[2]	28,1
Орташа тариф	теңге/кВтсағ.	0,034[3]	0,045[4]	29,3

1-ескерту: 2011 ж. 1 қыркүйектен бастап қолданылатын бекітілген тариф
2-ескерту: 2012 ж. 1 қазаннан бастап қолданылатын бекітілген тариф
3-ескерту: 2012 ж. орташа тариф.
4-ескерту: 2013 ж. орташа тариф.

Электр энергиясын жеткізу

Электр энергиясын жеткізуден түске табыс2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 42 618 200 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 4,1%-ға артты, 44 351 735 мың теңгеге дейін негізінен орташа тарифтің 0,998 теңге/кВтсағаттан 1,147 теңге/кВтсағатқа дейін өсуінен болды. Орташа тарифтің ұлғаюы көрсетілетін қызметтер көлемінің 43 487,1 млн кВтс-тан 055,3млн кВтсағ. дейін кемуімен ішінара өтелді.

Көрсетілетін қызмет көлемінің 5,6%-ға азаюы ҚР электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне электр энергиясын жеткізу көлемінің 5,6%-ға төмендеуінен, сонымен қатар мемлекетаралық транзит көлемінің 31,1%-ға төмендеуінен туындады. Электр энергиясын жеткізу көлемдерінің азаюы Ресейге экспортталатын электр энергиясын жеткізу көлемінің 317,6%-ға өсуімен ішінара өтелді.

Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер

Компанияның электр энергиясын торапқа босату және тұтынуды техникалық диспетчерлеуден болған табыс 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 10 081 550 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 10 827 210 мың теңгеге дейін 7,4%-ға артуы негізінен орташа тарифтің 0,121 теңге/кВтсағаттан 0, 129 теңге/кВтсағатқа дейін өсуі, сондай-ақ көрсетілген қызметтер көлемінің 83 511,7 млн кВтсағаттан 83 863,4 млн кВтсағатқа артуы себебі бойынша болды.

Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызмет көлемінің 0,4%-ға артуы өндіруді энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясы өндірісін арттыруына байланысты болды.

Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгеруді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер

Электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге қатысты Компаниның табыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 5 269 657 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 6 843 284 мың теңгеге дейін 29,9%-ға артты, бұл негізінен орташа тарифтің 0,034 теңге/кВтс-тан 0,045 теңге/кВтсағатқа дейін артуына байланысты.

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыстардың 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 3 575 129 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 3 995 050 мың теңгеге дейін 11,7%-ға артуы негізінен электр энергиясын нақты жеткізудің 1 201,1 млн кВтс-тан 2014 ж. 1 263,7 млн кВтс-қа дейін 5,2%-ға артуына байланысты.

Сатып алынатын электр энергиясын сату бойынша табыстар

Сатып алынатын электр энергиясын сатудан болған табыс 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 2 685 490 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 3 470 894 мың теңгеге дейін артуы негізінен орташа тарифтің 5,87 теңге/кВтс-тан 8,56 теңге/кВтс-қа дейін артуына байланысты болды. Бұл көрсетілетін қызметтер көлемінің 53,9 млн кВтс-қа кемуімен ішінара өтелді.

Басқалар

Басқа да кірістер 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 1 625 147 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 4 323 550 мың теңгеге дейін артты, бұл негізінен (i) орташа тарифтің 186 теңге/кВтсағаттан 608 теңге/кВтсағатқа дейін өсуіне

байланысты резидент еместерге қуатты реттеу жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табыстардың артуы және (ii) көрсетілетін қызметтер көлемінің 178 МВт-қа артуы себепті болды.

Көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны

	31 желтоқсанда аяқталған жыл				
	2012		**2013**		
	(Мың теңге)	**Кірістерден %**	**(Мың теңге)**	**Табыстың %**	**% өзг.**
Электр энергиясының технологиялық шығысы	16 799 998	25,5	17 715 238	24,0	5,4
Еңбекақы бойынша шығыстар және еңбекақыға байланысты басқа да аударымдар	7 856 799	11,9	8 888 182	12,0	13,1
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі шығыстар	8 438 372	12,8	8 424 124	11,4	-0,2
Тозу және амортизация	6 987 329	10,6	8 266 091	11,2	18,3
Пайдалану және жөндеу жөніндегі шығыстар	3 311 764	5,0	5 499 698	7,5	66,1
Сатымдық электр энергиясының өзіндік құны	2 611 281	4,0	2 962 063	4,0	13,4
Қорлар	990 561	1,5	1 171 032	1,6	18,2
Тараптық ұйымдардың күзетуі бойынша шығыстар	863 366	1,3	890 566	1,2	3,2
Басқалар	1 409 013	2,1	1 757 328	2,4	24,7
Барлығы өзіндік құн	**49 268 483**	**74,8**	**55 574 322**	**75,3**	**12,8**

Компанияның көрсеткен қызметтерінің өзіндік құны 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 49 268 483 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 55 574 322 мың теңгеге дейін 12,8%-ға артты, бұл негізінен (i) сатып алатын бағаның артуы себепті электр энергиясының технологиялық шығысының 5,4%-ға өсуі (орташа сатып алу бағасы 16,8%-ға артады), KEGOC ЖЭТ филиалдары қызметкерлерінің 2013ж. 1 қаңтардан бастап жалақыларының көтерілуі (10%-15%-ға) себепті өндірістік жұмыскерлердің еңбекақысы бойынша шығыстардың 13,1%-ға (немесе 1 031 383 мың теңге) артуы, сондай-ақ (ii) «Алматы ЖЭТ» филиалындағы қызметкерлер санының көбеюі; «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ-тық «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша объектілерді пайдалануға енгізуге байланысты тозу мен амортизация шығыстарының 18,3%-ға (немесе 1 278 762 мың теңге) өсуі; (iii) 2013 ж. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында болған төтенше жағдай салдарын жою жөніндегі шығындарға байланысты пайдалану және жөндеу

жөніндегі шығындардың 66,1%-ға (немесе 2 187 934 мың теңге) дейін артуына, сондай-ақ тараптық ұйымдардың KEGOC электр желілік объектілерінің техникалық ахуалына сараптама жүргізуге байланысты болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

31 желтоқсанда аяқталған жыл

	2012		2013		2012
	(Мың теңге)	**Табыстардың %**	**(Мың теңге)**	**Табыстардың %**	**(Мың теңге)**
Еңбекақы бойынша шығыстар және еңбекақыға байланысты басқа да аударымдар	2 510 533	3,8	2 573 322	3,5	2,5
Табыс салығынан басқа салықтар	1 285 472	2,0	2 007 031	2,7	56,1
Тозу және амортизация	290 272	0,4	278 973	0,4	-3,9
Демеушілік	177 695	0,3	243 342	0,3	36,9
Консультациялық қызмет көрсетулер	223 765	0,3	196 221	0,3	-12,3
Күдікті берешек пен аванстардың					
құнсыздануы бойынша резервті есептеу					
Жалгерлікке арналған шығыстар	26 062	0,0	195 153	0,3	648,8
Сақтандыру жөніндегі шығыстар	142 933	0,2	162 712	0,2	13,8
Іссапарлық шығыстар	139 852	0,2	142 206	0,2	1,7
	117 655	0,2	128 203	0,2	9,0
	85 737	0,1	89 330	0,1	4,2
Корпоративтік іс-шаралар	87 349	0,1	81 859	0,1	-6,3

Материалдар					
Тренингтер мен оқыту					
Коммуналдық шығыстар	41 044	0,1	61 408	0,1	49,6
Банк қызмет көрсетулері	38 758	0,1	41 750	0,1	7,7
Күзет қызмет көрсетулері					
	29 658	0,0	33 225	0,0	12,0
Байланыс қызмет көрсетулері	31 193	0,0	31 757	0,0	1,8
	39 955	0,1	23 745	0,0	-40,6
Жөндеуге арналған шығыстар	21 347	0,0	8 303	0,0	-61,1
Ескірген қорларға арналған резервті есептеу/(разервті қалпына келтіру)	146 702	0,2	-217 628	-0,3	-248,3
Басқалар	393 464	0,6	341 966	0,5	-13,1
Барлығы	5 829 446	8,9	6 422 878	8,7	10,2

Компанияның жалпы және әкімшілік шығыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 5 829 446 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 10,2%-ға, 6 422 878 мың теңгеге дейін ұлғаюы негізінен (i) табыс салығынан басқа салықтардың Компания активтерінің ұлғаюына байланысты мүлік салығының өсуі себебі бойынша 56,1%-ға ұлғаюынан және күдікті берешек жөніндегі резервтің "Өзбекэнерго" МАК тарапынан төлемді кешіктіруіне байланысты ("Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражатты" қараңыз) 648,8%-ға, 26062 мың теңгеден 195 153 мың теңгеге дейін және (i) ұлғаюынан болды. Бұл ұлғайту 217 628 мың теңге мөлшерінде ескірген қорлардың бөлігін "Энергоинформ" АҚ-на акцияларды төлеу ретінде пайдалану және қорлар бөлігін (ii) кеңселік жабдықтарды қызметтеу үшін пайдалану себебі бойынша ескірген қорларға арналған резервті қалпына келтірумен ішінара өтелді.

Сату бойынша шығыстар

	31 желтоқсанда аяқталған жыл				
	2012		**2013**		
	(Мың теңге)	**Табыстардың**	**(Мың теңге)**	**Табыстардың**	**% өзг.**

		%		%	
Еңбекақы бойынша шығыстар және еңбекақыға байланысты басқа да аударымдар	161 148	0,2	147 277	0,2	-8,6
Іссапарлық шығыстар	7 437	0,0	7 095	0,0	-4,6
Тозу және амортизация	27	0,0	36	0,0	33,3
Барлығы сату бойынша шығыстар	**168 612**	**0,3**	**154 408**	**0,2**	**-8,4**

Компанияның сату бойынша шығыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 168 612 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 154 408 мың теңгеге дейін 8,4%-ға артты, бұл негізінен қызметтерді сатумен айналысатын жұмыскерлерді өндірістік жұмыскерлер разрядына ауыстыруға байланысты еңбекақы бойынша шығстардың азаюына (13 871 мың теңгеге) байланысты болды.

Негізгі құралдарды қайта бағалаудан залал

2013 ж. 1 қарашадан бастап Компания ҰЭТ ғимараттарын есепке алу әдісін нақты шығындар бойынша есепке алу моделінен қайта бағаланған құн бойынша есепке елу моделіне өзгертті. Бұрын тарихи құн бойынша пайдаланылған есепке алу әдісі ҰЭТ объектілерінің әділ нарықтық құны мен оларды қолдауға арналған шығыстарды жете бағаламады. Негізгі құралдардың әділ құнын бағалау үшін «Делойт ТСФ» ЖШС атынан тәуелсіз бағалаушы тартылды. Шығындық және салыстыру ұстанымдарын пайдалану нәтижесі негізгі құралдар құнының өсуін көрсетті, алайда KEGOC-тың инвестицияланған капиталға нарықтық қайтарымды болжамдайтын экономикалық негіздемелген тарифке көшуінің кідіруіне байланысты негізгі құралдар құнына таратылған экономикалық тозу айқындалды.

Қайта бағалау нәтижесінде басқа да жиынтық табыс құрамына енгізілген кейбір активтерді қайта бағалаудан құн өсімі 138 645 728 мың теңге сомасында және 27 729 146 мың теңге сомасындағы тиісті салықтық міндеттеме, сондай-ақ пайдалар мен залалдар туралы есепке кірген кейбір активтердің құнының 26 807 757 мың теңге сомасында кемуі танылды.

Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс

Компанияның депозиттер, ағымдағы шоттар, облигациялық купондар бойынша пайыздық табыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 1 604 788 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 1 797 051 мың теңгеге дейін 12%-ға артты, бұл қызметтен болған уақытша қолжетімді құралдарға байланысты депозиттік базаның артуынан болды. Сонымен қатар, облигациялар бойынша купондық төлемақылар сомасы 2013ж. 31 наурыздан 2014ж. 30 наурыз аралығында 7,1 пайызға, ал 2012ж. 31 наурыздан 2013ж. 30 наурыз аралығында 6,4 пайызға 2013ж. өсуіне байланысты «Батыстранзит» АҚ облигациялары бойынша купондық төлемақылар көтерілді.

Қаржылық шығыстар

Компанияның қаржылық шығыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 1 991 132 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 2 021 023 мың теңгеге дейін 1,5%-ға артты, бұл негізінен капиталдандырылған пайыздардың 101 701 мың теңгеге кемуі себепті болды. Компания 2013ж. және 2012ж. тиісінше 3,6% мен 4,42% көлемінде капиталдандырудың орташа алынған мөлшерлемесін қолданды. 2013ж. Қарыз қаражаттары бойынша шығындарды капиталдандыру Компанияның мынадай негізгі инвестициялық жобаларымен байланысты болды: «Қазақстан ұлттық электр торабын

жаңғырту, 2-кезең», «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ-тық «Алма» ҚС салу», «220 кВ-тық ОБТҚС – Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру». Компания 2014 жылғы 30 маусымда және тиісінше 2013 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 1,5%-4,2% мен 1,7%-4,3% капиталдандыру мөлшерлемесін қолданды. Бұл арту ЕҚДБ мен ХҚДБ қарыз қаражаттары бойынша пайыздық төлемдер жөніндегі шығыстардың кемуімен (30 654 мың теңгеге); ЕҚДБ қарыз қаражатының пайдаланбаған сомасы үшін комиссияның 50 184 мың теңгеге кемуімен ішінара өтелді. Компания ЕҚДБ қарыз қаражатының пайдаланбаған сомасы үшін жыл сайынғы комиссияны 0,5% және 1% мөлшерлемесі бойынша төлеуге міндеттенеді.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл		
	2012	2013	
	(мың теңге)	(мың теңге)	% өзг.
Басқа да кірістер			
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	58 094	323 953	457,6
Негізгі құралдарды шығарудан түскен кіріс, нетто	-	9 841	н/п
Басқалар	80 689	48 071	-40,4
Барлық басқа кірістер	138 783	381 865	175,2
Басқа да шығыстар			
Негізгі құралдарды шығарудан түскен шығыстар, нетто	-28 177	-	-100,0
Басқалар	-21 246	-13 972	-34,2
Барлық басқа шығыстар	-49 423	-13 972	-71,7

Басқа да табыстар

Компанияның басқа да табыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 138 783 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 381 865 мың теңгеге дейін 175,2%-ға артты. Былайша артуы негізінен «Узбекэнерго» МАК-қа айыппұл шаралары, орындалмаған шарттық міндеттемелер бойынша есептелген табыстарға байланысты.

Басқа да шығыстар

Компанияның басқа да шығыстары 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 49 423 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 13 972 мың теңгеге дейін 71,7%-ға кеміді. 2013 ж. Компанияда негізгі құралдардың сыртқа кетуі жөніндегі шығыстар болған жоқ, ал 2012 ж. шығыстар 28 177 мың теңгені құраған болатын.

Теріс бағамдық айырмашылық, нетто

Компанияның теріс бағамдық айырма неттосы 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 1 806 822 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 2 680 967 мың теңгеге дейін 48,4%-ға артты. Былайша артуы негізінен теңгенің АҚШ доллары мен

еуроға қатысты бағымының әлсіреуімен және бұдан әрі еуро мен АҚШ долларындағы ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарыды қайтадан теріс бағалауға байланысты.

	АҚШ доллары		Еуро	
	2012	**2013**	**2012**	**2013**
31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша	150,7	153,6	199,2	211,2
Жылдық орташа	149,1	152,1	191,7	202,1

Пайда салығы бойынша шығыстар/кірістер

Пайда салығы бойынша шығыстар 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 1 543 797 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 3 188 073 мың теңгеге дейін 306,5%-ға кеміді. Кему негізінен Компанияда негізгі қорларды есепке алу әдісін өзгерту нәтижесіндегі салықтық әсермен байланысты. Нәтижесінде 138 645 728 мың теңге сомасында басқа жиынтық кірісіне кірген кіріс және 27 729 146 мың теңге сомасындағы тиісті салықтық міндеттеме, сондай-ақ 26 807 757 мың теңге сомасындағы жиынтық табыс туралы үйлестірілген табысқа енгізілген кейбір активтер құнының кемуі танылды.

Есептік кезеңдегі залал/пайда

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайдамен салыстырғанда Компания 2013 жылғы 31 желтоқсанда 14 500 274 мың теңге пайда тапты. Жиынтық табыс туралы үйлестірілген табысқа енгізілген қайта бағалаудан болған 26 807 757 мың теңге сомасындағы танылған залал 2013ж. таза табысқа теріс әсер етті, алайда теріс әсер тек қана ақшалай емес сипатта болды.

Пайда салығын шегергендегі есептік мезгіл ішіндегі барлық жиынтық табыс

Есептік кезең ішіндегі барлық жиынтық кіріс 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі 6 941 029 мың теңгеден 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 96 300 730 мың теңгеге дейін 1287,4%-ға артты. Бұл негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде 138 645 728 мың теңге сомасындағы кейбір активтерді қайта бағалау құнның өсуіне байланысты.

EBITDA

Келесі кестеде 2012 жыл және 2013 жыл ішіндегі EBITDA салыстырылады.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл			
	2012	**2013**	**өзг.**	
	(мың теңге)	**(мың теңге)**	**(мың теңге)**	**%**
EBITDA	17 871 308	20 209 138	2 337 830	13,1
EBITDA маржа, %	27,1%	27,4%	н/п	0,6

Компанияның EBITDA 2013 жылы 20 209 138 мың теңгеге тең болды, бұл 2012 жылдан жоғары және 13,1% мөлшерінде өсімді білдіреді. Өзгеріс жоғарыда аталған факторларға

байланысты болды. EBITDA ҚЕХС стандарттарының бірі болмағандықтан, келесі кестеде ҚЕХС-ға сай EBITDA-ның пайдалар мен залалдар туралы есеппен салыстырмасы көрсетілген.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл			
	2012	**2013**	**өзг.**	
	(мың теңге)	**(мың теңге)**	**(мың теңге)**	**(мың теңге)**
Кірістер	65 855 173	73 811 723	7 956 550	12,1
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-49 268 483	-55 574 322	-6 305 839	12,8
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-5 829 446	-6 422 878	-593 432	10,2
Сатып-өткізу жөніндегі шығыстар	-168 612	-154 408	14 204	-8,4
минус амортизация	7 282 676	8 549 023	1 266 347	17,4
EBITDA	**17 871 308**	**20 209 138**	**2 337 830**	**13,1**
EBITDA маржа, %	27,1%	27,4%	н/п	0,6
Басқа да кірістер	138 783	381 865	243 082	175,2
Басқа шығыстар	-49 423	-13 972	35 451	-71,7
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс	-	-26 807 757	-26 807 757	н/п
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен				
облигациялар бойынша кірістер	1 604 788	1 797 051	192 263	12,0
Қаржылық шығыстар	-1 991 132	-2 021 023	-29 891	1,5
Теріс бағамдық айырма, нетто	-1 806 822	-2 680 967	-874 145	48,4
Қауымдасқан компанияның залалындағы үлес	-	-3 659	-3 659	н/п
Пайдаға салық бойынша шығыстар	-1 543 797	3 188 073	4 731 870	-306,5
плюс амортизация	-7 282 676	-8 549 023	-1 266 347	-17,4
Есептік мезгіл ішіндегі пайда/(залал)	**6 941 029**	**-14 500 274**	**-21 441 303**	**-308,9**

2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылғы нәтижелерді 2011ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстыру

Табыстар

	31 жылмен аяқталатын жыл				
	2011 (Мың теңге	**Табыстың**	**2012 (Мың теңге)**	**Табыст**	**% өзг.**

		%		ың %	
Электр энергиясын жеткізу:					
Электр энергиясын жеткізу (жеңілдікке дейінгі)	38 765 735	67,7	43 378 750	65,9	11,9
Жеңілдіктер	-1 145 311	-2,0	-760 550	-1,2	-33,6
Электр энергиясын жеткізу (жеңілдіктен кейін)	37 620 424	65,7	42 618 200	64,7	13,3
Торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну	9 272 079	16,2	10 081 550	15,3	8,7
Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу	4 668 378	8,2	5 269 657	8	12,9
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан болған табыс	2 660 677	4,6	3 575 129	5,4	34,4
Сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс	1 792 182	3,1	2 685 490	4,1	49,8
Басқалар	1 235 777	2,2	1 625 147	2,5	31,5
Негізгі қызметтен түскен жалпы табыс	**57 249 517**	**100,0**	**65 855 173**	**100,0**	**15,0**

Компанияның табысы 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 57.249.517 мың теңгемен салыстырғанда 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 65.855.173 мың теңгеге дейін 15.0.9%-ға артты, бұл негізінен электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерден түскен табыстың 13.3%-ға (немесе жеңілдіктерді қоса алғанда 4.999.777 мың теңгеге) артуы; торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіруден түскен табыстардың 8,7%-ға (немесе 809.471 мың теңгеге) артуы; электр энергиясын өндіруді теңгерімдеу мен тұтынуға қатысы бар табыстың 12,9%-ға (немесе 601.279 мың теңгеге) артуы; электр энергиясы ағынының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыстың 34,4%-ға (немесе 914.452 мың теңгеге); сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыстың 49,8%-ға (немесе 893.308 мың теңгеге) және басқа табыстардың 31,5%-ға (немесе 389.370 мың теңгеге) артуы есебінен артты.

Кестеде Компания шығыстарының талдауы тарифтер/көлемдер бөлігінде көрсетіледі:

		31 желтоқсанға аяқталған жыл		
		2011	2012	% өзг.
Электр энергиясын жеткізу				
Электр энергиясын жеткізуден болған табыс	мың теңге	37 620 424	42 618 200	13,3
Электр энергиясын жеткізу көлемі	мың кВтсағ.	41 042 197	43 487 097	6,0
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,940[1]	0,953[2]	1,4
Орташа тариф (жеңілдікті қоса алғанда)	теңге/кВтсағ.	0,945[3]	0,998[4]	5,6
Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер				
Техникалық диспетчерлендіруден болған табыстар	мың теңге	9 272 079	10 081 550	8,7
Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызмет көлемі	мың кВтсағ.	80 812 246	83 511 655	3,3
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,118[1]	0,128[2]	8,5
Орташа тариф	теңге/кВтсағ.	0,115[3]	0,121[4]	5,2

Электр энергиясын өндіру мен тқтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер				
Электр энергиясын өндіру және тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі қызметтен болған табыстар	мың теңге	4 668 378	5 269 657	12,9
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан болған табыс	мың теңге	2 660 677	3 575 129	34,4
Электр энергиясын өндіру және тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі қызметтер көлемі	мың кВтсағ.	145 886 823	152 908 895	4,8
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясының көлемі	мың кВтсағ.	983 464	1 201 141	22,1
Бекітілген тариф	теңге/кВтсағ.	0,032[1]	0,041[2]	28,1
Орташа тариф	теңге/кВтсағ.	0,032[3]	0,034[4]	7,7

1-ескерту: 2010 жылғы 1 тамыздан басталатын қолданыстағы бекітілген тариф.
2--ескерту: 2011 жылғы 1 қыркүйектен басталатын қолданыстағы бекітілген тариф.
3--ескерту: 2011 жылы орташа тариф.
4-ескерту: 2012 жылы орташа тариф.

Электр энергиясын жеткізу

Компанияның электр энергиясын жеткізуден болған табыстары 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 37 620 424 мың теңгеден 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 42 618 200 мың теңгеге 13.3%-ға артты, бұл негізінен көрсетілген қызметтер көлемінің 6,0%-ға артуы есебінен, 41.042.2 млн. кВтсағаттан 43.487.1 млн. кВтсағатқа дейінгі көлемінің артуына, сондай-ақ орташа тарифтің 0,945 теңге/кВтсағаттан 0,998 теңге/кВтсағатқа дейін көтерілуіне байланысты болды.

Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер

Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіруден болған табыс 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 9 272 079 мың теңгеден бастап 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 10 081 550 мың теңгеге дейін артты. Бұл негізінен техникалық диспетчерлендіру қызметі көлемінің 3.3%-ға (2.699.4 млн. кВтс) артуына, сондай-ақ тарифтің 0,115 теңге/кВтсағаттан 0,121 теңге/кВтсағатқа дейін көтерілуіне байланысты болды.

Қызмет көлемінің негізгі өсуі энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндірудің артуына, сондай-ақ Қазақстанның көтерме сауда нарығында электр энергиясын тұтынудың артуына байланысты.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі қызметтер

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметіне қатысты табыс 2011 жылға 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 4 668 378 мың теңгеден 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 5 269 657 мың теңгеге дейін 12.9%-ға өсті, бұл негізінен (i) электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметінің 145 886,8 млн. кВтсағ. бастап 152 908,9 млн. кВтсағ. дейін 4,8%-ға артуына; (ii) орташа тарифтің 0,032 теңге/кВтсағаттан бастап 0,034 теңге/кВтсағатқа көтерілуіне байланысты болды.

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыстар

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын сатудан болған табыс 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 2 660 677 мың теңгеден бастап 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 3 575 129 мың теңгеге дейін 34,4%-ға артты, бұл негізінен электр энергиясының нақты жеткізілімінің 983,5 млн кВтсағ. бастап 1 201,1 млн. кВтсағатқа дейін 22,1%-ға өсуімен байланысты болды.

Сатымдық электр энергиясын сатудан түскен табыс

Сатымдық электр энергиясын сатудан болған табыс 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 1 792 182 мың теңгеден бастап 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 2 685 490 мың теңгеге дейін артты, бұл негізінен жеткізу көлемінің 318,0 млн. кВтсағ. бастап 459,6 млн. кВтсағ. дейін артуы себепті.

Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

	31 желтоқсанмен аяқталған жыл				
	2011		**2012**		
	(мың теңге)	**табысталардың %**	**(мың теңге)**	**табысталардың %**	**% өзг.**
Электр энергиясының технологиялық шығысы	14 180 057	24,8	16 799 998	25,5	18,5
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі шығыстар	5 683 975	9,9	8 438 372	12,8	48,5
Еңбек ақы төлеу бойынша шығыстар және еңбек ақы төлеумен байланысты басқа да аударымдар	7 136 713	12,5	7 856 799	11,9	10,1
Тозу және амортизация	7 231 004	12,6	6 987 329	10,6	-3,4
Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар	2 738 120	4,8	3 311 764	5,0	21,0
Сатымдық электр энергиясының өзіндік құны	1 780 096	3,1	2 611 281	4,0	46,7
Қорлар	854 298	1,5	990 561	1,5	16,0
Тараптық ұйымдардың күзетуі бойынша шығыстар	802 415	1,4	863 366	1,3	7,6
Басқадай	1 045 270	1,8	1 409 013	2,1	34,8
Барлығы өзіндік құн	**41 451 948**	**72,4**	**49 268 483**	**74,8**	**18,9**

Компания көрсеткен қызметтердің өзіндік құны 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 41.451.948 мың теңгеден 2012 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 49.268.483 мың теңгеге дейін 18,9%-ға өсті, бұл негізінен 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы (i) жеткізілген электр энергиясы көлемінің 5,8%-ға артуы себепті электр энергиясының технологиялық шығыстарының 18,5%-ға артуы және "Екібастұз ГРЭС-1" ЖШС мен "Екібастұз ГРЭС-2 станциялары" АҚ-да (2011 жылы 5,6 тенге/кВтс бастап 2012 жылы 6.5 тенге/кВт дейін) және "МАЭК Қазатомөнеркәсіп" ЖШС (2011 жылы 7,23 тенге/кВтс бастап 2012 жылы 9,54 тенге/кВтс дейін) сатымдық бағасының өсуі; (ii) Ресей-Қазақстан шекарасында электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу шығыстарының 2011 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жылғы 5.683.975 мың теңгеден 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 8.438.372 мың теңгеге дейін 2.754.397 мың теңгеге артуына, негізінен сатып алу көлемі мен 5,86 тенге/кВтс бастап 7,03 теңге/кВтс дейін нақты орташа құнның артуына (231.3 млн. кВтсағатқа) байланысты.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

	31 желтоқсанда аяқталған жыл				
	2011		2012		
	(мың теңге)	табыс %	(мың теңге)	табыс %	өзг. %
Еңбек ақы төлеу бойынша шығыстар және еңбек ақы төлеуге байланысты басқа да басқа да аударымдар	2 340 920	4,1	2 510 533	3,8	7,2
Табыс салығынан басқа салықтар	1 739 148	3,0	1 285 472	2,0	-26,1
Тозу және амортизация	319 031	0,6	290 272	0,4	-9,0
Консультациялық қызметтер	242 507	0,4	223 765	0,3	-7,7
Демеушілік	309 145	0,5	177 695	0,3	-42,5
Ескірген қорларға резервтер есептеу	-	-	146 702	0,2	н/п
Жалдау шығыстар	134 842	0,2	142 933	0,2	6,0
Сақтандыру шығыстары	106 416	0,2	139 852	0,2	31,4
Іссапар шығыстары	84 518	0,1	117 655	0,2	39,2
Материалдар	101 775	0,2	87 349	0,1	-14,2
Корпоративтік іс-шаралар	76 288	0,1	85 737	0,1	12,4
Тренингтер мен оқулар	29 737	0,1	41 044	0,1	38,0
Байланыс қызметтері	39 098	0,1	39 955	0,1	2,2
Коммуналдық шығыстар	38 246	0,1	38 758	0,1	1,3
Күзет қызметтері	28 430	0,0	31 193	0,0	9,7
банк қызметтері	52 817	0,1	29 658	0,0	-43,8
Күмәнді берешектер мен аванстардың құнсыздануы бойынша резервтер есептеу	-68 726	-0,1	26 062	0,0	-137,9
Жөндеу шығыстары	27 515	0,0	21 347	0,0	-22,4
Басқадай	374 686	0,7	393 464	0,6	5,1
Барлығы	**5 976 393**	**10,4**	**5 829 446**	**8,9**	**-2,5**

Компанияның жалпы және әкімшілік шығыстары 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 5.976.393 мың теңгеден 2012 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 5.829.446 мың теңгеге дейін 2,5%-ға өсті, бұл негізінен (i) табыс салығынан басқа, салықтардың 26,1% кемуі себепті, бұл негізінен нормативтік технологиялық ысыраптан тыс ҚҚС болмауына (248.366 мың теңге) және корпоративтік табыс салығына байланысты айыппұлдар мен өсімпұлдардың 209.227 мың теңгеге азаюына байланысты; (ii) 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы қайырымдылық қолдауды (131.450 мың теңгеге) кеміту нәтижесінде демеушілік шығындардың 42,5%-ға кемуіне байланысты болды. Мұндай кему жалақының (i) 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақының өсуі себепті әкімшілік қызметкерлерге еңбек ақы төлеу шығыстарының өсуімен; (ii) ескірген қорларға арналған резервті жасауға қойылатын тәсілдерді өзгерту нәтижесінде ескірген қорлар резервін 146.702 мың теңге мөлшерінде есептеумен ("Батыс ЖЭТ" филиалының қызметкерлері үшін - 15%, KEGOC Астана және Алматы қ. филиалдары үшін – 10%, қалғандары – 7%); сыйақы төлемдерінің 2011ж. айлық ақының 170% бастап 2012ж. айлық ақының 200% дейін артуына және 2011ж. нәтижелері бойынша Компания басшылығына сыйақы төлеумен; (ii) ескірген қорларға резервтер құруға қолданылатын тәсілдердің өзгеруі нәтижесінде 146 702 мың теңге мөлшерінде ескірген қорларға резервтер есептеуге (2012 жылға дейін Компания сақтау мерзімі 1 жылдан астам барлық қорларға резервтер құрды, бірақ тек қандай элементтері қалпына келтірілуі мүмкін екенін айқындайтын арнайы комиссия қарағаннан кейін ғана). Инспекциялық рәсім күрделі болуы және көп уақытты талап етуі себепті сақтау мерзімі 1 жылдан астам барлық қорларға резервтер құру туралы шешім қабылдады.

Сату бойынша шығыстар

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл				
	2011		2012		
	(Мың теңге)	табыс %	(Мың теңге)	табыс %	өзг %
Еңбек ақы төлеу шығыстары және еңбек ақы төлеуге байланысты басқа аударымдар	151 282	0,3	161 148	0,2	6,5
Іссапар шығыстары	3 971	0,0	7 437	0,0	87,3
Тозу және амортизациялау	76	0,0	27	0,0	-64,5
Басқалар	813	0,0	-	-	-100,0
Іске асыру жөніндегі барлық шығыстар	**156 142**	**0,3**	**168 612**	**0,3**	**8,0**

Компанияның іске асыру шығыстары 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 156.142 мың теңгеден 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 168.612 мың теңгеге дейін 8,0%-ға артты, ол 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақының өсуіне байланысты ("Батыс ЖЭТ" филиалы үшін - 15%, KEGOC АҚ Астана және Алматы қаласындағы филиалдары үшін – 10%, қалғандары үшін – 7%), 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы еңбек ақы шығыстарының өсуі себепті (9.866 мың теңге), 2011 жылы айлық ақыдан сыйақы төлемдерінің 170%-дан 2012 жылы 200%-ға дейін өсуіне байланысты болды.

Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялық купондар бойынша пайыздық табыс

Компанияның Депозиттер, ағымдағы шоттар мен облигациялық купондар жөніндегі пайыздық табысы 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 1.699.050 мың теңгеден бастап 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 1.604. 788 мың теңгеге дейін, 5.5 %-ға кеміді, ол ең алдымен «Батыс-Транзит» АҚ облигациялары бойынша куппондық төлемдердің кемуінен болды, бұл 2011 жылғы 31 наурыздан бастап 2012 жылғы 30 наурызға дейінгі кезеңде 8,6%-дан 2012 жылғы 31 наурыздан бастап 2013 жылғы 30 наурызға дейінгі кезеңде 6,4%-ға дейін кемуінен болды.

Қаржылық шығыстар

Компанияның қаржылық шығыстары 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 2.457.956 мың теңгеден 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 1.991.132 мың теңгегеге дейін 19%-ға кеміді, бұл негізінен 2012 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 1.149.583 мың теңгемен салыстырғанда 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 566.835 мың теңгеден 102,8%-ға капиталдандырылатын пайыздардың өсуі себепті болды. Компания 2011 және 2012 жылдары тиісінше 4,84% және 4,42% мөлшерінде капиталдандыру мөлшерлемесін қолданды. 2012 жылы қарыз қаражаттары бойынша капиталдандыру Компанияның «Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең», «Кернеуі 500, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын Алма ҚС-ны салу», «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру» негізгі инвестициялық жобаларына байланысты.

	31 желтоқсанда аяқталатын жыл		
	2011	2012	
	(мың теңге)	(мыңс теңге)	өзг. %
Басқадай табыстар			
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	123 720	58 094	-53,0
Басқадай	612 755	80 689	-86,8
Барлығы басқадай табыстар	**736 475**	**138 783**	**-81,2**

Басқадай шығыстар

Сатылған негізгі құралдардың өзіндік құны	-40 819	-28 177	-31,0
Басқалары	-208 289	-21 246	-89,8
Барлығы басқадай шығыстар	**-249 108**	**-49 423**	**-80,2**

Басқадай табыстар

Компанияның басқадай табыстары 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылғы 736,475 мың теңгеден 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылғы 138,783 мың теңгеге дейін 81.2%-ға азайды. Бұл азаю ең бастысы 2012 жылы негізгі құралдардың тегін келіп түсіуне байланысты табыстардың болмауымен (2011ж. - 380,845 мың теңге), 2012 жылы сол және тура сол күнгі валюталардың әр түрлі екі бағамын қолданудан болған табыстың 5,052 мың теңге мөлшеріндегі сомасын бағамдық айырмашылық бойынша табыстарға/(залалдарға) көшірумен (2011ж. 77,355 мың теңге сомасындағы сол және тура сол күнге валютаның әр түрлі екі бағамдарын қолданудан түскен табыстар материалдық емес болуы себепті бағамдық айырмашылық бойынша табыстарға/(залалдарға) көшірілмеді), сонымен қатар 2012 жылы сатылған негізгі құралдардың өзіндік құнына 37,615 мың теңге сомасындағы негізгі құралдарды (аяқталмаған құрылысты) сатудан және олардың істен шығуынан болған табыстарды жатқызумен байланысты болды.

Басқадай шығыстар

Компанияның басқадай шығыстары 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 249,108 мың теңгеден 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 49,423 мың теңгеге дейін 80.2%-ға азайды. Азаю негізінен 2012 жылы бағамдыық айырмашыылық бойынша табыстарға/(шығыстарға) сол және тура сол күнге валютаның әр түрлі екі бағамдарын қолданудан болған шығыстар сомасын (63,033 мың теңге) көшіруге байланысты болды. 2011 жылы 173,049 мың теңге мөлшеріндегі сол және тура сол күнге валютаның әр түрлі екі бағамдарын қолданудан болған шығыстар материалдық емес болуы себепті бағамдық айырмашылық бойынша табыстарға/(залалдарға) жатқызылмады.

Оң/(теріс) бағамдық айырмашылық

Компанияның оң/(теріс) бағамдық айырмашылық неттосы 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 1,306,839 мың теңгемен салыстырғанда 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 3,113,661 мың теңгеге азайды. Бұл азаю ең бастысы АҚШ долларына және еуроға шаққанда теңге бағамының түсуімен және Компанияның валюталық қарыздарын теріс қайта бағалаумен байланысты болды.

	АҚШ доллары		**Еуро**	
	2011	**2012**	**2011**	**2012**
31 желтоқсандағы жай-күй бойынша	148,4	150,7	191,7	199,2
Бір жылдағы орташа	146,6	149,1	204,2	191,7

Табыс салығы бойынша шығыстар

Табыс салығы бойынша шығыстар 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 2,878,089 мың теңгеден 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 1,543,797 мың теңгеге дейін

46.4%-ға азайды. Бұл азаю негізінен (i) салық салғанға дейінгі пайданың 2011 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жылғы 10,700,334 мың теңгеден бастап 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 8,484,826 мың теңгеге дейін азаюына; (ii) 2012 жылы 2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қосымша салық декларациясын өткізуге; (ii) салықтық пайданы есептеген кезде шегерімге алынбаған нормативтен тыс ысыраптар бойынша шығыстардың болмауына байланысты.

Есептік кезеңдегі пайда

Жоғарыда көрсетілген факторлардың нәтижесінде Компанияның пайдасы 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 7.882.245 мың теңгемен салыстырғанда 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылғы 6.941.029 мың теңгеге дейін 11.3%-ға азайды.

Барлығы пайда салығын шегергенде есептік кезеңдегі жиынтық табыс

Компанияның есептік кезеңдегі жалпы жиынтық табысы 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы 7.822.078 мың теңгемен салыстырғанда 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 6.941.029 мың теңгеге дейін 11.3%-ға азайды.

EBITDA

Келесі кестеде 2011 және 2012 жылдардағы EBITDA салыстырылады

	31 жылмен аяқталатын жыл			
	2011	**2012**	**өзг.**	**% өзг.**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**%**
EBITDA	17 225 413	17 871 308	645 895	3,7
EBITDA маржа, %	30,1%	27,1%	н/п	-3,0

EBITDA Компанияда 2013 жылы 871 308 мың теңгеге теңестірілді, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 645 895 мың теңгеге артық және 3,7% мөлшерінде өскенін білдіреді. Өзгеріс жоғарыда көрсетілген факторларға байланысты болды. EBITDA ҚЕХС стандарттарының бөлігі болып табылмағандықтан келесі кестеде EBITDA-ның ҚЕХС сай пайдалары мен залалдары туралы есеппен салыстырмасы берілген.

	31 желтоқсанмен аяқталған жыл			
	2011	**2012**	**изм.**	
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**%**
Табыстар	57 249 517	65 855 173	8 605 656	15,0
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-41 451 948	-49 268 483	-7 816 535	18,9
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-5 976 393	-5 829 446	146 947	-2,5
Сату бойынша шығыстар	-156 142	-168 612	-12 470	8,0
минус амортизация	7 560 379	7 282 676	-277 703	-3,7
EBITDA	**17 225 413**	**17 871 308**	**645 895**	**3,7**
EBITDA маржа. %	30,1%	27,1%	н/п	-3,0

Басқадай табыстар	736 475	138 783	-597 692	-81,2
Басқадай шығыстар	-249 108	-49 423	199 685	-80,2
Депозиттер, ағымдағы шоттар және облигациялар бойынша пайыздық табыс	1 699 050	1 604 788	-94 262	-5,5
Қаржылық шығыстар	-2 457 956	-1 991 132	466 824	-19,0
Оң / (теріс) бағамдық айырмашылық, нетто	1 306 839	-1 806 822	-3 113 661	-238,3
Пайда салығы бойынша шығыстар	-2 878 089	-1 543 797	1 334 292	-46,4
Плюс тозу және амортизация	-7 560 379	-7 282 676	277 703	3,7
Есептік кезеңдегі пайда	**7 822 245**	**6 941 029**	**-881 216**	**-11,3**

Өтімділік және капитал көздері

Компания айналым капиталын қамтамасыз ету және капиталға деген сұраныстарды қаржыландыру үшін ішкі және басқа сыртқы өтімділік көздеріне тәуелді. Компания өз тарихында капиталдық шығындарды жеке қаражаты, Үкіметтің жарғылық капиталға құйған қаражаты мен борышқорлық қаржыландыру есебінен қарыз қаражаттарын алу жолымен қаржыландырады. 2014 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша Компанияның ақшалай қаражаты және олардың эквиваленті 18 213 201 мың теңге мөлшерінде болды. 2014 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша Компанияға оны бөлу жөнінде міндеттеме берілген болатын, бірақ шамамен 3 024 032 теңге мөлшеріндегі күрделі қаржыға деген сұранысты жабу үшін кредиттік қаржылар пайдаланылмады.

Компания өзінің ағымдағы қызметі мен таяудағы 18 айға арналған күрделі қаржы салымдары бағдарламаларын қаржыландыру үшін өзіндегі ақшалай қаражаттар мен қарыз қаражаттарының жеткілікті екендігіне сенімді. Алдағы уақытта Компанияға өзінің күрделі қаржы салымдары бағдарламаларын іске асыру үшін борыштық және/немесе үлестік қаржыландыру қажет болады. Аталған қаржыландыруға қол жеткізу нарықтың талаптары мен мемлекеттік реттеуді қоса алғанда, бірқатар факторларға тәуелді. Қосымша акциялардың шығарылымы есебінен қаржыландырылған жағдайда сіздің қатысу үлесіңіз кеміп кетуі мүмкін. Толығырақ ақпаратты «Тәуекелдік факторлары» бөлімінен қараңыз.

Ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			**2014ж. 30 маусыммен аяқталатын 6 ай ішінде**	
	2011	**2012**	**2013**	**2013**	**2014**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
Операциялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражаттар	17 536 699	14 664 826	14 458 324	9 849 809	5 839 389
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай ағындар	- 35 010 726	-19 276 465	-17 999 863	-7 358 328	-7 034 090

Қаржы қызметінен түскен таза ақшалай ағындар	21 595 473	3 127 659	6 988 560	1 000 888	6 915 157
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері	9 543 637	8 044 502	11 727 555	11 583 872	18 213 201

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай ағындар

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттар сауда-саттық түсімінің азаюынан 2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда 9 849 809 мың теңгеден бастап 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда 5 839 389 мың теңгеге дейін, 40,7-ға кеміді. Сонымен бірінші жарты жылдықта электр энергиясын жеткізу көлемі 2013 ж. ұқсас кезеңімен салыстырғанда 13,2-ға кеміді (немесе 2,8 млрд. кВс.), бұл ресей электр энергиясы транзитінің төмендеуіне (2,3 млрд. кВс-ға немесе 70-%ға), сондай-ақ Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығының субъектілері үшін жеткізу көлемінің төмендеуіне (0,5 млрд. кВс-ға немесе 3%-ға) байланысты болды, соның ішінде:

• «Қазмырыш» - 309,67 млн кВтс-ға (26,8%);

• «АрселорМиттал Теміртау» АҚ - 268,42 млн кВтс-ға (40,4%);

• «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ - 179,92 млн кВтс-ға (56,1%);

• «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС - 93,76 млнкВтс-ға (36,3%).

Сауда кредиторлық берешек 2013 жылдың 30 маусымында аяқталған жай-күй бойынша 10 549 954 мың теңгеден 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда 10 536 211 мың теңгеге дейін 0,13 %-ға немесе 13 743 мың теңгеге кеміді. Бұл ең алдымен, ортақ қаржыландыру есебінен орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін Kerneu Limited ЖШС алдындағы берешектің кемуі салдарынан болды. 2013 және 2014 жылдардағы 30 маусымдағы жай-күй бойынша Компанияда мынадай компаниялар алдындағы сауда және басқа кредиторлық берешек болды:

Компания	**Қызметтер**	**2013 ж. 30 мау-сым**	**Үле-сі**	**2014 ж. 30 мау-сым**	**Үлесі**	**Өзг.**
		(Мың теңге)	**%**	**(Мың теңге)**	**%**	**%**
KEC International Ltd	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	3 154 339	29,9	2 845 192	27,0	-9,8
Korea Electric Power Corporation	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	128 897	1,2	1 715 896	16,3	1 231,2
"ИНТЕР РАО ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	512 279	4,9	1 473 096	14,0	187,6
"Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" АҚ	Электр энергиясын сатып алу	926 852	8,8	860	12,0	36,40
"Сәтті жол" ЖШС	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	1 651 319	5,7	-1,0	-	-93,4
"Kerneu Limited" ЖШС	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар	1 538 059	561	3		10060

	мен қызметтер					
Басқалар	н/п	3 638 207	34,45	3 132 633	29,7	13,9
		10 549 954	**100,0**	**10 536 211**	**100,0**	**0,1**

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттардың кемуі сауда дебиторлық берешектің ұлғаюына байланысты болды. Бұл «Өзбекэнерго» МАК-тың тарапынан дебиторлық берешектің 11 046 485 мың теңгеге немесе қуатты реттеу қызметін сатып алғаны үшін өсті. 2013 және 2014 жылдардағы 30 маусымдағы жай-күй бойынша Компанияда төмендегі компаниялар тарапынан мынадай дебиторлық берешегі болды:

Компания	**Қызметтер**	**2013 ж. 30 маусым**	**Үлесі**	**2014 ж. 30 маусым**	**Үлесі**	**Өзг.**
		(Мың теңге)	**%**	**(Мың теңге)**	**%**	**%**
"Өзбекэнерго" МАК	Электр энергиясын сатып алу және қуатты реттеу	1 666 063	45,1	12 734 830	78,5	664,4
"ИНТЕР РАО ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	657 068	17,8	791 738	4,9	20,5
"ФСК ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын жеткізу	432 076	11,7	393 843	2,4	-8,8
"Шығысэнерго-трэйд" ЖШС	Электр энергиясын жеткізу	177	0,0	35 519	0,2	19 967,2
Басқалар	н/п	939 424	25,4	787	14,1	144,2
		3 694 808	**100,0**	**16 227 435**	**100,0**	**339,2**

*Жиынтық сомасы резервті есепке алмай көрсетілді

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттар 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 14 664 826 мың теңгеден бастап 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 14 458 324 мың теңгеге дейін 1,4%-ға сауда-саттық түсімінің кемуінен азайды.

Сауда және басқа кредиторлық берешек 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 11 348 499 мың теңгеден бастап 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы 14 713 802 мың теңгеге дейін 29,7%-ға өсті. Бұл ең алдымен жабдықтар жеткізу мен орнатылған жұмыстар үшін KEC International Ltd алдындағы және күрделі мынадай: «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2 кезең», «Кернеуі 500, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ «Алма» ҚС-ны салу», «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ын қайта құру» жобаларға жатқызылған жұмыстар мен қызметтер үшін "Korea Electric Power Corporation (KEPCO) алдындағы сауда және басқа кредиторлық берешектің айтарлықтай өсуі нәтижесінде болды. Бұл «Кернеуі 500, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ «Алма» ҚС-ны салу» жобасы шеңберінде жабдықтарды жеткізу мен жұмыстарды орындағаны үшін «Сәтті жол» ЖШС алдындағы кредиторлық берешектің 77%-ға кемуімен ішінара өтелді. Өсу сондай-ақ Бұл ортақ қаржыландыру қаражаты есебінен жабдықтарды жеткізгені және жұмыстарды орындағаны үшін "Сәтті - Жол" Компаниясы» ЖШС алдындағы кредиторлық берешектің 77%-ға кемуімен және ортақ қаржыландыру қаражаты есебінен орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін «Kerneu Limited «ЖШС алдындағы кредиторлық берешектің 99% -ға кемуі есебінен ішінара өтелді. 2012 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның төмендегі компаниялар алындағы сауда және дебиторлық берешегі болды:

Компания	Қызметтер	2012ж. 31 желтоқсан	Үлесі	2013ж. 31 желтоқсан	Үлесі	Өзг.
		(мың теңге)	%	(Мың теңге)	%	%
KEC International Ltd	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	3 681 786	32,4	4 750 036	32,3	29,0
Korea Electric Power Corporation	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	593 358	5,2	3 239 577	22,0	446,0
"Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" АҚ	Электр энергиясын сатып алу	638 048	5,6	771 080	5,2	20,8
«ИНТЕР РАО ЕЭС» ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	1 060 755	9,3	650 230	4,4	-38,7
"Сәтті жол" ЖШС	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	2 166 972	19,1	508 630	3,5	-76,5
ТОО "Kerneu Limited	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	613 886	5,4	8 069	0,1	-98,7
Басқалар	н/п	2 593 694	22,9	4 786 180	32,5	84,5
		11 348 499	**100,0**	**14 713 802**	**100,0**	**29,7**

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттардың кемуі сондай-ақ сауда дебиторлық берешектің ұлғаюына байланысты болды. Бұл ең алдымен «Өзбекэнерго» МАК-тың тарапынан дебиторлық берешектің электр энергиясын сатып алу және қуатты ретттеу қызметі үшін 410,5%-ға ұлғаюы болды. 2012 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияға төмендегі компаниялар тарапынан мынадай дебиторлық берешегі болды:

Компания	Қызметтер	2012ж. 31 желтоқсан	Үлесі	2013ж. 31 желтоқсан	Үлесі	Өзг.
		(Мың теңге)	%	(Мың теңге)	%	%
"Өзбекэнерго" МАК	Электр энергиясын сатып алу және қуатты реттеу	1 144 155	24,8	5 823 498	62,0	409,5
"ФСК ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	1 426 683	30,9	565 873	6,0	-60,3
"ИНТЕР РАО ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	517 456	11,2	527 532	5,6	1,9
"Шығысэнерготрэйд" ЖШС	Электр энергиясын жеткізу	155 110	3,4	38 205	0,4	-75,4
Басқалар	н/п	1 367 053	29,7	2 439 604	26,0	78,5
		4 610	**100,0**	**9 394**	**100,0**	**103,8**

	457	**712**

** Жиынтық сомалары резервті есепке алмай көрсетілді*

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттар бұл негізінен сауда және басқа кредиторлық берешектің ұлғаюынан 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 17 536 699 мың теңгегеден бастап 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 14 664 826 мың теңгеге дейін, 16,4%-ға кеміді. Сауда және басқа кредиторлық берешек 2011 жылғы 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 10 220 047 мың теңгеден бастап 2012 жылғы 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 11 348 499 мың теңгеге дейін 11%-ға ұлғайды. Бұл ең алдымен мынадай: «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2 кезең», «Кернеуі 500, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ «Алма» ҚС-ны салу», «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ын қайта құру» күрделі жобаларға байланысты жабдықтарды жеткізгені және орнату жұмыстары үшін «KEC International Ltd» алдындағы сауда және басқа кредиторлық берешектің айтарлықтай өсуінің салдары болды. Бұл электр энергиясын сатып алғаны үшін «ИНТЕР РАО ЕЭС» ААҚ алдындағы кредиторлық берешектің 65,6%-ға кемуімен ішінара өтелді. 2012 және 2011 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның төмендегі компаниялар алдындағы сауда және кредиторлық берешегі мынадай болды:

Компания	**Қызметтер**	**2011 ж. 31 жел-тоқсан**	**Үлесі**	**2012 ж. 31 жел-тоқсан**	**Үлесі**	**Өзг.**
		(Мың теңге)	**%**	**(Мың теңге)**	**%**	**%**
«KEC International Ltd»	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	499 840	4,9	3 681 786	32,4	636,6
" Сәтті жол" ЖШС	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	1 488 848	14,6	2 166 972	19,1	45,5
"ИНТЕР РАО ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	3 087 734	30,2	1 060 755	9,3	-65,6
"Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" АҚ	Электр энергиясын сатып алу	1 318 765	12,9	638 048	5,6	- 51,6
"Kerneu Limited" ЖШС	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	992 774	9,7	613 886	5,4	-38,2
«Korea Electric Power Corporation»	Негізгі құралдар мен жабдықтарға байланысты жұмыстар мен қызметтер	1 579 178	15,5	593 358	5,2	- 62,4
Басқалар	н/п	1 252 908	12,5	2 593 694	22,9	107,0
		10 220 047	**100,0**	**11 348 499**	**100,0**	**11,0**

Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттардың кемуі «Өзбекэнерго» МАК-тың тарапынан дебиторлық берешектің электр энергиясын сатып алу және қуатты ретттеу қызметі үшін 59,5%-ға кемуімен ішінара өтелді. 2012 және 2011 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияға төмендегі компаниялар тарапынан мынадай дебиторлық берешегі болды:

Компания	Қызметтер	2011 ж. 31 жел-тоқсан	Үлесі	2012 ж. 31 жел-тоқсан	Үлесі	Өзг.
		(Мың теңге)	%	(Мың теңге)	%	%
"ФСК ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	524 347	10,5	1 426 683	30,9	172,1
"Өзбекэнерго" МАК	Электр энергиясын сатып алу және қуатты реттеу	2 824 835	56,2	1 144 155	24,8	59,5
"ИНТЕР РАО ЕЭС" ААҚ	Электр энергиясын сатып алу	65 700	1,3	517 456	11,2	687,6
"Шығысэнерготрэйд" ЖШС	Электр энергиясын сатып алу	392 546	7,8	155 110	3,4	60,5
Басқалар	н/п	1 219 717	24,3	1 367 054	29,7	12,1
		5 026 659	**100,0**	**4 610 458**	**100,0**	**-8,1**

** Жиынтық сомалары резервті есепке алмастан көрсетілді*

2014 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек сауда дебиторлық берешектің жалпы сомасының 70,3%-ын (9 202 790 мың теңге) құрады, сонда 2013 ж., 30 желтоқсанына, 2012 ж., 31 желтоқсанына және 2011 ж., 31 желтоқсанына ол тиісінше 5,5%, 9,2% және 7,0% (463 404 мың теңге, 362 515 мың теңге және 302 878 мың теңге) болды.

мың теңге			**Мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсызданбаған**		
	Барлығы	**Мерзімі өтіп кеткен, бірақ құнсызданбаған**	**30-90 күн**	**91-180 күн**	**180 күннен астам**
2014 ж. маусым	13 093 000	3 890 210	5 298 114	2 665 974	1 238 702
2013 ж. 30 желтоқсан	8 501 318	8 037 914	160 121	2 731	300 552
2012 ж. 30 желтоқсан	3 944 197	3 581 682	300 398	8 720	53 397
2011 ж. 30 желтоқсан	4 357 098	4 054 220	244 514	16 363	42 001

Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақшалай ағындар

Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақшалай ағындар 2013ж. 30 маусымда аяқталған алты айда 7 358 328 мың теңгеден бастап 2014 ж. 30 маусымда аяқталатын алты айда 4,4%-ға 7 034 090 мың теңгеге дейін қысқарды, бұл негізінен Компания депозиттік шоттарын 32,6%-ға (немесе 3 056 576 мың теңге) толықтырды, 2013 ж. 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегіден кем, ақшалай қаражаттарды алу 36,9%-ға (немесе 2 857 697 мың теңге) артығымен жүргізілді. Аталған өсу негізгі құралдарды сатып алуға 93,6%-ға (немесе 5 354 792 мың теңге) және балалар бақшасын салуға 202 522 мың теңгеге шығындардың ұлғаюымен өтелді.

Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақшалай ағындар 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы депозиттік шоттардан алынған ақшалай қаражаттар мөлшерінің өсуі салдарынан 2012 жылғы 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 19 276 465 мың теңгеден 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 17 999 863 мың теңгеге дейін, 6,6%-ға қысқарды.

Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақшалай ағындар негізінен 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы сатып алынған негізгі құралдардың құнын төмендету салдарынан 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 35,010,626 мың теңгеден 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 19,276,465 мың теңгеге дейін, 44,9%-ға қысқарды.

Қаржы қызметінен түскен таза ақшалай ағындар

Қаржы қызметінен алынған таза ақшалай ағындар таңдап алынған кредиттік қаражаттар көлемінің ұлғаюы нәтижесінде (2013 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 2014 ж. бірінші жарты жылдығында 5 519 192 мың теңгеге көп) 2013 жылдың 30 маусымында аяқталатын алты айда 1 000 888 мың теңгеден бастап 2014 жылдың 30 маусымында аяқталатын алты айда 6 915 157 мың теңгеге дейін 7 есеге артты.

Қаржы қызметінен алынған таза ақшалай ағындар таңдап алынған кредиттік қаражаттар көлемінің ұлғаюы нәтижесінде (2012 жылмен салыстырғанда 2013 ж. 6 362 465 мың теңгеге көп) 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 3 127 659 мың теңгемен салыстырғанда 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 6 988 560 мың теңгеге дейін 123,4%-ға өсті.

Қаржы қызметінен алынған таза ақшалай ағындар ең алдымен таңдап алынған кредиттік қаражаттардың аз көлемі (2011 жылға қарағанда 2012 жылы 37 542 974 мың теңгеге аз) нәтижесінде 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдағы 21 595 473 мың теңгемен салыстырғанда 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 3 127 629 мың теңгеге дейін, 85.5%-ға қысқарды.

Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері

Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттеріне банк шоттарындағы ақшалай қаражаттар, кассадағы қолма-қол қаржы мен бастапқы мерзімі кемінде 3 (үш) айда қайтарылатын қысқа мерзімді депозиттер кіреді және Компанияның қызметі үшін қол жетімді қолма-қол ақшаны білдіреді.

Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері негізінен банктердің шетел валютасындағы есеп айырысу шоттарында ақшалай қаражаттардың өсуі себепті, «Банк-ЦентрКредит» АҚ - 3 000 000 мың теңге және «RBK Bank» - 500 000 мың теңге депозиттік шоттар бойынша сомалардың өтелуіне байланысты 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша 11 727 555 мың теңгеден бастап 2014 жылдың 30 маусымдағы жай-күй бойынша 18 213 201 мың теңгеге дейін 6 485 646 мың теңгеге өсті.

Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері негізінен 2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда қысқа мерзімді депозиттердегі ақшалай қаражаттардың 3 000 000 теңгеге өсуі себепті 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша 8 044 502 мың теңгеден бастап 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша 11 727 555 мың теңгеге дейін 3 683 053 мың теңгеге өсті.

Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері негізінен есеп айырысу шоттарындағы теңгемен ақшалай қаражаттардың 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылда 4 820 792 мың теңгеге кемуі себепті 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша 9 543 637 мың теңгеден бастап 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша 8 044 502 мың теңгеге дейін, 1 499 135 мың теңгеге қысқарды. Бұл шетелдік валютадағы есеп айырысу

шоттарында есеп айырысу шоттарындағы шетелдік валютадағы 2 321 435 мың теңгеге өсуімен ішінара өтелді.

Банктер бойынша ақшалай қаражаттарды бөлу мен олардың эквиваленттері былайша көрсетіледі:

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			**30 маусыммен аяқталған 6 ай ішінде**
	2011	**2012**	**2013**	**2014**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
"АТФБанк" АҚ	2 848 243	4.746 329	5 265 906	14 160 663
"Банк ЦентрКредит" АҚ	582 301	4 930	102 249	3 196 548
"Қазақстанның Халық Банкі" АҚ	2.823 377	449 520	658 986	542 662
"Казинвестбанк" АҚ	1 246 475	521 684	142 388	100 723
"Казкоммерцбанк" АҚ	127 748	75 038	956 071	86 733
Астана қ. Қазынашылық департаменті	-	929 385	80 383	80 383
"АзияКредит Банк" АҚ	4 744	114 943	17 917	17 319
"Қазақстан Даму Банкі" АҚ	27 942	54 553	35 534	16 813
"Еуразия банкі" АҚ	481 980	615 494	4 428 424	4 022
"Ситибанк Қазақстан" АҚ	1 396 452	529 049	35 148	1 470
Барлығы	**9 539 261**	**8 040 924**	**11 723 006**	**18 207 336**

2014 ж. 30 маусымдағы жай-күй бойынша және 2013, 2012 және 2011 ж. 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері мынадай валюталарда көрсетілген:

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			**30 маусымммен аяқталатын 6 ай ішінде**
	2011	**2012**	**2013**	**2014**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
АҚШ доллары	152 967	2 644 898	3 082 412	6 554 270
Теңге	9 095 273	5 274 703	6 871 741	6 049 653
Еуро	188 700	106 055	1 658 253	5 112 722
Ресей рублі	105 960	18 066	114 821	496 161

Басқалар	737	780	328	395
Барлығы	**9 543 637**	**8 044 502**	**11 727 555**	**18 213 201**

Аталған қаражаттар эквиваленттер ретінде жіктелінбейтіндіктен 2014 ж. 30 маусымындағы және 2013, 2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның тиісінше 2 024 648 мың теңгеге, 1 688 834 мың теңгеге,1 629 862 мың теңгеге және 4 459 658 мың теңгеге қарыз қаражаттарға қызмет көрсету жөніндегі резервтік шоттар мен шоттарда пайдаланылуы шектеулі ақшалай қаражаттары болды. Мұндай ақшалай қаражаттар ХҚДБ, ЕҚДБ және ҚДБ-ның қарыз шарттарына қызмет көрсету үшін арналған.

Компанияның банктік депозиттерінде (қаржы активтері ретінде жіктелетін) бастапқы қайтару мерзімі 3 (үш) айдан асатын 2014 ж. 30 маусымындағы, 2013, 2012 және 2011 жж. 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша тиісінше 18 263 407 мың теңге, 18 937 123 мың теңгеге, 24 794 585 мың теңге және 20 201 244 мың теңге мөлшерінде ақшалай қаражаттары бар. Мұндай депозиттердің көбісінің қаражатын қайтару мерзімі 1 жыл (с.с. қысқа мерзімді).

Банктік депозиттердегі ақшалай қаражаттарды қайтару мерзімдері бойынша бөлу былайша көрсетіледі:

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			**30 маусыммен аяқталатын 6 ай ішінде**
	2011	**2012**	**2013**	**2014**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
3 айдан 12 айға дейін	17 875 637	24 794 585	18 937 123	15 459 987
12 айдан астам	2 325 607	-	-	2 803 420
Барлығы	**20 201 244**	**24 794 585**	**18 937 123**	**18 263 407**

Компанияның мынадай банктердің депозиттерінде ақшалай қаражаттары бар:

	Депозит тің рейтингі	**Агенттік-тің рейтингі**	**31 желтоқсанмен аяқталған жыл**			**30 маусымм мен аяқталат ын 6 ай ішінде**
			2011	**2012**	**2013**	**2014**
			(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
"Еуразия банкі" АҚ	B+B	Standard and Poor’s	7 020 081	7 298 308	3 019 267	7 953 955
"АТФБанк" АҚ	B-B	Fitch&Ratings	5 834 369	7 353 093	5 045 330	2 803 419
"Цеснабанк" АҚ	B+B	Standard and Poor’s	3 066 154	2 013 454	1 819 446	2 219 614
"Темірбанк" АҚ	B-B	Standard and Poor’s			1 932 094	2 354 969
"Казинвестбанк" АҚ	B3	Moody’s	2 010 743	2 010 743		
"АзияКредит Банк" АҚ	B	Standard and	1 513 812	3 032 874	2 188 343	2 675 213

		Poor's				
"Kassa Nova" АҚ	BC	Standard and Poor's	-	-	247 514	256 184
"Нұрбанк" АҚ	B3	Moody's	-	-	1 078 866	-
"RBK" АҚ	B-C	Standard and Poor's	-	-	500 000	-
"Қазақстанның Халық Банкі" АҚ	Ba2	Moody's	756 042	-	-	-
"Банк ЦентрКредит" АҚ	B2	Moody's	-	3 086 071	3 106 122	-
«Казкоммерцбанк» АҚ	BC	Standard and Poor's	-	-	141	53
Барлығы			**20 201 201**	**24 794 543**	**18 937 123**	**18 263 407**

Қарыз қаражаттары

2013, 2012, 2011 және 2010 жж. 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз қаражаттары бойынша берешек мыналардан тұрады:

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			**30 маусымда аяқталатын 6 ай ішінде**
	2011	**2012**	**2013**	**2014**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі («ХҚДБ»)	29 680 092	34 609 407	37 906 593	45 748 490
Еуропа Қайта құру және Даму Банкі («ЕҚДБ»)	44 750 456	46 199 407	54 634 680	71 734 259
	74 430 548	**80 808 814**	**92 541 273**	**117 482 749**
Шегеріп тастағанда: 12 ай ішінде ақы төлеуге ХҚДБ, ЕҚДБ және ҚДБ қарыз қаражаттары бойынша ағымдағы бөлімі	-6 407 716	-8 134 316	-10 218 204	-13 402 909
	68 022 832	**72 674 498**	**82 323 069**	**104 079 840**

2013 және 2012 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның қарыз қаражаттары бойынша есептелген, төленбеген сыйақылар тиісінше 966 944 мың теңге және 712 253 мың теңгені құрады.

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз қаражаттарын ұйымдастыру жөніндегі алымның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 936 018 мың теңгені және 976 825 мың теңгені құрады.

2012 жылғы 31 желтоқсан мен 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның қарыз қаражаттары бойынша есептелген, төленбеген сыйақылары тиісінше 618 088 мың теңгені және 508 517 мың теңгені құрады.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы және 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз қаражаттарын ұйымдастыру жөніндегі алымның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 1 038 190 мың теңгені және 115 941 мың теңгені құрады.

2014 жылғы 30 маусымындағы жай-күй бойынша қарыз қаражаттарын өтеу мерзімдері бойынша ақпарат былайша көрсетіледі:

	ХҚДБ	ЕҚДБ	Барлығы
	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)
Қарыз қаражатының қысқа мерзімді бөлігі	**3 737 535**	**9 665 374**	**13 402 909**
1 жылдан 2 жылға дейін	4 290 834	8 753 539	13 044 373
2 жылдан 3 жылға дейін	4 766 125	8 396 796	13 162 921
3 жылдан 4 жылға дейін	4 889 994	8 082 174	12 972 168
4 жылдан астам	28 064 002	36 836 376	64 900 378
Қарыз қаражатының ұзақ мерзімді бөлігі	**42 010 955**	**62 068 885**	**104 079 840**
Барлығы	**45 748 490**	**71 734 259**	**117 482 749**

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013, 2012, 2011 жж. 31 желтоқсандағы жай күй бойынша қарыз қаражаттары бойынша берешек мынадай валютада көрсетілді

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			30 маусымда аяқталатын 6 айда
	2011	2012	2013	2014
	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)
АҚШ долларындағы қарыз қаражаты	52 148 023	55 384 024	57 725 280	69 507 714
Еуродағы қарыз қаражаты	22 282 525	25 424 790	34 815 993	47 975 035
Барлығы	**74 430 548**	**80 808 814**	**92 541 273**	**117 482 749**

2014 ж. 30 маусымдағы, 2013, 2012, 2011 жж. 31 желтоқсандағы жай күй бойынша қарыз қаражаттары бойынша берешек былайша көрсетілді:

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			30 маусымда аяқталатын 6 айда
	2011	2012	2013	2014
	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)
АҚШ долларындағы қарыз қаражаты	52 148 023	55 384 024	57 725 280	69 507 714
Еуродағы қарыз қаражаты	22 282 525	25 424 790	34 815 993	47 975 035
Барлығы	**74 430 548**	**80 808 814**	**92 541 273**	**117 482 749**

2014 ж. 30 маусымдағы, 2013, 2012, 2011 жж. 31 желтоқсандағы жай күй бойынша Компанияның негізгі борышы және пайыздары бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдері жоқ.

31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			30 маусымда аяқталатын 6 айда
2011	2012	2013	2014

Қарыз шарты	Банк	Жоба	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)	(Мың теңге)
КС 4526-KZ 21 желтоқсан, 1999	ХҚДБ	ҰЭТ-ты жаңғырту	13 223 057	12 063 585	10 819 513	12 007 401
КС 794 03 желтоқсан, 1999	ЕҚДБ	ҰЭТ-ты жаңғырту	2 340 116	1 784 464	1 209 581	1 082 657
КС 4805 KZ 22 қараша, 2005	ХҚДБ	Солтүстік-Оңтүстік Транзит	13 308 610	12 290 014	11 266 929	12 716 760
КС 38647 5 маусым, 2008	ЕҚДБ	ҰЭТ-ты жаңғырту, 2-кезең	22 282 525	25 424 789	34 815 993	47 975 035
КС 7738-KZ 12 қараша, 2009	ХҚДБ	Мойнақ	3 102 508	6 507 699	6 870 543	8 212 163
7965-KZ 25 желтоқсан, 2010	ХҚДБ	Алма	45 917	3 748 110	8 949 608	12 812 166
КС 42039 21 масыр, 2011	ЕҚДБ	Осакаровка	20 127 815	18 990 153	18 609 106	22 676 567
Барлығы			**74 430 548**	**80 808 814**	**92 541 273**	**117 482 749**

Қолданыстағы кредиттік келісімдер

1999 жылы Компания «Ұлттық электр торабын жаңғырту» жобасын іске асыру үшін екі кредиттік желі ашты, олар былайша көрсетіледі:
• ХҚДБ берген 140.000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі (Вашингтон қ., АҚШ) 20 жыл мерзімге, Үкіметтің 1999 жылғы 21 желтоқсандағы кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз қаражаты 2005 жылдан бастап жыл сайынғы жарналармен өтеуге жатады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЛИБОР плюс жалпы спрэд ЛИБОР алты айлық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 15 маусымда және 15 желтоқсанда өтеледі.

• ЕҚДБ берген 45.000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 15 жыл мерзімге, Үкіметтің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз қаражаты 2004 жылдан бастап жыл сайынғы жарналармен өтеуге жатады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЛИБОР плюс маржа 1% алты айлық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 27 қаңтарда және 27 шілдеде өтеледі.

2005 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының 2-кезеңін жүзеге асыру үшін ХҚДБ берген 100.000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі ашылды (Вашингтон қ., АҚШ) 17 жыл мерзімге, оның алғашқы бес жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Кредиттік желі Үкіметтің 2005 жылғы 22 қарашадағы кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар пайыздарды есептеудің әрбір кезеңіне банк белгілейтін ЛИБОР плюс жалпы спрэд алты айлық долларлық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 15 сәуірде және 15 қазанда өтеледі. 2011 жылы ХҚДБ қарыз қаражатының аталған жоба бойынша (Вашингтон қ., АҚШ) 1.918 мың АҚШ доллары мөлшерінде игерілмеген бөлігі аталған жобаны іске асыру барысында жұмсалған нақты шығындардың күткендегіден төмен болуына байланысты күші жойылды.

2008 жылы «Ұлттық Электр Торабын жаңғырту» 2-кезең жобасын іске асыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

• ЕҚДБ берген 127.500 мың еуро және 75.000 мың еуро сомасындағы екі кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 15 жыл мерзімге, оның алғашқы төрт жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЕУРОБОР плюс маржа 3,85% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 ақпанда және 12 тамызда өтеледі;

• ЕҚДБ берген 47.500 мың еуро сомасындағы кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 12 жыл мерзімге, оның алғашқы төрт жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЕУРОБОР плюс маржа 3,55% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 ақпанда және 12 тамызда өтеледі;

• ЕҚДБ берген 5.000 мың еуро сомасындағы кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 9 жыл мерзімге, оның алғашқы төрт жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЕУРОБОР плюс маржа 2,75% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 ақпанда және 12 тамызда өтеледі;

2013 жылғы қарашада ЕҚДБ-мен екінші кредиттің желі сомасы 75.000 мың еуродан 53.443 мың еуроға дейін төмендету талаптарына сәйкес қосымша келісім жасалды.

2009 жылы «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру схемасы» жобасын жүзеге асыру үшін ХҚДБ берген 48.000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі ашылды (Вашингтон қ., АҚШ) 25 жыл мерзімге, оның алғашқы бес жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Кредиттік желі Үкіметтің 2009 жылғы 12 қарашадағы кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар пайыздарды есептеудің әрбір кезеңіне банк белгілейтін ЛИБОР плюс тіркелген спрэд алты айлық долларлық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 15 наурызда және 15 қыркүйекте өтеледі. 2013 жылы май айында ХҚДБ қарыз қаражатының 3.274 мың АҚШ доллары мөлшерінде игерілмеген бөлігі аталған жобаны іске асыру барысында жұмсалған нақты шығындардың күткендегіден төмен болуына байланысты күші жойылды;

2010 жылы «Кернеуі 500, 200 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500/220 кВ Алма ҚС-ны салу» жобасын жүзеге асыру үшін ХҚДБ берген 78.000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі ашылды (Вашингтон қ., АҚШ) 25 жыл мерзімге, оның алғашқы бес жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Кредиттік желі Үкіметтің 2010 жылғы 25 желтоқсандағы кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар пайыздарды есептеудің әрбір кезеңіне банк белгілейтін ЛИБОР плюс тіркелген спрэд алты айлық долларлық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 15 қаңтарда және 15 шілдеде өтеледі.

Сондай-ақ, 2011 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының 1-2-3-кезеңдері жобасының шеңберінде 2004-2005 жылдарда алынған және «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасын іске асыру үшін ЕҚДБ (Лондон қ., Ұлыбритания) және ҚДБ (Астана қ., Қазақстан) қарыз қаражаттарын қайта қаржыландыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

• ЕҚДБ берген 77.293 мың АҚШ доллары және 44.942 мың АҚШ доллары сомасындағы екі кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 15 жыл мерзімге. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЛИБОР плюс маржа 3,95% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 мамырда және 12 қарашада өтеледі;

• ЕҚДБ берген 17.973 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 12 жыл мерзімге. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЛИБОР плюс маржа 3,70% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 мамырда және 12 қарашада өтеледі.

• ЕҚДБ берген 8,160 мың АҚШ доллары және 4, 740 мың АҚШ доллары сомасындағы екі кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 15 жыл мерзімге, оның алғашқы үш жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЛИБОР плюс маржа 3,95% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 мамырда және 12 қарашада өтеледі.

• ЕҚДБ берген 1.900 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі (Лондон қ., Ұлыбритания) 12 жыл мерзімге, оның алғашқы үш жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз қаражаттары бойынша пайыздар ЛИБОР плюс маржа 3,70% алты айлық банкаралық ставка бойынша есептеледі және жылына екі рет 12 мамырда және 12 қарашада өтеледі.

• 2014 жылғы мамыр айында ЕҚДБ кредиттік желісінің екінші траншасы игерілмеген бөлігінің сомасы 14.800 мың АҚШ долларынан 11.691 мың АҚШ долларына дейін кемітілді.

ЕҚДБ осы екі кредиттік желісі (Лондон қ., Ұлыбритания) қамтамасыз етілусіз ашылды.

Күрделі шығындар

2014 жылғы 30 маусымда аяқталатын алты айда Компания инвестициясы 6 931 381 мың теңгенң құрады. 2013, 2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанымен аяқталған әрбір жыл үшін Компанияның жалпы инвестициясы тиісінше 42 824 125 мың теңгені, 24 627 746 мың теңгені және 18 283 145 мың теңгені құрады.

Мың теңге

Жоба	Басталуы	Жоспарлы аяқтау	Барлық бюджет	2014 1-жарты жылдық	2013 1-жарты жылдық	2013	2012	2011
Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең	2010	2016	41 904 672	2 722 987	3 407 802	21 375 956	12 885 620	1 779 439
Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу	2009	2014	25 534 429	2 358 232	810 625	8 934 986	5 874 432	6 299 747
220 кВ ОБТҚ–Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру	2010	2014	3 657 914	667 203	56 252	462 695	152 601	1 193 269
Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру схемасы	2010	2012	8 763 347	12 654	4 048	61 323	2 521 219	5 931 788
Балқаш АЭТ-ы қуатын беру, (1-кезек)	2011	2017	3 343 300	-	-	-	-	8 730
500 кВ Екібастұз–ШГЭС (Семей) -Өскемен желіні салу	2011	2017	38 693 307	393	-	289 953	145 497	216 000
500 кВ ШГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ӘЖ-ны салу	2012	2018	68 569 984	-	-	277 661	146 286	-
Павлодар энергия торабының Қазақстанның БЭЖ-імен	2010	2016	4 941 930	-	-	-	5 600	-

байланысын күшейту								
220-500 кВ ӘЖ-ны қалпына келтіру	2013	2023	90 835 715	119 000	-	71 400	-	-
Батыс Қазақстанның энергия жүйелерін Қазақстан БЭЖ-мен біріктіру	2020	2025	133 485 714	14 400	-	57 600	-	-
500 кВ ОҚМАЭС – Жамбыл ӘЖ-ны салу	2013	2018	27 035 962	7 000	-	63 000	-	-
"Энергинформ" инвестбағдарлама				46 729	6 467	177 457	96 825	50 270
Әкімшілік ғимаратты салу	2012	2014	9 439 651	582 439	2 448 804	8 182 933	655 637	-
Өндірістің деңгейін ағымдағы қолдау	ежегодно	ежегодно	-	400 344	571 013	2 869 160	2 127 373	2 567 912
Аяқталған жобалар			-	-	-	-	16 656	235 990
Барлығы			**456 205 925**	**6 931 381**	**7 305 011**	**42 824 124**	**24 627 746**	**18 283 145**

2014 жылғы1-жарты жылдықта Компанияда екі негізгі инвестициялық жоба болды:
• Қазақстан Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең (2 722 987);

• Кернеуі 500, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ «Алма» ҚС-ны салу (2 358 323).

2013 жылы Компания үш негізгі инвестициялардың басым бөлігін игерді:

• Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2 кезең (21.375.956 мың теңге);

• «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу (8.934.986 мың теңге);

• Әкімшілік ғимаратын салу (8.182.933 мың теңге).

2012 жылы Компанияның күрделі қаржы салымдары мыналарға жұмсалды:

• «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2 кезең (12.885.620 мың теңге);
«Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу (5.874.432 мың теңге);

• Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру схемасы (2.521.219 мың теңге);

2011 жылы Компанияның капиталдық күрделі қаржы салымдары негізінен мыналарға жұмсалды:

• «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу (6.299.747 мың теңге);

• Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру (5.931.788 мың теңге);

• «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2 кезең (1.779.439 мың теңге);

Компания өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау үшін 2014 жылғы алты айда және 2013 жылы тиісінше 400 344 және 571 013 күрделі шығындарды игерді 2013, 2012 және 2011 жылдары аталған шығындар тиісінше 2.869.160 мың теңге, 2.127.373 мың теңге және 2.567.912 мың теңгені құрады.

2014 жылы Компания инвестициялық жобаларын іске асыру мақсатында 21.444.788 мың теңге және электр энергиясын жеткізудің ағымдағы деңгейін қолдау үшін 3.379 512 мың теңге игеруді жоспарлап отыр. Толығырақ ақпаратты «Тәуекелділік факторлары» бөлімінен қараңыз.

Таза берешек

Компанияның таза берешегі былайша көрсетіледі:

	31 желтоқсанмен аяқталатын жыл			30 маусымда аяқталатын 6 айда
	2011	**2012**	**2013**	**2014**
	(Мың теңге)	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**	**(Мың теңге)**
Алынған қарыз қаражаттары	74 430 548	80 808 814	92 541 273	117 482 749
Ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленттері	9 543 637	8 044 502	11 727 555	18 213 201
Пайдалануы шектеулі ақшалай қаражаттар	4 459 658	1 629 862	1 688 834	2 024 648
Қаржы активтері* (Депозиттер)	20 201 244	24 794 585	18 937 123	18 263 407
Таза табыс	**40 226 009**	**46 339 865**	**60 187 761**	**78 981 493**

* Қаржы активтеріне 2007-2009 жылдары сатып алынған «Батыс-транзит» АҚ қауымдастырылған кәсіпорнының облигациялары және банктік шоттардағы қалдықтар бойынша есептелген пайыздық табыс енгізілмейді.

Компанияның 2014 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша таза берешегі 2013 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда 31,2%-ға немесе 18 793 732 мың теңгеге ұлғайды, бұл негізінен «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» жобасын іске асыруға 13 159 042 мың теңге және «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасын іске асыруға ЕҚДБ-ның 4 067 460 мың теңге таңдап алынған кредиттік қаражатының ұлғаюынан, сондай-ақ «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобасын іске асыруға ХҚДБ-ның 3 862 557 мың теңге таңдап алынған кредиттік қаражаттардың ұлғаюынан болды.

Компанияның 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша таза берешегі 2012 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда 29,9%-ға немесе 13 847 896 мың теңгеге өсті, бұл «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» жобасын іске асыруға ЕҚДБ-ның 9 391 204 мың теңгеге таңдап алынған кредиттік қаражаттарының ұлғаюы және «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобасын іске асыруға 5 201 499 мың теңге ХҚДБ-ның таңдап алынған кредиттік қаражатының ұлғаюы негізінен болды.

Компанияның 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша таза берешегі 2011 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 15,2%-ға немесе 6 113 856 мың теңгеге өзгерді, бұл «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» жобасын іске асыруға ЕҚДБ-ның 3 142 264 мың теңгеге таңдап алынған кредиттік қаражатының, «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобасын іске асыруға 3 702 193 мың теңге ХҚДБ-ның кредиттік қаражатының, «Мойнақ ГЭС-інің қуатын беру схемасы» жобасын іске асыруға 3 405 191 мың теңгеге ұлғаюынан болды.

Келісімшарттық міндеттемелер

Келесі кестеде қарыз қаражаттары ретінде, сол сияқты қаржы міндеттемелерін, сондай-ақ басқа келісім-шарттық міндеттемелерді қоса алғанда, 2014 жылдың 30 маусымындағы жай-күй бойынша Компанияның туынды емес қаржылық міндеттемелері бойынша берешекті өтеудің бағалау сомалары келтірілген.

	Кезеңдер бойынша төленетін төлемдер			
	Кемінде 1 жыл	**1 - 5 жыл**	**5 жылдан астам**	**Барлығы**
Қарыз қаражаттары құбылмалы пайыздық ставкасымен	13 402 909	52 283 756	51 796 084	117 482 749
Сауда және басқа кредиторлық берешек	10 536 211	-	-	10 536 211
Басқа кредиторлық міндеттемелер және алынған аванстар	4 136 487	-	-	4 136 487
Капиталдық шығындар бойынша міндеттемелер*	**20 094 886**	**107 393 907**	**-**	**127 488 793**
	48 170 493	**159 677 663**	**51 796 084**	**259 644 240**

Капиталдық шығындар жөніндегі міндеттемелер Компанияның ағымдағы және жоспарланып отырған инвестициялық жобаларының есеп айырысу сомаларына негізделген

2014 жылдың 30 маусымдағы жай-күй бойынша Компанияның шоғырландырылған коммерциялық борышы мен басқа өтелмеген міндеттемелер бойынша (оған кредиторлық берешек, алынған аванстар, салықтар жөніндегі берешек, қызметкерлер алдындағы міндеттемелер, ЕҚДБ-ның қарыз қаражатының пайдаланылмаған бөлігі үшін есептелген алым және басқалар кіреді) 259 644 240 мөлшеріндегі берешегі бар. Компания ақшалай қаражаттардың ағымдағы ағындарынан өзінің коммерциялық міндеттемелерін теңгемен орындады және Компания алдағы уақытта өз міндеттемелерін орындауды жалғастыра түседі деп күтілуде. Компанияның мұндай міндеттемелерді орындау қабілеті ақша қаражатының жеткілікті қалдықтарын жинақтауға тәуелді болады және егер коммерциялық міндеттемелер теңгеден ерекше валютада білдірілсе, Компанияның қаражатты Қазақстаннан тыс аударымдау қабілеті, қолданылатын валюта мен теңге арасындағы тұрақты айырбастау бағамы, сондай-ақ валютада мәмілелер жасау қабілеті болса.

Негізгі құралдар (НҚ)

Мың теңге	**Жер**	**Ғимарат**	**ҰЭТ ғимараты**	**Көлік және басқа негізгі құралдар**	**Аяқталмаған құрылыс**	**Жиыны**
Бастапқы құны:						
2011 ж. 1 қаңтарына	**973 627**	**6 143 706**	**93 971 153**	**85 073 264**	**5 333 599**	**191 495 349**
Түсім	12 080	721	620 960	512 285	17 137 045 1249671	- 18 283 091
Ауыстыру, с.і. НЗС-тен НМА-ға	5 702	186 896	558 993	317 182	-1249 671	-180 898
Ішкі орын ауыстыру	-	13 097	62 570 531 -98 971	-62 583 628 -182 807	-	-
Істен шығу	-793	-22 351	-98 971	-182 807	-4 937	-309 859
2011 ж. 31 желтоқсанға	**990 616**	**6 322 069**	**157 622 666**	**23 136 296**	**21 216 036**	**209 287 683**
Түсім	168 756	3 399	8 210	845 526	23 420 037	24 445 928

Ауыстыру	4 192	227 886	8 636 602	1 317 071	-10 185 751	-
Істен шығу	-1 566	-3 501	-165 002	-193 522	-2 936	-366 527
2012 ж. 31 желтоқсанға	**1 161 998**	**6 549 853**	**166 102 476**	**25 105 371**	**34 447 386**	**233 367 084**
Түсім	157 755	228	23 725	956 691	41 333 399	42 471 798
Ауыстыру	17 348	652 664	36 539 756	1 218 906	-38 428 674	-
НМА-ға ауыстыру	-	-	-	-	-254 026	-254 026
Істен шығу	-12 866	-218 375	-129 492	-302 408	-61 112	-724 253
Қайта бағалаудан құнның өсуі (НҚ)	-	-	327 943 843	-	-	327 943 843
Қайта бағалаудан құнның кемуі (ОПжәнеУ)	-	-	-34 145 727	-	-99 212	-34 244 939
2013 ж. 31 желтоқсанға	**1 324 235**	**6 984 370**	**496 334 581**	**26 978 560**	**36 937 761**	**568 559 507**
Түсім	418	-	46 168	296 532	6 697 474	7 040 592
Ауыстыру	72 079	6 603 236	15 253 026	1 876 800	-23 805 141	-
Қайта бағалаудан құнның өсуі (НҚ)	-	-	241 801 480	-	-	241 801 480
Қайта бағалаудан құнның кемуі (ОПжәнеУ)	-	-	16 767 840	-	-56 150	16 711 690
Істен шығу	-	-	-52 943	-163 441	-33 855	-250 239
2014 ж. 30 маусымға	**1 396 732**	**13 587 606**	**770 150 152**	**28 988 451**	**19 740 089**	**833 863 030**
Жинақталған тозу:						
2011 ж. 1 қаңтарға	-	**-1 030 623**	**-44 587 033**	**-10 534 907**	-	**-56 152 563**
Кезең ішіндегі аударым	-	-140 262	-5 159 369	-1 942 885	-	-7 242 516
Ішкі орын ауыстыру	-	1 258	14 080	-15 338	-	-
Істен шығу	-	1 878	79 903	169 151	-	250 932
2011 ж. 31 желтоқсанға	-	**-1 167749**	**-49 652 419**	**-12 323 979**	-	**-63 144 147**
Кезең ішіндегі аударым	-	-144 499	-5 062 040	-1 897 658	-	-7 104 197
Істен шығу	-	825	161 133	163 529	-	325 487
2012 ж. 31 желтоқсанға	-	**-1 311 423**	**-54 553 326**	**-14 058 108**	-	**-69 922 857**
Кезең ішіндегі аударым	-	-145 059	-6 458 729	-1 772 710	-	-8 376 498
Істен шығу	-	50 546	67 904	301 495	-	419 945
Қайта бағалаудан құнның өсуі (ДНҚ)	-	-	-189 298 115	-	-	-189 298 115
Қайта бағалаудан құнның кемуі (ОПжәнеУ)	-	-	7 437 182	-	-	7 437 182
2013 ж. 31 желтоқсанға	-	**-1 405 936**	**-242 805 084**	**-15 529 323**	-	**-259 740 343**
Кезең ішіндегі аударым	-	-78 639	-6 753 153	-962 834	-	-7 794 626
Қайта бағалаудан құнның өсуі (ДНҚ)	-	-	-102 914 191	-	-	-102 914 191
Қайта бағалаудан құнның кемуі (ОПжәнеУ)	-	-	-2 517 678	-	-	-2 517 678
Істен шығу	-	-	52 343	148 375	-	200 718
2014 ж. 30 маусымға	-	**-1 484 575**	**-354 937 763**	**-16 343 782**	-	**-372 766 120**
Қалдық құны:						

2011 ж. 31 желтоқсанға	**990 616**	**5 154 320**	**107 970 247**	**10 812 317**	**21 216 036**	**146 143 536**
2012 ж. 31 желтоқсанға	**1 161 998**	**5 238 430**	**111 549 150**	**11 047 263**	**34 447 386**	**163 444 227**
2013 ж. 31 желтоқсанға	**1 324 235**	**5 578 434**	**253 529 497**	**11 449 237**	**36 937 761**	**308 819 164**
2014 ж. 30 маусымға	**1 396 732**	**12 103 031**	**415 212 389**	**12 644 669**	**19 740 089**	**461 096 910**

Компаниядағы НҚ негізінен «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» жобасының Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ-ын салу жөніндегі жобаны екі кезеңі бойынша, «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» және «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобаларын іске асыруға қатысы бар электр жеткізу желілерін, қосалқы станциялар мен аяқталмаған күрделі құрылыс объектілерін (АКҚО) білдіреді.

2014 жылғы бірінші жарты жылдықта НҚ-ның таза қалдық құнының ұлғаюы 2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күй бойынша жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде 153 137 451 теңге мөлшеріндегі ҰЭТ ғимараттарының таза қалдық құнының өсуі салдарынан болды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша НҚ-ның таза қалдық құнының өсуі 2013 жылы негізгі құралдарға жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде 111 837 951 мың теңге мөлшеріндегі ҰЭТ ғимараттарының таза қалдық құнының өсуі салдарынан болды.

2012 және 2011 жылдардағы жай-күй бойынша НҚ-ның таза қалдық құнының ұлғаюы негізінен тиісінше 23 420 037 мың теңге және 17 137 045 мың теңге мөлшеріндегі аяқталмаған күрделі құрылыс объектілерінің түсуінен туындады. Компания 2011 жылы 309 859 мың теңге және 2012 жылы 366 527 мың теңге сомасына өздерінің НҚ істен шығарды. НҚ-ны істен шығару негізінен көліктерді, жабдықтар мен ғимараттарды сатуға байланысты болды.

2014 жылдың бірінші жарты жылдығында Компания инфрақұрылымдық жобаларға «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» (2 722 987 мың теңге) және «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» (2 358 232 мың теңге) екі негізгі жобаны қоса алғанда, 5 901 869 мың теңге жұмсады. 2014 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» жобасын аяқтау мәртебесі мынадай болды: 1) 55 ҚС-ның 39 ҚС-ы пайдалануға берілді; 2) Түлкібас-Боранды 220 кВ ӘЖ-ның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірлену үстінде. «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобасы бойынша мынадай объектілер іске қосылды: 500 кВ Алматы ҚС – 500 кВ Алма» ҰС 500 кВ ӘЖ-н, 500 кВ «Алма» ҚС-да 220 кВ АЖЭО-3 – Робот ҚС және АЖЭО-3 – 500 кВ Алма ҚС-да Шелек ӘЖ кіреберісі мен шығысын салу, 500 кВ ОҚМАЭС ҚС, 500 кВ ОҚМАЭС ҚС – 500 кВ Алма ҚС 500 кВ ӘЖ. 2014 жылғы маусымда Компанияның жаңа әкімшілік ғимараты пайдалануға берілді.

Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту жобасының I-кезеңі шеңберінде 2000-2010 жылдары ішінара жоғары вольтты жабдықтар ауыстырылды. Қосалқы станцияларда қолданыстағы ескірген жоғары вольтты жабдықтар мен 20 жылдан астам қолданыста болған күштік автотрансформаторларды ауыстыру жаңғыртудың II-кезеңі шеңберінде ауыстыру ҚР-да электр энергиясын тұтынудың ұлғаюына, тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен 2011-2013 жылдары 3 қосалқы станцияда 500 кВ 4 топтағы автотрансформаторлар, 10 ҚС-да 220 кВ АТ және трансформаторлар, 1202 бірлік коммутациялық жабдық ауыстырылды. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту жобасы, 2-кезеңі» жобасы бойынша 17 қосалқы станцияға жобалау-сметалық құжаттаманы

әзірлеу аяқталды, салынған 55 объектінің 32-не мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілері берілді, 18 ҚС-да құрылыс-монтаждау жұмыстары одан әрі жүргізілуде.

2014 жылы жобаның 2-кезеңі бойынша – «500 кВ ОҚМАЭС ҚС – Алма ҚС» ӘЖ-ын салу» жұмысын «KEC International Ltd» (Үндістан) халықаралық келісім шарт негізінде орындады және объекті сондай-ақ пайдалануға берілді.

«220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде 500 кВ ОБТҚ ҚС-да қуаттылығы 125 МВА қуаттылығы 250-ге 2 автотрансформатор ауыстырылды, ол Мемлекеттік қабылдау комиссияның 15.07.2013ж. актісімен пайдалануға берілді. 2013 жылы осы жобаның екінші кезегімен көзделген ӘЖ-ның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді, жабдықтар жеткізілді, «KEC International Ltd» жасалған халықаралық келісім-шарттың талаптары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары орындалды.

2013 жылы барлығы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, II-кезеңі» инфрақұрылымдық жобалары бойынша (21.375 956 мың теңге), «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобасы бойынша (8.934 986 мың теңге), «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасы бойынша (462 695 мың теңге) және «Әкімшілік ғимаратын салу» жобасы бойынша (8.182.933 мың теңге) барлығы 38.956 570 мың теңге жалпы соманың күрделі қаржысы игерілді.

2012 жылмен салыстырғанда Компанияның инвестициялық жобаларына екі негізгі: «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезеңі» (12.885.620 мың теңге) және «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» (5.874.432 мың теңге) жобаларды қоса алғанда, 21.747.911 мың теңге жұмсады.

2012 жылы Компания «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру» жобасын 8.729.433 мың теңге мөлшеріндегі жалпы шығындар сомасымен аяқтады.

«Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру» мен «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобаларын іске асыру шеңберінде жалпы ұзындығы тиісінше 326,5 км және 25,9 км кернеуі 220 кВ электр жеткізу желілері және сондай-ақ 388 км кернеуі 500 кВ ӘЖ салынды (Алматы ҚС – Алма ҚС және ОҚМАЭС ҚС – Алма ҚС).

Толықтыру ретінде, Компания тиісінше жалпы құны 43.336.504 мың теңге және 76.798.382 мың теңге болатын «500 кВ Екібастұз – ШГЭС (Семей) - Өскемен желісін салу» және «500 кВ ШГЭС (Семей) - Ақтоғай - Талдықорған – Алма ӘЖ-ын салу» ірі көлемдегі жобларды іске асыру басталды.

2012 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» жобасы, 2-кезең» жобасы үшін негізінен «Siemens», TBEA Co. Ltd., (Қытай), Trench, (Италия), «AREVA TD» (Қытай), «ARTECHE» Испания, «Dalian Lapp Insulator Co.» (Қытай), «Инфраэнерго» ЖШС (Қазақстан), «Алматы ЭМЗ» ЖШС (Қазақстан) шығарған жабдықтар жеткізілді. «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілер Қазақстанның ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ "Алма" ҚС-ны салу» жобасы үшін «TBEA» (Қытай), «AREVA TD» (Қытай), «ARTECHE» (Испания), «Dalian Lapp Insulator Co.» (Қытай), «КЭМОНТ» АҚ (Қазақстан), «Феникс-88» ЖАҚ (Ресей), «КТЗ» АҚ (Қазақстан), «Южноуральск арматуралық-оқшаулау зауыты» (Ресей), Prysmian Cables & Systems компаниясының (Испания), «НПО ИнтерИнвестИзолятор» ЖШҚ (Ресей) және «СВЭЛ» ЖАҚ (Ресей) шығарған жабдықтар жеткізілді.

2011 жылы инвестициялық жобалар үшін «Siemens», TBEA Co. Ltd. (Қытай), AREVA TD» (Қытай), «ARTECHE» (Испания), Sangdong Industries Co. (Корея), Beijing PLP Conductor Line Products Co. (Қытай), Xiangfan Guowang Composite Insulators Co. (Қытай), Nanjing Electric (Group) Co., Ltd (Қытай) шығарған жабдықтар жеткізілген болатын.

Компанияның өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау жұмсаған капиталдық шығындарының деңгейі 2011-2013 жылдары 2,100,000-2,900,000 мың теңге көлемі деңгейінде қалды. 2013 жыл мен 2014 жылдың бірінші жарты жылдығында өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау шығындары тиісінше 571 013 мың теңге және 400 344 мың теңгені құрады. Ағымдағы өндірістік қуатқа қосалқы станцияларды, электр жеткізу желілері мен басқа негізгі құралдарды жөндеудің көмегімен қолдау көрсетіліп келеді. Өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауды Компания қажет болған жағдайда мынадай мердігерлерді: «Қазақ техникалық даму институты» ЖШС, «Электросервис» ЖШС, «Dakar Group» ЖШС, «ЭнергоҚұрылысЖоба» ЖШС, «ЭнергоҚұрылысЖоба» ЖШС, «ЭнергоӨнеркәсіпҚұрылыссервис» ЖШС, «ДиярИнвест» ЖШС, «Тамыр» ЖШС, «Қазарнайыжөндеу» ЖШС, «КӨМЕК-1» ЖШС, «Интерсофт» ЖШС, «БиС Жоба» ЖШС, «Энергоинформ» АҚ-ны тарта отырып дербес жүзеге асырады.

Компанияның есепке алу саясатына сәйкес тиісті инвестициялық жобаларға қатысы бар қарыз қаражаттары бойынша шығындар 2011 және 2012 жылдары 566.747 мың теңге, 1.149.583 мың теңге және 1 047 882 мың теңге және 2014 жылғы 30 маусыммен аяқталатын алты айда 260 509 мың теңге мөлшерінде капиталандырылды.

Байланысты тараптармен мәмілелер

Компанияның бақылаушы акционері Қор болып табылады, ол Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығымен құрылды. Кей кезеңдерде Компания жалпы бақылаудағы және бірлесе бақыланатын байланысты тараптармен және Компанияның жалғыз акционерімен байланысты операциялық қызметке орай сатып алу-сату және өзге де шарттар жасайды. «ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР» бөлімін қараңыз.

2011 мен 2012 жылдардың 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымының бас компаниясы болып табылды.
2014 жылдың 30 маусымы мен 2013 жылдың 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания «Энергоинформ» АҚ пен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС еншілес ұйымдарының бас компаниясы болып табылады.

«Энергоинформ» АҚ Компанияның қызметін ақпараттық қамтамасыз етумен айналысады.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС 2013 жылғы 27 тамызда жаңартылатын энергия көздері секторына («ЖЭК») инвестицияларды ынталандыру және ЖЭК-тің барлық объектілерінен (өзі үшін таңдап алған осы қолдау схемасын қолдау) тіркелген тарифтер бойынша электр энергиясын мемлекеттің тарапынан орталықтандырылған сатып алуды кепілдендіру жолымен Қазақстанның энергия балансында ЖЭК-ті пайдалану үлесін ұлғайту мақсатында құрылды.

Компания әдеттегідей жұмыс барысында өзінің жалғыз акционерімен және алдағы уақытта еншілес кәсіпорнымен бұл мәмілелерді жалғастырады деп күтеді.

Компания 2011, 2012 және 201 жылдардың 31 желтоқсанымен аяқталған жылдарда өзінің жалғыз акционеріне тиісінше 869.403 мың теңге және 2.346.674 мың теңге және 2.082.309 мың теңге мөлшерінде дивиденд төледі. 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған мерзімге дейінгі алты ай ішінде дивиденд төлеген жоқ.

Нарықтық тәуекел туралы сандық және сапалы ақпаратты ашып көрсету

Нарықтық тәуекел
Нарықтық тәуекел қаржылық аспапқа байланысты келешектегі ақшалай қаражаттар ағындарының әділ құнына нарықтық бағалардың өзгеруіне қарай өзгеріп отыратын тәуекелге байланысты. Компанияның қызметі негізінен валюталық бағамдар мен пайыздық ставкалардағы өзгерістердің қаржылық тәуекелдеріне ұшырайды. Бұл тәуекелдер бизнестің

дамуына қарай уақытпен өзгеруі және Компанияның қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай қолайсыз әсерін тиігізуі мүмкін.

Туынды қаржылық аспаптар
Қазіргі уақытта Компания пайыздық ставканың немесе валюталық тәуекелді басқару үшін туынды қаржылық аспаптар бойынша келісімдер жасамайды, өйткені басшылар Компанияның аталған тәуекелдерге ұшырауын басқару жөнінде қабылдаған маңызды шаралар оларды азайту үшін жеткілікті аспап болады деп есептейді, сондай-ақ пайыздық ставкалар мен валюталық тәуекелді хеджерлеу үшін туынды қаржылық аспаптар бойынша келісімдерді жасау шығыстары қолданылатын тарифтік формулада толығымен көрсетілмейді деп есептейді.

Валюталық тәуекел
Валюталық тәуекел – бұл, валюталық ауыстыру бағамының айтарлықтай өзгеруінен Компанияның экономикалық залал шегуі мүмкін тәуекел. Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептемесінде Компанияның фукционалдық валютасы болып табылатын теңгемен және шоғырландырылыған қаржылық есептемесінде ұсынбалы валютамен көрсетілген.

Шоғырландырылған қаржылық есептемені дайындау кезінде Компанияның функционалдық валютасынан ерекшеленетін валютадағы мәміле жасалатын күнгі басымдыққа ие болып отырған ауыстыру бағамы бойынша көрсетіледі. Әрбір есепті күнге ақша баптары мәміле жасалған күнгі ауыстыру бағамы бойынша теңгеге ауыстырылады. Ақшалай емес баптар шетел валютасымен көрсетілетін әділ құнмен жүргізіледі және әділ құн анықталатын күнгі ауыстыру бағамы бойынша теңгеге ауыстырылады. Шетелдік валютадағы олардың тарихи құнымен өлшенетін ақшалай емес баптар ауыстырылмайды.

Валюталық айырмалар аяқталмаған күрделі құрылысқа қатысы бар валюталық айырмадан басқа, олар туындаған кезеңдегі жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есептемеде мойындалады, олар шетелдік валютадағы қарыз қаражаттары бойынша пайыздарды төлеу шығындарына түзету ретінде қаралған кезде келешекте пайдалану үшін осындай активтердің құнына енгізіледі.

Компания шетелдік валютада көрсетілген операцияларды орындайды; сондықтан ауыстыру бағамының ауытқуына ұшырайды. Сонымен қатар Компанияның шетелдің валютада көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар. Компанияның валюталық қарыз қаражаттары негізінен АҚШ долларымен көрсетілгендіктен, Компания валюталық қолда бар қаражатты валюталық қарыз қаражаттары бойынша кез келген табысты немесе залалды өтеу үшін АҚШ долларындағы депозиттерде сақтайды. Компания осылайша ауыстыру бағамының ауытқуларына деген тәуелділікті азайтады.

2014 жылдың 30 маусымындағы жай-күй бойынша Компанияның 59,2% қаржылық борышы АҚШ долларына ірілендірілді, ал 40,8 % еуроға ірілендірілді. Компания 2014 жылдың 30 маусымындағы жай-күй бойынша теңгерімдік деректер негізінде мыналарды анықтады:

a. теңге АҚШ доллары бағамына байланысты 1 теңгеге түскен сайын Компанияның АҚШ долларына ірілендірілген шоғырландырылған берешегі шамамен 378 768 мың теңгеге өсуіне әкеп соғады;
- теңге еуроға бағамына байланысты 1 теңгеге түскен сайын Компанияның еуроға ірілендірілген шоғырландырылған берешегі шамамен 191 962 мың теңгеге өсуіне әкеп соғады.

Пайыздық ставка өзгерісінің тәуекелін басқару
Компания қарыз қаражаттарын жүзеге асыратындықтан білгіленген және құбылмалы пайыздық ставканың өзгеру тәуекеліне ұшырайды. Компания пайыздық ставка өзгерістерінің өзгеруіндегі өз тәуекелдерін өзінің ақшалай және оған теңестірілген қысқа мерзімді

инвестициялары мен қарыз қаражаттары көрсетілген валюталардағы пайыздық ставкалардың өзгеруіне мониторинг жүргізу жолымен және Компанияның қарыз қаражаттары арасындағы теңгерімдерді тіркелген және құбылмалы пайыздық ставкалармен қолдай отырып шектейді.

Басқа бағалар тәуекелі
Компания үлестік инвестицияларға байланысты баға тәуекеліне ұшырайды. Үлестік инвестиция қолда бар қаражатты сауда-саттық емес, стратегиялық мақсаттарға жұмсауға белгіленеді. Компания аталған инвестицияларды белсенділікпен жұмсамайды.

Теңгерімнен тыс міндеттемелер
Компанияның Бастапқы инвестициялық Меморандумы жасалған күнгі жай-күй бойынша теңгерімнен тыс міндеттемелер бойынша шарттары жоқ.

САЛАҒА ШОЛУ ЖАСАУ

Шолу
Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі (**«БЭЖ»)** Қазақстанның тұтынушыларын сенімді және сапалы электр энергиясымен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларының жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасы электр энергетикалық саланың құрылымы төменде келтірілген схемада көрсетілген.



ТМД Электр энергетикалық кеңесінің деректері («2001-2011 жылдардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы электр энергетикасы» жинағы, Москва, 2012 және ТМД Электр энергетикалық кеңесі әзірлеген 2013 жылдың 4-тоқсанындағы ТМД-ға мүше-мемлекеттердің электр энергетикасы есебі) бойынша Қазақстан электр энергиясын өндіру және тұтыну көлемі жағынан ТМД елдері арасында 3 орынды иеленеді.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы мынадай негізгі секторларды қамтиды:

• электр энергиясын өндіру;
• электр энергиясын жеткізу;
• электр энергиясымен жабдықтау;

• электр энергиясын тұтыну;



Электр энергиясын өндіру

2014 жылғы 1 қыркүйектегі жай-күйі бойынша электр энергиясын Қазақстанда 76 электр станциясы өндіреді, көптеген жағдайларда Үкімет электр станцияларының акцияларын ішінара немесе жанама иеленген. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Қазақстандағы электр станциялардың белгіленген жалпы қуаты 20.442 МВт, болжанылған жалпы қуаты 16.425 МВт құрайды.

Қазақстанның нарықтағы сұранысты қанағаттандыруы үшін жеткілікті өндірістік қуаты бар, бірақ электр жеткізу желілері мен электр энергиясын көп тұтынатын орындардың тарихи құрылымының сәйкестігі елдің оңтүстігі мен батысында қуаттың тапшылығына әкеп соғады. Бұл ретте халық сирек орналасқан солтүстік аймақта қуаттың артықтығы байқалады. Оңтүстікте бастапқы энергия көздері аз және осыған байланысты электр энергиясын өндіру тапшылығы байқалады. Компанияның деректеріне сай кемінде белгіленген қуаттардың 80%-ы көмірмен жұмыс істейді және ол солтүстік көмір өндіруші аймақтарда орналасқан. Қазақстанның су электр станциялары солтүстік шығыста, ең бастысы Қытайдан басталып Қазақстанның солтүстік-шығыс аумағы арқылы ағатын Ертіс өзенінің аумағында орналасқан. Солтүстікте өнеркәсіптік ксіпорындар, негізінен металлургиялық сектор тарапынан электр энергиясына деген үлкен сұраныс бар.

Батыс өңірінде көмір қышқылының үлкен қоры бар, бірақ бұл өңір өмір бойы және қазіргі уақытта электр энергиясын импорттаушы болып келеді.

	31 желтоқсандағы жай-күй бойынша				
	2011		2012		2013
	(млрд. кВт.с))	(Үлесі, %)	(млрд. кВт.с))	(Үлесі, %)	(млрд. кВт.с))
Жылу электр станциялары	73 031.3	84.7	76 663.6	85.0	
Су электр станциялары	7 849.0	9.1	7 607.5	8.4	
Газ турбиналық электр станциялары	5 322.7	6.2	5 976.4	6.6	
Барлығы	86 203.0	100.0	90 247.5	100.0	

Ақпаратты беру көзі: Компанияның деректері

Электр станциялары ұлттық мақсаттағы электр станцияларына, құрамында өнеркәсіптік кешендер бар электр станцияларына, өңірлік мақсаттағы электр станцияларына бөлінеді.

Ұлттық мақсаттағы электр станцияларына Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында тұтынушыларға электр энергиясын өндіру мен сатуды қамтамасыз ететін ірі жылу электр станциялары жатады:

- «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС,
- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ,
- «Еуроазия Энергетикалық Корпорациясы» АҚ Ақсу ГРЭС-і,
- «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС Қарағанды ГРЭС-2,
- «Т.И. Батұров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ,
- «Бұхтарма ГЭС-і» АҚ,
- «Өскемен ГЭС-і» АҚ,
- «Шүлбі ГЭС-і» АҚ.

Өнеркәсіптік мақсаттағы электр станцияларына электр және жылу энергиясын қоса өндіретін ЖЭО жатады, олар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жақын маңдағы елді мекендерді электрмен-, жылумен жабдықтау үшін қызмет етеді.

Өңірлік мақсаттағы электр станциялар – бұл электр энергиясын сатуды өңірлік электр желілік компаниялар мен энергия жеткізуші ұйымдардың желілері арқылы жүзеге асыратын, сондай-ақ жақын маңдағы қалаларды жылумен жабдықтайтын аумақтармен біріктірілген ЖЭО.
Қазақстандағы барынша ірі ЖЭО:

ЖЭО-3 «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС,

ЖЭО-2 «Арселор Миттал Теміртау» АҚ,

ЖЭО «ССГПО» (Рудный ЖЭО),

Жезқазған ЖЭО «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС,

ЖЭО «Қазақстанның алюминийі (Павлодар ЖЭО-1),

ЖЭО-3 «Павлодарэнерго» АҚ (Павлодар ЖЭО-3),

ЖЭО-2 «Астана Энергия»,

Алматы ЖЭО-2 «АлЭС» АҚ,

«Атырау ЖЭО» АҚ,

«AES Өскемен ЖЭО» ЖШС,

ЖЭО-2 «МАЭК Қазатомөнеркәсібі» ЖШС,

Петропавл ЖЭО-2 «СолтүстікҚазЭнерго» ЖЭО.

Электр энергиясын жеткізу

ҰЭТ құрылымы



Источник: Данные Компании по итогам 2013 г.

* Теңгерім тұтыну көлемін шегеріп тастағандағы өндіру көлемі ретінде есептеледі

Қазіргі уақытта қолданыстағы Қазақстан ҰЭТ-ы Кеңестер Одағының электр энергетикалық жүйесінің бір бөлігі ретінде тарихи түрде қалыптасты. «Бизнес - Компания тарихы – Жүйе құрылымын» қараңыз.

Солтүстік желі Алтайдан Сібірге, одан әрі Қазақстанға, Екібастұзға, Көкшетау мен Қостанайға өтетін кеңес уақытында салынған жоғары кернеуі 1150 кВ электр жеткізу желілері арқылы Ресей желісіна жалғанған және одан әрі Ресейге қайта жалғасады. Желілер тек кернеуі 500 кВ-мен ғана пайдаланылады. Сондай-ақ солтүстік өңірді Ресей желілерімен байланыстыратын кернеуі 500-220кВ басқа желілер де бар. Солтүстік желілерге қоректендерді беру өңірлердегі электр станцияларынан жүзеге асырылады.

«Батыс транзит» АҚ салған Ақтөбе желісі кернеуі 500 кВ 200 км желілер арқылы Солтүстік өңірдің қалған желілерімен қосылған, оның дауыс беруші акцияларының 20%-ы Компанияға тиесілі. «Бизнес – Аффиллиирленген тұлғалар» бөлімін қараңыз.

Тарихи оңтүстік желі Орталық Азия энергия жүйесі («**ОАЭЖ**») арқылы Қырғыз Республикасы мен Тәжікстаннан су электр энергиясын алатындай етіп салынған. Ол кернеуі 220 кВ екі жеткізу желілерімен және екі 500 кВ желілермен қосылған. Оңтүстік өңір солтүстік желілерден және ОАЭЖ электр энергиясын алады. 2009 жылы Компания оңтүстік өңірді өздерінде өндірген электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін кернеуі 500 кВ Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 1100 км екінші желісінің құрылысын аяқтады. Осы объектінің сметалық құны кемінде 300 млн. АҚШ долларын құрады.

Батыс өңірдің республика аумағы арқылы оны Солтүстік және Оңтүстік аймақтармен қосылатын электр желілері жоқ. Елдің батыс өңірінің электр энергиясына деген өмір бойғы сұранысы ішінара Ресейдің көршілес өңірлерінің жеткізілімдерімен қанағаттандырылды. Қазіргі уақытта Батыс өңір тек қана ресей энергия жүйесі арқылы елдің солтүстігімен қосылған.

Өңірлік электр желілік компаниялар электр энергиясын жеткізу жөніндегі өңірлік қажеттіліктер үшін қызмет етеді және электр энергиясын бөлшек сауда тұтынушыларына жеткізу үшін жауап береді. Олар ҰЭТ-пен өңірлердің шекараларында жұмыс істейтін осындай

аудандардың тиісті географиялық шекараларымен тұспа-тұс келетін Өңірлік электр желілік компанияларының («**ӨЭК**») төменгі вольтты электр жеткізу желілерімен қосылған. ӨЭК-тің басым көпшілігі жеке инвесторларға тиесілі.

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы энергия жеткізуші ұйымдар («**ЭЖҰ**») шарттық талаптармен электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізу жөнінде қызмет көрсетеді, қызмет көрсетілетін желілерге қосылған барлық бөлшек сауда тұтынушыларының тұтыну көлемін анықтайды және осы ақпаратты энергиямен жабдықтаушы және ӨЭК береді.

Электр энергиясымен жабдықтау

Қазақстан Республикасы электр энергиясы нарығының электрмен жабдықтау секторы энергия өндіруші ұйымдарда немесе орталықтандырылған сауда-саттықтарда электр энергиясын сатып алуды және кейіннен оны соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан («**ЭЖҰ**») тұрады. ЭЖҰ бір бөлігі электр энергиясының «кепілдікпен жеткізушілер» функцияларын орындайды.

Үкіметтің 2004 жылдың басында электр энергетикасы саласындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту тұжырымдамасы мен 2004 жылғы 9 шілдеде «Электр энергетикасы туралы» Заң қабылданғаннан кейін ЭЖҰ бәсекелестік бөлшек сауда бағаларын белгілеу мақсатында өзінің электр жеткізу жөніндегі бизнесін электрмен жабдықтау функцияларынан бөліп ала бастады.

Қазақстанның электр энергиясын бөлу секторына энергияны өндірушілерден тікелей немесе орталықтандырылған сауда-саттық арқылы электр энергиясын сатып алып, соның нәтижесінде оны соңғы салаларға немесе тұтынушыларға (өнеркәсіптік орындар мен халыққа) қайта сататын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар кіреді. Жалпы тұтыну нарығының 30 пайызы дерлік үлесіне тиетін «Шығысэнерготрейд» ЖШС, «Оңтүстік жарық» ЖШС, «Алматыэнергоөткізу» ЖШС, «Энергия ағыны» ЖШС, «ЖамбылЖарықСауда-2030» ЖШС, «Жезқазғанэнергоөткізу» ЖШС, «Қостанай Энергоорталық» ЖШС, «АлатауЖарықКомпаниясы» ЖШС, «Астанаэнергоөткізу» ЖШС, «Павлодарэнергоөткізу» ЖШС, «Қарағанды Жылу Өткізу» ЖШС, «Ақтөбеэнергожабдықтау» ЖШС, «БатысЭнергоресурстары» ЖШС, «Атырау Энергосату» ЖШС, «Жетысуэнерготрейд» ЖШС, «СолҚазЭнергоөткізу» АҚ, «КөкшетауЭнергоОрталық» ЖШС және «АРЭК-Энергоөткізу» ЖШС ең ірі ЭЖҰ болып табылады.

Электр энергиясын тұтыну

Қазақстанда электр энергиясын тұтынудың жылдық қарқынының өсуі негізінен Қазақстан экономикасының тұрақты дамуының арқасында 2000 жылдан бастап 2013 жылдар аралығында 4,7 % құрады. 2013 жылы Қазақстандағы электр энергиясын жалпы тұтыну 89,6 млрд.кВт.с (2011 жылмен салыстырғанда өсуі 2%) құрады.

Төменде келтірілген кестеде 2000 жылдан бастап 2013 жылдар аралығындағы кезеңде электр энергиясын тұтынудың серпіні көрсетілген:

31 желтоқсанмен аяқталатын жылдағы	ІЖӨ	Электр энергиясын тұтыну	Электр энергиясын тұтыну	ІЖӨ-нің өсуіне электр тұтынудың айқындығы [1]
	Бұрынғы жылға қарағандағы өзгеріс (%)	*(ГВт.с)*	*Бұрынғы жылға қарағандағы өзгеріс (%)*	
2000	9,8%	54.380,1	7,2%	0,7
2001	13,5%	56.657,4	4,2%	0,3
2002	9,8%	58.047,5	2,4%	0,2
2003	9,3%	61.982,0	6,8%	0,7

31 желтоқсанмен аяқталатын жылдағы	ІЖӨ	Электр энергиясын тұтыну	Электр энергиясын тұтыну	ІЖӨ-нің өсуіне электр тұтынудың айқындығы [1]
	Бұрынғы жылға қарағандағы өзгеріс (%)	*(ГВт.с)*	*Бұрынғы жылға қарағандағы өзгеріс (%)*	
2004	9,6%	64.807,2	4,6%	0,5
2005	9,7%	68.129,0	5,1%	0,5
2006	10,7%	71.771,4	5,3%	0,5
2007	8,9%	76.439,6	6,5%	0,7
2008	3,3%	80.619,6	5,5%	1,7
2009	1,2%	77.959,6	(-3.3%)	(-2.7)
2010	7,3%	83.767,1	7,4%	1,0
2011	7,50%	88.136,0	5,2%	0,7
2012	5%	91.444,2	3,8%	0,8
2013	6	89.640,8	-2.0	-0,3

* Электр энергиясын тұтынудағы өзгеріс пайызын сол кезеңде ІЖӨ өзгерісі пайызына бөлумен есептеледі.

Ақпаратты беру көзі: ІЖӨ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, тұтынушы компаниялар жөніндегі деректер - Компания.

Электр энергиясына деген сұраныс пен ІЖӨ өсуі аралығындағы арақатынас дәрежесі неғұрлым жоғары дәрежеде нарық құрылымына тәуелді болады.

Төменде келтірілген кестеде облыстардың соңғы үш жылдың ішінде электр энергиясын тұтынуы бөліп көрсетілген.

	31 желтоқсандағы жай-күй бойынша					
	2011		2012		2013	
	(Көлемі, ГВт.с)	(Үлесі, %)	(Көлемі, ГВт.с)	(Үлесі, %)	(Көлемі, ГВт.с)	(Үлесі, %)
Ақмола облысы	7 058	8	7 491	8.2	7.508	8,4
Ақтөбе облысы	3 805	4	3 934	4.3	3.964	4.4
Алматы облысы	9 339	11	9 849	10.8	9.609	10,7
Атырау облысы	3 705	4	3 874	4.2	4.090	4,6
Батыс Қазақстан облысы	1 635	2	1 675	1.8	1.701	1,9
Жамбыл облысы	3 629	4	3 809	4.2	3.661	4,1
Қарағанды облысы	15 685	18	16 162	17.7	15.509	17,3
Қостанай облысы	5 753	7	5 790	6.3	5.581	6,2
Қызылорда облысы	1 384	2	1 495	1.6	1.510	1,7
Маңғыстау облысы	4 241	5	4 336	4.7	4.441	5,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	3 614	4	3 852	4.2	3.841	4,3
Павлодар облысы	17 871	20	18 420	20.1	17.904	20,0
Солтүстік Қазақстан облысы	1 668	2	1 708	1.9	1.669	1,9
Шығыс Қазақстан облысы	8 749	10	9 049	9.9	8.649	9,6
Барлығы	88 136		91 444.2	100	89.640,8	100

Ақпаратты беру көзі: Компания

2013 жылы Қазақстандағы электр энергиясын тұтыну 2012 жылмен салыстырғанда 2,0%-ға (немесе 1803,4 млн. кВт.с., 89 640,8 млн. кВт.с ұлғайды. Қазақстан БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтары бойынша аталған көрсеткіштің кемуі тиісінше 1 7768,2 млн. кВтс (2,8%) және 382,4 млн. кВтс (2,0%) құрады. Қазақстанның Батыс аймағындағы тұтыну 347,2 млн.кВтс (3,5%) артты.
Мынадай компаниялар 2013 жылы электр энергиясының ең ірі көлемдегі тұтынушылары болды:

	Млн. кВт.с	% 2011ж.
Ақсу ферроқорыту зауыты	5.763,8	103,8
«Арселор Миталл Темиртау» АҚ	4.125,6	97,9
«КЭЗ» АҚ	3.637,6	100,4
«Қазмырыш» АҚ	2.885,7	102,0
«ССГПО» АҚ	2.517,3	96,9

Тарифтер

Табиғи монополиялар туралы заңға сәйкес Компанияның мынадай қызметтері табиғи монополияның қызмет аясына жатады, және мұндай қызметтер құны реттеуші органдар бекітетін тарифтер негізінде белгіленеді:

1. электр желілері бойынша электр энергиясын жеткізу;

2. электр энергиясын торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну;

3. электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Тарифтер реттеу қызметінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, сондай-ақ Компания қызметінің тиімділігі мен түсім деңгейін реттеуде үлкен маңызға ие. Компания тарифтерді сол тарифтердің құрамдас бөліктерін анықтайтын реттеуші органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес есептеп белгілейді. Компанияның тарифтерін реттеуші орган бекітеді.

Компания тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді, оған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тарифті белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстарды тиісті түрде бағалайды, және капитал пайдалылығын әділ есептеу жолымен нақты нәтижеге қол жеткізеді. Бұл шара Компанияға негізгі шығыстардың орнын жабуға кепілдік береді және реттеуші орган бекіткен мөлшерде табыс деңгейінің шекті көлеміне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Табиғи монополиялар туралы заң мәтіні бойынша реттеуші орган Табиғи монополияларды реттеу агенттігі («**ТМРА**») болды, ол 2014 жылғы тамызда қысқарып, оның функциясын атқару Ұлттық экономика министрлігіне («**ҰЭМ**») жүктелді.

Бұрын қолданыста болған заңнама Компанияға тарифтерді бір жылға да, бірнеше жылға да бекітуге мүмкіндік берген болатын. Өткен жылдары Компания тарифтерді жыл сайынғы негізде бекітуге ұмтылды. 2013 жылы Компания тарифтердің шекті деңгейін екі жылға бекітуге өтінім берді. Бірақ, Табиғи монополияларды реттеу заңына енгізілген, 2013 және 2014 жылдары қабылданған соңғы өзгерістерге сәйкес болашақта Компания тарифтердің шекті деңгейін кемінде бес жыл мерзімге ғана бекіте алады.

Осындай ретпен Компания 2015 жылы өз тарифтерін кемінде бес жыл мерзімге бекітуге ұсынуы тиіс.

Жалпы ережелерге сәйкес, ҰЭМ бекіткен тарифтер мен тарифтердің шекті деңгейі бекітілген мерзімге сәйкес қолданыста болады.

Кейбір ерекше жағдайларда ғана қолданыстағы тарифтердің шекті деңгейін түзету Компания бақылауынан тыс міндеттемелер туындаған жағдайда ғана болуы мүмкін. «БИЗНЕС» «KEGOC тарифтері» бөлігін қараңыз.

Қолданыстағы нормативтік талаптармен байланысты қиындықтар

Қазақстанның электр энергетикасы саласы бірқатар айтарлықтай реформалардан өтті, бірақ кейбір міндеттер әлі де болса шешілместен қалып отыр. Үкімет шешімдері энергия өндіруші компаниялардың нарықта бәсекелесуіне кедергі келтіріп, олардың жағдайын қиындатуда. Жергілікті нарықтарда электр энергиясын бөлу әлі күнге дейін монополияландырылған.

ҚР Электр энергетикасы туралы Заңға сәйкес Қазақстандағы энергетикалық нарықты реттеу мақсатында мәдімделген энергияны тұтынушылардың сұранысын барынша қанағаттандыру және электр және жылу энергиясының нарығына қатысушылардың құқықтарын тұтынушыларға электр және жылу энергиясы жеткізушілерін таңдау құқығы кепілдігін беретін нарықтағы бәсекелестік жағдайларды құру жолымен қорғау болып табылады. Электр энергиясын өндіруге арналған тарифтер, ресми түрде ашық нарықта айқындалады. Іс жүзінде, бірақ өндірушілерге арналған тарифтерді ҰЭМ бекітуі тиіс және өндірістік қуаттарды кеңейту мен жаңғырту кезінде электр станцияларына инвестициялар салынған жағдайда көтерілуі мүмкін.

Экономикалық өсуді қолдау және электр энергиясын жеткізу электр энергиясын өндіруге және жеткізуші желілерге қомақты инвестициялар салуды қажет етеді. Тарифтердің жылдам өсуі саланың кейбір экономикалық негізделген саласына инвестициялар салудың мүмкіндігін көрсетті. Тарифтерді көтеру міндеті электрге арналған бағалардың әлеуметтік және макроэкономикалық саясатта атқаратын рөлімен күрделене түседі. Бұл саладағы жеке инвестициялар үшін негізгі қаржылық кедергі болып табылады.

2014 жылғы 29 мамырда Қазақстан, Ресей және Белоруссия Еуразия экономикалық одағы («**ЕАЭО**») шартына қол қойды. ЕАЭО шартын үш елдің парламенттері бекіткен жағдайда 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істейді. Мүше мемлекеттер басқалармен қатар, мүше мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы негізінде бірыңғай электр энергиясы нарығын құруға келіседі. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге осыған байланысты Қазақстанның заңнамасына қандай да болмасын өзгерістер жоқ. Мүше мемлекеттер 2015 жылдың шілдесіне қарай бірыңғай электр энергетикалық нарығы тұжырымдамасын әзірлеуге келісті. Қолданыстағы электр энергиясын реттеу базасы бірыңғай электр энергетикасы нарығының құрылуына байланысты жаңа өзгерістерді көрсету үшін айтарлықтай түрде қайта қаралатын болады. Сондай-ақ «ТӘУЕКЕЛДЕР ФАКТОРЛАРЫ» бөлімін қараңыз.

Қазақстанның энергетикалық стратегиясы және инфрақұрылымды дамыту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасын бекітті.

2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасы әлемдік озық іс-тәжірибе мен әлемдік энергетикадағы соңғы даму

үдерістерін ескере отырып мұнай газ, көмір, атом және электр энергетикасы салаларының біртұтас дамуын байланыстырады.

Отын-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу кезінде мынадай міндеттерді шешу ескерілді:

1. АЭК ресурстары мен өнімдерін қамтамасыз етуді өз беттерінше жеткілікті күшейту жолымен елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2. өңірлер экономикасының энергияны тұтынуды өсіруін қанағаттандыру жолымен өңірдегі геосаяси ықпалды күшейту;
3. елдің экономикалық әлеуетін дамыту;
4. ғылыми әлеуетті дамыту;
5. жаңа технологияларды ендіру;
6. энергия жабдықтары мен энергия объектілерінің қауіпсіздігі мен сеінмділігін арттыру;
7. XXI ғасырдың технологияларын пайдалану жолымен АЭК салаларын қарқынды дамыту;
8. энергия теңгерімге жаңартылатын энергия көздері мен энергияның балама көздерін белсенді тарту;
9. энерго- және ресурсты үнемдеу, энергия тиімділікті арттыру.

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Төменде салаға, сондай-ақ тарабы Қазақстан болып табылатын Компанияға қолданылатын халықаралық шарттарға қатысы бар Қазақстандағы әртүрлі нормативтік құқықтық актілердің қысқаша сипаттамасы келтіріген. Төменде келтірілген нормативтік құқықтық актілерге жасалған қысқаша шолулар жеткілікті болып табылмайды және инвесторларға жалпы ақпарат ғана береді; аталған тізбе кәсіби заңдық кеңес беруге арналмаған және оны алмастыра алмайды.

Кіріспе

Компания аса қажетті реттелетін саланың қызметін жүзеге асырады. Олар мемлекет тағайындаған жүйелік оператордың міндеттерін орындайды және Қазақстанның бірыңғай энергия жүйесін («**БЭЖ**») басқарады. Жүйелік оператордың мәртебесіне толықтыру ретінде табиғи монополиялар функцияларын орындайды, ол табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген. Осыған байланысты, Компания бірегей жағдайда орналасқан және оның реттеу режимі көптеген қазақстандық компаниялардың реттеу режиміне қарағанда неғұрлым барынша күрделі болып табылады.

«Электр энергетикасы туралы» заң

Жүйелік оператор

Электр энергетикалық сектордың қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт «Электр энергетикасы туралы» заң болып табылады, ол 2004 жылы қабылданып, қолданысқа енгізілді. Бұл заң электр және жылу энергиясын өндіру, жеткізу және тұтыну мәселелерін реттейді. Төменде Компанияға қолданылатын заңның негізгі қағидаттары келтірілген.

«Электр энергетикасы туралы» заң «жүйелік оператордың» құқықтық мәртебесін былайша айқындайды: орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр торабы («**ҰЭТ**») бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания. «Электр энергетикасы туралы» Заң Үкіметке жүйелік операторды тағайындау туралы өкілеттік берді. ЭМ Компанияны 2014 жылғы 17 қазандағы №61 бұйрығына сәйкес жүйелік оператор етіп тағайындады.

Компания ЭМ тағайындауымен жүйелік оператор бола отырып, келесі қызметтерді қоса алғанда жүйелік оператордың қызметін көрсетуге айырықша құқығы бар: (i) ҰЭТ арқылы көрші мемлекеттердің және өңіраралық электр жеткізу желілерімен электр энергиясын электр станциялардан электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушыларға жеткізілетін трансшекаралық ағындарды қоса алғанда, ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу; (ii) техникалық диспетчерлендіру; (iii) БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу; сондай-ақ (iv) электр қуатын реттеу. ЭМ тағайындауымен жүйелік оператор бола отырып, Компанияның ҰЭТ-ты пайдалануға айырықша құқы бар.

ҰЭТ-ты жекешелендіруге қатысты ережелер

«Электр энергетикасы туралы» заң электр энергиясын мемлекетаралық және (немесе) өңіраралық жеткізуді, электр станцияларының қуатын беруді жүзеге асыратын және 220 кВ және одан жоғары электр беру желілерінің, қосалқы станциялардың және тарату құрылғыларының жиынтығы екендігін айқындап берді. «Электр энергетикасы туралы» Заң бұдан әрі ҰЭТ-тың жеке өзі жекешелендіруге жатпайтынын және ұлттық компанияға Үкімет белгілеген тәртіпте және талаптармен берілуі тиіс екендігін белгілеп берді. Жеке инвесторларға Ықтимал ұсыну Қазақстанның заңнамасымен бекітілген аталған терминнің анықтамасына сәйкес қалай болса солай ҰЭТ-ты жекешелендіру болып табылмайды, өйткені ҰЭТ немесе оның құрамдас бөліктері иеліктен шығарылмайды және Компания осы Ұсыныстан кейін де ҰЭТ меншігі болып қалады.
Бұған қоса, «Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде ұйғарылған Ықтимал ұсынуға байланысты 2014 жылғы шілдеде «Электр энергетикасы туралы» Заңға басқарушы ұлттық холдингтің (яғни Қордың) KEGOC иеліктен шығаруға құқығы жоқ екендігін көздейтін өзгерістер енгізілді, егер ұлттық басқарушы холдингке тиесілі осындай пакет кемінде 90 плюс бір дауыс беруші акцияны құрайтын болса. Ықтимал ұсыну нәтижесінде орналастырылатын акциялар орналастырылған KEGOC акцияларының кемінде 10% құрайды.
«Электр энергетикасы туралы» Заңға толықтыру ретінде, «Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншіктегі объектілердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 шілдедегі №422 Жарлығымен ҰЭТ-тың жекелеген құрамдас бөліктерін, атап айтқанда кернеуі 200, 500 және 1150 кВ өңіраралық электр жеткізу желілерін жекешелендіруге тыйым салынды. Бағалы қағаздарды Ұсынуды дайындау кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің №894 Жарлығымен №422 Жарғының күші жойылды. №894 Жарлық иеліктен шығаруға жатпайтын активтердің тізбесін анықтап берді және оған ҰЭТ немесе оның жеке құрамдас бөліктері енгізілмейді. «ТӘУЕЛДІЛІК ФАКТОРЛАРЫ» бөлімін қараңыз.

Электр энергетикасы саласындағы заңға тәуелді актілер

«Электр энергетикасы туралы» заңды іске асыру шеңберінде Компанияның қызметінде қолданылатын әртүрлі нормативтік құқықтық актілер қабылданды, оларға мыналар кіреді:
Жүйелік оператордың қызмет көрсету ережесі (Үкіметтің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 300 қаулысымен бекітілген Жүйелік оператордың қызмет көрсетуі, жүйелік және қосалқы

қызметтер нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі). Жүйелік оператордың қызмет көрсету ережесі: (а) жүйелік оператордың жүйелік қызметтерді ұсыну (яғни ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу қызметі, электр энергиясын торапқа жіберу мен тұынуды диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу) және б) жүйелік оператордың көтерме сауда нарығындағы субъектілерден қосалқы қызметтерді сатып алу талаптарын белгілейді.

Теңгерімдеуші нарық ережесі (Үкіметтің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1508 қаулысымен бекітілген Электр энергиясы теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу ережесі); Осы ереже теңгерімдеуші нарықтың жұмыс істеу тәртібін белгілейді. Теңгерімдеуші нарық Қазақстанның БЭЖ-де электр энергиясы мен қуаттың теңгерімін қолдау үшін жүйелік оператордың құралы болып табылады. Жүйелік оператор көтерме сауда нарығының қатысушыларымен жасалатын шарттар негізінде электрді өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Көтерме сауда нарығы ережесі (Үкіметтің 2012 жылғы 4 маусымдағы № 740 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы электр энергиясы көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі). Осы ереже электр энергиясы көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, сондай-ақ аталған нарықта қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Бөлшек сауда нарығы ережесі (Үкіметтің 2012 жылғы 12 шілдедегі № 932 қаулысымен бекітілген Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру, сондай-ақ аталған нарықта қызмет көрсету ережесі). Осы ереже электр энергиясы бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру, сондай-ақ аталған нарықта қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Электр желілері ережесі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 625 қаулысымен бекітілген Электр желілері ережесі). Осы ереже электр желісін пайдалану және БЭЖ-ді басқаруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Табиғи монополиялар туралы заң

Шолу

Табиғи монополиялар туралы Заңға сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін негізгі заң болып табылады, Компанияның тораптары бойынша электр энергиясын жеткізу, торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну мен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру қызметтері табиғи монополиялар салаларына жатады.

Компания ТМРА төрағасының 2005 жылғы 24 қаңтардағы №16-ОД бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілді. Компания табиғи монополияр субъектісі бола отырып, Табиғи монополиялар туралы Заң мен осы заңды іске асыру шеңберінде қабылданған заңға тәуелді актілердің талаптарын сақтауы тиіс.

Реттеуші

2014 жылы Қазақстан Президентінің бастамасы бойынша Үкімет қайта құрылды, соның нәтижесінде табиғи монополиялар субъектілерін реттеу жөніндегі функциялар қайта бөлінді. Үкімет қайта құрылғанға дейін табиғи монополиялар субъектілерін реттеу, реттелетін қызметтерге тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту жөніндегі функцияларды Табиғи монополияларды реттеу агенттігі («**ТМРА**») жүзеге асырып келді. Үкімет қайта құрылымдалған соң Агенттік таратылды, оның өкілеттігі Ұлттық экономика министрлігіне («**ҰЭМ**») берілді. ТМРА қабылдаған барлық нормативік және жеке құқықтық актілер өзінің қолданысы кезеңінде бұрынғысынша әлі де жарамды, егер ҰЭМ-ның шешімімен өзгертілмесе немесе күшін жоймаса.

ҰЭК реттелетін қызметтерге тарифтерді және оның тарифтік сметалары мен тарифке уақытша төмендетілетін коэффициенттерді бекітеді. Тарифтерді мақұлдау шеңберінде ҰЭМ шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның техникалық және технологиялық шығыстарын, нормативтік техникалық ысыраптарды, қызметкерлердің нормативтік санын нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіпте бекітеді. ҰЭМ белгіленген тәртіппен ағымдағы және күрделі жөндеуге және негізгі құралдардың құнын өсіруге әкеп соқпайтын басқа жөндеу-қалпына келтіруге арналған шығындар сметасын; әкімшілік басшы қызметкерлердің штат кестесі және олардың еңбегіне ақы төлеудің шекті деңгейін; есепке алу саясатын; реттелетін қызмет түрлері және өзге қызмет бойынша Компанияның кірістерін, шығындары мен жұмыс істеп тұрған активтерін бөлек есепке алу әдістемесін келіседі.

Табиғи монополиялар туралы заңға сай:

a. табиғи монополия субъектісінің табиғи монополия қызметінен басқа өзге қызметпен айналысуы (қызмет түрлерінің технологиялық байланыстылығын қоса алғанда), ҰЭМ-ның алын ала келісімін алу талап етіледі;

b. табиғи монополия субъектісінің жарғылық капиталындағы он пайыздан астам дауыс беруші акцияларын (қатысу үлесін) меншігіне сатып алған кез келген адам мәміленің жасалғаны туралы ҰЭМ-ға алдын ала хабарлауға тиісті;

c. реттелетін қызметтерді (тауарлар, жұмыстар) көрсетуге және шығаруға арналған табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен шығару және (немесе) өзге мәмілелер жасау, егер табиғи монополия субъектісі мүлкінің немесе мүлкінің теңгерімдік құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің теңгерімдік құнынан 0,05 пайызға асып түссе, (және осындай мәмілелер табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін көтеретін болса, тұтынушылармен жасалған шарттар бұзылса, технологиялық жүйемен байланысты тұтастық бұзылса, көрсетілетін реттелетін қызметтер көлемі тоқтатылса немесе айтарлықтай төмендесе) ҰЭМ-ның алын ала келісімін алу талап етіледі.

d. табиғи монополия субъектісінің акцияларды сатып алуға (қатысу үлесін), сондай-ақ ҰЭМ-мен алдын ала жазбаша келісе отырып, Табиғи монополиялар туралы Заңмен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға өзге нысанда қатысуға құқы бар; және

e. табиғи монополия субъектісін қайта құру және тарату ҰЭМ-ның алдын ала келісімен ғана мүмкін болады.

Бұдан басқа, Парламент қазіргі уақытта «Табиғи монополиялар туралы» Заңға өзгерістерді қарауда. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге аталған өзгерістер қабылданған жоқ.

Компания қызметі

Компанияның жүзеге асыруға құқығы бар қызмет түрлерінің тізбесі ҰЭМ-ның осындай технологиялық байланысты қызмет түрлеріне алдын ала рұқсатын алған жағдайда табиғи монополия қызметінің түрлері және қызметтің басқа технологиялық байланысты түрлерімен шектелген. Компания сондай-ақ қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыра алады, егер осындай қызметтен түсетін табыс Компанияның табысынан 5%-дан асып түспесе және ҰЭМ-нан қызметтің осындай түріне алдын ала рұқсаты алынған жағдайда.

Компания өз клиенттерімен шарттар жасайды. Шарттарды жасау кезінде Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы № 1194 қаулысымен бекітілген үлгі шарттарды пайдаланады.

Тең қолжетімділік

«Табиғи монополиялар туралы» заң табиғи монополиялардан табиғи монополиялар қызметтеріне тең жағдайларды жасауды талап етеді. «Электр энергетикасы туралы» Заң жүйелік оператор өз тұтынушыларының ҰЭТ-қа тең қол жетімділігін қамтамасыз ететін міндеттер жүктеуді қарастырады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы қаулысымен бекітілген «Табиғи монополиялар саласында реттелетін қызметтерге (жұмыстарға, тауарларға) тең қолжетімділікті жасау ережесі әртүрлі табиғи монополиялар клиенттерінің табиғи монополиялардың тауарлары мен қызметтеріне тең қолжетімділікті пайдалана алатын жалпы талаптарын белгілейді, сондай-ақ клиенттің: (i) ҰЭТ-қа немесе басқа электр жеткізу желілеріне қосыла алатын; (ii) электр энергиясы көтерме сауда нарығында электр энергиясын жеткізу немесе бөлу қызметтеріне қолжетімділікты иеленетін; және (iii) диспетчерлендіру қызметтеріне және электр энергиясын өндіру және тұтыну қызметтеріне қолжетімділікті иеленетін арнайы талаптарын белгілейді.

Табиғи монополиялар туралы Заңға өзгерістер

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге Парламент Мәжілісі Табиғи монополиялар туралы Заңға өзгерістерді қарауда. Бұл аталған өзгерістер әлі қабылданған жоқ. Тұтастай алғанда Компания ұсынған өзгерістер Компания немес оның қызметі үшін оң және теріс әсерін тигізбеуі тиіс деп есептейді. Ұсынылған өзгерістер жоба болып табылады немесе Мәжіліс пен Парламент комитеттері оны қарау және пысықтау процесінде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Қандай да болмасын өзгеріс ұсынылған редакцияда қабылданатынына ешкім кепілдік бермейді.

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге Табиғи монополиялар туралы Заңға мынадай негізгі өзгерістерді енгізу қарастырылуда, олар Компания мен оның қызметіне қатысты болуы мүмкін:

табиғи монополия субъектісінің басқа қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу күшінің жойылуы. Компания осы тыйым салу күшінің жойылуы Табиғи монополиялар туралы Заңға және онымен байланысты табиғи монополия субъектілерін және олардың қызметтерін реттеуге қойылатын негізгі қағидаттар, әдістер мен тәсілдер, табиғи монополия субъектілерінің монополиялық қызметін және өзге қызметті шектеу, бөлек бухгалтерлік есеп жөніндегі барынша қатаң талаптарды жүргізу, монополиялық қызметке өзге қызметтің шектеулі әсерінің нормаларын ендіру бөлігіндегі өзге нормативтік құқық актілерге кең көлемді өзгерістер енгізуді талап етеді деп есептейді.

12. табиғи монополия субъектілеріне тарифтік смета жалпы алғанда көтерілмейтін жағдайда реттеуші бекіткен тарифтік смета баптарын көтеруге рұқсат беруі;

13. ҰЭМ және салалық министрліктер арасындағы функцияларды бөлу (бұл ретте Энергетика минситрлігі («**ЭМ**»). Атап айтқанда, нормативтік техникалық ысыраптарды, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның техникалық және технологиялық нормалары мен қызметкерлердің нормативтік санын бекітуді ҰЭМ емес салалық министрліктер жүзеге асыруы тиіс деп қарастыруды ұсынады, өйткені атап айтқанда салалық министрліктер тиісті саланы реттеуді жүзеге асырады және өздері реттейтін индустрияның ерекшелігін барынша жақсы түсінеді;

14. табиғи монополия субъектісінің өзге заңды тұлғалардан қатысу үлесін/акцияларды сатып алу шектеулерінің өзгеруі. Мәселен, қолданыстағы Заңның редакциясында 100% акциялар немесе қатысу үлесін иеленетін табиғи монополия субъектісі еншілес кәсіпорындарының жарғылық капиталын өсіру жөніндегі операциялар үшін ерекшеліктер қарастырылмаған. Табиғи монополия субъектісі осындай компаниялардың жарғылық капиталына қосымша үлес салуды реттеушімен келісуге мәжбүр болады.

Компанияда қолданылатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу тәртібі

Қазақстанның заңнамасымен мемлекет акцияларының немесе қатысу үлесінің 50%-ын тікелей немесе жанама иеленген компаниялар үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алудың арнайы ережесі белгіленген. Осындай сатып алу ережелерінің екі түрі бар: бірінше ереже «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303 III Заңының талаптарына («**Мемлекеттік сатып алу туралы заң**»), ал екінші ереже «Ұлттық әл-ауқат қоры» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңына **(«ҰӘҚ туралы Заң»)** негізделген. KEGOC Қор тобының компаниясы бола отырып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпы сатып алу ережесінің ықпалына емес ілікпейді, жалпы ережелерге ұқсас «Самұрық-Қазына» сатып алу ережелеріне сәйкес («**Самұрық-Қазына» сатып алу ережелері**»)өз сатып алуын жүзеге асырады.

ҰӘҚ туралы Заңға сәйкес Қор мен Қордың еншілес кәсіпорындары, компанияның еншілес компаниялары мен бірлескен кәсіпорындары Самұрық-Қазына сатып алу ережесін сақтауы тиіс. Сатып алудың негізгі тәсілі Компания тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің басым көпшілігін сатып алатын ашық тендер болып табылады. Қордың сатып алу ережесімен көзделген белгіленген жағдайларда Компания жұмыстар мен қызметтерді өзге тәсілдермен: жабық теңдер, екі кезеңді ашық немесе жабық тендер; баға ұсыныстарына сұрау салу; ұйымдастырылған электронды саудалар арқылы; тауар биржалары арқылы; бір көзден тәсілімен; электр энергиясының орталықтандырылған саудаларында; бір көзден немесе Самұрық-Қазына сатып алу ережесінің талаптарын қолданбастан сатып алуы мүмкін.

Тауарлар мен қызметтердің жекелеген шектеулі санаттарын, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді табиғи монополия субъектісінен, белгілі нарықта басым (монополиялық) жағдайда иеленетін мемлекеттік монополия субъектісінен, сондай-ақ осындай нарықта үлесі 35 (отыз бес) пайыздан асатын тұлғалардан сатып алу шартын тікелей жасау жолымен жүзеге асырылады.

Самұрық-Қазына сатып алу ережесі Қор тобының компаниялары сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қор тобы мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұратын (i) мүгедектер ұйымдарынан (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар), (ii) Қор тобына кіретін ұйымдардан және (iii) қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу басымдылығын беру қажеттілігін басшылыққа алады.

Компания сатып алуды жылдық және ұзақ мерзімді сатып алу жоспарларына сәйкес жүзеге асырады. Шарттардың көпшілігін Компания бір жыл мерзімге шарт жасайды. Ұзақ мерзімге арналған шарттар Самұрық-Қазына сатып алу ережесімен тікелей көзделген жекелеген жағдайларда жасалуы мүмкін. Компания әрбір тендер үшін толық тендерлік құжаттаманы дайындауы және сондай-ақ функциясына жеңімпазды анықтау кіретін тендерлік комиссияны құруы тиіс.

Стратегиялық объектілер

Шолу

«*Стратегиялық объектілер»* тұжырымдамасы Қазақстанның заңнамасына 2007 жылы енгізілді. Қазақстанның Азаматтық Кодексін 193-1 баппен толықтыру арқылы белгілі бір мүлік түрін «стратегиялық объектілерге» Қазақстандағы қоғамның орнықты дамуы мен осындай объектілердің Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне ықтималды әсеріне қарай жатқызу қарастырылады.

Стратегиялық объектілерді мемлекет, сондай-ақ жеке адамдар иелене алады. Стратегиялық объектінің мемлекеттік немесе жеке меншікте болғанына қарамастан кез келген мәмілелер осындай стратегиялық объектілерді иеліктен шығаруға әкеп соғуы мүмкін, мәселен, кепіл, ипотека немесе өзге ауыртпалығы бар стратегиялық объекті, олар Үкіметтің шешімін талап етеді. Үйымдастырылған құнды қағаздар нарығында стратегиялық объектілер иелеріне акцияларды алғашқы ұсыну, мәселен, KASE ретінде онда да Үкіметтің шешімін талап етеді. Бұдан басқа, мемлекеттің стратегиялық объектілерін ол иеліктен шығарылған жағдайда артықшылықпен сатып алуға құқы бар.

Азаматтық кодекс пен «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заң стратегиялық объектілердің құқықтық мәртебесін реттейтін негізгі нормативтік актілер болып табылады (**«Мемлекеттік мүлік туралы заң»**). «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң сондай-ақ мемлекеттің стратегиялық объектілерді мемлекет меншігіне алуды қарастырады.

ҰЭТ мәртебесі және Компания акциялары

Азаматтық кодекстің 193-1-бабына сай сонымен қатар ҰЭТ-қа стратегиялық объекті мәртебесін беру мүмкіндігі қарастырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен ҰЭТ және Компания акциялары стратегиялық объектілерге жатқызылды.

Ықтимал ұсынысты дайындау кезінде Компания Бағалы қағаздарды ұсынуды және Ықтимал ұсыну шеңберінде орналастырылатын акциялар санын, сондай-ақ Акцияларды мемлекеттің артықшылықпен сатып алуынан бас тартуын бекітетін Үкіметтің шешімін алуды жоспарлап отыр. Бұдан басқа KEGOC Ықтимал ұсыну аясында орналастырылатын 10% минус бір акцияларды «стратегиялық объектілер» анықтамасынан шығаруға Үкімет шешімін алуға ниеттеніп отыр.

Табиғатты қорғауды реттеу

Компанияның негізгі қызметінің қоршаған ортаға айтарлықтай ықпалын тигізбегеніне қарамастан оның қызметі дегенмен қоршаған ортадағы эмиссияны реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілердің қолданысына кіреді, мәселен: ауаға ластаушы заттардың шығарындылары, өндіріс қалдықтарын орналастыру және қоршаған ортада тұтыну, әсері бар табиғи заттар. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының № 212-III Экологиялық кодексі («Экологиялық кодекс»), «Су кодексі» 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481-II және «Жер кодексі» 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II экология мәселелерін реттейтін негізгі нормативтік актілер болып табылады.

Қоршаған ортадағы эмиссияға рұқсатнама

Экологиялық кодекс қоршаған ортаға ластаушы заттардың эмиссиясын жүзеге асыратын кез келген адам қоршаған ортаның эмиссиясына рұқсатнама алуды міндеттейді. Эмиссияға берілген құжат оның иесіне рұқсатта көрсетілген ластаушы заттардың белгілі бір көлемін ауаға жіберу эмиссиясына (шығарындыға), қалдықтардың және/немесе ағынды сулардың лақтырындыларын орналастыруға құқық береді. Эмиссияға орналастыру рұқсаттама иесі үшін табиғатты пайдаланудың қосымша талаптарын белгілейді.

Компания операцияларында қоршаған ортаға әсерін тигізетін негізгі көздер мыналар болып табылады:

a. Компания жабдықтарынан ауаға түсетін шығарындылар; сондай-ақ

b. Қосалқы станциялар жабдықтарын жөндеуден және қайта жаңартудан түскен қалдықтарды пайдаға жарату.

Қоршаған ортаға инвестициялық жобалардың тигізетін әсерін сараптамалық талдау және бағалау

Қазақстанның заңнамасына сай жаңа объектілерді салу немесе қолданыстағыларын қайта жаңартуды қоса алғанда, қоршаған ортаға әсерін тигізетін кез келген жобаларды әзірлеу және іске асыру, сонымен қатар қоршаған ортаға әсерін бағалауды қоса алғанда, біртұтас сараптамалық қорытындыларды алу қарастырылады. Компанияның барлық инвестициялық жобалары сараптамадан және қоршаған ортаға әсерін бағалаудан өтеді.

Компания ірі көлемдегі жаңа жобаларды толығымен іске асырады. Сонымен қатар барлық экологиялық және басқа қажетті сараптамалар мен келісімдерді алу, сондай-ақ қоршаған ортаға бағалауды жүргізу жөніндегі міндеттер Компания мердігерлеріне жүктеледі.

Суды пайдалануға арналған рұқсатнама

Компанияның бес филиалы сумен жабдықтауды артезиан сулары негізінде пайдаланады. Артезиандық сумен жабдықтау үшін филиалдар Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетінің аумақтық бөлімшелерінен арнайы суды пайдалануға рұқсат алады.

Күзетілетін аймақтар

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы №1509 қаулысымен бекітілген электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі ережесі әуелік электр жеткізу желілерінің барлық ұзындығы бойынша күзету аймақтарын белгілеуді талап етеді. Күзет аймағы әуелік электр жеткізу желілері тікелей орналасқан жерлер мен әуе кеңістігін, сондай-ақ әуелік электр жеткізу желілерінің екі жағы бойынша жер мен әуе кеңістігін білдіреді. Күзет аймағының көлемі әуелік электр жеткізу желілерінің кернеу сыныбына байланысты болады. Қазақстанның заңнамасы әуелік электр жеткізу желілері күзетілетін аймақта қандай да болмасын қызметті жүзеге асыруға, құрылыс салуға және объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы

«Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республкасының 11.04.2014ж. №188-V Заңына сәйкес («**Азаматтық қорғаныс туралы заң**») KEGOC қауіпті өндірістік объектілерді декларациялауды жүзеге асыратын декларациялауға жатқызылатың қауіпті өндірістік объектілер иесі болып табылады. Декларациялау процесін Компания өзі тартатын аттестациядан өткен ұйымдар жүзеге асырады, олар жеке де мемлекеттік те болуы мүмкін.

Компания Азаматтық қорғаныс туралы Заңмен қауіпті өндірістік объектілер иелеріне қойылатын қосымша жоғары талаптар қарастырылған. Атап айтқанда, Компания декларациялануға жататын қауіпті өндірістік объектілер иесі бола отырып, сонымен қатар, 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын; 2) өндірістік ғимараттарды, технологиялық үймереттерге тексеру жүргізілуін және диагностикалануын; 3) нормативтік қызмет мерзімін өтеген, оларды бұдан кейін қауіпсіз пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін техникалық құрылғыларға сараптама жүргізілуін; 4) қауіпті өндірістік объектінің қаржы-экономикалық қызметінің жоспарларын әзірлеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған шығындардың қарастырылуын; 5) аварияларды жою жоспарына сәйкес жұмыстарды жүргізуге арналған материалдық және қаржылық ресурстар резервінің болуын бақылауға міндетті.

Халықаралық шарттар

Қазақстанның БЭЖ-і Ресей Федерациясы мен Орталық Азияның БЭЖ-нің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істейді. Жоғарыда көрсетілген жүйелермен қатарлас жұмыс істеу шарттары, төмендегілерді қоса алғанда, халықаралық шарттармен реттеледі:

c. ТМД электр энергетикалық жүйелердің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету туралы 1998 жылғы 25 қарашадағы шарт;

b. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Орталық Азия мемлекеттері энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы туралы 1999 жылғы 17 маусымдағы келісім;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы 2009 жылғы 20 қарашадағы келісім.

Соңғы жоғарыда көрсетілген келісімді іске асыру шеңберінде Компания сондай-ақ мынадай келісімдерді жасады:

f. «Біртұтас энергетикалық жүйенің федералдық желілік компаниясы» ААҚ-мен, «Біртұтас энергетикалық жүйенің жүйелік операторы» ААҚ-мен – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы туралы 2010 жылғы 23 сәуірдегі шарт;

g. «Біртұтас энергетикалық жүйенің федералдық желілік компаниясы» ААҚ-мен – Электр энергиясын жеткізу (транзиті) жөнінде қызмет көрсету туралы 2009 жылғы 29 желтоқсандағы шарт;

h. «Интер РАО ЕЭС»ААҚ-мен – Электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқуларын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу-сату туралы 2010 жылғы 23 сәуірдегі шарт.

Еуразиялық экономикалық одақ

2014 жылғы 29 мамырда Қазақстанның, Ресей мен Беларусияның басшылары Еуразиялық экономикалық одақты («**ЕАЭО**») құру туралы шартқа қол қойды. ЕАЭО оған қатысушы үш мемлекеттің парламенттері құру туралы шарт бекіткен жағдайда 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмысын ресми түрде бастайды. ЕАЭО шеңберінде жиынтықты ішкі жалпы өнім кемінде 3 трлн. АҚШ доллары болатын 171 млн. адамды біріктіретін бірыңғай экономикалық нарықты құру жоспарланады. Қазақстан Президенті ЕАЭО тек қана экономика жағынан бірігуі тиіс және солай болып табылады және Қазақстан өз тәуелсіздігі мен егемендігін сақтап қалуға тырысады деп мәлімдеді.

Шартқа қатысушы елдер сонымен қатар қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерінің қатарлас жұмысы негізінде бірыңғай электр энергиясының нарығын құруға келісті. Бірыңғай электр энергиясының нарығын құруға бағытталған негізгі іс-шаралардың мынадай жүйелілігі болжанылады:

i. 2015 жылдың шілдесіне бірыңғай электр энергиясының нарығы тұжырымдамасын әзірлеу;

j. 2016 жылдың 1 шілдесіне бірыңғай электр энергиясының нарығын құру бағдарламасын қабылдау. Бағдарламаға негізгі кезеңдерді аяқтау мерзімдерінің кестесі енгізілуі тиіс;

k. 2019 жылдың 1 шілдесіне қоланысқа енетін бірыңғай электр энергиясының нарығын құру туралы халықаралық келісімге қол қою.

Шартқа қатысушы мемлекеттер өтпелі кезең ішінде ЕАЭО құру туралы шарт күшіне енген күннен бастап 2019 жылдың 1 шілдесіне дейін табиғи монополиялар қызметтеріне арналған тарифтер ұлттық заңнамалармен реттеледі. ЕАЭО құру туралы шартта бірыңғай электр энергиясының нарығын құру аяқталғаннан кейін ішкі ұлттық нарықтарда көрсетілетін табиғи

монополиялар қызметтеріне арналған тарифтер ЕАСО бірыңғай заңнамасымен реттелетіні, мемлекетаралық құрылыммен бекітілетіні немесе өзге келісілген тәртіппен белгіленетіні анықталмаған.

Реттеуші органдар

Қазақстанда Компанияның жұмысына қатысы бар негізгі реттеуші органдар төменде келтірілген.

Энергетика министрлігі (ЭМ)

ЭМ электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган болып табылады. Ол электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, тиісті техникалық регламенттерді әзірлейді, электр энергиясын өндіру, жеткізу және тұтыну саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (өз құзыреті шегінде) әзірлейді және бекітеді. Ол сондай-ақ электр энергетикалық өнеркәсіп объектілерін жобалау, салу, техникалық пайдалану және қауіпсіздігі саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті

ЭМ жанындағы Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті электр энергетикасы саласында Қазақстанның нормативтік құқықтық актілерінің техникалық талаптарының орындалуын және энергетикалық жабдықты пайдалану мен оның техникалық жай-күйін бақылайды.

Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ)

ҰЭМ Қазақстандағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін және бақылайтын мемлекеттік орган болып табылады. Компания қызметтеріне арналған барлық тарифтерді ҰЭМ бекітеді.

Толық ақпарат алу үшін «KEGOC тарифтеріI» бөлімін қараңыз.

БИЗНЕС

Шолу

«KEGOC» АҚ Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесі («**БЭЖ**») Жүйелік операторының функцияларын орындайтын ұлттық компания болып табылады. KEGOC мына негізгі қызметтерді көрсетеді: i) электр энергиясын, соның ішінде көрші мемлекеттердің электр жеткізу желілерімен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде; электр энергиясын электр станциялардан электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушыларға ұлттық электр торабы арқылы жеткізу; (ii) торапқа босатуды техникалық диспетчерлік басқару және электр энергиясын тұтыну және (iii) электр энергиясын өндіру мен оны тұтынуды теңгерімдеу ұйымдастыру жөніндегі қызметтер.

Компания Қазақстанның энергетикалық жүйесін басқаруды қайта құрылымдау жөніндегі Үкіметтің бастамасы шеңберінде 1997 жылы құрылған болатын. Компанияда қазіргі уақытта 4 729 адам жұмыс істейді. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге Компания «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (Қор) 100% еншілес кәсіпорны болып табылады, Ықтимал ұсыныстан кейін Қорға Компанияның кемінде 90% акциясы тиесілі болады.

Компания БЭЖ-ді басқарады, ол (i) ҰЭТ-тан тұратын ; (ii) жалпы белгіленген қуаты 20 592 МВт және ұйғарынды қуаты 17 108 МВт 76 электр станциялардан, мемлекеттік маңызы бар сегіз электр станцияларды қоса алғанда, (iii) ҰЭТ-қа тікелей жалғанған 21 таратушы электр

желілік компаниялардан (ӨЭК); және (iv) 129 көтерме сауда тұтынушыларынан тұрады. Компания ҰЭТ-ты иеленеді, басқарады және оған техникалық қызмет көрсетеді, оның құрамына ұзындығы тізбектер бойынша 24 564 733 километр 35-1150 кВ жоғары вольтты электр жеткізу желілері мен белгіленген қуаттылығы 36 355,05 МВА 77 қосалқы станциясы бар. Компания мемлекетаралық және өңіраралық электр жеткізу желілері бойынша электр жеткізуді, электр станцияларының өңірлік электр желілік компаниялармен және ірі тұтынушылармен байланысын қамтамасыз етеді. БЭЖ-дің қалған акциялары үшінші тұлғаларға тиесілі.

Компанияның негізгі стратегиялық мақсаты Қазақстанда және жаһандық экономикалық ортада табысты жұмыс істейтін дербес, бәсекеге қабілетті коммерциялық ұйым ретіндегі Компанияны қалыптастыру болып табылады. Басшылық мұндай табысқа қол жеткізу үшін:

i. Қазақстанның сұранысына сәйкес Қазақстан ҰЭТ-ның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ii. Компания бизнесінің өсуі мүддесіне орай және Қазақстан экономикасының сұраныстарына сәйкес ҰЭТ-ты дамыту;

iii. Компания қызметінің тиімділігін арттыру;

iv. Қазақстандағы электр энергетикалық нарықты жетілдіру және тиімділігін арттыру;

v. Корпоративтік басқару іс-тәжірибесін дамыту және орнықты дамуды қамтамасыз ету; және

vi. шектес елдердің электр энергетикалық компанияларымен орнықты әріптестік өзара қатынастарға қол жеткізу.

2013 жылы Компания өзінің негізгі қызметінен 73 811 723 мың теңге табыс алды. Оның 44 351 735 мың теңгесі, немесе 60,1%-ы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметінен алынды, ал қалған табыс Компанияның торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудан, сондай-ақ:

1. электр энергиясының мемлекетаралық нақты мемлекетаралық сальдо ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқуларын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан;

m. жоспардан тыс ағындарды өтеу мақсатында сатып алынған электр энергиясын сатудан;

n. электр қуатын резервтеу жөніндегі қызметті іске асырудан;

o. қуатты реттеу жөніндегі қызметті іске асырудан және т.б. алды.

Негізгі күшті жақтары

Басшылықтың пікірі бойынша Қазақстанда электр энергиясын жеткізу жөнінде қызметті жетекші жеткізуші ретінде өз жағдайын ұстап тұруға және оны күшейтуге Компанияның мынадай негізгі күшті жақтары бар:

ҰЭТ иелік етуші әрі оның операторы – Компания электр энергиясын жеткізу жөніндегі Қазақстанның жетекші компаниясы болып табылады.

Қазақстанның заңнамасына сәйкес, мемлекет жүйелік оператор ретінде тайындалған және ҰЭТ-тттың меншік иесі болып табылады. Компанияның қосалқы станциялар, таратушы құрылғылар, кернеуі 220-1150 кВ өңіраралық және/немесе мемлекетаралық электр жеткізу желілері кіретін ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізуге бірден-бір құқығы бар және

диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі қызметтерді көрсетеді. Табиғи монополиялар туралы Заңға сәйкес электр энергиясын жеткізу, диспетчерлендіру және теңгерімдеу жөніндегі қызметтер табиғи монополия аясына жатады және Компания Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізбесіне енгізілген. Компанияның жеке электр желілерін жеткізу операторлары тарапынан бәсекелестікке түсуі шектеулі.

2013 жылы Компания Компанияның желілері бойынша (а) 41 055 млн. кВтс мөлшерінде электр энергиясы жеткізу жөнінде қызмет көрсетті, бұл Қазақстандағы жалпы электр тұтынудың 40,13%-ын құрайды, (б) 83 863 млн кВтс мөлшерінде торапқа босатуды диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну жөнінде, (в) 153 521 млн кВтс электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу қызметін көрсетті. Басшылық ҰЭТ-қа меншік құқығын тоқтатудың және оны басқарудың алғы шарттары жоқ екендігін болжайды. Басшылық Қазақстанның заңнамасына сәйкес Компания өз меншігі мен ҰЭТ-ты басқару құқығын сақтайды, сонымен бірге электр энергиясын жеткізу, торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөнінде Қазақстанның жетекші компаниясы ретінде өз орнын сақтайды деп болжайды.

Компанияның айтарлықтай активтер базасы және қомақты қаржы салымы бар.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Үкіметтің қабылдаған шешімдерінің нәтижесінде Компанияға ҰЭТ-қа меншік құқығы мен оны басқару құқығы берілді, ол қазіргі уақытта тізбектер бойынша ұзындығы 24 564 733 километр 35-1150 кВ жоғары вольтты электр жеткізу желілерінен (35-1150 кВ) және тиісті инфрақұрылымнан тұрады.

Компания қосалқы электр станциялары мен электр жеткізу желілерінің жабдықтарын жаңғыртуға, электр жеткізудің қуаттылығын арттыруға, жүйелік оператордың қуатын арттыруға және электр энергиясын жеткізуді неғұрлым тиімді басқару үшін елдің белгілі өңірлері арасында электр жеткізу желілерінің жеткізу қабілетін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырады. 2000 және 2009 жылдар аралығындағы кезеңде құны 43,8 млрд. теңге болатын «Ұлттық электр торабын жаңарту, I-кезең» жобасын табысты аяқтады, сонымен қатар жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын жақсарту (қосалқы станцияларды, диспетчерлік және бақылау жүйелерін жаңғырту арқылы), электр энергиясы көтерме сауда нарығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, ҰЭТ-қа қолжетімділікті жақсарту (29 жеткізуші желілерге қолжетімділікті жақсарту арқылы), пайдалану шығындарын қысқарту және Компания көрсететін қызметтер көлемін кеңейту арқылы) үшін арналды.

2004 және 2009 жылдар аралығында Компания құны 43,7 млрд. теңге Солтүстік-Оңтүстік екінші электр жеткізу желілерін салуды табысты аяқтады, ол Қазақстанның оңтүстігінде электр энергиясына деген сұранысты толығымен қанағаттандыруға арналды. Компания алғашқы инвестициялық жобаларды іске асыруда белгілі бір іс-тәжірибе жинақтады және өз инвестициялық бағларламаларының келесі кезеңдерін ойдағыдай іске асырады деп ойлайды.

Электрге деген сұраныстың өсуіне орай Қазақстандағы қалыпты макроэкономикалық орта

Соңғы үш жылдың ішінде Қазақстан экономикасының өсуі 6,6%-ды құрады. Ішкі өнімнің өсуі 2012 жылы 5,0 пайызды, 2013 жылы 6,0 пайызды құрады, ал 2014 жылы 5,0 пайыз мөлшерінде болады деген болжам бар. 2010 және 2013 жылдар аралығында Компания көрсеткен қызметтер көлемі 30,3 млрд. кВ.с бастап 41,1 млрд. кВ.с ұлғайды, бұл 8,3 % жылдық орташа өсуді құрайды.

Қазақстандағы мемлекеттік қарыз деңгейі төменгі мөлшерді көрсетіп отыр. Қазақстандағы қалыпты макроэкономикалық орта қазақстан экономикасының өсуін қоса алғанда, электр

энергиясын жеткізуге арналған бөлшек және өнеркәсіптік сұраныстың тұрақты өсуіне әкелуі тиіс.
Төменде келтірілген кестеде 2006 және 2013 жылдар аралығындағы кезеңде электр энергиясын жеткізу жөнінде Компания көрсеткен қызметтер көлемі, сондай-ақ ресей транзитінің көлемі қамтылған.

Жылдар	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Жеткізу жөніндегі қызмет көлемі (млн. кВтс)	31.584	32.543	34.385	30.338	34.697	41.042	43.487	41,055
Соның ішінде ресей транзиті бойынша (млн. кВтс)	0	0	0	0	2.865	5.296	7.373	5,080

Акционер мен Үкіметтің күшті қолдауы

Компания қазіргі уақытта толығымен Қорға тиесілі. Ықтимал ұсыныстан соң Қор кем дегенде 90% плюс бір акцияның иегері болып қала береді. Қордың басты міндеті өз қарамағындағы ұлттық компаниялардың ұзақ мерзімді құндылығын арттыру және олардың операциялық тиімділігін арттыру болып табылады. Нәтижесінде Компания басшылығы Қор Топ жұмысында және Ықтимал ұсыныстан соң да Компанияның одан әрі дамуында едәуір рөл атқарады деген сенімде. Қордың Қазақстанның экономикалық дамуындағы жетекші рөлі күткеніміздей Компанияға инвестициялық бағдарламаларын іске асыруға, оның операциялық тиімділігін жақсарту мен жетекші өнеркәсіп тұтынушыларымен өзара қатынастарын қолдауға, сондай-ақ өнеркәсіп тұтынушыларымен және экспорттық нарықтармен жаңа өзара қарым-қатынастарды құруға ықпал етеді.

Үлкен тәжірибеге ие құзыретті басшылық және жоғары білікті жұмыс күші

«KEGOC» күшті басшылар командасына ие, олардың Қазақстанның энергетикалық компанияларында және мемлекеттік қызметте үлкен басшылық тәжірибесі бар. Компания басқарушы командасының құрамы мен тәжірибесі оның өсуінде негізгі рөл атқарды және де басшылық мұндай тәжірибенің Компанияның болашақ стратегияларын табысты іске асыруы мен бизнесін кеңейтуі үшін өмірлік қажетті екеніне сенімді.

Бұған қоса Компания жоғары білікті, кәсіби және мақсатқа ұмтылғыш, электр жеткізу тораптарын басқару мен оларға қызмет көрсетуде көп жылғы тәжірибесі бар адамдарды тарта алады. Компания басшылығы Компанияның электрді жеткізу жөніндегі көшбасшы ретіндегі орны жоғары білікті үміткерлерді жалдауға ықпал ететініне сенеді. Компания жер-жерлердегі кәсіби оқытуды қоса алғанда, оқып-үйрену үшін, өз еңбеккерлерінің іс-тәжірибелерін қолдау және дамыту мен оны кеңейту үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады. KEGOC еңбеккерлері жоғары қанағаттанарлық деңгейін тап көрсетуде, бұл Компанияның тиімді жұмысына ықпал етеді.

Тартымды дивиденділік саясат

Компания тиісті кезеңдегі қаржылық нәтижелерге байланысты жыл қорытындысы бойынша да, жарты жылдық қорытындысы бойынша да дивиденд төлей алады. Дивиденд төлеу Қазақстан заңнамасымен, Компания Жарғысымен және Компанияның Дивиденділік саясатымен реттеледі. Компанияның дивидендік саясатына сәйкес тиісті қаржылық кезең үшін таза табыстың кемінде 40% мөлшерінде дивиденд төлеуді жоспарлап отыр. Дегенмен, дивиденд төлеудің нақты мүмкіндігі Қазақстан заңнамасының талаптарына байланысты, талаптар дивиденд төлеуді шектеуі мүмкін, тіпті төлеуге тыйым салуы да мүмкін. Бұған қоса Директорлар кеңесі Компания қабылдаған шарттық және өзге де міндеттемелерді ескеруі тиіс және басқа да факторларды, оның ішінде Компанияның қаржылық жағдайын, оның қаржылық жағдайына қатысты болжамдарды, Компанияның ақшалай қаражатқа деген сұранысын (мәселен, күрделі қаржы салымдары мен инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру) назардан тыс қалдырмауы қажет.

Стратегия

Компания технология, экономика, қоршаған ортаны қорғау, еңбк қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау саласындағы жаңа стандарт талаптарын ескере отырып, Қазақстан БЭЖ-нің сенімді қызмет атқаруы мен тиімді дамуын қамтамасыз етуді өзінің миссиясы деп санайды.

Компания басшылығы Компанияны дербес, бәсекеге қабілетті, Қазақстанда және жаһандық экономикалық ортада табысты жұмыс істей алатын коммерциялық ұйым ретінде қалыптастыруды өзінің негізгі міндеті санайды. Компания негізгі стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін мынадай стратегиялық мақсаттарды іске асыруға барынша назар аударады.

Қазақстанның сұраныстарына сәйкес Қазақстан ҰЭТ-ның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету

ҰЭТ-тың сенімділігн қамтамасыз ету мақсатында Компания 2000 жылдан бастап қосалқы станциялардың жабдықтары мен электр жеткізу желілерін қайта жаңғырту мен жаңалауға бағытталған, 2025 жылға дейінгі мерзімге әзірленген инвестициялық бағдарламын жүзеге асыруда. Инвестициялық бағдарлама бойынша 2015 жылдан 2025 жылға дейін қолданыстағы активтерді қайта құру мен жаңалауға жалпы көлемі 142,1 млрд. теңге көлемінде инвестиция салынады, оның 84,8 млрд. теңгесі электр жеткізу желілерін оңалтуға жұмсалады деп болжам жасалуда. «Қазақстанның ҰЭТ-ын жаңғырту, II-кезең» жобасының шеңберінде Компания «Қазақстанның ҰЭТ-ын жаңғырту, I-кезең» жобасының шеңберінде ауыстырылмаған трансформаторлардың (автотрансформаторлар) 10%-ын, ажыратқыштардың 62%-ын, айырғыштардың 43%-ын, кернеу трансформаторларының 49%-ын, және ток трансформаторларының 61%-ын ауыстыруды жоспарлап отыр. Жалпы алғанда, қосалқы станциялардың жабдықтарын жаңа технологияларға жауап беретін жабдықтарға ауыстыру оларды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ авариялық және жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығыстарды қысқарту жолымен операциялық шығындарды оңтайландыруы тиіс. Бұдан басқа, KEGOC «ҰЭТ-ты қалпына келтіру» жобасын іске асыру шеңберінде әуелік желілердің бір бөлігін ауыстыру мен қайта жаңартуды жоспарлады. Басшылық қайта жаңарту және инфрақұрылымдарға қызмет көрсетуге бағытталған KEGOC-тың мақсаты жабдықтардың сенімділігін, тиімділігі мен өтейтін қызмет мерзімін арттыруға, сондай-ақ жеткізуге кететін электр энергиясының технологиялық шығыстарын оңтайландырып, сонымен бірге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығыстарын қысқартып, оның өндірістік көрсеткіштері жақсарады деген сенімде.

Компания бизнесінің өсуіне орай және Қазақстан экономикасының сұраныстарына сәйкес ҰЭТ-ты дамыту

ҰЭТ-ты дамыту электр энергиясына деген сұранысты қамтамасыз ету үшін жаңа қосалқы станциялар салу мен электр жеткізу желілерін тарту арқылы жүзеге асады. Бүгінгі таңда Компанияның стратегиялық жоспарына сәйкес басымдыққа ие жобалардың инвестициялық портфеліне ҰЭТ-ты дамыту жөніндегі 10 жоба кіреді. KEGOC-тың 2015 жылдан бастап 2025

жылға дейінгі инвестициялық бағдарламасына жаңа инфрақұрылымды салуға және жүйедегі электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды жаңғыртуға 429,3 млрд. теңге мөлшерінде жоспарлы күрделі қаржы жұмсалымдары кіреді. Инвестициялық бағдарлама тізбектер бойынша ұзындығы 4571 км қосымша электр жеткізу желілерінің құрылысын қарастырады. Басшылық электр жеткізу желілерінің жаңаларын салу Компанияға тұтынушыларды электр энергиясымен барынша қамтамасыз ету сенімділігін жақсартуға, жеткізілетін электр энергиясының қуаты мен оның көлемін ұлғайтуға және қосымша экспорттық әрі транзиттік мүмкіндіктер жасауға қолайлы жағдайлар жасайды, сөйтіп Компанияның тиімділігін ұлғайтады деген сенімде. Атап айтқанд, KEGOC қазіргі уақытта «500 кВ Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзиті» жобасын іске асыру үдерісінде. Осы жобаның іске асырылуы Шығыс Қазақстандағы тұтынушыларға электр энергиясы жеткізілімдерінің сенімділігін арттырады, сондай-ақ Солтүстік-Оңтүстік транзитінің өткізу қабілетін ұлғайтады, бұл өз кезегінде KEGOC-қа оңтүстіктегі электр энергиясына сұранысты тиімдірек қанағаттандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компания осы жобаға тұтастай 120,1 млрд. теңгені инвестициялауды жорамалдауда, жобаны аяқтау 2018 жылға қарай күтілуде.

Компания қызметінің тиімділігін арттыру

Компания өз операцияларының тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық технологияларды пайдаланады, өндірістік активтерді басқару жүйелері шеңберінде басқарудың озық әдістерін енгізді, теңгерімделген көрсеткіштер жүйесін ендірді және жеткізу кезінде ысыраптың деңгейін оңтайландыру мақсатын қойды.

Акционерлік құнның өсуін қамтамасыз ету

Компания реттеуші реттелетін қызметтерге экономикалық жағынан негізделген тарифтерді белгілеуі, Компанияның шығыстарын оңтайландыру, көрсетілетін қызметтердің көлемін арттыру, клиенттердің қанағаттанушылығына тексеру жүргізу жолымен клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру, Компанияның тарифтік саясаты және электр энергетикасы саласындағы заңнаманы жетілдіру үдерісіне қатысуы кезінде Компанияның мүддесін жоғары қою арқылы акционерлік құнның өсуін қамтамасыз етуді жоспарлауда.

Қазақстандағы электр энергетикалық нарықты жетілдіру және тиімділігін арттыру

Теңгерімдеуші нарықты 2016 жылы толығымен іске қосу шамадан көп кезеңде электр энергиясын тұтыну жүктемелерді азайтуға, қуат резервтерін қажеттілік туындаған жағдайда қосымша электр энергиясының көлемін өндіруге дайындық күйінде қолдау арқылы қуат тапшылығын жабуға энергия өндіруші ұйымдарды ынталандырудың нарықтық тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Компания электр қуатының нарығын іске қосу саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру есебінен өндіруші қуаттарды жылдам дамыту арқылы Қазақстан БЭЖ-нің ұзақ мерзімді сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санайды.

Бұдан басқа, Компания өзінің «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы есеп айырысу орталығы» ЖШС еншілес ұйымы арқылы жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып өндірілетін электр энергиясын сатып алу – сату секторына қатысады.

Корпоративтік басқару іс-тәжірибесін дамыту және орнықты дамуды қамтамасыз ету

Компания корпоративтік басқаруды жетілдіру саясатын жалғастырып келеді, осы саладағы ең үздік іс-тәжірибелерді ендіру осы саладағы ең үздік іс-тәжірибелерді ендіруге ұмтылады. Компания БҰҰ ғаламдық шартының мүшесі бола отырып, адам құқығы, еңбек, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы Ғаламдық шарттың қағидаттарын ұстанатынын растайды.

Шектес мемлекеттердің электр энергетикалық компанияларымен өзара орнықты серіктестік қарым-қатынастарға қол жеткізу

Компания шектес мемлекеттердің электр энергетикалық компанияларымен олардың энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеу шеңберінде ынтымақтастықты қолдау мен дамыту қолдау міндеттерін қояды, жүйелік оператор ретінде Орта Азияның, Ресей мен көрші мемлекеттердің БЭЖ-мен қарым-қатынастарда, сондай-ақ ТМД электр энергиясының нарығын құру және ТМД-ның басқа елдерінің ұқсас компанияларымен және атап айтқанда, Кедендік одақтың ағымдағы бірігуіне және [Еуразиялық экономикалық кеңестің] құрылуына сәйкес Ресеймен және Белоруссиямен біртұтас электр энергиясын құру шеңберінде БЭЖ мүдделерін қорғау мақсатын да қойып отыр.

Компания шекаралық қызметті кеңейтуге және тереңдетуге ұмтылады. 2014 жылғы 14 мамырда Қазақстан, Ресей және Белоруссия Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды, бұл құжатқа сәйкес қатысушы мемлекеттер арасында жалпы электр энергетикалық нарығын құру көзделіп отыр. KEGOC жүйелік оператор ретінде Еуразиялық экономикалық коллегия жанындағы электр энергетикасы бойынша Кеңес беру комитетінің және Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикасы нарығын құру жөніндегі комитет жұмысына қатысады.

Бұдан басқа, Қазақстанда елдің жеке қажеттілігінен айтарлықтай түрде асып түсетін ірі көмір бассейндерінің, табиғи газ бен уран қорларының болуы электр энергиясын өндіру мен экспорттау үшін әлеуеттілік жағдайын құрайды. 220-500 кВ мемлекетаралық электр жеткізу желілерінің болуы KEGOC-қа көрші елдерге электр энергиясын жеткізуге мүмкіндік береді.

Компанияның тарихы

Компанияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Комитеті 1996 жылы құрды (ММК-ның 10.12.1996 ж. № 802-а қаулысы) және заңды тұлға ретінде 1997 жылдың 11 шілдесінде тіркелді. KEGOC-тың мемлекеттік акциялар пакеті «САМҰРЫҚ» («**Самұрық**») «Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ға 2006 жылы тапсырылды. 2008 жылы Президенттің Жарлығымен және Үкіметтің Қаулысымен Самұрық «ҚАЗЫНА» орнықты даму қоры» АҚ-мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-н құру мақсатында біріктірілді, ол қазіргі уақытта KEGOC-тың жалғыз акционері болып табылады. Компания акционері туралы ақпарат «НЕГІЗГІ АКЦИОНЕР» бөлімінде көрсетілген.

KEGOC-тың жарғылық капиталы KEGOC-қа 1997 жылдың 29 қыркүйегінде тапсырылған мемлекеттік энергетикалық «Қазақстанэнерго ҰЭТ» РМК компаниясының активтерінен қалыптасты.

Қызметі

Жүйелік қызмет көрсетулер

Жүйелік оператор, ҰЭТ иесі және операторы ретінде KEGOC шекаралық мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, электр станциялардан электр энергиясын ҰЭТ бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушыларға жеткізеді және техникалық диспетчерлендіру және БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру қызметтерін көрсетеді.

Электр энергиясын жеткізу

Компанияның негізгі бизнесіне жоғары вольтты жеткізу желілері мен инфрақұрылымнан тұратын өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша электр энергиясын жеткізу кіреді. KEGOC электр энергиясын ҰЭТ арқылы электр станцияларынан өңірлік таратушы компаниялар мен ірі тұтынушыларға жеткізілуін бақылайды. Компания сондай-ақ Ресей БЭЖ ЖО

операторларымен, сондай-ақ «Энергия» Үйлестіруші диспетчерлік орталықпен (Орталық Азия энергожүйелері жұмысын үйлестіретін) келісім бойынша электр энергиясының трансшекаралық жеткізілуін үйлестіреді.

Қазақстан аумағының үлкендігін басты назардай ұстай отырып, электр энергиясын жеткізу жөніндегі ұлттық жүйе электр энергиясы жеткізілетін арақашықтықтың үлкендігімен сипатталады. БЭЖ электр энергиясын өндіруді, жеткізу мен таратуды жоспарлау және жүзеге асыру үшін негізінен үш өңірге: солтүстікке, оңтүстікке және батысқа бөлінген. Тарихи тұрғыдан, электр жеткізу тораптарының тарихи тұтас құрылымы мен сұраныспен орналасуы арасындағы сәйкессіздік электр энергиясының оңтүстік пен батыстағы жетіспеушілігіне әкеп соқты. Алайда, тұрғындардың салыстырмалы түрде тығыз орналаспағанын назарға алсақ, солтүстікте электр энергиясының кейбір артықтары туындады. Оңтүстікте бастапқы энергия көздері жетіспейді, сондықтан да ол энергия өндіруші қуаттардың тапшылығын көріп отыр.

Компанияның өңіраралық тоғыз филиалы олардың тиісті өңірлерінде ҰЭТ секторы арқылы жеткізуді бақылайды.

Техникалық диспетчерлендіру

Техникалық диспетчерлендіру екі негізгі процесстен тұрады - өндіру-тұтыну кестесін жасау және тікелей диспетчерлендіру. Кестені әзірлеу БЭЖ жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады, себебі қуат ағындары кернеу деңгейіне әсер етіп, электр жеткізу желілері жүктемесінің артуына себеп болуы мүмкін. Диспетчерлендіру дегеніміз нақты уақыт режимінде электр энергиясы нарығының көтерме сауда қатысушыларына (энергия өндіруші, энергия жеткізуші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, сонымен қатар электр энергиясының көтерме сауда тұтынушыларына) нұсқау беріп отыру.

Осындай ретпен, өндіру-тұтыну кестесін жасау және диспетчерлендіру энергия жүйесін басқару жұмысындағы өзара байланысты күрделі процесстер болып табылады. Кестені әзірлеу негізінен өндірілетін электр энергиясын күтілетін тұтыну деңгейіне сәйкестігін кепілдендіру болып табылады, ал диспетчерлендіру электр энергиясына деген сұранысты қанағаттандыру әрекетіне қатысы бар, нақты уақыт режимінде электр энергиясы нарығының көтерме сауда қатысушыларына нұсқау берумен байланысты.

Компания жүйелік оператор бола отырып, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін жасайды және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріндегі энергия қондырғылары жұмысының режимдерін орталықтан үздіксіз жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. Аталған қызметтерге бекітілген тарифтерге сәйкес энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын импорттайтын тұтынушылар ақы төлейді.

Компания жабдықтар мен жедел-диспетчерлік басқару құрылғыларын, телемеханика мен байланыс құралдарын, жедел-ақпаратты кешенді қоса алғанда, осы заманғы электр энергетикалық жабдықтар үлгілері мен құралдарды қолдана отырып, өздерінің диспетчерлік орталықтары арқылы техникалық диспетчерлендіруді жүзеге асырады.

Өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру

Компания электр энергиясын өндіру-тұтынуды Қазақстандағы электр энергиясының көтерме сауда нарығында өндіру-тұтынуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Тәуліктік жүктеме кестесінен-тәулік ішінде БЭЖ-де туындайтын электр энергиясының мәлімделген және нақты өндіру мен/немесе тұтыну көлемдері арасындағы сағат сайынғы теңгерімсіздіктен ауытқуларды табиғи және одан кейінгі қаржылық реттеу теңгермелі нарықтың мақсаты болып табылады. Теңгерімдеу жүйедегі теңгерімсіздіктерді ретеу үшін қосымша қуатты қосуға қажетті теңгерімдеу қызметін сатып алуды білдіреді. Теңгерімдеу қызметі белгілі бір шығынмен байланысты болғандықтан, тұтынушылар мен электр энергиясын өндіруші ұйымдар теңгерімдеу қызметіне тариф негізінде ақы төлейді.

Жүйелік оператор белгіленген тәуліктік нормадан ауытқыған нарық субъектілерін анықтайды. Ауытқулар анықталған жағдайда:

p. Тәуліктік кестеде мәлімделген мөлшерден тыс электр энергиясын артық тұтынған нарық субъектілері қосымша қуат құнын теңгерімдеуші нарықта қалыптасқан баға бойынша төлеуі тиіс. Тәуліктік кестеде мәлімделген мөлшерден электр энергиясын аз тұтынған нарық субъектілері қосымша қуатты теңгерімдеуші нарықта сатуы қажет.

d. Тәуліктік кестеде мәлімделген мөлшерден аз көлемде электр энергиясын өндірген ұйымдар өздері өндіре алмаған қуатты теңгерімдеуші нарықта қалыптасқан баға бойынша сатып алуы тиіс. Тәуліктік кестеде мәлімделген мөлшерден көп көлемде электр энергиясын өндірген ұйымдар артық қуатты теңгерімдеуші нарықта қалыптасқан баға бойынша сатуы тиіс.

Мұндай ауытқулар теңгерімсіздік деп аталады, және теңгерімдеу жөніндегі қызмет осындай теңгерімсіздіктерді анықтау, оларды реттеу, нарық субъектілері арасында есептесу мен есеп айырысуды жүзеге асыру әрекетін білдіреді. Теңгерімсіздіктерді физикалық тұрғыдан реттеу Компаниядан электр энергиясын өндіруші ұйымдардың қосымша қуат қорын қолданысқа шығару немесе жүктемені азайту бойынша әрекет етуді талап етеді.

Қазақстанда қазіргі уақытта теңгермелі нарық имитациялық режимде жұмыс істейді (яғни жоспарлы мөлшерден ауытқулар үшін қаржылық есептеулер жүзеге асырылмайды). Бұрын теңгермелі нарық шынайы уақыт режимінде 2012 жылы жұмыс істейді деп жорамалданған, алайда нарыққа қатысушылар үшін стандартталған жабдықтардың болмауына байланысты бұл жүйені ендіруді Үкімет кейінге қалдырды; енді нақты есептеулер 2016 жылы басталады деп күтілуде.

Электр қуаты нарығы

Электр қуаты нарығын құрудағы негізгі мақсат Қазақстан энергия жүйесінің теңгерімдік сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Жекелей алғанда, электр қуаты нарығы Компанияға кез келген уақыттағы тәулік ішінде, жыл бойы құбылып отыратын электр энергиясына деген тұтынушы сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету үшін энергия өндіруші ұйымдардың жиынтықты жұмыс қуаты кез келген уақытта плюс резервті тұтынуға теңдестірілуі тиіс. Резерв қажетті жөндеу жұмыстарын, төтенше табиғат құбылыстарын (мәселен, дауылдар мен мұздақтар), отынның кенеттен азаюы секілді энергия өндіруші ұйымдардың энергия өндіру қызметіне кедергі жасайтын жағдайларды ескере отырып есептеледі. Резерв Қазақстанда бекітілген нормативтерге сәйкес 11% пайыз деңгейінде қабылданған.

Тұтыну мен жаңа өндіруші қуаттарды салу көлемінің өсу серпініне талдау жасау барысы (тәулік ішіндегі тұтыну деңгейлеріндегі өзгерістерді және маусымға тәуелділікті қоса алғанда) Қазақстанда қуат тапшылығының өсіп отырғанын көрсетті. Салынып жатқан өндіруші қуаттардың саны электр энергиясын тұтынуда болжанылып отырған серпінге және ең жоғары тұтынушыларға сәйкес келмейді. Қысқы кезеңдегі қуат тапшылығы қазақстан электр энергиясымен салыстырғанда қымбат болатын ресейдің қымбат электр энергиясын сатып алуға, ең жаманы – тұтынушыларды шектеудің туындауына әкеп соғады.

Өсіп келе жатқан қуат тапшылығының орнын толтыру және энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Үкімет электр қуатының нарығын ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. Компанияға электр қуаты нарығының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі функциялар жүктелді. Электр қуаты нарығының іске қосылуына байланысты жүйелік оператор электр энергиясына деген сұранысты қанағаттандыру үшін кез келген уақытта қосымша электр

энергиясын өндіруге өндіруші жабдықтарды дайындық сапында ұстау жөніндегі қызметті энергия өндіруші ұйымдардан сатып алады.

Электр қуатының нарығы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді электр қуатының нарықтарынан тұрады.

Электр қуатының қысқа мерзімді нарығы Жүйелік оператордың жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардан электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызметті сатып алуын болжайды. Осы нарықты іске қосу 2016 жылға жоспарланған. Электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызмет үшін ақыны/тарифті есептеу әдіснамасы нормативтік құқықтық актілермен бекітіледі.

Ұзақ мерзімді электр қуатының нарығы жаңа өндіруші қуат иелерінен оның құрылысы аяқталып, аттестаттаудан өткеннен кейін Компания тарапынан электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызметті сатып алуды жүзеге асыру міндеттемесі болатын жаңа өндіруші қуаттарды салуды болжайды. Компания жаңа қуаттарды салу прцесіне қатыспайды.

Ұзақ мерзімді электр қуатының нарығына бастапқы қатысушы қазіргі сәтте салынып жатқан Балқаш жылу электр станциясы («Балқаш ЖЭС») болуы тиіс. Жаңа өндіруші қуаттарды пайдалануға қосатын өзге де энергия өндіруші ұйымдар сондай-ақ ұзақ мерзімді электр қуаты нарығының ықтимал қатысушысы бола алады.

Балқаш ЖЭС акционерлері «Самұрық-Энерго» АҚ (100% Қордың еншілес компаниясы), Korea Electric Power Corporation (KEPCO) және Samsung C&T Corporation болып табылатын «Балқаш ЖЭС» АҚ-ға тиесілі. Балқаш ЖЭС-ның жобалық қуаты 1320 МВт құрайды. Балқаш ЖЭС Алматы облысында орналасады.

Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Балқаш ЖЭС электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызметті сатып алудың негізгі талаптары Үкіметтін 2014 жылғы 17 маусымдағы №667 қаулысымен (№667 қаулысы) бекітілді. Атап айтқанда, №667 қаулыда мыналар белгіленді: (i) Компанияның «Балқаш ЖЭС» АҚ-дан бастапқы аттестаттаудан кейін 20 жыл және 6 ай мерзімге жасалған ұзақ мерзімді шартқа сәйкес электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызметті сатып алуы тиіс; (ii) электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызметті сатып алу көлемі 1221 МВ аспауы тиіс және нақты көлем Компания жүзеге асыратын өндіруші құрылғылардың электр қуатын аттестаттау нәтижелері бойынша анықталады. №667 қаулымен сондай-ақ 1 ай ішінде 1 МВт мөлшеріндегі электр қуатының дайындығын ұстау қызметінің мынадай құны бекітілді:

АҚШ долларымен

Жыл*	Баға**	Жыл*	Баға**
2018	59 714	2029	61 731
2019	59 895	2030	61 918
2020	60 076	2031	62 105
2021	60 258	2032	62 293
2022	60 440	2033	62 482
2023	60 623	2034	62 671
2024	60 806	2035	62 860
2025	60 990	2036	63 050
2026	61 174	2037	63 241
2027	61 360	2038	63 432
2028	61 545	2039	63 624

Көрсетілген қызмет түрі табиғи монополия саласына жатқызылады деп болжанылып отыр. Қызмет құны Компанияның тарифіне әлі енгізілген жоқ және Компания аталған құн негізделген шығындар тізбесіне енгізіледі және тиісінше Компанияның тарифін есептеу кезінде ескеріледі деп күтеді.

Балқаш ЖЭС-тың қазіргі уақытта құрылысы жүріп жатыр, оны 2018-2019 жылдары пайдалануға қосу жоспарланған. Қазіргі таңда Балқаш ЖЭС пайдасына қандай да болмасын төлемдерді жүргізіп жатқан жоқ. Балқаш ЖЭС пайдалануға беріліп, қуаты аттестатталғаннан кейін электр қуатының дайындығын ұстау жөніндегі қызметті көрсету туралы шарт бойынша төлемдер Үкімет бекіткен қызметтің барынша көп көлемі ескеріле келе, айтарлықтай болады.

Торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі қызметті көрсету көлемдері мен одан түскен табыстар туралы деректер

Компанияның 2011, 2012 және 2013 жылдардағы, сондай–ақ 2013 және 2014 жылдарда аяқталатын соңғы 6 айда ұсынған электр энергиясын жеткізу, диспетчерлендіру теңгерімдеу жөніндегі жалпы қызмет көлемдер келесі кестеде келтірілген.

	2011	2012	2013	2013 жылы аяқталған соңғы 6 айда	2014 жылы аяқталған соңғы 6 айда
Жеткізу……	41 042 196,7	43 487 096,9	41 055 346,1	21 495 857,1	18657253,3
Диспетчерлен-діру	80 812 246,4	83 511 655,4	83 863 376,9	42 108 436,4	42254783,2
Теңгерімдеу	145 886 823,4	152 908 894,6	153 521 393,8	76 814 837,4	79383257,8

Бұған елдің ішіндегі және мемлекеттер арасындағы теңгерімдеу кіреді

Компанияның 2011, 2012 және 2013 жылдардағы, сондай–ақ 2013 және 2014 жылдарда аяқталатын соңғы 6 айда көрсеткен электр энергиясын жеткізудің, техникалық диспетчерлендіру мен электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу бойынша оның қызметтеріне қатысты алған табысы

.

	2011	2012	2013	2013 жылы аяқталған соңғы 6 айда	2014 жылы аяқталған соңғы 6 айда
Жеткізу	37 620 424	42 618 200	44 351 735	22 591 012	23 093 443
Техникалық диспетчерлендіру	9 272 079	10 081 550	10 827 210	5 389 880	5 662 141

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру [1]	4 668 378	5 269 657	6843 284	3 149 408	4 762 995

Жүйенің біртұтас құрылымы

БЭЖ үш аймаққа бөлінеді:

- Солтүстік аймаққа мынадай облыстар: Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, сондай-ақ Астана қаласы кіреді. Осы аймақта шамамен өндірістік қуаттардың 70%-ы шоғырландырылған, сондай-ақ Ресейдің энергия жүйелерімен ҮЭТ жалғанатын электр желілері шоғырландырылған. Аймақта артық өндірілген қуат бар; электр энергиясын өндіру Республиканың оңтүстік аймақтарындағы тапшылықты жабады және Ресейдің энергиясын жеткізуді қамтамасыз етеді.

  2013 жылы Солтүстік аймақта электр энергиясын өндіру 71.916,4 млн. кВт.с құрады, осы уақыт ішінде электр энергиясына деген тапшылық 60.785,9 млн. кВт. с құрады. 2012 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 1,3%-ға ұлғайды, сонымен қатар тұтыну 2,8% кеміді. 2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күй бойынша электр энергиясын өндіру 30.809,2 млн. кВт.с., тұтыну 25.875,0 млн. кВт.с мөлшерінде болды. 2013 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 0,7%-ға, сонымен бірге бірмезгілде тұтыну 1,6%-ға кеміді.

- Оңтүстік аймаққа мынадай облыстар: Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы қаласы мен Байқоныр ауданы кіреді. Аймақ өткізу қабілеті 8-9 млрд кВт. с болатын Қырғызстанмен және Өзбекстанмен байланысты. Өзіндік отын базасы мен энергетикалық ресурстарының және тиісінше өндіруші қуаттардың жеткіліксіз болуы салдарынан Оңтүстік аймақтың энергетикалық теңгерімі мардымсыз күйде. Осылайша 2013 жылы Оңтүстік аймақтың электр энергиясына деген сұранысы 18.662,6 млн. кВт, с құрады, сонымен қатар электр энергиясын өндіру 9.915,3 млн. кВт.с дейгейінде болды. 2012 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 4,5%-ға ұлғайса, тұтыну 2%-ға кеміді. Тапшылық Қазақстанның солтүстік аймағынан электр энергиясын жеткізу есебінен жабылады. Орталық Азияның энергия жүйелеріне электр энергиясын жеткізу таза 31,3 млн. кВт. с құрады.

  2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күй бойынша электр энергиясын өндіру 4.502,2 млн. кВт.с құрады, сонымен қатар тұтыну 8.353,8 млн. кВт.с бағаланды. 2013ж. ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 0,7%-ға ұлғайса, тұтыну 4,2%-ға кеміді.

- Батыс аймақ (оған мына облыстар: Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары кіреді) республика аумағы бойынша Оңтүстік және Солтүстік аймақтармен байланысы жоқ. Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары қуаттылығы 220 кВт.с бір тізбек бойымен желілер аралығы бойынша жалғанған (шамамен ұзындығы 1 400 км). Атырау қосалқы станциясы Ресей Федерациясындағы қуаттылығы 110 кВт.с электр жеткізу желілері арқылы Астрахань қосалқы станциясымен жалғанған. Батыс Қазақстанның қуаттылығы 220 кВт.с үш электр жеткізу желілері арқылы Ресейдің орта волга өңірінің энергия жүйесіне шығуына болады.

[1] Елдің ішіндегі және мемлекеттер арасындағы теңгерімдер кіреді.

2013 жылы Батыс аймақта электр энергиясын өндіру 10.141 млн. кВт.с құрады, осы уақыт ішінде электр энергиясына деген сұраныс 10.232,3 млн. кВт. с құрады. 2012 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 3,6%-ға ұлғайды, тұтыну 3,5%-ға ұлғайды. 2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күй бойынша электр энергиясын өндіру 4.653,7 млн. кВт.с., тұтыну 4.607,4 млн. кВт.с құрады. 2013 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 7,9%-ға өсті, сонымен бірге тұтыну 8%-ға артты.

ҰЭТ электр желілік активтерінің басым көпшілігі Қазақстан Кеңес Одағының бір бөлігі болған уақыта салынды, яғни 1991 жылға дейін олардың қатарында кернеуі 1150 кВ Урал – Қазақстан – Сібір электр жеткізу желілері болды. Қазіргі уақытта осы желілі 500 кВ кернеуімен жұмыс істейді. Аталған уақыт ішінде Солтүстік және Оңтүстік аймақтар екі электр жеткізу желілерімен жалғанған болатын, қазір оларды солтүстік-оңтүстік электр энергиясының транзиті қамтамасыз етеді, KEGOC инвестициялық бағдарламасында үшінші желіні салу көзделген (төмендегі «Желілерді салу және кеңейту» бөлімін қараңыз). Ақтөбе облысы «Батыс транзит» АҚ салған кернеуі 500 кВ электр жеткізу желілері арқылы Қазақстан БЭЖ-мен жалғанған. Батыс аймақтың Республика аумағы арқылы БЭЖ-бен байланысы жоқ.

KEGOC үкіметаралық келісімдер шеңберінде тарифтік саясатты әзірлеуді қоса алғанда, ТМД елдері өңірінде және ЕурАЭЖ мүше елдері арасында электр энергиясының жалпы нарығын құруға белсенді түрде қатысып келеді («НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ» бөлімін қараңыз).

1999 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Үкіметтері Орта Азия мемлекеттері энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы туралы келісімге қол қойды. Аталған келісім энергия жүйелерінің қатарлас жұмысының талаптарын реттейді, олардың біреуі жасалған шарттарды ескере келе, әрбір энергия жүйесінің электр қуаты мен энергиясы бойынша өзін-өзі теңгерімдеу қағидаты болып табылады.

Қазақстан БЭЖ-нің Орталық Азияның БЭЖ-мен қатарлас жұмысы үдерісінде Компания ҚР Жүйелік операторы ретінде іс-әрекет жасай отырып:

i. «Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ-дан қуатты реттеу жөніндегі қызметті сатып алады. Компанияның аталған қызметті сатып алуы Компанияға Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі қуаттың тапшылығын Қырғызстаннан алынатын қуат есебінен жабуға мүмкіндік береді.

ii. Компания ҚР, «Өзбекэнерго» МАК-қа жоспардан тыс электр энергиясын сатуды жүзеге асырады және Өзбекстанның аумағында қуатты реттеу жөніндегі соңғы қызметті көрсетеді. Жоспардан тыс электр энергиясын сату және Өзбекстанның аумағында қуатты реттеу жөнінде қызметті көрсету Компанияға «Өзбекэнерго» МАК-тың Қазақстан БЭЖ-нен электр энергиясын заңсыз алу тәуекелін қысқартуға мүмкіндік береді.

Ұлттық Диспетчерлік Орталық

ҰЭТ пен БЭЖ-ге оралымды бақылау тұтастай алғанда Ұлттық Диспетчерлік Орталықтан («**ҰДО**») және тоғыз өңірлік диспетчерлік орталықтан («**ӨДО**») жүзеге асырылады. Бұдан басқа, Астана қаласындағы бас диспетчерлік орталық секілді Алматы қаласында да сондай міндеттерді атқаруға қабілетті резервтік диспетчерлік орталық ұйымдастырылды. ҰДО Қазақстан БЭЖ-нің электр станциялары мен тораптарының келісілген жұмысына тәулік бойғы оралымды-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. Сондай-ақ ҰДО Қазақстан БЭЖ-нің электр тораптарының жұмыс режимдерін және мемлекетаралық байланыстарды шектес мемлекеттердің диспетчерлік орталықтарымен өзара іс-қимылда реттейді. ҰДО Компанияның

Астанадағы басты кеңсесінде орналасқан. Компанияның коммуникациялық жүйелері арқылы ҰДО әрбір ӨДО-ның қызметін бақылайды және басқарады.

Компанияның Астанадағы бас кеңсесі жаңа ғимаратының құрылысы аяқталған соң Компания ҰДО-ны жаңа ғимаратқа көшірді. 2014 жылғы мамырдың аяғынан бастап жаңа кеңседегі ҰДО диспетчерлік пунктінде тестілік тексерістер басталды және 2014 жылғы 11 шілдеден бастап диспетчерлік пункт тұтырақты негізде жұмыс істейді.

Жаңа ҰДО-да орнатылған жаңа басқару қалқаны жапондық Mitsubishi фирмасының 36 бейнелік кескіндеу текшесінен тұрады. Бұрын тек 18 текшеден тұратын диспетчерлік қалқан пайдаланылған. Астана қ.-на 2005 жылы қайта қоныстану тұсынан Қазақстанның энергожүйе схемасы едәуір кеңейтілді. Энергожүйедег жаңа объектілерді салу қажеттілігіне орай , қолданыстағы диспетчерлік қалқан ағымдық және келешектік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін текшелер санын ұлғайтуды керек етті.

Сондай-ақ диспетчердің Қазақстан БЭЖ субъектілерінің өндіру-тұтыну режимдерін толыққанды көріп тұруы, сондай-ақ ұйғарынды қуат ағындарын бақылау және Қазақстан БЭЖ-нің режимдерін басқаруға басқа да қажетті ақпарат үшін режимдік қалқан орнатылған болатын. Режимдік қалқанның мүмкіндіктері кезекші жұмыскерлерге теңгермелі нарықты іске қосумен бірге барынша жоғары атқарымдылықты қамтамасыз етеді, соның шеңберінде шынайы уақыт режимінде электр энергиясының шарттық жеткізу көлемдерінен ауытқулар бойынша қаржылық есептеулер жүзеге асырылады.

Компанияның филиалдары

Компания құрамына электр жеткізуді, диспетчерлік басқаруды және тиісті географиялық бақылау аймағындағы тұтыну мен өндіруді, теңгерімдеуді қамтамасыз ететін он филиал енеді, оның құрамына ҰДО (Компания филиалы нысанында құрылған) филиалы да енеді. Әрбір «Жүйеаралық электр тораптары («ЖЭТ» филиалы) филиалы олардың құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 3-4 аумақтық электр торабынан тұрады.

Филиалдар

Әрбір «ЖЭТ» филиалы қаржылық және операциялық бөлімшелерден тұрады, құрылымды директор, бас инженер және директордың қаржы мен жалпы мәселелер жөніндегі орынбасарлары басқарады. «ЖЭТ» филиалдар өз ҰЭТ учаскелерінің жұмысы, техникалық қызмет көрсетілуі және жөнделуі үшін жауап береді. Жаңа объектілерді салған кезде бас кеңсе кейбір уәкілеттіктерді жұмыстарды тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін «ЖЭТ» филиалына табыстауы мүмкін.

Жоспарланатын жұмыстар үшін филиал деңгейінде бюджет жасалады, содан соң құжаттар Компанияның жыл сайынғы бюджеттік үдерісінің бөлігі ретінде бекіту үшін басты кеңсеге тапсырылады.

«KEGOC» АҚ-ның «Ақмола жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1997 жылдың желтоқсанында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 4 230,874 шақырым 10-1150 кВ-тық электр жеткізу желілері енеді. Филиалдың құрамына кернеуі 220-1150 кВ, жиынтық қуаты 8196,6 МВА 10 қосалқы станция кіреді. Бұл 590 адам жұмыс істейтін ең ірі филиал.

«KEGOC» АҚ-ның «Ақтөбе жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1997 жылдың қазанында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 967,49 шақырым 220-500 кВ электр жеткізу желілері және кернеуі 220-1150 кВ, жиынтық қуаты 2 425,5 МВА 7 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Алматы жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1997 жылдың қазанында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 3 220,516 шақырым 0,4-500 кВ әуе электр жеткізу желілері енеді. Филиалға кернеуі 35-500 кВ және жиынтық қуаты 4229,35 МВА 11 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Шығыс жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1998 жылдың қаңтарында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 1 045,06 шақырым 0,4-500 кВ-тық әуе электр жеткізу желілері енеді. Филиалдың құрамына кернеуі 220-500 кВ және жиынтық қуаты 3026,5 МВА 5 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Батыс жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1998 жылдың шілдесінде құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 1 681,5 шақырым 6-220 кВ әуе электр жеткізу желілері енеді. Филиалдың құрамына (220 кВ) жиынтық қуаты 950 МВА 5 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Сарыбай жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1997 жылдың желтоқсанында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 2 443,525 шақырым 6-1150 кВ әуе электр жеткізу желілері енеді. Филиалдың құрамына (220-1150 кВ) жиынтық қуаты 6813,6 МВА 8 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Солтүстік жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1998 жылдың қаңтарында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 3 377,831 шақырым (0,4-1150 кВ) әуе электр жеткізу желілері енеді; филиалдың құрылымына кернеуі 110-1150 кВ, жиынтық қуаты 3 520, 6 МВА 8 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Орталық жүйеаралық электр тораптары» филиалы 1997 жылдың қазанында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 3 482,19 шақырым 10-500 кВ әуе электр жеткізу желілері енеді. Филиал құрамына (220-500 кВ) жиынтық қуаты 3 733,1 МВА 10 қосалқы станция кіреді.

«KEGOC» АҚ-ның «Оңтүстік жүйеаралық электр тораптары» филиалы 2001 жылдың ақпанында құрылды. Филиалдың мүліктік кешеніне жалпы ұзындығы 4 201,303 шақырым 220-500 кВ-тық жоғары вольтты электр жеткізу желілері енеді. Филиал құрамына кернеуі 220-500 кВ, жиынтық қуаты 3 459,8 МВА 13 қосалқы станция кіреді.

Компанияның сондай-ақ Алматыда Өкілдігі бар. Филиалдардың және өкілдіктің басшылығы туралы ақпарат «БАСШЫЛЫҚ» бөлімінде көрсетілген.

Өңірлік диспетчерлік орталықтар

Өңірлік диспетчерлік орталықтар Компания филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылады және Компания филиалының операциялық жауапкершілік аймағында электр энергиясын өндіру, жеткізу мен тұтыну режимдеріне тәулік бойғы оралымды-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. ӨДО Жүйелік оператордың өңірлік оралымды диспетчерлік орталығы болып табылады.

ӨДО-ның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- электр энергиясын өндіру, жеткізу мен тұтыну режимдерін бөлінген жабдықтарға сәйкес, диспетчерлік бақылау әдісі, электрді сатып алу-сату, диспетчерлеу және жеткізу шарттары негізінде басқару;
- энергетикалық торап жұмысын қамтамасыз ету және стандарттық талаптарға сәйкес қажетті сапалы электрді өндіру режимін ұстап тұру;
- ӨДО басқаратын және соның иелігіндегі энергетикалық торапта электр ысыраптарын қысқарту;
- электр энергиясын өндіру, жеткізу және тарату кезінде авариялық бұзылыстарды ескерту, алдын алу және жою;
- қалыпты, авариялық және авариядан кейінгі жағдайларда оралымды диспетчерлік басқаруды қамтамасыз ету;
- электр станцияларының бастапқы жабдықтары мен электр энергиясының тораптарына, технологиялық басқару, релелік қорғаныш және автоматтық жабдықтар жүйелеріне жөндеу жұмыстары үшін жоспарлау мен жағдайлар даярлау.

KEGOC тарифтері

Жалпы қағидаттар

Табиғи монополияның өзге субъектілері секілді Компания қызметін мемлекеттік реттеу:
- тарифті немесе оныі шекті деңгейін бекіту;
- тарифтік сметаны бекіту;
- уақытша төмендету коффициентін бекіту;
- шығысты есептеудің ерекше тәртібін бекіту;
- реттелетін қызметтердің әрбір түрі(тауарлар, жұмыстар) бойынша кірісті, шығыс пен қолданыстағы активтерді дербес есептеуді жүргізу тәртібін бекіту;
- есеп саясатын келісу;
- уақытша өтем жасау тарифін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Табиғи монополиялар туралы заңға сәйкес Компанияның мынадай қызметтері табиғи монополияның қызмет аясына жатады, және мұндай қызметтер құны реттеуші органдар бекітетін тарифтер негізінде белгіленеді:

hh. электр желілері бойынша электр энергиясын жеткізу;

ii. электр энергиясын торапқа босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну;

jj. электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Тарифтер реттеу қызметінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, сондай-ақ Компания қызметінің тиімділігі мен түсім деңгейін реттеуде үлкен маңызға ие. Компания тарифтерді сол тарифтердің құрамдас бөліктерін анықтайтын реттеуші органдар, ТМРА және ҰЭМ қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес есептеп белгілейді. Содан кейін компания тарифтерін ҰЭМ-ге бекітуге ұсынады.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тиянақталған пайда» әдісі бойынша белгіленеді, соған сәйкес Компания белгілі бір уақыт мезгіліне тариф белгілеу мақсатына операциялық және қаржылық шығыстар мен капитал кірістілігінің әділ нормасын тиісінше бағалау тұрғысынан келеді. Бұл Компанияға тарифтерді негізделген шығыстарды жабуға плюс «пайданың» шекті деңгейіне кепілдік беретін деңгейде белгілеуге мүмкіндік береді.

Табиғи монополиялар туралы заң мәтіні бойынша реттеуші орган Табиғи монополияларды реттеу агенттігі («ТМРА») болды, ол 2014 жылғы тамызда қысқарып, оның функциясын атқару Ұлттық экономика министрлігіне («ҰЭМ») жүктелді. Тарифтерді қарау рәсімі шеңберінде реттеуші KEGOC ұсынған тарифтер мен шығындар бөлігіне сараптамалық бағалауды ұйымдастыруға міндетті. Сарапшылар мен реттеуші (ағымдағы кезеңде – ҰЭМ) Компания болжамдарымен келіспеуі мүмкін және мұндай жағдайда реттеуші және/немесе сарапшылар, төменде баяндалғандай, тарифтердің түрлі құрамдас бөліктерін айқындайтын техникалық қағидалар мен басшылықтар тұрғысынан алғанда негізделмеген деп есептелетін Компанияның шығындарын мойындамау уәкілеттегіне ие.

з) Тарифтерді есептеу әдіснамасы

(і) Тарифтерді белгілеу тетігі

Тарифтерді бекітуге өтінім беру тәртібі

Компания тиісті мерзімге ҰЭМ қарауына реттемелі қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейін қарау туралы өтінім береді («**Өтінім**»). Өтінімде есептеудің әртүрлі құрамдастары бойынша ақпарат және ҰЭМ-нің нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес өзге де растаушы мәліметтер болуы тиіс. Одан әрі Өтінімді ҰЭМ сарапшылардың ықпалымен (олар тәуелсіз сарапшылар да, тиісті мемлекеттік органдардың, басқа да табиғи монополиялар мен тұтынушылар бірлестіктерінің өкілдері де бола алады) талқылаулар шеңберінде Компаниямен, тұтынушылармен және тарифтермен мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалармен қаралады. Тиісті реттеуші де көпшілік тыңдаулар өткізеді, оларға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады. Алайда, мұндай ережелер әлі қабылданған жоқ. Сарапшылармен және тұтынушы өкілдерімен консультациялар аяқталған бетте ҰЭМ тиісті мезгілге тарифтерді айқындайды. Табиғи монополиялар туралы заң сондай-ақ реттеушіні KEGOC-ты жаңа тарифтер енгізілгенге дейін кемінде 35 күн бұрын хабардар етуді міндеттейді. Сонымен, егер де Компания бекітілген тарифтерен келіспесе, ол реттеушінің тиісті шешімін Қазақстан сотында тиісті юрисдикциямен даулай алады. Сотпен дау-дамайды қарау мезгілінде егер де ҰЭМ өзгені белгілемесе алдындағы тариф жұмыс істейтін болады.

Реттемелі қызметтерге тарифті бекітуге арналған өтінімді беру кезінде Компания сондай-ақ ҰЭМ-не келесіні тапсыруға міндетті.

- Табиғи монополиялар субъектілерінің нормативтік техникалық ысыраптарвн, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның техникалық және технологиялық шығыс нормаларын бекіту қағидаларына сәйкес, нормативтік техникалық ысыраптардың сандық өрнектегі есептеуі, шикізат пен материалдардың техникалық және технологиялық шығыс нормалары (Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігінің 2013ж. 17 қыркүйектегі № 283-ОД бұйрығы);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №394 қаулысымен бекітілген Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету қағидаларына сәйкес, Компанияның болашақ мезгілге арналған инвестициялық бағдарламасы;

- өңірлік электр желілік компаниядан басқа табиғи монополиялар субъектілеріндегі Жұмыскерлердің нормативтік санын бекіту қағидаларына сәйкес жұмыскерлердің нормативтік саны (Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014ж. 3 наурыздағы № 49-ОД бұйрығымен бекітілген);
- алдағы кезеңге арналған штат кестесі және Штат кестесін келісу қағидаттарына және табиғи монополия субъектілерінің басшы қызметкерлері мен әкімшілік қызметкерлерінің шекті еңбекақы деңгейіне сәйкес заңды тұлға болып табылатын басшы қызметкерлердің еңбекақыларының шекті деңгейі (Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2007ж. 7 тамыздағы № 226-ОД бұйрығы);

Бұдан басқа, KEGOC-қа ұқсас табиғи монополиялар шығыстарының мынадай баптары ҰЭМ-мен келісуге жатады:

oo. табиғи монополиядағы негізгі құралдардың құнын өсіруге ықпал етпейтін ағымдық және күрделі жөндеулерге әрі басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған жылдық шығыстар сомасы;

pp. өндірістік қажеттікке байланысты Табиғи монополиялар субъектілерінің реттемелі қызмет көрсетулеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды ерекше құру қағиадарына сәйкес әкімшілік жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға шығындар (Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігінің 2013ж. 25 сәуірдегі № 130-ОД бұйрығы).

Тарифтік кезең

Бұрын қолданыста болған заңнама Компанияға тарифтерді бір жылға да, бірнеше жылға да бекітуге мүмкіндік берген болатын. Өткен жылдары Компания тарифтерді жыл сайынғы негізде бекітуге ұмтылды. 2013 жылы Компания тарифтердің шекті деңгейін екі жылға бекітуге өтінім берді. Бірақ, Табиғи монополияларды реттеу заңына енгізілген, 2013 және 2014 жылдары қабылданған соңғы өзгерістерге сәйкес болашақта Компания тарифтердің шекті деңгейін кемінде бес жыл мерзімге ғана бекіте алады. Осындай ретпен Компания 2015 жылы өз тарифтерін кемінде бес жыл мерзімге бекітуге ұсынуы тиіс.

Тарифтердің түрлері

Бұрын Компания жыл сайын тіркелген тариф мөлшерін бекітуге өтінім беретін, тек 2013 жыл мен 2015 жылдар аралығына бекітілген екі жылдық тариф ғана бұдан өзгеше болды.

2013 жылы Ұсыныстың алдында KEGOC Басшылығы іс-тәжірибені өзгерту шешімін қабылдады, соған сай ол ағымдық жылға тарифтерді бекітуге арналған өтінімдер берді және «шекті тарифтер деңгейлерінің» негізінде қызметті жүзеге асыруды бастады. Шекті тарифтер деңгейлерін есептеу қағидаты жылдық тарифтерді есептеу қағидатынан ерекшеленбейді, алайда шекті тарифтер деңгейлері бірнеше жыл алдыға бекітіледі.

Шекті тарифтер Компанияға ұзақ мезгілге өз мүмкіндіктерін жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлер Компания туралы толығырақ ақпарат ала алады.

Бірақ тарифтердің шекті деңгейінің бекітілуі мынадай тәуекелдермен байланысты:

a. ҰЭМ-нің осындай рәсімнің жүргізілуіне нақты негіздеме болмауына байланысты тарифтік сметанытүзетуден бас тарту тәуекелі;

b. Тарифтердің ҰЭМ бастамасы бойынша өзгеру тәуекелі.

Сонымен, Компаниядан тарифтерді өзгертуді талап ететін сыртқы факторларға жауап ретінде тарифтерді дер кезінде өзгертуге Компаияның мүмкіндігі болмауы мүмкін, бұл жағдаятқа төтенше жағдайдармен байланысты тарифтерге түзету енгізу жайы енбейді. Сондай-ақ «Компаияның табысы мен қызметінің тиімділігі ағымдағы тариф саясатымен байланысты, ал тариф саясаты заңнама нормаларына, оның ішінде реттеуші орган қабылдаған тарифтік реттеу

жүйесі мен тарифтерді есептеуге қатысты түсіндірулерге тәуелді» деген тәуекелдік факторын қараңыз.

4. Тарифтерді түзету

Жалпы ереже бойынша ҰЭМ бекіткен тарифтер мен тарифтердің шекті деңгейлері олар бекітілген барлық уақыт кезеңі ішінде қолданыста болуын жалғастырады.

Айырықша жағдайларда тарифтің шекті деңгейін өзгерту ол қолданылатын кезеңде Компанияның бақылауынан тыс жағдайлар орын алған кезде төтенше реттеуші шаралар ретінде ғана мүмкін болады.

Төмендегі шығыстарды арттыру тарифті өзгерту үшін бастапқы негіз болып табылады:

a. мына жағдайларға байланысты шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының ұлғаюынан:

   еңсерілмес күш жағдайлары (табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайларды қоса алғанда). Табиғи монополиялар туралы заң «еңсерілмес күш жағдайлары» терминіне анықтама бермейді.

b. бекітілген тарифтік сметада белгіленген көлеммен салыстырғанда көрсетілетін қызметтер көлемінің өзгеруі. Заңнама сондай-ақ шикізаттың, материалдардың немесе энергия шығыстарының нормаларын арттыруға әкеп соғатын нақтылы көрсетілген қызметтердегі ауытқулар көлемінің қандай болатынын көрсетпейді; немесе

c. технологиялық бұзылыстарды болдырмауға немесе мемлекеттік органдардың ұйғарымдамаларын орындауға бағытталған жұмыстарды жүргізу қажеттілігі.

a. Электр энергиясына немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты бағаның өсуі

«Төтенше реттеуші шаралар» ретінде тарифті өзгерту тарифті өзгерту үшін екінші негіз болып табылады, оны ҰЭМ адамдардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау; және (ii) салықтың өсуіне байланысты туындаған Компания шығыстарын өтеу үшін қабылдайды.

Заңнамада қолданыстағы тарифті өзгерту мақсатында жоғарыда келтірілген нормаларды қолдану мүмкіндігіне қатысты жан-жақты тұжырымдалған талаптар қамтылмаған және сонымен қатар реттеуші органға іс-тәжірибеде аталған нормалардың, параметрлер мен аталған нормалардың қолданылуын түсіндіру мүмкіндігін береді.

Жоғарыда келтірілген бір немесе бірнеше жағдайлар орын алған кезде қолданыстағы тарифті өзгерту үшін Компанияның ҰЭМ-ға өтініш білдіруге құқы бар. Өтінімге растаушы құжаттама тіркелуі тиіс. Егер ҰЭМ тарифті өзгертуді мақұлдаса , осындай тариф ҰЭМ оны бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және кері күші болмайды, яғни тарифті өзгерту үшін негіз болған жағдайлар орын алған өткен уақыт кезеіңіне қолданылмайды.

Тарифтерді есептеу

Нормативтік Құқықтық актілер

Реттелетін қызмет тарифтері Қазақстан заңнамасына негізінде есептеледі, олардың қатарына төмендегідей нормативтік құқықтық актілер енеді:

b. табиғи монополиялар субъектісінің электр энергиясын ұлттық электр торабы бойынша жеткізу жөніндегі реттелетін қызметтеріне арналған тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу әдістемесі (ТМРА-ның 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 372-ОД бұйрығы);

- техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерді есептеу әдістемесі (ТМРА-ның 2005 жылғы 26 тамыздағы № 256-ОД бұйрығы);

d. электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерді есептеу әдістемесі (ТМРА-ның 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 372-ОД бұйрығы).

e. Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) тарифтерді бекіту кезінде қолданылатын Шығындарды ерекше есептеу тәртібі (ТМРА-ның 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-ОД бұйрығы).

f. Энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне су шаруашылығы және (немесе) кәріздік жүйелер бойынша қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін қолданыстағы активтердің реттемелі базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі нұсқаулық (ТМРА-ның 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-ОД бұйрығымен бекітілген).

5. Тарифті есептеу үшін ортақ формула:

Тариф = (Негіздемелі шығындар + Пайданың ұйғарынды деңгейі) : Көлем

Көлем Компания ұсынған әрбір үш реттемелі қызмет көрсетулер бойынша тиісті реттеуші орган (яғни бұрын ТМРА, қазіргі уақытта ҰЭМ) белгілеген әдістемелік нұсқауларға сәйкес күтілетін көлем тұрғысынан анықталады.

Негіздемелі шығындар

Компания табиғи монополия қызметтерін (электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру) көрсетуге қажетті шығындар негізделген шығындар деп есептеледі және осындай шығындарды ҰЭМ мақұлдаған жағдайда мақұлданған тариф арқылы Компанияның өтеуіне жатады. Негізделген шығындар табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың айырықша тәртібіне сай анықталады (ТМРА-ның 2013 жылғы 25 сәуірдегі №130-ОД бұйрығы).

Тарифтер мен тарифтік сметаны бекіту кезінде реттеуші орган Компанияның негізделген шығыстары ретінде мынадай шығыстарды есепке алады: жалақы төлеуге арналған шығындар, техникалық қызмет көрсету шығындары, ақпараттық технологияларға жұмсалатын шығындар, табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтауға арналған шығыстар (оны бұзғаны үшін айыппұлдарды қоспағанда), займдар бойынша пайыздарды төлеуге шығындарды, күрделі жөндеу мен Компанияның активтерін ұлғайтпайтын жөндеу бойынша шығындарды, негізгі құрал-жабдықтардың (мысалы, ғимараттыр, үймереттер, ЭЖЖ, қосалқы станциялар, автомобильдер) және реттемелі қызмет көрсетуде пайдаланылатын бейматериалдық активтердің амортизациялық аударымдары мен соңғылары негіздемелі және растаушы құжаттары болған жағдайда оқытуға және біліктілікті көтеруге арналған шығындар.

Күрделі инвестицияларға арналған шығыстар (яғни Компанияның енгізілген активтер базасын ұлғайтатын күрделі шығындар) ҰЭМ-нің негіздемелі шығындар құрамына амортизациялық аударымдар түрінде тек тиісті инвестициялық жоба аяқталған соң ғана кіреді. Күрделі шығындар қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын бөлікте займ бойынша сыйақы төлеуге арналған шығындар да негіздемелі шығындар болып саналады.

Компанияның қосымша жаңа қызметтерді (негізгі қызметтер шеңберінде электр энергиясын жеткізу, диспетчерлендіру және теңгерімдеу қызметтері) бекітілген тариф қолданысы кезеңінде көрсетуге құқы бар. Мұндай жағдайда, Компания тиісті қосымша жаңа қызметтерге жаңа тарифті бекітуге оларды көрсетуге байланысты өз шығындарын жабу үшін өтініш білдіре алады. Осы мақсатта Компания бекітілген рәсімге және жоғарыда келтірілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ҰЭМ-ге өтініммен өтініш білдіруі тиіс. Кез келген дайындық шығыстарын осындай жаңа тарифті бекітуге өтініш білдіру арқылы ғана Компания өтей алады, алайда, оның кері күші жоқ, яғни өткен уақыт кезеңіне қолданылмайды.

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың айырықша тәртібіне сәйкес белгілі бір шығындар төмендегілерді қоса алғанда, негізделген шығындар ретінде қарастырылмайды:

- ҰЭМ мақұлдаудан өткізбеген қызметкерлерге жұмсалатын шығындар;
- нормативтен асқан техникалық және коммерциялық ысыраптар, тауарлық-материалдық құндылықтар мен қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігі, басқа да өндірілмейтін шығыстар мен ысыраптар;
- реттемелі қызметтерді көрсету, ұсыну кезінде пайдаланылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;
- сенімді басқаруға, мүліктік жалдауға, лизинг бойынша сенімді басқаруға алынған негізгі құралдарды пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемақылар (ортақ шаруашылық арналымдағы негізгі құралдардан басқа);
- ластаушы заттардың нормативтен асқан шығарылымдары (тастандылар);
- сот шығындары;
- сенімсіз борыштар;
- шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары және басқа шара түрлері;
- кірісті жасырғаны (азайтқаны) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;
- жымқырулардан немесе ақаулардан залалдар;
- жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу және басқа сыйақы түрлері; және
- ұжымдық шарт айқындаған мақсаттарға арналған кәсіподақ аударымдары;
- табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне тарифтерді (бағалар, алым мөлшерлемелері) бекіту кезінде қолданылатын шығыстарды есептеу тәртібіне сәйкес өзге де шығындар.

Соңғы жылдары қолданыста болған тарифтің шекті деңгейін бекіту кезеңінде Компания ҰЭМ-ге тарифтің қолданыс мерзімі және тиісті тарифтік кезең басталғанға дейін негізделген шығыстарды бекіту туралы ұсыныс жасайды. ҰЭМ бекіткен негізделген шығыстар тарифтік кезең бойы қолданыста болады. Бұл ретте Компания осы кезеңдегі болуы мүмкін шығыстардың өсімін ескеруі қажет. Компанияның түзету жасауға ұсыным беруіне қатысты мүмкіндіктерінің бірқатар ерекше жағдаяттар мен тежеусіз күш жағдаяттарына байланысты шектеулі екендігін ескере отырып, Компания өз тарифтерін қандай да жағдайда болмасын түзетіп, өзгерістер енгізе алатындығына сенімділік жоқ.

Компания тарифтердің шекті деңгейін бекіту туралы алғаш рет 2013 жылы ұсыныс жасағандығын ескерсек, қазіргі уақытта Компания мен ҰЭМ арасында Компанияның ұзақ мерзімді тарифтерін мақұлдау және реттеуге қатысты тұрақты тәжірибе жоқ.

Пайданың Ұйғарынды деңгейі

Пайданың ұйғарынды деңгейі ТМРА-ның 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-ОД бұйрығымен бекітілген, 2013 жылғы 27 ақпандағы енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен су шаруашылығы және (немесе) кәріздік жүйелер мен табиғи монополиялар субъектілері үшін енгізілген активтердің реттемелі базасына пайда ставкасын (таза табысын) есептеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес анықталады.

Аталған Нұсқаулықтың 6-т. сәйкес пайданың ұйғарынды деңгейі (таза табыс) пайда ставкасының енгізілген активтердің реттемелі базасының шамасына көбейтіндісі ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

ДУП = РБА х СП

мұндағы

ДУП – ұйғарынды пайда деңгейі (теңге),
РБА - енгізілген активтердің реттемелі базасы (теңге),
СП – пайда ставкасы (%).

Ұйғарынды пайда деңгейін («**ДУП**») есептеудің әрбір құрамдасы ҰЭМ-нің бекітуіне жатады.

Компаниының меншігіндегі магистралдық электр жеткізу желілер жүйесінің енгізілген активтердің реттемелі базасы («РБА») электр жеткізуді жүзеге асыруды, қуатты теңгерімдеу мен реттеуді мұндай қызметтерді көрсету үшін олар пайдаланатын шамада қолданатын Компания активтерінің құнын білдіреді. Реттемелі активтер базасы Компанияның нақты активтер құнын «енгізу коэффициенті» деп аталатынға көбейтіндісімен айқындалады.

(1) Активтердің құны негізгі құралдардың теңгерімдік құны негізінде анықталады. Аяқталмаған құрылыс пен айналымдық құралдар кірмейді және тәуелсіз бағалаушымен активтер құнын қайта бағалау ескеріледі, олар ҰЭМ келісімімен жүргізілуі мүмкін. Бағалаушы бір немесе бірнеше әдістемелер бойынша бағалай алады, мысалы: (i) қалпына келтіру құны негізінде; (ii) экономкалық мәнділік (яғни тиісті актив әкелген кіріс негізінде); және (iii) нарықтық құн негізінде (яғни нарықтағы осыған ұқсас активтермен салыстыру негізінде).

Енгізілген активтердің реттемелі базасы (яғни АРБ) «Халық IPO» бағдарламасы аясында акцияларын ұсынатын компаниялар үшін негізгі құралдарды сатып алу құны негізінде есептеледі, бұл ретте нақты жүзеге асқан (жыл сайынғы) инвестициялар көлемі, негізгі құралдарды пайдалану кезеңіндегі олардың бастапқы құнын арттыруға ықпал ететін жөндеу және өзге де жұмыс түрлері ескеріледі.

2013 жылы «Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде ТМРА Компания активтерінің қайта бағалауын Агенттік Басқармасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі «Негізгі құралдарды қайта бағалау сомасын келісу және негізгі құралдарды бағалау нәтижелерін «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» акционерлік қоғамының реттелетін қызметтеріне белгіленген тарифтерге енгізу кестесі туралы» №15 қаулысымен мақұлдады. Осы қаулы негізінде ТМРА Компания активтерінің қайта бағаланған құнын бекітті, бұл есептеулер АРБ көлемін және 2013 - 2017 жылдар аралығындағы бес жылдық кезеңде қайта бағалау нәтижелерін тарфитерге енгізу кестесін анықтауда ескерілетін болады. Қайта бағалау нәтижесінде АРБ 199 млд. теңгеге артады.

Қайта бағалау тарифтерге тең шамада төменде келтірілген кестеге сәйкес енгізілуі тиіс:

жыл	*2013*	*2014*	*2015*	*2016*	*2017*
Негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде активтердің реттелетін базасына активтерді енгізілетін кезеңмен ұлғайту пайызы	*20%*	*40%*	*60%*	*80%*	*100%*

Негізгі құралдарды қайта бағалау сомасын «Халық IPO» бағдарламасы аясында «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтерінің тарифтеріне енгізу кесетесі

2013 жылғы 1 қарашадан бастап Компания қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделіне жұмсалатын нақты шығындарды бойынша есепке алу моделімен бірге ҰЭТ ғимараттарын есепке алу әдісін өзгертті. Бұрын қолданылып келген тарихи құны бойынша есепке алу әдісі Қазақстан Ұлттық электр торабы нысандарының әділ құны мен оларды пайдалануға жұмсалатын шығыстарды едәуір шамада дұрыс бағаламай келді.

2014 жылы Компания ҚЕХС талаптарына сәйкес реттелетін қызмет түрлеріне тариф деңгейінің өзгеруімен және ұлттық валюта бағамының шетелдік валютаға қатысты жоспарлы өзгеруіне байланысты қосымша қайта бағалау жүргізді. Нәтижесінде Компания активтерінің баланстық құны АРБ анықтауда ескерілетін активтер құнынан артты. Келешек тарифтік кезеңге тарифтерді бекіту кезінде Компания ҰЭМ-ге қайта бағалау нәтижелерін ұсынып, сол тиісті кезеңге тарифтерді есептеу кезінде олардың енгізілуін жоспарлап отыр.

Компания сондай-ақ, жаңа қызметтер ұсыну, қуат нарығы мен теңгерімдеуші нарықты нақыт режимде іске қосумен байланысты кезеңдік қайта бағалаулар жүргізуді жоспарлайды.

Активтердің енгізілу коэффициенті нақты қызметтер көлемінің (қалыптық режимдегі жұмыс үдерісіндегі ысыраптар ескеріле) технологиялық қуатқа ара қатынасы ретінде анықталады. Дәстүрлі түрде бұл коэффицинет 0,69-ға тең болып белгіленді. Алайда, акциялары «Халық IPO» бағдарламасы бойынша орналасатын компаниялар үшін РБА есептеудің арнайы әдісін қолдану туралы жоғарыда аталған ережеге сәйкес осы коэффициентті қолдану қарастырылмаған немесе басқа сөзбен ол 1-ге тең болып қабылданады.

ii. Пайда нормасы (яғни **ПН**) капиталдың орташа өлшемді құнын есептеу әдісі бойынша анықталады. Оны есептеу формуласы жүйелік тәуекелдерді көрсететін салалық бета-коэффициент негізінде меншік капиталына арналған тәуекел үшін сыйлықақыны есепке алады. Қазіргі тұсқа энергетикалық компаниялар үшін жиірек пайдаланылатын бета-коэффициент 0,89 құрайды. Алайда, «Халықтық IPO» бағдарламасына қатысушы компанияларға қатысты 1,3-ке тең бета-коэффициент қолданылады. Бета-коэффициенттің ұлғаю нәтижелеріне Компанияның РБА-дан ұйғарынды пайда деңгейі Үкімет Ықтимал ұсынысты соңғы рет мақұлдағаннан кейін, салық салынғаннан кейін 12,2%-дан 14,98%-ға өседі.

Нұсқаулықпен акционерлік капиталға сыйақы құны қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан кем шама болмайды .

АРБ және ПН-н айқындайтын нұсқаулыққа өзгерістер енгізілген соң ТМРА Компанияның жеткізу, диспетчерлеу мен теңгерімдеу қызметтері жөніндегі екі тарифтік жоспарды мақұлдады. Бірінші тарифтік жоспар 2014 ж. қарашасынан Қазақстан Үкіметі Ықтимал ұсынысты соңғы мақұлдау күніне дейін мақұлданды және РБА-ның ұлғаюын көрсетеді (яғни РБА есептеу кезінде негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесі мен активтерді енгізудің 0,69-ға тең коэффициент қолданылды). Екінші тарифтік жоспар Үкіметтің Акциялар ұсынысын ақырғы мақұлдау тұсынан 2015 ж. 31 желтоқсанына дейін күшіне енеді және РБА-ның ұлғаюын (активтерді енгізу коэффициентін алып тастау салдарынан) әрі ПН ұлғаюын (бета-коэффициентті ұлғайту салдарынан) көрсетеді.

6. Жеткізу, диспетчерлендіру және теңгерімдеу қызметтеріне тарифтерді есептеу тәртібі

Тарифті есептеудің базалық формуласы жоғарыда баяндалған. Алайда, тарифтің әрбір реттемелі қызмет түріне (яғни жеткізуге, диспетчерлеу мен теңгерімдеуге) құрылуы шығындар мен активтер құнының жалпы сомасын үш қызмет тұрпататры арасында бөлуді керек етеді. Осы мақсатта және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес, Компания реттемелі қызмет түрлері мен басқа да қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығыстарды және енгізілген активтерді бөлек есепке алу әдіснамасын әзірлеп бекітті. Әдіснама Компания Басқармасымен бекітілді (2009 ж. 01 шілдедегі №8 жиналыс хаттамасы) және ТМРА-мен келісілді.

Электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтер

2010 ж. дейін Компания электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтері үшін аймақтық тарифтер негізінде төлемақы алатын. 2010 ж. ТМРА ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтерді есептеудің жаңа әдіснамасын қабылдады және

бірыңғай тариф енгізді. 2010 ж. 1 тамызынан аймақтық тарифтер жойылды. Бірыңғай тарифтің енгізілуі Компанияның қызметін оңтайландыруға мүмкіндік берді, ақырғы тұтынушылардың ұлттық электр торабына алаламайтын қолжетімдікті қамтамасыз етті және бағаны қалыптастыру ашықтығын арттырды.

Қолданыстағы тариф Компанияның электр қуаты нарығын іске қосқаннан кейінгі көрсететін қызметтерін есепке алмайды. Компания мұндай тарифтерді бекітуге жаңа кезеңге арналған тарифтерді бекітуге ұсыныс беру кезінде бір мезгілде өтінім беруді жоспарлап отыр.

Қолданыстағы ҰЭТ бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі табиғи монополия субъектісінің реттемелі қызмет көрсетулеріне Тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу әдіснамасы ТМРА-ның 2013ж. 3 желтоқсандағы № 372-ОД бұйрығымен бекітілді және мынадай формуланы айқындайды:

$$T = \frac{Z + P}{Wsum} \quad \text{теңге, кВт-с үшін}$$

мұндағы:

T — тариф немсее барынша жоғары тариф;

Z — Жүйелік оператордың экономикалық ақталған және негіздемелі шығындары;

P — ұйғарынды табыстылық деңгейі;

Wsum — монополияның тұтынушылармен жасасқан келісімдерімен, барлық тұтынушыларға қызмет көрсету және жоғарырақ тарифтерді қолдау үшін қызмет көрсету көлемдерін азайтудың алдын алу қажеттігін ескеретін ниеттер мен есептеулер туралы келісімдермен расталған электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерді жоспарлық жылдық ұсыну көлемі.

Жүйелік оператордың экономикалық шығындары ТМРА-ның 2013ж. 25 сәуірдегі № 130-ОД бұйрығымен бекітілген.

Техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған тарифтер

Техникалық диспетчерлендіру екі негізгі процесстен тұрады - өндіру-тұтыну кестесін жасау және тікелей диспетчерлендіру. Кестені әзірлеу БЭЖ жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады, себебі қуат ағындары кернеу деңгейіне әсер етіп, электр жеткізу желілері жүктемесінің артуына себеп болуы мүмкін. Диспетчерлендіру дегеніміз нақты уақыт режимінде электр энергиясы нарығының көтерме сауда қатысушыларына (энергия өндіруші, энергия жеткізуші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, сонымен қатар электр энергиясының көтерме сауда тұтынушыларына) нұсқау беріп отыру.

2005 жылы ТМРА техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулерге тарифті есептеудің әдіснамасын бекітті.

Әдіснамаға сәйкес техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулерге тариф (Тд) мына формула бойынша анықталады:

$$T_{тд} = \frac{Z_{тд} + P}{W_{отп.} + W_{имп}}, \quad \text{тенге/кВт.ч} \qquad (1)$$

мұндағы:

Zтд - Жүйелік оператордың техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған экономикалық негізделген немесе расталған шығындары;

Р — техникалық диспетчерлеу жөніндегі тиімді қызмет көрсетулер үшін қажетті іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған лайықты (яғни қолжетімді) пайда деңгейі;

Wотп – заңнама белгілеген тәртіпте анықталатын, Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары торапқа тораптың тиесілігіне қарамастан барлық кернеу сыныбындағы желілер бойынша босатылған электр энергиясының жиынтық көлемі (кВт.с);

Wимп - шарттармен,, ниеттер хаттамаларымен немесе нақты мұның алдындағы тоқсан не былтырғы күнтізбелік жыл үшін Қазақстан Республикасының шекарасында алынған электр энергиясының жиынтық көлемі (кВт.с).

Теңгерімдеу жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған тариф

Компания электр энергиясын өндіру-тұтынуды Қазақстандағы электр энергиясының көтерме сауда нарығында өндіру-тұтынуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Тәуліктік жүктеме кестесінен-тәулік ішінде БЭЖ-де туындайтын электр энергиясының мәлімделген және нақты өндіру мен/немесе тұтыну көлемдері арасындағы сағат сайынғы теңгерімсіздіктен ауытқуларды табиғи және одан кейінгі қаржылық реттеу теңгермелі нарықтың мақсаты болып табылады. Теңгерімдеу жүйедегі теңгерімсіздіктерді реттеу үшін қажетті теңгерімдеу қызметін (қосымша қуатты) сатып алуды және теңгерімсіздіктерді реттеу үшін осындай қосымша қуатты қосуды білдіреді.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған тарифке кірістерді, шығыстарды және енгізілген активтерді бөлек есепке алу әдістемесіне сәйкес осы қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындар кіреді. Бұдан басқа, осы қызмет көрсетулерге арналған тарифке теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында қуатты реттеу және электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі операциялар бойынша нетто-залалдарды реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған шығындар кіреді.

2009 жылы ТМРА Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған тарифті есептеу әдістемесін әзірледі және бекітті, ол теңгермелі нарықтың имитациялық режимдегі жұмыс тарифіне анықтама береді. Бұл көтерме сауда нарығына қатысушылардың теңгерімдік нарық жұмысына шынайы уақыт режимінде сұраныс пен ұсынысты теңдестіру мақсатында нарықтың өздігінен реттелу үдерісінің бір бөлігі ретінде қатыспайтынын білдіреді, мұның орнына электр энергиясының физикалық сұранысы мен ұсынысын Компаниямен Компания және өндірушілер (жүктеме активтер) мен тұтынушылар арасындағы екіжақты келісімдер арқылы теңгеріледі. Имитациялық режим сондай-ақ теңгеруші тетіктің жұмыс істеуіне және теңгерімсіздіктерді реттеуге қатысуға байланысты ақшалай есептесулердің жоқтығын меңзейді. Теңгерімсіздіктерге байланысты шығындар және Компания көрсететін теңгерімдеу қызметтері бір жағынан электр энергиясын ұсынудың, импорт пен сатып алудың жиынтық физикалық көлемі және екінші жағынан, тұтынудың, экспорт пен сатудың жиынтық көлемі арасындағы теңгерімсіздік үшін жауапкершілікке ие болатын нарққа қатысушыларға қатысты теңгеруші тарифтерді есептеу есебінен өтеледі.

2009 жылдың қарашасында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі Қазақстан мен Ресей Федерациясының біріктірілген энергетикалық жүйелерінің 2010 жылдың 1 қаңтарынан қатарлас жұмыс істеуін қамтамасыз ету шаралары туралы келісімге қол қойды. Осы келісімдер нәтижесінде KEGOC өндіру және тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі қызмет көрсету шеңберінде электр энергиясын сағат сайынғы мемлекетаралық ағын сальдосын өтеу мақсатында сатып алып сатады. Компания оның теңгерімдеу қызмет көрсетулері ретінде жүзеге асырады. Біріктіру және келісу үдерісімен қатар теңгерімдік тарифтерді есептеу әдіснамасы теңгерімсіздікті жабу үшін тарифтерге электр энергиясын сатып алуға арналған

шығындарды (і) және осындай электр энергиясын сатудан түскен кірістерді енгізу үшін өзгертілген болатын.

Қолданыстағы әдіснамаға сәйкес тұтынушылар үшін тарифтер мына формула бойынша анықталады:

$$Т_{БАЛ} = \frac{Z_{БАЛ} + Р - Д_{ПР}}{W_{ПГ} + W_{ПП}}$$ (теңге/кВтс), мұндағы:

ТБАЛ - электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған тариф, (теңге/кВт.с);

ZБАЛ - электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерді жүзеге асыру үшін Жүйелік оператордың экономикалық негізделген немесе расталған шығыстары (теңге).

Теңгермелі нарықты модельдеу режимінде қуат резервтерін ұстап тұруға арналған шығындардың орнына қуатты реттеу жөніндегі шығыстар мен электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстарды таза мемлекатаралық ағындар сальдосының жоспарлыдан нақты сағат сайынғы ауытқуларын өтеу үшін пайдаланады.

Р - заңнама белгілеген тәртіпке сәйкес есептелетін, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі тиімді қызмет көрсетулер үшін қажетті іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған лайықты (қолжетімді) пайда деңгейі, теңге;

WПГ – энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарына босатылған электр энергиясының болжанған жиынтық көлемі, кВт.с.;

WПП - электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарында тұтынылған электр энергиясының болжанған жиынтық көлемі, кВт.с.;

ДПР - электр энергиясының нақты мемлекатаралық ағындар сальдосының жоспарлыдан сағат сайынғы ауытқулар көлемдерін өтеу мақсатындағы электр энергиясын сатудан түскен кірістер.

Ағымдағы бекітілген тарифтер

Компанияның 2013 жылы реттемелі қызметтерге арналған тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітуге берген өтінімі негізінде, 2013 жылғы 17 қыркүйектегі No. 285-ОД бұйрығы мен 2014 жылғы 16 мамырдағы №105-ОД бұйрығына сай ТМРА KEGOC үшін мынадай тарифтерді бекітті.

электр энергиясын жеткізу бойынша:

2013 жылдың 1 қарашасынан 2014 жылдың 31 қазаны аралығына 1,305 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

2014 жылдың 1 қарашасынан 2015 жылдың 31 қазаны аралығына 1,469 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

Ықтимал ұсыныс туралы шешім қабылданған сәттен бастап 2015 жылдың 31 қазанына дейін – 1,954 тенге/кВтс(ҚҚС-сыз).

техникалық диспетчерлендіру бойынша:

2013 жылдың 1 қарашасынан 2014 жылдың 31 қазаны аралығына 0,134 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

2014 жылдың 1 қарашасынан 2015 жылдың 31 қазаны аралығына 0,148 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

Ықтимал ұсыныс туралы шешім қабылданған сәттен бастап 2015 жылдың 31 қазанына дейін – 0,182 теңге/кВт (ҚҚС-сыз).

теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша

2013 жылдың 1 қарашасынан 2014 жылдың 31 қазаны аралығына 0,060 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

2014 жылдың 1 қарашасынан 2015 жылдың 31 қазаны аралығына 0,068 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

Ықтимал ұсыныс туралы шешім қабылданған сәттен бастап 2015 жылдың 31 қазанына дейін – 0,083 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз).

Келісім-шарттар, тұтынушылар және жеткізушілер

Келісім-шарттар

Компанияның жүйелік қызметті көрсетулер тұтынушыларымен өзара қарым-қатынастары Компанияның тұтынушылармен жасасқан шарттарымен реттеледі. Шарттарды даярлау кезінде Компания Үкімет бекіткен (2003 жылғы 28 қарашадағы № 1194 қаулы) мынадай үлгі шарт нысандарын басшылыққа алады:

- Электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған үлгі шарт
- Электр энергиясын торапқа босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған үлгі шарт.

2010 жылы Компания жүйелік қызмет тұтынушыларымен және KEGOC электр тораптары бойынша жеткізуге арналған технологиялық шығысты өтеу үшін электр энергиясын сатып алуға 469 шарт жасасты. 2011 жылы осындай 513 келісім-шарт жасалды. Ал 2012 жылы осындай 524 келісім-шарт жасалды. 2013 жылы осындай 494 келісім-шарт жасалды.

Компания шарттардың бір бөлігін жергілікті таратушы компаниялармен және жергілікті тұтынушылармен өз филиалдары арқылы жасасады. Бұл ретте Компания өз филиалдары арқылы белгілі бір қуат шамасында шарт жасау мүмкіндігін шектейді.

Тұтынушылар

Энергия өндіруші ұйымдар, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өңірлік электр желілік компаниялар, өзге де ірі электр энергиясы тұтынушылары және басқа да электр энергиясы көтерме сауда нарығына қатысушылар Компанияның қызмет көрсетулерін тұтынушылар болып табылады.

Төмендегі кестеде Компанияның тұтқалы үш клиенті туралы ақпарат жылдар мен қызмет түрлері бойынша келтірілген:

	2010	2011	2012	2013	2014 (6 ай)
Жеткізу	мың кВт.с				
«БЭЖ ФСК» ААҚ	2.865.383,7	5.296.351,2	7.372.954,6	5.080.357,5	1.041.657,9
Теміржолэнерго	3.032.380,9	3.218.632,4	3.458.841,3	3.465.714,1	1.671.307,4
«Өзен» ЖШС	2.238.706,9	2.097.943,1			

«АлматыЭнергоСатып-өткізу» ЖШС			2.470.178,2		1.347.698,0
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС				2.452.020,0	
Техникалық диспетчерлеу	мың кВт.с				
«Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ	12.947.890,6	13.221.126,0	13.486.334,1	14.414.037,6	7.800.926,9
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	11.065.121,1	12.696.046,0	14.367.903,4	12.785.451,7	5.806.805,2
Қазақмыс корпорациясы	5.588.586,2				
«ЕМАЭС-2 станциясы» АҚ		5.653.350,0	5.862.796,8	5.985.105,0	2.385.960,0
Теңгерімдеуді ұйымдастыру	мың кВт.с				
«Евроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ	22.202.989,1	22.663.954,5	23.157.333,2	24.054.151,3	12.256.632,7
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	11.065.211,1	12.696.046,0	14.367.903,9	12.785.451,7	5.806.865,2
Қазақмыс корпорациясы	9.688.619,0	9.374.457,6	8.263.909,7	9 104 816,657	
«ЕМАЭС-2 станциясы» АҚ			5.862.796,8	5.985.105,0	
«АлматыЭнергоСатып-өткізу» ЖШС					2.988.718,5

Үлесіне 2013 жылғы негізгі операциялық қызметтен түсетін Компания кірісінің бес пайызынан астамы тиетін сатып алушылар болып табылатын келесі компаниялар:

Компанияның атауы	**Мекен-жайы**	**Компанияның өнімді сатып-өткізгеннен түскен жалпы пайдасынан үлесі, %**
«БЭЖ ФСК» ААҚ (Ресей Федерациясы)	Ресей Федерациясы, 119435, Мәскеу қ., Большая Пироговская көш., 27.	11,5
«БЭЖ ИНТЕР РАҚ» ААҚ	Ресей Федерациясы, 117630, Ресей Федерациясы, академик Челомей көш., 5А үй	5,6
«Теміржолэнерго» ЖШС	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев көш., 10, «Меруерт қала» бизнес орталығы	5,6

Жеткізушілер

Компания сатып алатын негізгі тауа электр энергиясы болып табылады. Компания электр энергиясын электр қуатын жеткізу кезіндегі технологиялық шығысты өтеу үшін және шаруашылық мұқтаждық үшін сатып алады. Электр энергиясының тұтқалы жеткізушілері болып табылатындар: «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ, «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС.

Бұдан басқа, Компания Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясына деген тапшылық туындаған жағдайда технологиялық шығысты өтеу үшін электр энергиясын «ИНТЕР РАО ЕЭС» ААҚ-тан (Ресей Федерациясы) сатып алады.

2010-2011ж. аралығында Компания технологиялық шығысты өтеу үшін «Электр станциялары» ААҚ-тан (Қырғыз Республикасы) электр энергиясын сатып алып отырды.

Электр энергиясының ысыраптар мен шаруашылық мұқтаждарын өтеуге арналған көлемі:

Жеткізушілер	2010	2011	2012	2013	2014 (6 ай)
	Электр энергиясының ысыраптар мен шаруашылық мұқтаждарын өтеуге арналған көлемі. мың кВтс				
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	1 234 023.33	1 538 279.91	1 712 941.06	2.098.771 592	735 979.352
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	75 877.36	91 969.28	264 000.00	0	320 479.756
«МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	76 163.07	88 928.70	79 939.90	88.214 275	36 125.16
«Электр станциялары» ААҚ	540 000.00	300 000.00		0	0
«БЭЖ ИНТЕР РАҚ» ААҚ	25 272.46	544 792.30	601 726.67	187.780 175	162 682.73

Төменде 2014 жылдың жарты жылдығындағы жай-күй бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді (электр энергиясын қоспағанда) 10 ірі жеткізуші туралы ақпарат төменде келтірілген.

	Жеткізушінің атауы	**Күні**	**Шарттың мәні**	**Шарт сомасы**
1	Өнеркәсіпқұрылыс-энерго ЖШС	31.01.2014	500 кВ ШГЭС (Семей)-Ақтоғай-Т ӘЖ-ын салу жобасын іске асыру жұмыстары	75,197,600,142.56
2	"Элит-Декор ВК" ЖШС	20.06.2014	«Шығыс ЖЭТ» филиалы ЖНҚ және АҚ ВЛ-110-220 кВ құрылғыларын қайта	108,016,431.04

			құру	
3	ЭнергоӨнеркәсіпҚұрылыссервис ЖШС	23.05.2014	«Жалағаш» 220/35/10 ҚС-да қосалқы станцияны, РҚА құралдарын қайта құру және РҚ ғимаратын салу	575,030,565.54
4	"Оңтүстікказэлектржелісісалу" ЖШС	17.07.2014	«Орталық ЖЭТ» филиалы ЖНҚ және ПА ВЛ-110-220 кВ құрылғыларын қайта құру	187,711,265.45
5	Логиком АҚ	10.07.2014	Лицензия Microsoft Office Pro Plus 2013 SNGL MVL	109,260,748.80
6	Логиком АҚ	04.07.2014	«Лицензия Microsoft WinPro 8.1 SNGL OLP NL Legalization GetGenuine wCOA»	53,804,800.00
6	"Қазақ арматура-оқшаулау зауыты" ЖШС	10.02.2014	«KEGOC» АҚ филиалдары үшін шыны оқшаулағыштар	138,002,118.24
7	"ҚазМұнайГаз Өнімдері" ЖШС	14.01.2014	Мұнай өнімдері талондарын сатып алу туралы	459,401,720.00
8	"Темірбетон" ЖШС	11.04.2014	Іргетастар және т/б тіреулері	104,867,548.80
9	"НиК" ЖШС	27.02.2014	Астана қ. балалар бақшасын салу	675,073,280.00
10	"ТИС НС" ЖШС	18.06.2014	«KEGOC» АҚ әкімшілік ғимаратына техникалық және клинингтік қызмет көрсету	1,423,423,211.84

Активтер

Ұлттық электр энергетикалық торап

ҰЭТ Компанияның негізгі активі болып табылады, ол 24. 553,033 шақырым 35-1 150 кВ-тық жоғары вольтты электр жеткізу желілері мен қондырмалы қуаты 36 355,05 мегаватт-ампер 77 электр қосалқы станциясынан тұрады. 1150кВ-тық электр энергиясын жеткізу желілері 500 кВ жұмыс кернеуін, ал 330 кВ-тық желілер 220 кВ (99%) және 110 кВ жұмыс кернеуін пайдаланады. Олар мемлекетаралық электр энергиясы ағындарын қамтамасыз етеді, электр энергиясын электр станцияларынан жеткізеді және өңірлік энерготораптық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

ҰЭТ-ты қалыптастыру 1969 жылы солтүстік және оңтүстік Қазақстандағы генераторлар мен электр жеткізу желілерін жалғау жолымен басталды. Бұған дейін Қазақстанның оңтүстік торап бөлігі Ташкенттен басқарылды. 1980 жылы Қазақстан бір жүйеге байланыстырылды, ол қазіргі заманғы нысандағы ҰЭТ-тың ізашары болды.

ҰЭТ жабдықтарының тозуы туралы мәлімет төменде көрсетілген кестеде келтірілген:

Жабдық түрі	Тозудың орташа деңгейі 01.01.2014 жай-күйі бойынша, %								
	Ақмола ЖЭТ	Ақтөбе ЖЭТ	Алматы ЖЭТ	Шығыс ЖЭТ	Батысы ЖЭТ	Сарыбай ЖЭТ	Солтүстік ЖЭТ	Орталық ЖЭТС	Оңтүстік ЖЭТ
Күштік трансформаторлар	66,12	56,42	76,00	87,76	98,46	78,38	89,52	78,20	87,08
Шунттаушы реакторлар	87,00	28,00	52,14		89,23	77,50	81,23	70,00	60,40
Ажыратқыштар	42,49	48,42	36,10	37,27	84,59	38,50	27,35	47,46	67,80
Айырғыштар	52,84	53,54	49,75	52,16	84,67	49,57	39,30	59,83	73,81
Ток трансформаторлары	47,13	47,60	38,15	17,54	83,35	31,88	26,86	51,84	61,26
Кернеу трансформаторлары	39,08	40,04	37,47	32,04	85,36	27,96	26,82	42,10	69,94
Кернеудің көтерілуін шектегіштер	38,81	35,44	33,45	46,12	34,30	31,44	38,65	34,58	60,54

2014 жылдың 19 қыркүйегінде Қор KEGOC-тың жарғылық капиталына Компанияның құқықтық меншігіне 220 кВ-тық «Ақжар» қосалқы станциясын, сондай-ақ 220 кВ-тық «Орталық» қосалқы станциясын кеңейтуге арналған жабдықтарды беру жолымен жарна салды. Жабдықтар жаңа болғандықтан, ал қосалқы станция Компания ұсынған техникалық талаптарға сәйкес тұрғызылғандықтан, активтерді Компания мүлкінің құрамына қосу Компаниядағы жабдықтар тозуының орташа дегейіне оң ықпал етеді.

Әуедегі жеткізу желілері

Компанияның әудегі жеткізу желілерінің 2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күйі бойынша құрылымы мен жасы төмендегі кестеде келтірілген. 0,4 кВ, 6 кВ және 10 кВ желілер есепке алынбады.



Әуедегі желілердің құрылымы мен жасы (01.06.2014)

Қосалқы станциялар мен тарату құрылғылары

2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күй бойынша Компанияға (35 кВ – 1150 кВ) орнатылған трансформаторларының жиынтық қуаты 35 875,05 МВА болатын 77 электр қосалқы станциясы тиесілі.

Қолданылатын тарату құрылғылары негізінен ашық тұрпатты. KEGOC ашық тарату құрылғыларының, қосалқы станцияларының схемалары үлгілерге сәйкес келеді және қажетті жұмыс сенімділігін, икемділігін, көрнекілігі мен пайдалану ыңғайлылығын, схеманың жекелеген элементтерінде жөндеу мен пайдалану жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін әрі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Тарату құрылғыларының 2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күйі бойынша құрылымы мен жасы төменде көрсетілген. Жабдықтың жасы өндіріс жылы тұрғысынан есептелінеді.



Тарату құрылғыларының құрылымы мен жасы (01.06.2014)

Трансформаторлар мен реакторлар

Трансформаторлар мен реакторлардың 2014 жылғы 1 маусымдағы жай-күйі бойынша құрылымы мен жасы төменде көрсетілген. Жабдықтардың жасы өндіріс жылы тұрғысынан есепке алынады.



Трансформаторлар мен реакторлардың құрылымы мен жасы (01.06.2014)

Қолданыстағы электр жеткізу желілеріне, тарату құрылғыларына, күштік трансформаторлар мен реакторларға жүргізілген талдау Компанияның негізгі қорларын жаңғырту бойынша 2025 жылға дейінгі уақыт аралығында ауқымды іс-шаралар жүргізу қажеттігін көрсетеді. Активтердің ахуалын жақсарту мақсатында KEGOC жаңғыртуды жан-жақты, кезең-кезеңдік бағдарламамен жүзеге асыруға кірісті. «ҰЭТ жаңғырту, I кезең» жобасы қосалқы станциялардағы бастапқы жоғары вольтты жабдықтарды, релелік қорғаныш және автоматика құрылғыларын, сондай-ақ байланыс жүйелерін қайта құру мен алмастыруға бағытталған болатын және 2009 жылы аяқталды. Бұдан басқа, «ҰЭТ жаңғырту, I кезең» жобасы шеңберінде KEGOC оралымды-диспетчерлік басқару үшін жаңа аппараттық-бағдарламалық SCADA/EMS жүйесін орнатты. Екінші жоба қазіргі уақытта іске асырылу сатысында және 2016 жылы аяқталады. Осы жоба қорытындылары бойынша қосалқы станциялардағы жабдықтардың едәуір бөлігі жаңартылатын болады. Үшінші жоба 2013-2023 жылдарға жоспарланған және қолданыстағы әуелік электр жеткізу желілерін қайта құруға бағытталған.

Инвестициялық бағдарлама

Компанияның инвестициялық бағдарламасы төменде жан-жақты сипатталатын 10 жобаны қамтиды.

Ірі жаңа жобалар кесімді бағамен «кілтпен тапсыру» келісім-шарты негізінде іске асырылады. Сонымен, Компания болатқа тиесілі бағалардың, сондай-ақ айырбас бағамдарының өзгеруіне байланысты барлық тәуекелдерді өз мердігерлеріне артады. Компания мердігерлерге мерзімдік кестелер мен төлем жүргізудің сақталуына бақылау жасаудың нақты айқындалған рәсімін бекітті. Құрылыс жұмыстарының барысын қадағалауды апта сайын тиісті филиалдың

еңбеккерлері, сондай-ақ Астананың бас кеңсесіндегі Күрделі құрылыс департаменті (ККД) жүзеге асырады.

Бірқатар жаңа өндіруші қуаттарды қосу жөніндегі міндеттемелерді Компанияға Үкімет жүктеп отыр. Басқа да объектілерді қосуды өндіруші қуаттар иесі KEGOC-тың техникалық талаптарына сәйкес жүзеге асырады. KEGOC-тың тораптарды салу мен күшейтуге арналған шығындары тариф арқылы өтеледі.

Жуырда аяқталған жобалар

Компания Республиканың энергетикалық қауіпсіздігін, Қазақстан БЭЖ-і қызметінің сенімділігін және ел экономикасының электр қуатына деген қажеттілігін қамтамасыз үшін ҮЭТ-ты дамытуға тұрақты түрде инвестиция салып отыр. Соңғы жылдары Компания үш негізгі стратегиялық жобаны аяқтады. Осы жобалардың қысқаша сипаттамасы төменде баяндалған.

«Ұлттық электр торабын жаңғырту» жобасы, I кезең (2000-2010жж.).
Жобаның мақсаты - қосалқы станцияларды, диспетчерлік және бақылау жүйелерін жаңғырту арқылы жабдықтау сенімділігі мен сапасын жақсарту; электр энергиясы көтерме сауда нарығының орнықты жұмысын және 29 өңірлік жеткізуші торапқа қолжетімділікті жақсарту үшін бәсекелестікті дамыту; пайдаланушылық шығындарын азайту; Компания көрсететін қызмет көлемін кеңейту.

Жобаның құрамдас бөліктері:

i. 43 қосалқы станцияда жоғары вольтты жабдықтарды жаңғырту;

ii. релелік қорғаныш және қосалқы станцияларды автоматтандыруды алмастыру;

iii. диспетчерлік бақылауды жаңғырту - оралымды-диспетчерлік басқару үшін жаңа аппараттық-бағдарламалық SCADA/EMS жүйесі барлық тоғыз ӨДО-да орнатылды;

iv. сандық корпоративтік телекоммуникациялар жүйесін құру;

v. электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру;

vi. электр энергиясының сауда-саттық жүйесін ендіру;

vii. сатып алу үдерісі мен жобаларды басқаруды жақсарту, электр желілік кодекс пен споттық нарық жөнінде нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу үшін халықаралық кеңесшілерді тағайындау.

Осы жобаның құны 43,8 млрд теңге болатын барлық құрамдас бөліктері 2010 жылы табысты аяқталды. Релелік қорғаныш және автоматтандыру жабдықтарын 67 қосалқы станцияның 42-де сынау мен іске қосу 2009 жылы аяқталды. Қалған 25 қосалқы станция сынақтан өтті және 2010 жылы іске қосылды.

Жоба 185 млн. АҚШ доллары мөлшерінде Халықаралық қайта құру және Даму Банкісі (ХҚДБ) (Вашингтон қ., АҚШ) мен Еуропалық Қайта құру және Даму Банкісінің (ЕҚДБ) (Лондон қ., Ұлыбритания) қарыз қаражаты есебінен, сондай-ақ Компанияның өз қаражаты есебінен қаржыландырылды.

Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитіндегі кернеуі 500 кВ екінші электр жеткізу желісінің құрылысы (2004-2009жж)

Жобаның мақсаты – Қазақстанның электр энергиясы «тапшылығын» көріп отырған оңтүстік облыстарын Солтүстік-Оңтүстік бағытында электр энергиясын жеткізу қабілетін жылына 7-7,5 млрд. кВтс ұлғайту есебінен электр энергиясымен қамтамасыз ету, Қазақстанның ұлттық электр торабы мен Ресей, Қазақстан және Орталық Азия энергия бірлестіктеріндегі қатарлас жұмыс сенімділігін арттыру мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитіндегі электр жеткізу желісінің жалпы ұзындығы 1097 шақырым. Жобамен кернеуі 500 кВ мына электр жеткізу ӘЖ-нің құрылысы қарастырылған: ОҚМАЭС – Шу, Екібастұз – Ағадыр, Ағадыр – ОҚМАЭС, сондай-ақ мынадай қосалқы станцияларды салу, кеңейту және қайта құру: 500 кВ Шу, 500 кВ ОҚМАЭС, 500 кВ Алматы, 500 кВ Ағадыр және 1150 кВ Екібастұз ҚС. Әуелік электр жеткізу желілерін салу мен пайдалануға енгізу 2008 – 2009 жылдары аяқталды. Қосалқы станцияларды салу, кеңейту және қайта құру жөніндегі жұмыстар 2008 – 2010 жылдары аяқталды. Жоба құны 43,7 млрд. теңгені құрады, жоба ХҚДБ, ЕҚДБ және «Қазақстан Даму Банкі» АҚ (ҚДБ) ұсынған қарыз қаражаты есебінен, сондай-ақ KEGOC-тың өз қаражатымен қаржыландырылды.

«Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру» жобасы (2010-2012 жж).

Алматы облысы Райымбек ауданындағы Шарын өзенінде салынып жатқан қуаты 300 МВт Мойнақ ГЭС-нің қуатын қамтамасыз ету осы жобаның мақсаты болып табылады, ол электр энергиясының тапшылығын азайту, ең жоғарғы жүктемелерді жабу және Алматы облысы мен тұтастай Оңтүстік Қазақстан тұтынушыларын энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында салынды. Жобаның құны 9,8 млрд.теңге; жоба 48 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚДБ қарызы есебінен және «KEGOC» АҚ-ның өз қаражатымен, с.і. республикалық бюджеттен 3,0 млрд.теңге көлемінде қаржыландырылды.

Іске асырылатын жобалар

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалдық-инновациялық даму жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Компания үш тұтқалы стратегиялық жоба бойынша жұмыс жүргізуде, олар төменде қысқаша баяндалған.

«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» жобасы», II кезең (2010-2016 жж.).
Жобаның негізгі мақсаты – ҰЭТ-тың сенімді және қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету, ҰЭТ тиімділігі мен сенімділігін, жоғары вольттық жабдықтардың техникалық және экологиялық қауіпсіздігін арттыру, әрі жабдықтардың қызмет көрсету мен жөндеуге жұмсалатын пайдаланушылық шығындарын азайту. Жобаның 2-кезеңінде «ҰЭТ-ты жаңғырту, I кезең» жобасы аясында алмастырылмаған жабдықтар көлемінен 10% трансформаторларды (автотрансформаторларды), 62% айырғыштарды, 43% ажыратқыштарды, 49% кернеу трансформаторларын және 51% осы күндері пайдаланылатын трансформаторларды алмастыру қарастырылған. Жоба жұмыстарының көлеміне 61,8 шақырымдық, кернеуі 220 кВ Түлкібас-Боранды әуелік жеткізу желісінің құрылысы кіреді.
Жобаның құны 233 млн.евро мөлшеріндегі ЕҚДБ қарызынан және компанияның өз қаражатынан тұратын 47 млрд. теңгеге бағаланады.

2013-2014 жылдары Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілерімен 55 қосалқы станцияның 44-і пайдалануға енгізілді. 1 қосалқы станция бойынша Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілері қол қою сатысында, қалған 10 қосалқы станция бойынша құрылыс-құрастыру жұмыстары мен аумақты абаттандыру жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Жобаны іске асырудың 2-ші кезегі бойынша 220 кВ Түлкібас-Боранды ӘЖ күрежолын таңдау және келісу бойынша жұмыстар және жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу жүргізілуде.

Кернеуі 500, 220 кВ желілерімен Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ-тық Алма ҚС-н салу» жобасы (2010-2014жж.).

Алматы өңірін электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету, Балқаш ЖЭС-нің бірінші кезек қуатын (1320 МВт) беру, Алматының серіктес қалаларын дамыту үшін техникалық мүмкіндік құру, Алматы қ.-да индустриалды парк салу және Алматы облысында туристік орталық құру осы жобаның мақсаты болып табылады. Жобаның құны – 28,6 млрд.теңге; жоба 71,4 млн.долл. сомасындағы ХҚДБ қарызынан және Компанияның өз қаражатынан, республикалық бюджеттен 16,7 млрд.теңге мөлшеріндегі қаражат қосыла отырып қаржыландырылады.

Жоба аяқталу сатысында. Іс жүзінде жобаның барлық кезеңдері аяқталды, бұған қосылатындар:

viii. 500 кВ-тық Алма ҚС салу;

іх. 500 кВ-тық ОҚМАЭС қосалқы станциясын кеңейту және қайта құру;

х. 500 кВ-тық Алматы қосалқы станциясын кеңейту және қайта құру;

хі. 500 кВ-тық Алма-Алматы ӘЖ құрылысы;

хіі. 220 кВ «АЖЭО-3 - Робот» ӘЖ мен кВ-тық Алма ҚС-дағы 220 кВ АЖЭО-3-Шелек кірмелерін салу;

хіі. 500 кВ-тық ОҚМАЭС ҚС – Алма ҚС ӘЖ-нің құрылысы.

«500 кВ-тық Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік ӘЖ транзитінің құрылысы» жобасы

Жоба ұзындығы 1 500 шақырым 500 кВ-тық жоғары вольтты электр жеткізу желілерінің және үш жаңа 500 кВ-тық Семей, Ақтоғай, Талдықорған қосалқы станциясын салуды қамтиды, осы жұмыстар нәтижесінде Солтүстіктен Талдықорғанға дейін электр желісі салынады және Алматы облысы электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

500 кВ-тық Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік ӘЖ-нің пайдалануға енгізілуі нәтижесінде Ұлттық электр торабының Солтүстік-Шығыс және Солтүстік-Оңтүстік бағыттарындағы өткізу қабілеті ұлғаяды, сондай-ақ қуаттар тапшылығы мәселесі жойылады. Қазақстанның шығысында ресейлік тораптар арқылы электр энергиясы транзитінің қажеттілігі жойылады. Нәтижесінде ҰЭТ-тың транзиттік әлеуеті артады және оңтүстік өңірдің электр қуатын тұтынудағы сұранысын өтеу үшін, сондай-ақ Ресей тораптары арқылы электр энергиясы транзитінен тәуелсіз Шығыс Қазақстан облысының тапшылықтарын жабуды қамтамасыз ету үшін солтүстік Қазақстанның энергия көздерінен қосымша электр энергиясы көлемдерін жеткізуге барлық жағдайлар жасалады. Бұдан басқа, 500 кВ-тық ӘЖ Ақтоғай-Алматы, Ақтоғай-Достық, Ақтоғай-Мойынты бағыттары бойынша теміржол телімдерін электрлендіру, энергия сыйымдылы жоғары тау-кен өнеркәсібі объектілерін (Ақтоғай КБК) электрмен жабдықтау, шекара маңы аумақтарын дамыту мен жаңартылатын энергияның, с.і. Жоңғар қақпаларының әлеуетін ауқымды игеруге жағдай туғызады.

Жобаның іске асырылуы екі кезеңмен жүргізіледі:

І - кезең–500 кВ-тық Екібастұз— Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен ӘЖ құрылысы (2011 2017 жж.). Солтүстік-Шығыс қимасындағы тораптардың өткізу қабілетін ұлғайту, Ресей тораптары арқылы электр энергиясы транзитінен тәуелсіз Шығыс Қазақстан облысының тапшылықтарын жабуды қамтамасыз ету және контрреттеуші – Бұлақ ГЭС-н енгізу кезінде Шүлбі ГЭС-нің толық қуатын беруді қамтамасыз ету жобаның мақсаты болып табылады. Жобаның құны 43 млрд. теңгені құрайды; жоба Компанияның өз қаражаты есебінен қаржыландырылып отыр.

Жобаны іске асыру шеңберінде объектілер құрылысына «кілтпен тапсыруға» ұзақ мерзімді шарттар жасалды. 2014 жылы 220 кВ-тық желі трассалары мен қосалқы станция алаңдары, 500 кВ-тық желі трассалары бойынша инженерлік ізденістер атқарылды.

II кезең – «500 кВ-тық Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма құрылысы» жобасы (2012-2018жж.). Кернеуі 500 кВ осы электр торабын Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде салу алдағы уақытта ҰЭТ-тың Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік бағытындағы транзиттік әлеуетін ұлғайтуға, сондай-ақ Шығыс аймағының Қазақстан біртұтас электр жүйесімен байланысын күшейтуге, Шығыс Қазақстан облысын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға, теміржолды және тау-кен өнеркәсібінің энергосыйымды объектілерін электрлендіру үшін электр энергиясы қажеттілігін жабуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаның әлеуметтік мәнділігі - Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының тұрғындары үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз етіледі, шағын және орта бизнесті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер пайда болады. Жобаның құны 76,8 млрд.теңгені құрайды; қаржыландыру Компанияның өз қаражаты (8,5 млрд.теңге) және қарыз (369,1 млн. АҚШ доллары мөлшерінде) қаражаты есебінен жүзеге асады деп болжанып отыр.

Жобаны іске асыру үшін жоғарыда санамаланған объектілер құрылысына ұзақ мерзімді «кілтпен тапсыру» шарты жасалды. Қазіргі уақытта 500 кВ-тық желі трассалары мен қосалқы станциялар алаңдары бойынша трассаларды таңдау және келісу жөнінде жұмыс пен инженерлік ізденістер жүргізілуде.

Бұдан басқа, Қазақстанның электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған салалық бағдарлама шеңберінде KEGOC төменде қысқаша сипатталған екі инвестициялық жобаны іске асыруда.

«220 кВ-тық ОБТҚС-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру» жобасы (201-2014жж.). Электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және Астана қ. тұрғындары мен индустриалды аймағының электр энергиясына деген қажеттілігін қамтамасыз ету. Жоба құны 4,1 млрд.теңгені құрайды; жоба ЕҚДБ қарызы (12 млн. АҚШ долл.) мен Компания қаражаты, соның ішінде республикалық бюджеттен алынған 2 003 млн.теңге есебінен қаржыландырылады.

Жобаның бірінші кезегін іске асыру шеңберінде 500 кВ-тық ОБТҚС қосалқы станциясында қуаты 125 МВА екі автотрансформатор 250 МВА-ға алмастырылды, объект Мемлекеттік қабылдау комиссиясының 2013ж.15.07 күнгі актісімен қолданысқа енгізілді.

220 кВ-тық ОБТҚС-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру бойынша (жобаның екінші кезегі) қазіргі уақытта KEC International Ltd. (Үндістан) мердігерімен халықаралық келісім-шарт шеңберінде материалдар мен жабдықтарды объект алаңына жеткізу 100%-ға аяқталды. Құрылыс-құрастыру жұмыстары да бітті. Жұмыс комиссиясының объектіні қабылдау және объектіні әрі қарай пайдалануға беру үшін ӘЖ әзірлігі туралы қорытынды беру жұмыстары жүргізілуде.

«Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен жүйеаралық байланысын күшейту» жобасы (2011-2016жж.).

Павлодар энергия торабы жүйесінің жұмыс сенімділігін энергия торабының электрлік байланысын Қазақстан БЭЖ-мен 220 кВ кернеуінде байланыстыру жолымен арттыру жобаны іске асыру мақсаты болып табылады. KEGOC инвестициялар құрылысы үшін қажетті қаржының жалпы көлемі 5,5 млрд.теңге құрайтынын және өз қаражатымен қаржыландырылатынын бағалап отыр.

Жобаны іске асыру шеңберінде жоғарыда санамаланған объектілер құрылысына ұзақ мерзімді «кілтпен тапсыру» шарты жасалды. Қазіргі уақытта ӘЖ трассалары мен ҚС алаңдары бойынша трассаларды таңдау және келісу жұмыстары жүргізілуде.

Іске асыруға жоспарланған жобалар

Жүйелік оператор ретінде KEGOC ҰЭТ-ты әрі қарай дамытуға бағытталған кең ауқымды инвестициялық бағдарламасын орындауды мақсат етіп отыр. Ұзақ мерзімді бағдарлама 2025 жылға дейін әзірленген, ол төменде сипатталған инфрақұрылымдық жобаларды қамтиды.

«500 кВ-тық ОҚМАЭС-Жамбыл ӘЖ құрылысы» жобасы (2013-2018 жж.).

Жоба Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы үш облысты электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруды, Қазақстан мен Қырғызстан энергия жүйелерінің қатарлас жұмысын жақсартуды, су-энергетикалық мәселелерін оңтайландыруды, Қазақстан мүддесіндегі қосымша экспорттық, импорттық және транзиттік мүмкіндіктерді көздейді. Жоба іске асырылған жағдайда қуат ағынының орталық азия өңіріндегі баламалы жеткізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жаңа энергетикалық сақинаны құру мүмкіндігі пайда болады. 2013-2018жж. аралығындағы күтілетін инвестициялар 30,3 млрд.теңгені құрайды. Қаржыландыру қарыз қаражаты мен Компанияның өз қаражаты есебінен жорамалданады. Қазіргі уақытта Компания Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне есептеу жүргізіп қойды.

«Балқаш ЖЭС қуатын беру» жобасы (БЖЭС-ның бірінші кезегі-1320 МВт) 2011-2017жж.).

Жобаны іске асыру еліміздің оңтүстік өңіріндегі электр энергиясына қажеттілік өсімін жабу мақсатында Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауында салуға жоспарланған Балқаш жылу электр станциясының (ЖЭС) бірінші кезек қуатын (1320 МВт) беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоба 500 кВ-тық БЖЭС-ОҚМАЭС (2х3 км) жоғары вольттық жеткізу желісінің құрылысы мен 500 кВ-тық қосалқы станцияны ОҚМАЭС ҚС-н кеңейтуді қарастырады. Жобаны іске асыруды аяқтау 2017 жылға қарай деп жоспарлануда. Бағалау бойынша қажетті инвестициялар 3,7 млрд.теңгені құрайды. Жобаның ТЭН-н әзірлеуді «Академик Ш.Шөкин атындағы Қазақ ғылыми-зерттеу институты» АҚ жүргізуде.

«Ұлттық электр торабын оңалту – 220-500 кВ-тық ӘЖ-ні қайта құру» жобасы (2013-2023 жж.).

Жоба электр жеткізу желілерінің олардың ресурсын ұзарту, электр энергиясын кемінде 30-50 жыл келешекке жеткізу жағдайларын сақтау/жақсарту, сондай-ақ ӘЖ бойынша жеткізілетін қуаттың қолжетімді деңгейлерін арттыру, тасымалдау кезінде электр энергиясы ысыраптарын азайту мақсатында техникалық сипаттамаларын қалпына келтіруді көздейі. 220-500 кВ-тық ӘЖ-ні оңалту жөніндегі жұмыстар мезгілі жорамалмен 2019-2023 жж аралығын қамтиды. 2023 жылдан KEGOC-тың Ақтөбе, Батыс және Сарыбай ЖЭТ филиалдары үшін «ҰЭТ-ты оңалту» ТЭН-н әзірлеу жүргізіледі. Жоба шеңберінде аталған филиалдардың 26 әуелік электр жеткізу желісі зерттеуден өтті.

Ұзақ мерзімді даму стратегиясы

2025 жылға қарай KEGOC ҰЭТ-ты әрі қарай дамыту үшін төменде сипатталған тағы да бес жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Компанияның торапты кеңейту жөніндегі жаңа жобалары батыс өңірін ҰЭТ-қа жалғауға бағытталған немесе жаңа электр өндіруші қуаттарды қосуды міндет етіп отыр. Бұл жобаларды іске асыру Компания бақылауына жатпайтын жайттарға, электр станцияларының құрылысы мен Республиканың өнеркәсіптік дамуы секілді факторларға тәуелді. Бұл жобаларды іске асыру ҰЭТ-тың транзиттік және экспорттық әлеуетін ұлғайтады және оның өзара байланысын күшейтеді деп күтілуде.

220 кВ-тық Орал-Атырау және Құлсары – Теңіз желілерінің құрылысы Қазақстанның Батыс аймағындағы облыстар арасындағы электр байланыстарын күшейтуге арналған. Жүзеге асырудың болжамдық мерзімі 2021-2025 жылдар және жоспарланған инвестициялар 25,4 млрд.теңге.

500 кВ Нұра – Жезқазған желісінің құрылысы. Мақсаты – Жезқазған энергия торабын электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету. Жүзеге асырудың болжамдық мерзімі 2021-2025 жылдар және жоспарланған инвестициялар – 27 млрд.теңге.

Торғай ЖЭС қуатын беру. Қостанай облысындағы Торғай көмір кен орнының базасында салу жоспарланып отырған жобаның мақсаты Торғай жылу электр станциясының қуатын беру болып табылады. Жүзеге асырудың болжамдық мерзімі 2021-2025 жылдар және жоспарланған инвестиция 12,8 млрд.теңгені (85,3 млн. АҚШ доллары) құрайды.

«Батыс Қазақстан энергия жүйесін Қазақстан БЭЖ-мен біріктіру» жобасы. Қазақстан БЭЖ-дегі Батыс аймақ тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру, сондай-ақ Батыс аймағын Қазақстан БЭЖ-мен республика аумағы бойынша біріктіру осы жобаның мақсаты болып табылады. Іске асыру мерзімі – 2021-2025 жж (Қазақстанның батыс өңіріндегі жаңа өндіруші қуаттарды енгізу мерзіміне байланысты). Жобаның құны – 41 млрд.теңге.

«500 кВ желілермен Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ-тық Астана ҚС құрылысы» жобасы (250 км). Мақсаты – Астана қ. мен Ақмола облысын электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету. Іске асыру мерзімі – 2021-2025 жж. Жобаның құны – 23,7 млрд.теңге.

ҰЭТ-ты пайдалану және техникалық қызмет көрсету

Электр энергиясын сенімді де үздіксіз жеткізу KEGOC-тың алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып табылады, оған ҰЭТ құрамына кіретін қосалқы станциялар жабдықтары мен электр жеткізу желілерін сапалы жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді жүргізу арқылы қол жеткізіледі. Компанияда техникалық қызмет көрсетудің алдын алушы және түзетуші, қазір пайдаланылып отырған тұрақты бағдарлама бар. Қазіргі заманғы әдістер мен озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды жұмысқа тарту ақауларды уақтылы айқындауға және жөндеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
2013 жылы Компания филиалдары электр жеткізу желілерінің әзірлігі 93,1% мен 99,6% аралығында болды. Төмендегі қоса ұсынылып отырған кестеде атап көрсетілгендей, басқа жүйелік операторлармен салыстырғанда жекелеген Компания филиалдары желілерінің әзірлігі жоғары болған, ал басқа Компания филиалдар да қандай деңгейге ұмтылу керектігін біліп отыр.

Компания	KEGOC	Eirgrid	National	REE	SAOC	Transgrid
жыл	2013	2013	2013-2014	2013	2008	2013
Ел	Қазақстан	Ирландия	Біріккен Корольдік	Испания	Оман	Австралия
Кернеу деңгейі (кВ)	35 - 1150	110 - 400	132 - 400	132 - 400	132 -220	132 - 500
Әуе желілерінің ұзындығы (км)	24 533	6 .458 (1)	7 200	42 008(1) 42.008	3 324	12 600
Қосалқы станциялр саны	76	>100	335	5 216(2)	38	91
Трансформатордың белгіленген қуаты (мегавольтампер)	35 875.05	10 764	Деректер жоқ	72 432	10 746	Деректер жоқ

Жыл сайынғы әзірлік, %	93.1 – 99.6(3)	94.80 - 96.78(4)	99.9	98.13	98.49	98.99

Түсініктемелер: (1) тізбектер ұзындығы, (2) тізбек секциялары (3) мин./барлық тізбек тармақтарының макс. Мәндері, (4) диапазон әртүрлі кернеу кластарына жатқызылады.

Мұның алдындағы бөлімде сипатталған стратегиялық инвестициялық қызметтен басқа Компания шығыстары электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялар жабдықтарының тиісті техникалық жай-күйін қолдауға бағытталған.

ҰЭТ-қа техникалық қызмет көрсетуге және оны жөндеуге 2011 жылы Компания 2299,439 млн. теңге, ал 2012 жылы - 2735,124 млн. теңге жұмсады. Компания белгіленген стандарттарға сәйкестікті іздеу мен қамтамасыз ету, сондай-ақ электр энергиясын Компания клиенттеріне үздіксіз жеткізру мүмкіндігі жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыра отырып, ҰЭТ-қа техникалық қызмет көрсету жұмыстарын күнделікті жүргізеді. Компанияның стратегиялық инвестициялық қызметі оның жұмыс тәжірибесін айқындайды, яғни күнделікті тексерістерді жоспарлы түрде жүргізуді, әрі жеткізу жүйесінің активтерін тұрақты түрде қарап отыруды көрсетеді.

KEGOC» АҚ филиалдарында электр жабдықтарын жоспарлы-алдын-ала жөндеу мен қызметтеуден негізгі қорлардың техникалық жай-күйін бағалау нәтижелері бойынша қызметтеуге көшу жүзеге асырылған. 2013 жылдың аяғында Компанияда өндірістік активтерді басқару жүйесі енгізілді, оның басты мақсаты – ҰЭТ-тың сенімді жұмысын жабдықтарды жөндеу мен алмастырудың орташа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын құру жолымен қамтамасыз ету. Oracle базасында жаңа бағдарламалық қамтамасыз ету ендірілген соң Компанияда техникалық қызметтеу мен жабдықтарды алмастыру жөніндегі жұмыстарды бес жылға дейінгі мерзімге жоспарлау мүмкіндігі туды. Жабдықтардың шынайы жай-күйі мен олардың істен шығу тәуекелдерін бағалау негізінде жабдықтарды жөндеуді және алмастыруды жалаң жоспарлау осы жүйенің базалық қағидаты болып табылады. Осы жобаны іске асыру мен ендіру Компанияға сенімділік және қауіпсіздік талаптарын сақтау кезінде операциялық әрі инвестициялық шығындарды едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Ысыраптар

Қазіргі уақытта Қазақстанда электр энергиясын өндірісінің өсуі байқалып отыр, соның нәтижесінде ҰЭТ арқылы жеткізілетін электр энергиясының көлемі ұлғаюды. 2013 жылы электр энергиясын жеткізу кезінде болған KEGOC торабындағы ысыраптар 2 387 млн.кВтс (2014 жылдың қаңтары мен мамыры аралығында электр энергиясының жеткізу кезіндегі ысыраптары 1 132 млн.кВтс жетті) Мынадай ысырап түрлері бар:

c. жүктемелік ысыраптар - 63%;

d. коронаға ысыраптар - 21 %;

e. реакторлардағы ысыраптар - 8 %;

f. трансформаторлардағы бос жүрістен ысыраптар - 5 %;

g. электр энергиясының қосалқы станциялардағы өзіндік мұқтаждарға шығысы - 3 %

Пайыздық баламада 2013 жылғы ысыраптар филиалдарға қатысты 1,5 %-дан 8,8 %-ға дейінгі (2014 жылғы бес ай ішіндегі ысыраптар 1,2-ден 10,7%-ға дейін болды) шаманы құрады. Филиалдардағы әр түрлі ысыраптарға әкеп соғатын негізгі айырмашылықтар – бұл тораптардың кернеу класындағы, транзиттер ұзындығы мен электр энергиясы көлемдеріндегі өзгешеліктер. Соңғы бірнеше жыл ішінде ҰЭТ-тың 35-1150 кВ электр жеткізу желілерінің орташа ысыраптары бір деңгейде қалды немесе қысқарды. 2013 жылы ысыраптар 5,49 %, 2012

жылы 5,72 %, 2011 жылы 5,90 % құрады. Төменде келтірілген кестеде басқа елдердегі техникалық ысыраптар мысалын көруге болады.

Ел	Ысыраптар (%)
Германия	0,8–1,9
Финляндия	1,6
Австралия	4,0
Біріккен Корольдік	1,8
KEGOC бөлімшелері	1,5–8,8

110 кВ – 500 кВ желілер үшін ысыраптарды салыстыру

Жекелеген KEGOC филиалдарының ысыраптар көрсеткіші европалық деңгейде. ENTSO-E (Электр энергиясын жеткізу жөніндегі жүйелік операторлардың еуропалық торабы) деректеріне сай ЕС-те электр энергиясын жеткізу кезіндегі орташа статистикалық ысырап жеткізілетін энергияның 3%-дан кемін, ал көбінесе анағұрлым кем мөлшерін құрайды. Сонымен бірге, ысырап көрсеткіштерін қарау кезінде KEGOC тораптары бойынша электр жеткізу жүзеге асырылатын үлкен қашықтықтарды, тиісінше айтарлықтай жүктемелік ысыраптарды назарға алған жөн.

ҰЭТ-та автоматтандырылған баықлау және техникалық есепке алу жүйеснің («**АСКУЭ**») болуына орай бейтехникалық ысыраптар болмайды.

Ысыраптарды қысқарту шаралары

Электр энергиясын өндірілетін жерден тұтыну орындарына дейін жеткізу физикалық процестерге қарай электр энергиясының әуелік желі сымдарында да, қосалқы станциялар жабдықтарында да техникалық ысыраптарына әкеп соғады.

KEGOC тораптарындағы электр энергиясының ысыраптарына айнымалы және шарттық-тұрақты ысыраптар енееді. Айнымалы ысыраптар электр жеткізу желілеріндегі, күштік трансформаторлар мен автотрансформаторлардағы жүктемелік ыысыраптарды қамтиды. Жүктемелік ысыраптар электр сымдарының кедергісіне байланысты, соның нәтижесінде электр энергиясы жеткізу кезінде жылуға айналады.

Бұл жерде жеткізілетін электр энергиясының көлемі мен транзит ұзындығы негізгі факторлар болып табылады. Жеткізілетін электр энергиясының көлемі мен транзит ұзындығы неғұрлым артық болса, соғұрлым жүктемелі ысыраптар жоғары. Шарттық-тұрақты ысыраптар негізінен энергия ағындарына байланысты емес, оған мынадай компоненттер енеді:

h. Әуелік электр жеткізу желілеріндегі коронаға арналған ысыраптар

i. Трансформаторлар мен автотрансформаторлардың бос жұмысының ысыраптары

j. Реакторлардағы ысыраптар

k. Қосалқы станциялардың өз мұқтаждарына арналған электр энергиясының шығысы.

Коронаға арналған ысыраптар жоғары вольтты электр жеткізу желілеріндегі (220 кВ және жоғары) короналық разрядтан туындайды. Сонымен, коронаға арналған ысыраптар кернеу класына байланысты. Қолайсыз ауа райы кезінде (ылғалдылық, мұздану) коронаға арналған ысыраптар күрт ұлғаяды. Коронаға арналған ысыраптарды қысқарту үшін қос қосалқы

сымдармен жабдықтау орынды. 500 кВ-тық желілер жағдайында бір фазаға арналған сымдарды төртке дейін көбейткен жөн. (мысалы, Германияда 400 кВ-тық желілер шоғырлы төрт сыммен жарақталған, бұл ысырап көлемін азайтуға мүмкіндік береді).

Трансформаторлардың бос қолдану ысыраптары мен реакторлардағы ысыраптар жабдықтардың жұмыс тиімділігі мен жұмыс кернеуіне, сондай-ақ жабдық жұмыстарының уақытына тәуелді. Осы түрдегі ысыраптарды қысқартуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі – бұл жүктелмеген трансформаторларды өшіру және оларды резервке шығару. Бұл торап әзірлігінің қажетті деңгейіне, сондай-ақ кернеудің қолайлы деңгейіне кепілдік берілген жағдайда ғана мүмкін. Екінші бір мүмкіндік ысырап деңгейі оңтайланған трансформаторларды орнатумен байланысты.

Өз мұқтаждары жабдықтар мен жұмыскерлердің қалыпты жұмысы үшін қажетті электр энергиясын көрсетеді. Бұған жылыту, сондай-ақ жабдықтар мен пайдаланушылық пана-жайларды салқындату, жарықтандыру, желдету, қосымша тізбектер мен электр жетектерін энергиямен қамтамасыз ету қосылады. Өз мұқтаждарына тұтыну қосалқы станцияларды жаңғырту және энергия үнемдейтін жабдықтарды ендіру жолымен қысқартылуы мүмкін.

«KEGOC» АҚ тораптарындағы электр энергиясының ысыраптарын қысқарту жөніндегі 2013 жылы техникалық іс-шараларды іске асыру нәтижесінде ысыраптар 6,3 млн. кВт-с-қа азайды, ол мыналарды қамтиды:

l. 6,2 млн. кВт-с төменгі жүктеме жағдайында күштік трансформаторларды ажырату нәтижесінде

m. 0,1 млн. кВт-с төменгі жүктеме жағдайында желілердің ажыратылуы нәтижесінде.

Қосалқы бөлшектер

Қазіргі заманға сай жабдықтардың пайызы ажыратқыштар бойынша - 67%-ды , айырғыштар бойынша 62%-ды, ток трансформаторлары бойынша 54%-ды және кернеу трансформаторлары бойынша 71%-ды құрайды. Уақыт өте келе ескі жабдықтар үшін өндірушілерден қосалқы бөлшектер алу әдетте қиындай береді. Компанияда қосалқы бөлшектердің қолжетімділігі проблема емес деп саналады. Мұндай пікір ескі жабдықтардың барлығы бұрынғы КСРО елдеріндегі жеткізуші қуаттар түріне жататынына негізделіп отыр. Сондықтан да «KEGOC» АҚ деректері бойынша барлық қажетті қосалқы бөлшектерге қолжетімділік бар. Бұдан басқа, филиалдар жаңғырту жөніндегі іс-шаралар барысында қосалқы бөлшектер көзі ретінде бөлшектенген жабдықтарды пайдаланады. Тұтастай алғанда, қолданыстағы жағдаят тегінде өтпелі кезең ретінде қарастырылады, өйткені жабдықтардың көбі жаңаларымен алмастырылуда.

Ақпараттық жүйелер

2005 жылдан Компания оралымды-диспетчерлік басқаруға арналған Siemenstің SCADA/EMS аппараттық-бағдарламалық жүйесін пайдаланады.

«Ұлттық электр торабын жаңғырту, I кезең» жобасын іске асыру шеңберінде «Жүйелік оператор Ұлттық Диспетчерлеу орталығының (ҰДО) және Өңірлік Диспетчерлеу орталығының (ӨДО)» SCADA/EMS жүйесі жаңғыртылды.

Аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етудің ескіруіне, сондай-ақ SCADA/EMS жүйесінің функционалдық тұрғыдан жетілдірілмеуіне байланысты KEGOC жаңа жүйені сатып алу мүмкіндігін қарастыруда.

Компанияның Астанадағы бас офисінің жаңа ғимараты салынып біткен соң Компания ҰДО-ны жаңа ғимаратқа көшірді. Жаңа ҰДО үлкейтілген басқару қалқанымен жабдықталған. Қазақстан

БЭЖ субъектілерінің өндіру-тұтыну режимдерін толыққанды көру үшін режимдік қалқан орнатылды.

Реттеу

Реттемелі талаптар

Компанияның қызметін реттейтін негізгі мемлекеттік органдар Ұлттық экономика министрлігі (**ҰЭМ**) және Энергетика министрілігі (**ЭМ**) болып табылады. Осы реттеуші органдар мен Компанияда қолданылатын реттеушілік талаптары туралы ақпарат «НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ» бөлімінде көрсетілген.

Компания қызметінде қолданылатын және есепті ұсыну, рұқсат алу және тұрақты аудиторлық тексерулер жүргізу, сондай-ақ заңдардың сақталуын қадағалау жөніндегі талаптарды қамтитын реттеуші талаптарға:

n. тауарлар мен жабдықтардың импорты не экспорты кезіндегі кедендік заңнама талаптары;

o. жерді пайдалану және құрылыс мәселелерімен байланысты талаптар; және

p. қауіпті өндірістік объектілерді пайдалануға байланысты талаптар жатады.

Бұдан басқа, Компания Қор тобына кіретін ұйымдарға қойылатын талаптарды сақтауға міндетті, оларға тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу жөніндегі талаптар және мүдделілікке ие мәмілелерді бекіту жөніндегі қағидалар талаптары қосылады. Осы талаптар туралы егжей-тегжейлі ақпарат «НЕГІЗГІ АКЦИОНЕР» бөлімінде көрсетілген.

Лицензиялар

KEGOC өз қызметін мынадай лицензиялар негізінде жүзеге асырады:

d. Астана қаласындағы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының сәулет, қала салу және құрылыс қызметі аясындағы жұмыс (қызмет) түрлерімен шұғылдануға 2006 жылғы 7 қыркүйекте берген № 0001816 мемлекетік лицензиясы. Қолданылу мерзімі - шектелмеген;

r. Электр энергиясын энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға 2009 жылдың 13 шілдесінде ТМРА берген № 000495 бас лицензия. Қолданылу мерзімі - шектелмеген. Бұрын Компания электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға 2004 жылдың 19 қарашасында берілген № 003383 бас лицензия негізінде қызметін жүзеге асырды, ол лицензияланатын қызмет түрінің ауысуына байланысты 2009 жылы қайтадан алынды;

- Прекурсорлар айналысымен байланысты қызметке Қазақстан Республикасы ІІМ-нің есірткі бизнесімен күрес және есірткілерге бақылау жөніндегі комитеті берген 10.02.11ж. Р №576/11 сериялы лицензиясы, қолданылу мерзімі – 2016ж. 10 ақпанға дейін.

Компания туралы ақпарат

Деректер

Компанияның бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, 010010, Астана, Тәуелсіздік даңғ., 59 мекенжайында орналасқан. Ұлттық диспетчерлік орталық Компанияның бас кеңсесінде орналасқан. Компанияның Алматы қ. кеңсесі, сондай-ақ тоғыз өңірлік филиалы бар, олар туралы ақпарат төмендегі Өңірлік диспетчерлік орталықтар бөлімінде көрсетілген.

Бас кеңсе, филиалдар мен өкілдіктерді көрсететін схема

Рейтингілер

Компанияның кредиттік рейтингтер тарихы төмендегідей:

	Standard & Poor's	Moody's	Fitch Ratings
2003	BB / оң	B1 / оң	-
2004	BB+ / тұрақты	Baa3 / оң	-
2005	BB+ / тұрақты	BaBaa3 / оң	-
2006	BB+ / тұрақты	Baa1 / тұрақты	-
2007	BB+ / тұрақты	Baa1 / тұрақты	BBB / теріс
2008	BB+ / теріс	Baa1 / тұрақты	BBB- / теріс
2009	BB+ / тұрақты	Baa3 / теріс	BBB- / теріс/ тұрақты
2010	BB+ / тұрақты	Baa3 / теріс	BBB- / оң
2011	BB+ / тұрақты	Baa3 / тұрақты	BBB / оң
2012	BB+ / тұрақты	Baa3 / тұрақты	BBB / тұрақты
2013	BB+ / тұрақты	Baa3 / тұрақты	BBB / тұрақты

Үлестес тұлғалар

Төмендегі ақпарат Қазақстандық қор биржасының Листинг қағидалары 2-қосымшасының 3-бөлімі 6-бабының талаптарына (2009ж. қарашасы) сай ұсынылды.

KEGOC төменде сипатталған 2 еншілес компанияға және заңды тұлғадағы миноритарлық үлеске ие.

«Энергоинформ» АҚ

«Энергоинформ» АҚ «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне қызмет көрсетумен байланысты қолдау міндеттерін атқару мақсатында, 2002 жылы заңды тұлға болып табылатын бейкоммерциялық ұйым ретінде Компания нысанында құрылды. 2010 жылдың қарашасында Энергоинформ акционерлік қоғам ретінде қайта құрылды, «KEGOC» АҚ «Энергоинформ» АҚ-ның 100% дауыс беруші акцияларына ие болды. «Энергоинформ» АҚ-ның жарғылық капиталы 1 179 700 000 теңгені құрайды. «Энергоинформ» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері:

1.1 электр тораптары жабдықтарының эксплуатациялық қызмет көрсетуі жөніндегі жұмыстарды атқару;

1.2 ақпараттық-телекоммуникациялық сала мен АТ саласындағы консалтинг қызметтер;

1.3 ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар, жүйелік интеграция, автоматтандырылған және ақпараттық басқару жүйелері аясында қызмет көрсету, жұмыстарды орындау және тауарлар жеткізу;

1.4 байланыс саласында қызмет көрсету;

1.5 тауар-материалдық қорды сатып-өткізу.

Әбдіғалиев Әнуар Молдағалиұлы «Энергоинформ» АҚ-ның бірінші басшысы болып табылады.

Заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 15

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржылық орталығы» ЖШС

2013 ж. 27 тамызда KEGOC «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржылық орталығы» (**«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі орталық»**) ЖШС-н құрды. Орталықты құру мақсаты — жаңартылатын энергия көздері пайдаланылатын энергия өндірісіне инвестицияларды ынталандыру және Қазақстан энергетикасындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесін жаңартылатын энергия көздерінен алған электр энергиясын кесімді тариф бойынша орталықтандырылған сатып алу есебінен ұлғайту.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі орталықтың негізгі қызмет түрі — жаңартылатын энергия көздерінен алынған электр энергиясын орталықтан сатып алу және сату.

ЕҚО бірінші басшысы – Нұрмағанбетов Жандос Демесінұлы.

Орталықтың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көш., 37.

«Энергоинформ» АҚ-ның негізгі қаржылық көрсеткіштері:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2010ж	2011	2012	2013
Қызмет көрсетуден кіріс	142 998	1 479 117	1 944 635	3 667 214
Таза табыс/залал	-31 195	32 302	70 244	235 896

Негізгі құралдар

Мың теңгемен	31 желтоқсан			
	2010	**2011**	**2012**	**2013**
Негізгі құралдардың баланстық құны:	**27 937**	**1 184 833**	**1 213 688**	**1 982 421**
Жер	-	53 527	53 904	661 987 0
Ғимараттар мен үймереттер	-	960 518	939 747	918 963
Машиналар мен тапсырылатын жабдықтар	3 231	95 165	126 059	279 053

Көлік және басқа негізгі құралдар	24 706	75 623	93 978	120 975
БМА	**7 331**	**1 776**	**7 616**	**35 943**

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржылық орталығының» негізгі қаржылық көрсеткіштері:

Мың теңгемен

	31 желтоқсан 2010ж	2011	2012	2013
Қызмет көрсетуден кіріс	142 998	1 479 117	1 944 635	3 667 214
Таза табыс/залал	-31 195	32 302	70 244	235 896

Негізгі құралдар

Мың теңгемен 31 желтоқсан

	2013
Негізгі құралдардың баланстық құны:	**1 443**
Жер	
Ғимараттар мен үймереттер	
Машиналар мен тапсырылатын жабдықтар	
Көлік және басқа негізгі құралдар	1 443
БМА	**200**

Материалдық емес активтер

KEGOC-тың материалдық емес активтері KEGOC-тың өндірістік-шаруашылық қызметін, атап айтқанда, Компанияның компьютерлері мен ақпараттық жүйелерінің жұмысын қолдайтын лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуден тұрады. Әрбір бағдарламалық қамтамасыз ету коммерциялық өнім болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай өнімді пайдаланатын ұйымдар тиісті лицензияларға ие болуы тиіс, бұл бейматериалдық актив болып табылады.

Бастапқы құны – 2 816 724 тыс. теңге

Тозуы - 1 931 016 тыс. теңге

Қалдық құны – 885 708 тыс. теңге

Материалдық емес активтер құрамында электрондық цифрлы қолтаңбалар 0,004% [бейматериалдық активтердің қалдық құнынан] немесе 115 750 теңге құрайды (жалпы 4 328 бірлік атаулар санынан 26 бірлік).

«Батыс транзит» АҚ

KEGOC «Батыс транзит» АҚ-ның 20 пайыз акцияларына ие, ол акционерлік қоғам ретінде 2005 жылдың қарашасында Қазақстан Үкіметінің шешіміне сәйкес Солтүстік Қазақстан мен Ақтөбе облысын жалғастыратын өңіраралық жеткізу желісін салу мақсатында құрылған. Батыс Қазақстан үшін мықтырақ энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу мен Ақтөбе облысында электр тапшылығы мәселесін шешу жобаның мақсаты болып табылады. «Батыс транзит» АҚ Үкіметпен концессия шарты бойынша Энергетика министрлігіне түрленген Энергетика және минералдық ресурстар тұлғасында концессионер болып табылады. Концессия шарты бойынша Үкімет электр жеткізу желісін меншігіне алады, ал «Батыс транзит» АҚ желіні 2022 жылдың

31 желтоқсанына дейін басқарады. KEGOC шарт мерзімі аяқталған мезетте электр жеткізу желісін мемлекет Компанияға тапсыратынын жорамалдайды. Алайда, электр жеткізу желісін Компанияға тапсыру қазіргі уақтты қайсыбір нормативтік актілермен қарастырылмаған.

«Батыс транзит» АҚ-ның 80 пайыз акциясы «Мехэнергоқұрылыс» ЖШС-не тиесілі.

«Батыс транзит» АҚ-ның бірінші басшысы Басқарма Төрағасы Ибрагимов Құрманғазы Бейсембайұлы.

«Батыс транзит» АҚ-ның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 500008, Алматы қ., Шевченко көш., 162 ж, 4 қабат.

«ҚазЭнергоСым» ЖШС

«Энергоинформ» АҚ «EAST INDUSTRY COMPANY Ltd» ЖШС-мен (Семей қ.) бірлесе «Оқшауланбаған сым өндірісі» жобасын іске асыру үшін жаңа «ҚазЭнергоСым» ЖШС кәсіпорнын құрды.

«Энергоинформ» АҚ иелігіне 49,9 % қатысу үлесімен «ҚазЭнергоСым» ЖШС, 50,1 % қатысу үлесімен «EAST INDUSTRY COMPANY Ltd» ЖШС тиесілі. Оқшауланбаған сым өндірісін шығару 2013 жылдың мамырында баталды. Қазіргі уақытта Компания «Энергоинформ» АҚ пен «ҚазЭнергоСым» ЖШС ұйымдарына қатысу үлесін бөлектеуді жоспарлап отыр, өйткені соңғы мекеме Компанияның бейіннен тыс активі болып саналады.

Зерттеулер мен әзірлемелер

Ғылыми-техникалық кеңес

Компанияның ғылыми-техникалық кеңесі (одан әрі - ҒТК) «KEGOC» АҚ-ның жұмыс органы болып табылады, ол мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау мақсатында құрылды: «KEGOC» АҚ-ның дамуы; инновациялық-технологиялық стратегияны іске асыру; жаңа құрылыс жобаларына тың техника мен технологияларды әзірлеу мен ендіруді ұйымдастыру; электр желілік объектілерді қайта құру мен техникалық қайта жарақтау; ҰЭТ жұмысының режимдерін жетілдіру; «KEGOC» АҚ-ның сатып алуларында қазақстандық мазмұнды ұлғайту, ҰЭТ электр желілік кешенінің сенімділігі мен тиімді қызмет істеуін арттыруға, оны пайдалану шығындарын азайтуға, отандық ғылыми және өндірістік әлеуетті дамытуға бағытталған мәселелер.
ҒТК құрамына Компания басшылығы мен негізгі өндірістік департаменттер директорлары кіреді. KEGOC Басқармасының төрағасы ҒТК төрағасы болып табылады. Қажет жағдайда ҒТК отырыстарына Атқарушы дирекциядағы құрылымдық бөлімшелердің, филиалдар мен еншілес тәуелді ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының, оқу орындарының, электр энергетикалық кәсіпорындар мен басқа ұйымдардың өкілдері шақырылуы мүмкін.
ҒТК отырыстары тоқсанына 1 реттен сиретілмей өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстарды өткізу қажеттігін ҒТК төрағасы айқындайды. 2013 жылы 5 ҒТК отырысы өткізілді.

Халықаралық ынтымақтастық

KEGOC электр энергетикалық ұйымдармен ынтымақтасады және халықаралық интеграциялық бірлестіктер жұмысына электр энергетикалық саланың үйлестірілген даму стратегиясын қалыптастыру, электр энергетикалық жүйенің қызмет көрсету тиімділігін арттыру, көршілес мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмыс басымдықтарын пайдалану жолымен тұтынушыларды сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету және ТМД мен Еуразияда ортақ электр энергетикалық нарықты құру мақсатында қатысады. Мұндай ұйымдар ТМД Электр энергетикалық Кеңесін, Орталық Азиядағы Үйлестіруші электр энергетикалық кеңесін, Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың (ЕурАзЭС)

Интеграциялық комитеті жанындағы энергетикалық саясат кеңесін, Қазақстан, Ресей мен Беларусьтің Ортақ экономикалық кеңістігі мен Кедендік одағын құру жөніндегі жұмыс топтарын, Энергетикалық Бүкіләлемдік Кеңесті қамтиды.

2010 жылы Компания жеткізу желілерін мониторингілеу мен диагностикалауға техникалық көмек көрсету үшін грант алуға АҚШ-тың Сауда және Даму агенттігімен келісімге отырды. 2014 жылы электр жеткізу желілерін мониторингілеу және диагостикалау жөніндегі жұмыстар аяқталды.

Әлеуметтік жауапкершілік

KEGOC тұрақты даму, табысты экономика жүйесінің қағидаттарын, экологиялық және әлеуметтік шараларын Компанияның стратегиясын тиімді іске асыру, тәуекелдерді басқару және іскерлік беделін қолдау мақсатында акционерлермен үнемі өзара іс-қимыл негізінде сақтайды. KEGOC оның экономикалық мақсаттары мен әлеуметтік және табиғат қорғау аяларындағы мақсаттарына жету арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттігін түйсінеді және ұғынады. Компания кері байланыс рәсіміне ие болады, ол мүдделі тараптарды кіргізеді және 2009 жылдан бастап оның орнықты дамуы туралы жыл сайынғы есеп берулерін даярлайды және жариялайды, олар KEGOC-тың қаншалықты әлемдік стандарттарға сәйкестігін талдайды.

Қызметкерлерді басқару

Қызметкерлер

2014 жылғы 30 тамыздағы жай-күйі бойынша Компанияда 4729 адам жұмыс істейді, олардың ішінде 690 адам - әкімшілік-басқарушы қызметкерлер, 4039 адам - өндірістік қызметкерлер.

2014 жылдың 8 айы ішінде Компания қызметкерлерінің орташа жалақысы 203 446 теңге құрады, соның ішінде өндірістік қызметкерлердікі – 157 544 теңге, әкімшілік-басқарушы қызметкерлердікі – 335 339 теңге.

Энергетикалық сектор еңбеккерлерінің кәсіподағы

«Энергокәсіподақ» қоғамдық бірлестігі KEGOC еңбеккерлері тарапынан 2003 жылы құрылды. Кәсіподақтың KEGOC-тың әрбір филиалында комитеттері бар және Компанияның шамамен 85% қызметкері оның мүшелері болып табылады. Оның мүшелерінің еңбек құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету және өзара еңбек қарым-қатынастарын реттеу кәсіподақтың мақсаты болап табылады. Комитеттер филиалдарда еңбеккерлер мен Компания арасындағы жеке еңбек шарттары бойынша кеңес береді, ұжымдық шарттардың әзірленуі мен орындалуына қатысады және еңбек дауларын шешуге ат салысады.

Компания мен оның еңбек ұжымы арасында 2014-2018 жылдарға жасалған еңбек шарты жазатайым оқиғалар деңгейін төмендету, денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін жақсарту, сондай-ақ қызметкерлерге жеке қорғаныш құралдарын беру оның мақсаты болып табылады. Сондай-ақ ұжымдық еңбек шартында еңбеккерлердің еңбек жағдайы мен олардың еңбекақысына, еңбек ету кестесін, соның ішінде әлеуметтік демалыстар кезінде демалыс уақытын реттеуге, әлеметтік кепілдіктер мен өтемақылар беруге қатысты мәселелер көрсетілген, еңбеккерлерді әлеуметтік қолдау және кадрлық әлеуетті дамыту, еңбеккерлердің кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі шаралар нақтыланған, зиянды, ауыр және қауіпті жағдайларда жұмыс істегені үшін қосымша кәсіптер мен лауазымдар айқындалды. Бұдан басқа, ұжымдық еңбек шартында Ұлы Отан соғысы ардагерлерін және солармен теңестірілгендерді, ардагер энергетиктерді әлеуметтік қолдау, медициналық қызметтеуді, еңбеккерлердің мәдени-бұқаралық бос уақытын ұйымдастыру және көптеген басқа мәселелер көрсетілген.

Сондай-ақ ұжымдық еңбек шартына ұжымдағы әлеуметтік кернеуліктің алдын алу мақсатында әлеуметтік еңбек қатынастарының, еңбеккерлер құқықтарын қорғау мен еңбек жағдайларын жақсартудың барлық қырларын ескеретін ҚР Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес өзгерістер енген.

KEGOC жыл сайынғы оқыту жоспарына сәйкес өз еңбеккерлеріне ұдайы оқыту ұсынады. Компания қызметкерлер үшін жыл сайын кәсіби тренинг жүргізеді және «Энергоинформ» АҚ-ның бөлігі болып табылатын Оқу орталығы арқылы семинарларды, жұмыс топтарын, білімдік қызмет пен басқа да оқыту түрлерін ұйымдастырады. 2013 жыл қорытындылары бойынша Оқу орталығында 214 Компания еңбеккері оқытудан өтті. Бұдан басқа, Компания жыл сайын Қазақстанның жетекші білім орталықтарымен еңбеккерлерді ары қарай дамыту үшін шарттар жасасады. 2013 жылы 1862 еңбеккер біліктілікті арттыру курстарында, семинарларда, тренингтерде, конференцияларда оқытудан өтті. Сондай-ақ үнемі өндірістік жұмыскерлерді оқыту жүргізіледі. 2014 жылы 2292 еңбеккерді оқыту жоспарлануда. Сондай-ақ Компания еңбеккерлерінің басқа ТМД елдерінде және алыс шетелде өткізілетін оқыту іс-шараларына қатысу мүмкіндіктері бар.

Еңбек пен денсаулық қорғау

Компания жұмыс жағдайларын жақсарту мен оның қызметінің еңбеккерлерге әлеуетті теріс әсерінің деңгейін төмендету және жұмыс орнында жарақат алу ықтималдығын азайту мақсатында қауіпсіз еңбек жағдайларын құру жолында үздіксіз жұмыс істейді. Компания еңбек қорғау жөнінде мынадай шаралар қабылдады:

i үнемі оқу мен Компанияның барлық қызметкерлері үшін медициналық тексеріс;

ii зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында өз лауазымдық міндеттерін атқаратын қызметкерлерге міндетті өтемақы төлеу мен заңнамада көзделген басқа да артықшылықтар;

iii алдын алу шараларын қолдану және қосымша нұсқама жүргізу. 2010-нан 2013 жж аралығында Компания ұдайы және жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде Компанияның барлық бөлімшелерінде қауіпсіздік техникасы жөнінде семинарлар ұйымдастырды; бригадаларға жеке қорғаныш құралдарымен, саймандармен, жарақпен және арнайы киім-кешекпен тиісті жарақтандыруды растайтын сертификация жүргізіледі;

iv объектілер мен жабдықтардың тиісті техникалық жай-күйіне, сондай-ақ олардың еңбек қорғау мен өрт қауіпсіздігіне талаптарының сәйкестігін мониторингілеу. Компания қалпына келтіру және құрылыс жұмыстары кезінде еңбеккерлерге аттестация өткізеді және қауіпсіз стандарттарын азайтудың алдын алуға бағытталған қосымша оқытуды ұйымдастырады.

Еңбек қорғау тиімділігінің негізгі көрсеткіштері төмендегі кестеде келтірілген:

Негізгі көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013
Жұмыстарды жүргізген кезде өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар саны	1	3	1	0
Өндірістегі жазатайым оқиғалар саны	1	5	1	0
Өндірістік жарақаттар саны	1	7	2	0

2010–2012 жж. орын алған жазатайым оқиғалардың себебі KEGOC-тың қауіпсіздік стандарттарын бұзуы және форс-мажор мән-жайлары болды.

Компанияның қызмет табиғатына байланысты өрт қауіпсіздігі алдыңғы мәнге ие болады. Жыл сайын Компания жұмыскерлерді өрт қауіпсіздігі қағидаларына кешенді оқытуды, сондай-ақ қондырғылар мен жабдықтарды техникалық қызметтеуді жүргізеді. 2013 жылы өртке қарсы қауіпсіздік бағдарламасына жалпы шығыстар 11 989 млн. теңге құрады, бұл ретте KEGOC объектілерінде өрттер мен тұтанулар оқиғалары тіркелген жоқ.

2014ж. Компания қоршаған ортаны қорғау мен еңбек қауіпсіздігін арттыруға көзделген біріктірілген басқару жүйесін енгізді. Әзірленген саясат пен тиісті шешімдер экологиялық менеджмент пен еңбек қорғауды басқару жүйесінің негізгісі болып табылады, олар сондай-ақ соңғы жылдары әзірленді және ендірілді.

Қоршаған ортаны қорғау

Компанияның негізі қызметі қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейді. Алайда, орнықты дамуға ілесу қағидатының бөлігі ретінде Компания теріс әсерді қысқартуға және өз табиғат қорғау рәсімдерін жақсартуға тырысады.

Жыл сайын KEGOC филиалдары өңірлік экологиялық мемлекеттік органдармен ластаушы заттардың барынша көп шығарылымын айқындау үшін қоршаған ортаға өз әсер бағалауын үйлестіреді. Филиалдар сондай-ақ өнеркәсіптік қызметті экологиялық мониторингілеу, қатты қалдықтарды сақтау және басқа тұрпатты қалдықтарды кәдеге жарату үшін көму жөніндегі арнайы қызмет көрсетуді қоса отырып аккредителген қызметтерді тартады. Компанияның әрбір аумақтық бөлімшесі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік органдар тарапынан ұдайы тексерулерден өтеді. Туындаған кез келген кемшіліктер дер кезінде жойылады. Компания қоршаған ортаны қорғау аясындағы қайсыбір заңнама бұзылыстары үшін айыппұл төлеген емес.

Төменде санамаланған әсерлер Компанияның жұмысындағы қоршаған ортаға әсердің негізгі көздері болып табылады. Компания тәуекелдерді жұмсартудың мынадай шараларын қолданады:

- Электр магниттік өріс – Компания буферлік/санитарлыққорғаныш аймақтарды белгілейді және қосалқы станцияларда тұрақты қорғаныш құрылғыларын салады әрі жұмыскерлерді тиісті қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етеді;

- Короналық разряд шуы – короналық разряд шуылының деңгейі негізінен ауа райына және әуелік электр жеткізу желілердің кернеу класына байланысты. Компания объетілері үшін акустикалық шуылының ұйғарынды деңгейі тек түнгі уақыттағы тұрғын үй аудандары үшін айқындалған. Жоғары вольтты 500 кВ электр жеткізу желілері тұрғын үй аудандарын қиып өтпейді. Жоғары вольтты 220 кВ электр жеткізу желілері тұрғын үй аудандарымен айтарлықсыз дәрежеде (405,67 км) қиылысады. Сонменен, Компанияның шуылдан қорғау жөнінде алдын ала қолданған шаралары қосалқы станцияларда жұмыс істейтін Компания жұмыскерлерін шудың әсерінен қорғауға бағытталған.

- Атмосфераға лас заттектер шығарылымы – Компания тұрақты және тұрақсыз көздерден атмосфераға жайылатын лас заттардың шығарылымын өлшейді. «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегиясын» іске асыру жөніндегі кешенді іс-қимыл жоспарына сай тұрақты көздерден шығарылымды нормативтік шығарылымдармен салыстырғанда 3%-ға қысқарту жөнінде міндеттемелер қабылданды.

- Жер асты суы базасында сумен жабдықтау – Компанияның бес филиалы артезиан суларының базасында сумен жабдықтауды пайдаланады. Компания ұңғымалардағы жер асты суларынының сапасына үздіксіз мониторинг үшін білікті мердігерлерді тартады.

- Жөндеуден және қосалқы станция жабдықтарын жаңғыртудан қалған қалдықтар – Компания оларды аластатады және қолданылатын рәсімдер мен заңнамаға сәйкес кәдеге жаратады.

Компанияның қоршаған ортаны басқару жүйесі 2007 – 2009 жылдары аралығында әзірленді және болашақ жылдарда барлық экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға қол жеткізу оның мақсаты болып табылады. KEGOC TÜVThüringene.V. (Германия) – сапаны басқару жүйелерін сертификациялау жөніндегі органмен сапа, қоршаған ортаны қорғау, өндірісте денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігі тақырыбына сертификацияланған: ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 и OHSAS 18001:2007. Компанияның Сапаны басқару Жүйесінің талаптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі оның саясат талаптары тапсырылады және Компания жұмысындаға барлық тараптарға инвестициялық жобалар бойынша қоса отырып ұсынылады.

Барлық инвестициялық жобалар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі сарапшы қолданылатын заңнамаға сәйкес зерделенуі тиіс және Компания да оған қаржыландыру ұсынатын, мәселен, ЕҚДБ секілді көп жақты институттарға тоқсан сайынғы есеп берулерді тапсыруы керек.

Қайырымдылық қызмет

Компания өнер және мәдениет саласына, ардагерлер мен зейнеткерлерге және арнаулы қызметкерлерді оқытуға қайырымдылық әрі демеушілік көмек көрсетеді. Компания сондай-ақ табиғи апаттар салдарларымен күрес жөніндегі қорларға үлестерін енгізеді, мысалы, 2010 жылы Компания 80 млн. теңге мөлшерінде Алматы облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек қорына үлес қосты.

2013 жыл ішінде KEGOC жалпы сомасы 243 342 000 теңгеге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетті, олардың ішінде демеушілік көмектің жалпы сомасы 97 242 800 теңгені құрады. 2013 жылы демеушілік көмек көрсетуде негізгі басымдыққа ие болған бағыттар:

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер министрінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының, Қор басқармасы органдарының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылған шаралар, олар Қордың атқарушы органының шешімдеріне сәйкес жүзеге асты:

- спорттың жекелеген түрлері мен спорт шаралары;

- әлеуметтік маңызға ие жобалар;

- KEGOC қызметімен байланысты ұйымдық-практикалық іс-шаралар (халықаралық конференциялар, форумдар, инвестициялық саммиттер, дөңгелек үстелдер және т.б.);

- Компания сондай-ақ Қазақстандық Электр энергетикалық Ассоциация секілді коммерциялық емес кәсіби ұйымдар жұмысына да қатысады.

Сақтандыру

Компания мүлікке залал келтіру жағдайына байланысты тәуекелдерін «Номад-Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ-та сақтандырды.

2014 ж. Компанияның мүлікті сақтандыруға арналған шығыстары 65,6 млн. теңгені құрады. Компания еңбеккерлерін өз лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруы кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шығыстары 75,372 млн. теңгені, негізгі емес қызмет түрлері бойынша – 851 000 теңгені құрады. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сомасы 1, 013 млн. теңге құрады.

Компания сондай-ақ көлік құралдарының иесі ретінде азаматтық жауапкершілікті сақтандырды (міндетті және ерікті сақтандыру).

KEGOC директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі келіп түскен тәуекелді сақтандыруды жүзеге асырады.

KEGOC бизнесті тоқтату сақтандыруын, тұтқалы мамандарды сақтандыруды, лаңкестік пен іріткі салудан сақтандыруды жүзеге асырмайды.

Компанияны сақтандыру бағдарламасы қазақстандық заңнама талаптарына сәйкес келеді. Компания сақтандыру қаражаты сұранысқа сай және Компания саласы мен орналасқан жері үшін жеткілікті деп санайды.

Соттың істі қараулары

Уақыт өте келе Компания соттың іс қарауларына қатысушы, соның ішінде Компанияға қойылатын талап-арыздар бойынша күнделікті қызметке қатысты жауапкері бола алады. 2013ж. 1 қаңтарынан осы Бастапқы инвестициялық меморандум әзірленген күнге дейін, «Өзбекэнерго» АҚ-на қатысты төрелік сот пен сонымен байланысты процессуалдық іс-әрекеттерден басқа Компания немесе оның қандай да бір активтері қандай да бір соттың іс қараулары бойынша тарап болып табылмады, олар соттың Компания үшін қолайсыз шешім шығаруы кезінде жекелей не жиынтықпен компанияның шаруашылық қызметіне, оның жұмыс нәтижелеріне немесе қолма-қол қаражатының қозғалысына елеулі қолайсыз әсер жасайтын. Нәтижеге тәуелсіз соттық іс қарау Компанияға соттық шығындар мен дау-дамайды реттеу шығындарынан, басқарушылық ресурстар мен басқа да факторларды бөлуден қолайсыз әсер ете алады.

«Өзбекэнерго» АҚ-ның қатысуымен өткен төрелік соттар және онымен байланысты процессуалдық іс-әрекеттер

Компания “Өзбекэнерго” АҚ-на – электр энергиясын жеткізу мен таратуды жүзеге асыратын өзбекстандық компанияға қарсы төрт төрелік соттың қатысушысы болып табылады. Әрбір төрт төрелік іс қарау тұтастай «Өзбекэнерго» АҚ-ның KEGOC-тан сатып алынған электр энергиясын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамауына байланысты. Төрелік талап-арыздар электр энергиясын жеткеру туралы тиісті шарттардың ережелеріне сәйкес Мәскеу қ.-дағы Ресей Федерациясының Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы Халықаралық коммерциялық төрелік сотқа берілген болатын. Бірінші төрелік іс қарауға KEGOC 2012 ж. 7 мамыры мен 2013 ж. 15 ақпанында өтінім берілді және электр энергиясын 2011 ж., 2013 ж. сатумен байланысты еді. Бірінші қуынымның сомасы 9 483 320 АҚШ долл. мөлшеріндегі төленбеген сатып алу бағасы мен 1 207 922 АҚШ долл. мөлшеріндегі өсімпұлды қамтыды. Екінші қуынымның сомасы 7 386 990 АҚШ долл. мөлшеріндегі төленбеген сатып алу бағасы мен 208 168 АҚШ долл. мөлшеріндегі өсімпұлды қамтыды. Екі жағдайда да негізгі қарыз сомасын «Өзбекэнерго» ХКТС шешімі шыққанша дейін төледі. Төрелік сот сондай-ақ Компанияның пайдасына, «Өзбекэнергоға» есептелген айыппұл шаралары мен сот шығындарын төлету туралы шешім қабылдады. Шығарылған шешімдерді жауапкер ерікті түрде орындамауына байланысты KEGOC қазіргі уақытта Шетелдік төрелік сот шешімдерін тану және орындау туралы конвенцияға «(Нью-Йорк, 1958 жылғы 10 маусым) сәйкес Өзбекстан Республикасының мемлекеттік органдары арқылы мәжбүрлі түрде өтем жасату шараларын қарастыруда.

Басқа екі іс бойынша: 2013 ж. қуатты (жиілік) реттеу жөніндегі қызмет көрсету шарты бойынша уақытында төленбеген 17 122 560 АҚШ долл. мөлшеріндегі төлем мен 402 787 АҚШ долл. мөлшеріндегі өсімпұл және 2013 қазан-желтоқсан айларында электр энергиясын жеткізу жөніндегі шарт бойынша уақытында төленбеген 10 320 331,74 АҚШ долл. мөлшеріндегі төленбеген ақы мен 445 602,18 АҚШ долл. мөлшеріндегі өсімпұлға қатысты талап-арыз қаралуда.

Басқа да сот талқылаулары

Қазақстандық қор биржасының қолданыстағы қағидаларына сәйкес тіркелген компания, атап айтқанда, KEGOC осы тіркелген компанияның қатысуымен барлық соттық іс қараулар немесе осыған ұқсас құқықтық іс-шаралар туралы хабарлауға міндетті, олар биржада тіркелген компания қызметінің доғарылуына немесе оның қызметінің қысқартылуына яки қайсыбір міндеттемелердің қойылуына не туындауына әкеп соғуға қабілетті, бұл кезде дауласқан сома әрбір жағдайда 1 852 000 теңгені немесе одан астамды құрайды. Төменде осындай соттық іс қараулар тізімі келтірілген. KEGOC қайсыбір осы соттық талқылаулар елеулі деп санамайды.

KEGOC-тың «Тараз металлургиялық завод» ЖШС-на қарсы талап арызы

2013 ж. 28 тамызда KEGOC «Тараз металлургиялық завод» ЖШС-на қатысты KZT 99 900 668 және KZT 4 037 995 сомасына екі талқалуды бастауға өтінім берді. Екі жоғарыда аталған талап-арыз электр энергиясын жеткізу және теңгерімдеу қызметтері үшін жабылмаған берешекті көрсетті. KEGOC-тың қос талап-арызы да сот тарапынан қанағаттандырылды. Алайда, KEGOC бірінші қуынымға сәйкес тек KZT 1 080 060 өндірте алды және қазіргі тұста екінші қуынымға қатысты сот шешімі бойынша атқару сот өндірісінің үдерісінде жатыр. Қазіргі уақытта белгіленген тәртіппен Жамбыл облысы Сот актілерін орындау департаменті белгіленген тәртіпте осы істі орындау жұмыстарын жүргізуде.

«Интер Орталық Азия РАҚ» ЖШС-ның KEGOC-қа қарсы талап-арызы

2012 ж желтоқсанда «Интер Орталық Азия РАҚ» ЖШС KEGOC-қа қарсы KZT 6 245 273. сомасын өндіріп алу туралы талап-арыз берді. Интер Орталық Азия РАҚ» компаниясы нақты өндірілген және тұтынылған электр энергиясы балансының бір бөлігі дұрыс емес деп шықты және осының салдарынан болған зиянды өтеуге жүгінді. Сот Интер Орталық Азия РАҚ-ның талаптарын 2013ж. 17 қаңтарында қанағаттандырды. KEGOC барлық Интер Орталық Азия РАҚ-ның пайдасына кесілген соманы төледі.

"DIGITAL TV" ЖШС- ның KEGOC-қа қарсы талап-арызы

"DIGITAL TV" ЖШС Астана қаласының СМЭМ ұйымына Компаниядан WiMax 4G (жылдамдығы 1024 Кбит/с) интернет технологиясы бойынша Провайдер қызметін сатып алу шарты бойынша берешек сома мен тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап-арыз (2012.02.07 күнгі № 27-Д-161) берді. Талап арыздың берілуі шарт жасалғаннан кейін контрагент провайдер құқығын KEGOC-пен шарттық қарым-қатынастары жоқ үшінші бір тұлғаға беруімен байланысты орын алған.

Астана қаласы СМЭМ ұйымының шешімімен №02-50-13 іс бойынша "DIGITAL TV" ЖШС талап-арызын қанағаттандырып, 1 760 000 теңге сомасындағы берешек пен 176 000 теңге сомасындағы тұрақсыздық айыбын төлеу өтінімі кері қайтарылды, дегенмен касациялық алқа шешіміне сәйкес KEGOC-тан 1 760 000 теңге сомасындағы негізгі қарыз бен 88 000 теңге сомасындағы тұрақсыздық айыбы өндіріліп алынды.

KEGOC-тың Н.Аршабаев пен Б.Молдақұловқа қатысты жалған кәсіпкерлікпен келтірілген 2 996 892,1 теңге сомасындағы залалды өндіріп алу туралы талап-арызын Шымкент қ. Еңбекші аудандық соты қанағаттандырды (2013ж.07.10 күнгі шешім).

KEGOC-тың Б.Джуммадиллаевқа қатысты жалған кәсіпкерлікпен келтірілген 3 346196 теңге сомасындағы залалды өндіріп алу туралы талап-арызын Алматы қ. соты қанағаттандырды (2014ж.09.25 күнгі шешім).

KEGOC-тың А.Курносовқа қатысты жалған кәсіпкерлікпен келтірілген 1 710 763 теңге сомасындағы залалды өндіріп алу туралы талап-арызын Рудный қалалық соты толығымен қанағаттандырды (2014ж.07.31 күнгі шешім).

2014 жыл ішінде KEGOC «Өзбекэнерго» ГАК-пен болған сот талқылауларынан басқа соттың іс қарауларына қатысқан жоқ.

Әкімшілік айыппұлдар

Мемлекеттік органдар және/немесе сот тарапынан 2013 ж. қаңтарынан бастап осы Бастапқы инвестициялық меморандумды жасалған күнге дейін KEGOC-қа және оның басшылығына қатысты қандай да бір әкімшілік айыппұл шаралары салынған жоқ.

НЕГІЗГІ АКЦИОНЕР

Тарихы

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет тұлғасында Қазақстан Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысымен құрылды.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет кейіннен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру департаменті және соңында Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып қайта құрылды.

2006 жылы Компанияның мемлекеттік акциялары «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингіне («Самұрық») тапсырылды. Үкімет Самұрықтың 100% акцияларын иеленді. «Самұрық» мынадай компаниялардың мемлекетке тиесілі акциялар пакетін иелену және оларды тиімді басқару үшін құрылды: «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ, «Қазпошта» АҚ, KEGOC және «Қазақтелеком» АҚ.

2008 жылы Президент пен Үкіметтің шешімімен «Қазына» орнықты даму қорымен біріктірілді, ол да 100% Үкіметке тиесілі еді. Нәтижесінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ («**Қор**») құрылды, ол қазіргі уақытта Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

Қор Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттігі мен орнықтылығын нығайту, әлемдік нарықтағы өзгерістердің елдің экономикалық өсуіне теріс әсерінің алдын алу үшін құрылды. Қордың тұтқалы мақсаты мемлекеттік даму институттарындағы, ұлттық компаниялар мен өзі иеленетін заңды тұлғалардағы акцияларды (үлестерді) басқару, олардың ұзақ мерзімдік құндылығын барынша жоғарылату және әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылады.

Акциялары Қорға тиесілі компаниялар саны (толықтай немесе бір бөлігі) Самұрыққа тиесілі болған компаниялар санынан едәуір көп. Қор мұнай-газ, тау-кен, химия, атом және көлік өнеркәсібінде, қаржылық секторда, энергетикада, телекоммуникация саласында, фармацевтикада, жылжымайтын мүлік пен құрылыста жұмыс істейтін компаниялардың акцияларына ие. 2011 жылы құны 13.413 млрд. теңгені құраған активтер Қордың бақылауында болды.

Негізгі акционер

Ықтимал ұсыныс жасалар алдында Қор Компанияның жалғыз қатысушысы болып табылады және Ықтимал ұсыныстан кейін де Қор Компанияның 90% плюс бір жай акциясына ие болады.

Компанияға қазіргі сәтте немесе Ықтимал ұсыныстан соң Компанияны тура не жанама, бірлесе не жеке бақылау құқығын жүзеге асыра алатын қайсыбір өзге тұлғалар жайы белгісіз. Қордың өзінің Компанияны бақылау құқығын теріс пайдалануына жол бермейтін шаралар сипаттамасын «1) ЖАСАЛУЫНА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР (БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР)» бөлімінің «Өзара қарым-қатыстар» бөлігінен таба аласыздар. Акционермен жасалған Келісімге сәйкес Қорға жүктелетін шектеулерді қоспағанда, жоғарыда аталған мажоритарлық акционердің акциялары бойынша дауыс құқықтары мен Компанияның кез келген басқа акционерлеріне берілетін Акциялар бойынша дауыс құқықтары арасында айырма жоқ.

Үлестес тұлғалар

Компанияның басқа да үлестес тұлғаларының тізімі «ЛИСТИНГ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ» бөлімінде көрсетілген

ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР (БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЛЕР)

Шолу

Өзінің күнделікті шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында Компания жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді оның негізгі акционері, яғни Қормен үлестес компаниялармен жасады және жасауды жалғастырып келеді. Ықтимал ұсыныстан соң Қор 90% плюс бір жай акциясына ие болуды жалғастыра береді. «НЕГІЗГІ АКЦИОНЕР» бөлімін қараңыз.

Қор тобы компанияларының арасындағы мәмілелер жасау рәсімдері Қор туралы заңмен («Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заң) реттеледі. Қор туралы заң Қордың Директорлар кеңесіне Қор тобы компанияларының арасында мәмілелер жасау тәртібін айқындау құқығын береді. Қор туралы заң Қор Компаниясы терминіне кең анықтама береді, оған мыналар енеді: (i) Қор; (ii) Акцияларының 50% Қорға (дауыс құқығымен) не қатысу үлесімен тиесілі компаниялар («Қор тобы»); (iii) Қор Ұйымдары 50% акцияларына (дауыс құқығымен) не қатысу үлестеріне ие Қор Ұйымдары («Еншілес кәсіпорындар»); және (iv) Еншілес кәсіпорындар 50% акцияларына (дауыс құқығымен) не қатысу үлестеріне ие компаниялар.

2009 жылдың 27 сәуірінде Қордың Директорлар кеңесі Қор тобы компанияларының арасында Мәмілелер жасау қағидаларын бекітті (Жасалуына қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен ерекше талаптар белгіленген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасау қағидалары).

Қор тобы компанияларының арасында мәмілелер жасау қағидалары Компания Басқармасына Қор тобындағы өзге компаниялармен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдауға уәкілдік береді. Егер де Компания Басқармасының барлық мүшелерінің 75% шешімді қабылдау үшін дауыс берсе, шешім қабылданды деп саналады. Компанияның Директорлар кеңесі де өз қарастыруы бойынша жай көпшілік дауыспен Қор тобы компанияларымен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдай алады.

Компанияның едәуір пайда бөлігі Қор Тобының өзге компанияларымен (байланысты тараптармен жасалатын мәмілелер) жасалатын мәмілелерге тиесілі, олардың көпшілік бөлігі Қор тобының өзге компанияларына реттемелі қызметтерді, атап айтқанда, электр энергиясын жеткізуді, техникалық диспетчерлеуді ұсынуды, сондай-ақ электр энергиясын өндіру-тұтынудың теңгерімдеуді ұйымдастыруды көздейді. Компания сондай-ақ байланысты тараптармен шарттар тараптары келіскен шарттардың талаптарында, бірақ та Үкімет бекіткен, Компания мен контрагенттерге қолданымды реттемелі қызметтерге арналған тарифтерден басқа ылғи да нарықтық тарифтер бойынша емес осындай мәмілелерді өткізеді.

Бұдан басқа, Компания Қор Тобының өзге компанияларынан тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жүргізеді. Көп бөлігінде бұлар байланыс қызметтері, энергетикалық қызметтер мен электр энергиясын сатып алулар. Компания мұндай мәмілелерді байланысты тараптармен келісілген шарт негізінде, және де мұндай қызметтердің тарифтері мемлекеттік органдар тарапынан реттелетін жағдайларды қоспағандағы нарық жағдайларында өткізеді. Байланыс қызметі мен электр энергетикасы қызметін сатып алу реттеуші бекіткен тарифтер негізінде жүзеге асырылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы Компания мен үлестес тұлғалар арасындағы мәмілелер секілді «жасалуына қоғамның мүддесі бар мәмілені» айқындайды. Бұдан басқа, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен («ХҚЕС») 24 тұлғаны «байланысқан тараптың» тану өлшемдері белгіленген. ХҚЕС 24 сай «байланысқан тараптармен мәмілелер» айқындамасы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы бойынша «жасалуына қоғамның мүддесі бар мәміле» ұғымынан кеңірек және өзіне ұйымдар мен жеке тұлғалардың кең ауқымын кіргізеді. Осы Инвестициялық меморандум мақсаттары үшін «байланысқан тараптармен мәмілелер» ұғымына «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы бойынша жасалуына қоғамның мүддесі бар мәмілелер» айқындамасына келетін барлық мәмілелер, сондай-ақ ХҚЕС 24 сай «байланысқан тараптармен мәмілелер» кіреді.

Төменде келтірілген кестеде Компанияның 2011, 2012, 2013 жылдары және 2014 жылдың алғашқы алты айы ішіндегі жасасқан, Компанияның тиісті есептік мезгілдер ішіндегі қаржылық есептемесінде көрсетілгендей байланысқан тараптармен мәмілелер бойынша қаржылық көрсеткіштер көрініс тапқан.

	31 желтоқсанда аяқталған есептік жылдар үшін			2014 ж. 30 маусымда аяқталған алтыыт ай ішіндегі
	2011	2012	2013	2014
	(мың теңге)			
Байланысқан тараптармен мәмілелер бойынша дебиторлық берешек		255 882	551 681	630 911
Байланысқан тараптармен		799 991	1 408 234	3 044 434

мәмілелер бойынша кредиторлық берешек			
Байланысқан тараптарға сатулар	13 461 880	19 879 498	10 981 585
Байланысқан тараптардан сатып алулар	16 678 080	21 651 340	10 919 909

Компания мен Қор арасындағы мүдделер қақтығысы

Қор тобы компанияларының арасында мәмілелер жасау қағидаларына сәйкес Компания Басқармасы Қор тобындағы өзге компаниялармен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдауға құқылы. Компанияның Директорлар кеңесі де өз қарастыруы бойынша Қор тобы компанияларымен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдай алады. Қор осы Бастапқы ивестициялық меморандум әзірленген күні Компанияның жалғыз акционері болып табылады, және Ықтимал ұсыныстан соң Қорға Компанияның 90% плюс бір жай акциясы тиесілі. Компанияның бақылаушы акционері бола отырып, Қор іс жүзінде Директорлар кеңесін, Компания Басқармасын бақылайды. Бұл жағдаят Компания үшін жасалуында мүдделік бар мәмілелердің өзара байланысты емес тараптар арасында жасалған мәмілелерге қарағанда қолайлылық шарты аз екендігін көрсетеді, бұл мәмілелер жасау тәуекелін туындатады. Сондай-ақ «Қордың Компанияның негізгі акционері ретіндегі мүдделері Компания мүдделерінен және Акцияларды ұстаушылардың мүдделерінен ерекшеленуі мүмкін» бөлімін қараңыз.

Өзара қарым-қатынастар туралы келісім

Компания мен Қор арасындағы Өзара қарым-қатынастар туралы келісім 2014 жылдың 6 қазанында Компания мен Қор арасындағы қарым-қатынастардың жекелеген аспектілерін реттеу мақсатында жасалды.

Өзара есеп айырысу туралы келісім бір қатар негізгі қағидаттарды белгілейді, соларға сай: (i) Компанияны басқару Компания мүдделерін және Компанияның барлық акционерлеріне әділ қарым-қатынасты есепке ала отырып, жүзеге асырылуы тиіс; (ii) егер осындай әрекеті немесе әрекетсіздігі листингтен өткендегі сияқты дәрежесіне залал келтірсе, Қор әрекет етпеуі немесе әрекетсіз болмауы тиіс; (iii) Қор Қордың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері корпоративтік бақарудың ең жақсы тәжірибесіне сәйкес дауыс беруі үшін орынды күш жұмсауға міндеттенеді; (iv) Қор және Компания Компанияның Жарғысына және дивидендтік саясатына сәйкес Компания дивидендтер төлеп тұруы үшін бар күшін салады; (v) Компания және Қор Қор және/немесе оның еншілес компаниялары және Компания мен/және оның еншілес компаниялары арасында кәдімгі нарықтық жағдайда және қатаң түрде коммерциялық негізде, соның ішінде Қор тобы іскерлік тәжірибеде қабылдаған негізде кез келген мәміле жасайтын және өзара қарым-қатынас құратын болады және жасалуында мүдделілік бар барлық мәмілелер Қазақстан заңнамасы мен KASE қағидаларының талаптарына сәйкес жасалатыны туралы өзіне міндеттеме қабылдайды. Егер осындай әрекет немесе әрекетсіздік Компанияға және оның еншілес компанияларына жоғарыда көрсетілген шарттар бойынша өз шаруашылық қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін болса, Қор ешқандай әрекет қолданбайды немесе әрекетсіздік жасамайды; және (vi) Қор Компанияға және оның еншілес компанияларына Компания акционерлерінің Қор бекіткен, Акцияларды иеленуге байланысты өздеріне тиесілі, Қазақстан заңнамасымен көзделген құқықтарына қысым келтіретін нормативтік құжаттардың қолданылуын міндеттемейді.

Сондай-ақ «Компания Өзара қарым-қатынастар туралы келісім бойынша өз құқықтарын мәжбүрлі орындатуға қол жеткізе алмауы мүмкін» тәуекелдік факторын қараңыз.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерімен және негізгі қызметкерлермен мәмілелер

Компания 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы Бастапқы меморандум әзірленген күнге дейін «БАСШЫЛЫҚ» бөлімінде көрсетілген Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерімен және негізгі қызметкерлермен мәмілелер жасаған жоқ.

Өзара байланысты тараптармен елеулі мәмілелер

Төменде Компанияның басқа үлестес тұлғалармен және Қор тобының үлестес тұлғаларымен 2013 ж. 1 қаңтарынан бастап осы Инвестициялық меморандум жасалған күнге дейін байланысты тараптармен жасалған елеулі мәмілелер тізімі келтірілген.

Электр энергиясының байланысты өндірушілерімен мәмілелер

KEGOC «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ-дан және «Екібастұз МАЭС -1»ЖШС-нан жеткізу кезіндегі электр энергиясы ысыраптарын өтеу үшін электр энергиясын мемлекеттік органдар бекіткен тарифтер бойынша сатып алады.

Жеткізушілер	**ГРЭС-1 ЖШС**	**ГРЭС-2 АҚ**
	(мың. теңге)	**(мың. теңге)**
2011 жыл	515 027,97	8 405 011,61
2012 жыл	1 481 926, 44	10 674 621,69
2013 жыл	0	15 114 863,81
2014 жыл (6 ай.)	2 563 838,05	5 887 834,82
Барлығы	**4 560 792,46**	**40 082 331,93**

«Балқаш жылу электр станциясы» АҚ-пен мәміле

2013 жылдың қыркүйегінде KEGOC «Балқаш ЖЭС» АҚ-мен активтерді жалпы сомасы 149 737 000 теңгеге (шамамен 826 363 АҚШ долл.) сату туралы келісім жасасты. Сату бағасы KEGOC өткізген ашық аукцион нәтижелері бойынша белгіленді.

Компания сондай-ақ «Балқаш ЖЭС-пен» тағы келісім жасады, оған сәйкес «Балқаш ЖЭС» электр қуатын даярлықта ұстау бойынша ұзақ мерзімді қызмет көрсететін болады. Қордың еншілес компаниясы «Балқаш ЖЭС» АҚ акционері болып табылады. «БИЗНЕС», «Электр қуатының нарығы» бөлімін қараңыз. Балқаш ЖЭС нысанында қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізілуде, сондықтан Компания жасалған шарт бойынша төлем жасауды тоқтатқан. Алдағы уақытта, Балқаш ЖЭС қолданысқа беріліп, қуат қоры аттестациядан өткен соң электр қуатын даярлықта ұстау бойынша ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бойынша төлем елеулі болады деген болжам жасалуда, себебі Үкімет бекіткен қызмет көлемі жоғары болып отыр.

«ҚазМұнайГазӨнімдері» ұлттық компаниясы» АҚ-мен мәмілелер

KEGOC «ҚазМұнайГазӨнімдері» ұлттық компаниясы» АҚ-дан бензин сатып алады. 2013 жылы шарттың жалпы сомасы 459 401 720 теңгені (шамамен 2 524 185 АҚШ долл.) құрады. Бензиннің бағасы Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген деңгейде болып отыр.

ТМРА Төрағасының 2013 жылғы 6 наурыздағы №76-ОД бұйрығына сәйкес мұнай өнімдерінің бөлшек нарықта сатылуына шектік баға белгіленді, оларға ҚҚС ескергенде төмендегідей мөлшерде мемлекеттік реттеу бағасы белгіленген. Жоғарыда айтылғандар негізінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ холдингіне енетін «ҚазМұнайГазӨнімдері» АҚ-пен ЖЖМ жеткізіліміне шарт жасалды. 2013 жылғы ЖЖМ жеткізу жөніндегі шарттың жалпы сомасы ҚҚС-ты қоса есептегенде 390 785 050, 00 теңгені құрады.

«ҚазЭнергоСым» ЖШС-мен мәміле

2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған есепті жыл ішінде Компания Серіктестіктің құрылтайшы құжаттарының талаптарына сәйкес «ҚазЭнергоСым» ЖШС-ның жарғылық капиталына 109 350 000 теңге қаржы салды..

Банктік мәмілелер

2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның байланысты тарабы саналатын «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-дағы ағымдық банктік шоттары мен депозиттері 95 769 000 теңге сомасында болды. «Қазақстан Даму Банкі» НҰҚ «Бәйтерек» АҚ тобының жүз пайыздық еншілес ұйымы болып табылады.

2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 39l 467 326 000 теңге сомасындағы займдары Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан кепілдендірілген болатын (2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша займдар сомасы 36 762 907 теңге құраған).

Үкімет кепілдік берген қарыз

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген 39 467 326 000 теңге сомасындағы қарызы болды.

Дивидендтер төлеу

2013 ж. 29 наурызда Компания 2012 жыл үшін 2 082 309 000 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтіндігін жариялады. Төлем 2013 ж. 11 сәуірінде жасалды. 2012 жылдың шілдесінде Компания 2011 жыл үшін 2 346 674 000 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы жария етті және аталған соманы төледі. Компанияның 2013 жыл ішіндегі қызмет қорытындылары бойынша таза табысының болмауына байланысты Қор Басқармасы Компанияның 2013 жыл ішіндегі жай акциялары бойынша дивидендтерді есептемеу және төлемеу туралы шешім қабылдады.

Басқа да мәмілелер

Компания «Қазпошта» АҚ-мен және «Қазақтелеком» АҚ-мен реттемелі бағалар мен реттеуші органдар бекіткен тарифтер негізінде мәмілелер жасасады.

KEGOC жұмыскерлерді даярлау, семинарларды ұйымдастыру, «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетінің тестілік тапсырмаларын әзірлеу, сондай-ақ нарықты зерттеу және «Самұрық-Қазына Келісім-шарт» ЖШС-ның нарықтық бағаларына сараптамалық бағалауларды даярлау сияқты қызметтер көрсетуге маманданатын Қор Тобының ұйымдарымен бірқатар мәмілелер жасасады.

KEGOC Самұрық-Қазынаның Сатып алу қағидаларымен бекітілген рәсімдер шеңберінде шарттар жасасады. Самұрық-Қазынаның Сатып алу қағидаларына сай көптеген жағдайларда Қор тобының компаниялары сатып алу бойынша ашық тендерлер өткізуге міндетті болса да, Қағидаларда бірқатар ерекшеліктер сөз етіледі, олардың кейбіреулері Қор тобының ішіндегі ынтымақтастықты және Қор тобының компаниялары арасында келісім-шарттар жасауды көздейді. Сонымен, Қағидаларда Қор

тобының компаниялары семинарларды, конференцияларды, кездесулерді, тренингтерді, кәсіби даярлықты және т.с.с. белгілі бір білім мекемелерімен тендерлер рәсімін немесе өзге де арнайы рәсімдерді өткізбей келісім-шарттар жасау жолымен өткізуге байланысты қызмет көрсетулерді сатып алатыны қарастырылған.

«Батыс транзит» АҚ-пен мәмілелер

«Батыс транзит» АҚ Қор тобына кірмейді, бірақ та KEGOC-тың акционерлік капиталдағы 20% қатысу бөлігімен бірге KEGOC-тың үлестес тұлғасы болып табылады. «Батыс транзит» АҚ өңіраралық «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр жеткізу желісін салу үшін құрылды, өзі соның операторы болып табылады. KEGOC «Батыс транзит» АҚ ұсынатын электр энергиясын жеткізу қызметтерін пайдаланады. Ал, «Батыс транзит» АҚ KEGOC ұсынатын электр энергиясын өндіруді және тұтынуды теңгерімдеу қызметтерін пайдаланады. KEGOC пен «Батыс транзит» АҚ табиғи монополиялар болып табылатындықтан, олардың арасындағы шарттар бойынша бағалар реттеуші орган бекіткен тарифтерге сай белгіленеді.

Жоғарыда аталған қызмет көрсетулерді былай қойғанда, 2013 жылдың ақпанынан бастап KEGOC пен «Батыс транзит» АҚ KEGOC-тың Ақтөбе облысындағы бірқатар өндіргіш қуаттардың ҰЭТ-қа қосылу жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемесін даярлау туралы келісім жасасты. Шарттың жалпы сомасы 96 935 000 теңгені (шамамен 535 000 АҚШ долл.) құрады.

2013 жылы Компания «Батыс транзит» АҚ-тан жалпы сомасы 735 637 500 теңгеге, теңгеге ірілендірілген облигацияларды сатып алды. «Батыс транзит» АҚ-ның KEGOC-қа тиесілі облигациялары бойынша пайыздық кірісі 2013ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 53 308 000 теңгені (2012ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін – 49 871 000 теңге) құрады.

ЖАРҒЫ СИПАТТТАМАСЫ

Компанияның қолданыстағы Жарғысы («**Жарғы**») Жалғыз Акционердің 2013 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен (№17/13 хаттама) қабылданды және Астана қаласының Заң департаментінде 2013 жылғы 22 сәуірде тіркелді. Жалғыз акционердің 2014 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен (42/14 хаттама) Компания Жарғысына Компанияның атқарушы органы орналасқан мекенжайдың: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 өзгеруіне байланысты өзгерістер енгізілді.

Жарғы Компанияның негізгі қызмет түрлерінің тізімін мазмұндайды, олардың бәрі Қазақстан Республикасының біртұтас энергожүйесінің жүйелік операторы ретіндегі Компанияның мәртебесінен шығады немесе сонымен байланысты. Жарғымен Компанияның жүзеге асыра алатын қызмет түрлерінің тізбесі жеткіліксіз болып табылатыны және Компанияға Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбайтын кез келген қызмет түрімен табиғи монополия субъектілері үшін белгіленген шектеулер ескеріле айналысуға рұқсат беретіні қарастырылған.

Компания қызметті қатаң реттелімденген аяда жүргізеді және тиісінше компания жүзеге асыра алатын қызмет түрлерінің тізімі қолданылатын заңнамаға тәуелді. «Табиғи монополиялар туралы» заң Компания жүзеге асыруға құқысы бар қызмет түрлерінің кейбірін айтарлықтай шектейді, табиғи монополиялардың Ұлттық экономика министрлігімен алдын ала келісілген төмендегідей қызмет түрлерін қоспағандағы монополистік емес қызмет түрлерімен айналысуына тыйым салады:

1. технологиялық жағынан монополистік қызметпен байланысты қызмет түрлері; және

2. мұндай қызметтен түсетін кіріс Компания кірісінің 5%-нан аспайтын өзге қызмет түрлері.

Акциялар беретін құқықтар

Компания кәдімгі және артықшылықты акцияларды шығаруға қақылы, бірақ та «алтын акциялар пакетін» қайсыбір тұлғаға ұсынуға қақысыз. Әдетте, акциялар оларды ұстаушыларға мынадай құқықтар береді: (i) дивидендтер алу; (ii) Компанияны ҚР заңнамасы мен осы Жарғы белгілеген шеңберде басқаруға қатысу; (iii) Компанияны таратқан кезде несиегерлердің талап-арыздарын қанағаттандырған соң акциялыр бөлігін алу; (iv) Компанияның қызметі туралы қаржылық есептікпен танысуды қоса ақпарат алу құқығы; (v) сотта Компанияның корпоративтік басқару органдары мақұлдаған кез келген шешімге қарсылық білдіру құқығы; (vi) Компанияға оның қызметі туралы ақпарат беруге жазбаша сұрау салулар жіберу және Компанияның осындай сұрау салуды алған күнінен бастап 30 күнтізбелі күн ішінде жауаптар алу құқығы; (vii) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның акцияларын немесе акцияларға айырбасталған бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы.

Жарғы Компанияға акционерлердің жалпы жиналысының («**АЖЖ**») шешіміне сай акцияның бір түрінен екінші түрге алмасуға, сондай-ақ кез келген басқа бағалы қағаздарды акцияларға айырбастауға рұқсат береді.

Акциялармен жасалатын мәмілелер және акцияларға құқықтарды растау

Акциялармен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелуге жатады. Акцияларға меншік құқығы мәмілені тіркеу тұсында туындайды.

Атаулы иеліктегі акциялардан басқа акциялармен мәмілелер жүргізілуін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ (бұдан әрі — «**Тіркеуші**») жүзеге асыратын тізілімде тіркеледі.

Атаулы иеліктегі акциялардан акциялармен мәмілелер «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» (одан әрі — «**Орталық депозитарий**») есепке алу жүйесінде тіркеледі.

Акцияларға меншік құқығы жүргізілуін Тіркеуші жүзеге асыратын тізілімдегі акционердің жеке шотының үзінді көшірмесімен расталады. Атаулы иеліктегі акциялар жағдайында акцияларға құқықтар атаулы ұстаушының есепке алу жүйесіндегі немесе Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шоттың үзінді көшірмесімен расталады.

Дауыс құқығы

Әрбір акция акционерге жалпы акционерлер жиналысында бір дауыс береді.

Төленбеген және сатып алынған акциялар

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сай Компанияның акциясы толық мөлшерде төленгенше ол жаңа ұстаушының шотына есепке алынбайды. Соның орнына ол Компанияның шотына жарияланған, бірақ та орналастырылмаған акция ретінде есепке алынады. Орналастырылмаған акцияларға немесе Компанияның сатып алған акцияларына қатысты дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Дивиденділер және басқа да жасалатын төлемдер

Жай акциялар бойынша дивидендтер қолма-қол нысанда төлене немесе Компанияның жай акциялары немесе облигациялары түрінде акционер жазбаша түрде осылайша бағалы қағаздармен бірге дивидендтер төлеуге өз келісімін беру шартымен ұсыныла алады.

Артықшылықты акцияларды ұстаушылар өз дивидендтерін жай акцияларды ұстаушыларға қарағанда басым тәртіпте алуға құқылы. Осы Бастапқы инвестициялық меморандум күніне Компанияның артықшылықты акциялары шығарылған жоқ.

Компания жай акциялар бойынша дивидендтерді тоқсан сайынғы, жарты жылдық негізде немесе жылдық қаржылық нәтижелер негізінде жариялай алады. Дивидендтерді төлеу туралы шешімді АЖЖ қабылдайды. АЖЖ жай акциялар бойынша кез келген дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдай алады. Осындай шешім туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында және Компанияның корпоративтік сайтында 10 жұмыс күні ішінде жариялануы тиіс.

Компания жай акциялар немесе артықшылықты акциялар бойынша кез келген дивидендтерді мына жағдайда есептеуге қақылы емес, егер де: (i) осындай төлеу нәтижесінде Компания капиталы теріс болса; (ii) Компания мұндай дивидендтерді төлеу нәтижесінде төлемге қабілетсіз болып қалса.

Сатып алудың басым құқықтары

Акционерлік қоғамдар туралы Заңға және Компания Жарғысына сай Компанияның жай акциялар иелері Компания болашақта шығаратын немесе Компания басқа акционерлерден сатып алып және қайта сатуды шешкен кез келген жай акцияларды басымдылықпен сатып алу құқығына ие болады. Компания акцияларын акционерлердің басымдылықпен сатып алу құқықтарын сақтау үшін Компания өз акционерлеріне тиісті хабарламаны жіберу немесе жариялау жолымен ұсынуы, жаңа жәй акцияларды сатып алуы тиіс, олар акционерлер ұстап тұрған акциялар санына тура пропорционал жай акцияларға Директорлар кеңесі тағайындаған баға бойынша айырбастала алады. Акционер жай акцияларды немесе жай акцияларға басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған өтінімдерін отыз күн ішінде беруге құқылы.

Компанияның өз акцияларын сатып алуы

Компания кез келген акционерден оның келісімімен акцияларды сатып алуға құқылы. Мұндай акциялар үшін баға оларды Компания сатып алған кезде акция үшін бағаны есептеу АЖЖ бекіткен әдіснамаға сәйкес айқындалуы тиіс.

Егер де Компания шығарған акцияларының жалпы көлемінен 1%-дан аса сатып алғысы келсе, ол өз шешімін БАҚ-та және веб-сайтта акцияларды сатып алу-сату бойынша тиісті мәмілелер жасалғанша жариялауы тиіс.

Акционерлер Компаниядан оларға тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге қақылы, ал Компания осындай талапты орындауға мына жағдайда міндетті, егер де:

(i) АЖЖ Компанияны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаса және акционер мұндай шешімге қарсы дауыс берсе;

(ii) АЖЖ Компанияның акцияларын листингіден шығару туралы шешім қабылдаса және акционер тиісті АЖЖ-ға қатыспаса немесе мұндай шешімге қарсы дауыс берсе;

(iii) қор биржасы акцияларды делистингілеу туралы шешім қабылдаса;

(iv) акционер ірі мәміле немесе ҚР заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес қабылданған тараппен байланысты мәміле туралы Компания органдарының шешімімен келіспесе;

(v) АЖЖ акционерлердің құқықтарын шектейтін жарғыға түзетулерді қабылдаса және акционер тиісті АЖЖ-ға қатыспаса немесе осындай түзетулерге қарсы дауыс берсе.

Акционерлер акцияларды сатып алуға арналған өз сұрауларын тиісті шешімдерді қабылдау күнінен соң 30 күнтізбелік күн ішінде жібере алады. Компания акцияларды акционердің сұрауы негізінде оларды сатып алу кезінде акция үшін бағаны есептеу әдіснамасына сәйкес АЖЖ бекіткен баға бойынша сатып алуға міндетті.

Компанияның сатып алатын орналастырылған акциялар саны жалпы орналастырылған акциялар санынан 25%-ға аспауы, ал Компанияның орналастырылған сатып алуға шығыстары оның меншік капиталының мөлшерінен 10%-ға аспауы тиіс. Егер акционер Компаниядан Компанияның сатып алуға қақылы үлкен акциялар көлемін сатып алуды талап етсе, Компания акцияларды пропорционал қарым-қатынаста сатып алуы тиіс.

Компания сондай-ақ акцияларды мына жағдайда, егер де:

(i) мұндай сатып алу нәтижесінде Компания капиталы қазақстандық заңнамамен белгіленген ең төменгі капитал сомасынан кем болса;

(ii) егер сатып алу тұсында Компания төлемге қабілетсіз болса;

(iii) егер де сот не ЖАЖ Компанияны тарату туралы шешім қабылдаса сатып ала алмайды.

Компанияның органдары

Компанияның мынадай органдары бар: Акционерлердің жалпы жиналысы; (ii) Директорлар кеңесі; (iii) Басқарма; (iv) Ішкі аудит қызметі.

Акционерлердің жалпы жиналысы

АЖЖ - Компанияның жоғары басшы органы, ол Компания қызметінің ең елеулі және маңызды мәселелерін шешу жөнінде айрықша құзыретке ие.

Компания Компанияның Директорлар кеңесі шақыратын жылына ең кемі бір АЖЖ өткізуі тиіс. Жылдық АЖЖ -да акционерлер мынадай тұтқалы мәселелерді қарауы тиіс:

3. Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту; және

4. өткен қаржылық жылдағы Компанияның таза табысын бөлу тәртібін мен бір жай акцияға дивиденд мөлшерін ақытау, және

5. акционерлердің Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне қатысты ұсыныс-пікірлері туралы мәселелерді және олардың қаралу қорытындысын қарау.

Жоғарыда баяндалғанға қоса жылдық ЖАЖ сондай-ақ осындай жылдық ЖАЖ-дың күн тәртібіне кіргізілген өзге де мәселелерді қарай алады.

Директорлар кеңесінің төрағасы:

6. жылдық АЖЖ отырысына Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің Басқарма мүшелері мен Ішкі аудит қызметінің және барлық құрылымдық бөлімше басшыларымен қатысуын қамтамасыз етуге,

7. АЖЖ-ға Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы ақпарат ұсынуға;

8. акционерлерге Компанияның жылдық есебі мен Директорлар кеңесінің жылдық есебін тапсыруға міндетті.

Компанияның аралық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу аяқталған соң 3 ай ішінде Компания 6 айдағы кезең бойынша таза табысты бөлу мәселесіне және бір жай акцияға төленетін дивиденд сомасына қатысты дауыс беру үшін жарты жылдық АЖЖ шақыруға міндетті.

Компанияның ағымдағы жарғысына сай АЖЖ-ның айрықша құзыретіне мынадай негізгі мәселелер кіреді:

1) жарғыға түзетулер енгізу;

2) Компанияны ерікті түрде қайта құру не тарату;

3) Компанияның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Компаниядағы орналастырылмаған акциялардың түрін өзгерту;

4) Корпоративтік басқару кодексін және соған өзгерістерді бекіту;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің санын, олардың уәкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелері мен Төрағасын сайлау, олардың сыйақы мөлшері мен оны төлеу талаптарын анықтау, сондай-ақ мерзімінен бұрын уәкілеттіктерін доғару;

6) Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

7) Компанияның тиісті қаржылық жыл ішіндегі таза табысын бөлу тәртібі, сондай-ақ дивидендтер төлеу мен дивиденд мөлшері туралы шешімдер қабылдау;

8) Компанияның басқа заңды тұлғалар құрамына қатысуы не соларға осындай қатысуды жалпы көлемі Компаниядағы барлық активтердің жалпы құнынан кем дегенде 25% құрайтын активтерді енгізу немесе шығару жолымен болдырмау туралы шешімдер қабылдау;

9) акциялар құнын айқындау әдіснамасына оларды Компания сатып алған кезде түзетулерді бекіту және енгізу;

10) дивидендтік саясат ережелерін бекіту;

11) Компания қызметі туралы акционерлерге ақпарат ұсыну тәртібін айқындау;

12) Компания акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;

13) Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерімен жасалған үлгі шартты бекіту;

14) Компанияның жай акцияларына айырбасталатын Компанияның бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі АЖЖ-ның айрықша құзыретіне жатқызылатын мәселелерді қоспағанда Компанияның жалпы қызметіне басшылық үшін жауап береді.

Директорлар кеңесі Қазақстан заңнамасына, Компанияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Компанияның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өз міндеттерін атқарады.

Тек жеке тұлғалар ғана Директорлар кеңесінің мүшелері бола алады. Жеке тұлға, егер де оның (i) сотталғаны жабылмаса не алынып тасталмаса; немесе (ii) мәжбүрлі тарату не акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаның доғарылуы туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын мезгіл ішінде бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары (басқарма төрағасының орынбасары) не атқарушы органның мүшесі (мысалы, басқарма мүшесі) не мұндай заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату не акцияларын мәжбүрлеп сатып алу не банкрот болып жарияланғанда тоқтатып қою туралы шешім қабылданар алдындағы бір күнтізбелік жыл ішінде басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болып табылса Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Қоғамдағы Директорлар кеңесі мүшелерінің саны алтыдан кем болмауы тиіс, олардың кемінде үштен бірі тәуелсіз Директорлар болуы керек.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегілерді қоса алғандағы бірқатар мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржылық жылы үшін таза табысын және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі жылдық дивидендінің мөлшерін бөлу тәртібі туралы ұсыныстар беру;

5) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Басқарма төрағасының, Ішкі аудит қызметі мүшелерінің, Компанияның корпоративтік хатшысының еңбекақы және сыйлықақы төлеу ережелерін, лауазымдық қызметақы схемаларын бекіту, сондай-ақ жалақы мөлшері мен жалаақы төлеу шарттарын айқындау;

7) ірі мәмілелер және ҰӘҚ туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі анықтайтын тәртіп негізінде Қоғамның Басқармасы шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

8) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың сандық құрамын анықтау, комитеттердің өкілеттік мерзімін анықтау, Комитеттердің Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;

9) Компания міндеттемелерін оның жалпы капитал құнынан он пайыз сомасына ұлғайту туралы шешімдер қабылдау;

10) Қоғамның мәміле жасауы немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы туралы шешім қабылдауы, соның нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтерінің жалпы құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады.

Директорлар кеңесінің отырысы жылына кемінде алты рет өтуі тиіс.

Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды даярлау үшін Компанияда Директорлар кеңесінің мына мәселелер бойынша комитеттері құрылды:(i) Ішкі аудит комитеті, (ii) Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет, (iii) Стратегиялық жоспарлау және (iv) Әлеуметтік мәселелер комитеті. «БАСШЫЛЫҚ» бөлімін қараңыз.

Басқарма

Компания Басқармасы Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады, ол Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады және Компаниядағы басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма мүшелерін сайлау, олардың уәкілеттік мерзімі мен уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылуы Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Басқарма өз отырыстарын күндізгі дауыс беру нысанында жүргізеді. Сырттай дауыс беру нысанына Басқарма туралы ережеде баяндалған айрықша жағдайларда жол беріледі. Компания басқармасының отырысы егер де онда мүшелерінің кемінде жартысы қатысып отырса заңды деп саналады. Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру кезінде әрбір Басқарма мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең кезде Компания Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

1) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның Даму жоспарын, Қоғамның бюджетін іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың орындалуына жауапкершілікте болу;

2) Директорлар кеңесіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсыну;

3) Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақтылы хабарлау;

4) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген Қоғамның ішкі құжаттарын, оның ішінде біріктірілген менеджмент жүйесі жөніндегі құжаттаманы бекіту;

5) ҰӘҚ туралы заңға сәйкес Қордың Директорлар кеңесі анықтаған тәртіптің негізінде Қоғамның тобына кіретін ұйымдармен Акционерлік қоғамдар туралы Заңмен ерекше талаптар белгіленген мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

6) Компания орталық аппаратының штат кестесін бекіту;

7) Компания Директорлар кеңесінің оның құзырет аясына жатқызылатын мәселелерді қарауын қамтамасыз ету;

8) Компанияның нақтыланған бюджетін Компанияның Даму жоспары шеңберінде (нақытланған бюджет болған жағдайда) бекітеді;

9) Қазақстан аумағында Компанияның филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ солардың ішкі құжаттарын бекіту;

10) Компаниядағы әкімшілік және басқарушылық еңбеккерлердің еңбекақысы мен сыйлықақылау туралы қағидаларын және лауазымдық қызметақылар тәсімдерін бекіту (Басқарма мүшелерінен, Ішкі аудит қызметінен, Компанияның корпоративтік хатшысынан басқа);

11) Компанияның мәмілені немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешімдер қабылдау, соның (солардың) нәтижесінде олар бойынша шешімді Компания Басқармасының төрағасы қабылдайтын мәмілелерден басқа құны Компания активтерінің жалпы құн мөлшерінен бестен аса және оннан кем пайыз құрайтын мүлікті Компания сатып алады немесе иесіздендіреді.

«БАСШЫЛЫҚ» бөлімін қараңыз.

БАСШЫЛЫҚ

«KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясының ұйымдық құрылымы



Директорлар кеңесі

Жалпы мәлімет

Директорлар кеңесі АЖЖ-дың айрықша құзыретіне жатқызылатын мәселелерден басқа Компанияның жалпы қызметіне басшылық үшін жауап береді.

Компания акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционер мүдделерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Осындай тұлғалар саны Директорлар кеңесі құрамының елу бес пайызынан аспауы тиіс.

Төрағадан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорларға үміткерлер мен Директорлар тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң жетістіктері мен іскерлік және салалық ортада оның міндеттерін орындауға және акционер мен Компания мүдделерінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті мінсіз беделге ие болуы тиіс.

Тұлға, егер де оның (i) сотталғаны жабылмаса не алынып тасталмаса; немесе (ii) мәжбүрлі тарату не акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаның доғарылуы туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын мезгіл ішінде бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары (басқарма төрағасының орынбасары) не атқарушы органның мүшесі (мысалы, басқарма мүшесі) не мұндай заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату не акцияларын мәжбүрлеп сатып алу не банкрот болып жарияланғанда тоқтатып қою туралы шешім қабылданар алдындағы бір күнтізбелік жыл ішінде басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болып табылса Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Қоғамдағы Директорлар кеңесіне мүшелер саны алтыдан кем болмауы тиіс, олардың кемінде үштен бірі тәуелсіз Директорлар болуы керек.

Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесіне сайланудың қатарынан алты жылдан асқан мерзімге кез келген мерзімі Директорлар кеңесі құрамының сапалы жаңару қажеттігі ескеріле отырып ерекше қарауға жатады. Бір ғана тұлға Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан асқан мерзімге сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан асқан мерзімге сайлануы мүмкін, бірақ та бұл ретте осы тұлғаның уәкілеттік мерзімі 1 (бір) жыл болуы тиіс.

АЖЖ Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен уәкілеттік мерзімін айқындайды. АЖЖ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды және кез келген немесе барлық Директорлар кеңесіне мүшелердің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын алып тастау құқығына ие. АЖЖ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындайды.

Директорлар кеңесінің төрағасын АЖЖ сайлайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегілерді қоса алғандағы бірқатар мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

4) АЖЖ-ға Қоғамның өткен қаржылық жылы үшін таза табысын және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі жылдық дивидендінің мөлшерін бөлу тәртібі туралы ұсыныстар беру;

5) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Басқарма төрағасының, Ішкі аудит қызметі мүшелерінің, Компанияның корпоративтік хатшысының еңбекақы және сыйлықақы төлеу ережелерін, лауазымдық қызметақы схемаларын бекіту, сондай-ақ жалақы мөлшері мен жалаақы төлеу шарттарын айқындау;

7) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау;

8) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшері мен еңбек және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

9) Қоғамның ішкі қызметтерін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде, аукциондар мен Қоғамның бағалы қағаздарына жазылымдарды жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10) ірі мәмілелер және ҰӘҚ туралы Заңға сәйкес Қордың Директорлар кеңесі анықтайтын тәртіп негізінде Қоғамның Басқармасы шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

11) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың сандық құрамын анықтау, комитеттердің өкілеттік мерзімін анықтау, Комитеттердің Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;

12) ЖАЖ белгілеген тәртіпте Компанияның Даму жоспарын, сондай-ақ соған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

13) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

14) Директорлар кеңесі мүшелерінің Компанияның қызмет, соның ішінде қаржылық туралы ақпарат алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

15) Бағалау жүйесін бекіту және Компанияның, Директорлар кеңесінің, Компания Директорлар кеңесіндегі комитеттер, жекелеген Компания Басқармасы мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің жұмысына бағалау жүргізу;

16) Компания міндеттемелерінің көлемін Компанияның жалпы капитал сомасынан он пайыз және одан көп сомаға кез келген ұлғайту туралы шешімдер қабылдау.

17) Компанияның мәмілені немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығыен жасау туралы шешім қабылдау, соның (солардың) нәтижесінде құны Компания акивтерінің жалпы құн мөлшерінен 10 және одан аса пайызды құрайтын мүлік сатып алынады немесе иеліктен шығарылады.

Директорлар кеңесінің мәжілістері

Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасы немесе атқарушы органның бастамасы яки мыналардың талаптары бойынша шақырылуы мүмкін:

- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

- Компаниядағы Ішкі аудит қызметінің;

- Компанияның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

- ірі акционердің.

Директорлар кеңесі жылына кемінде алты рет отырыс өткізуі тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум сайланған Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысын және ең кемі тәуелсіз Директорлардың жалпы санының жартысын құрайды. Кворум қатыспаған Директорлар кеңесі мүшелерін олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстарын ескере отырып айқындалуы мүмкін (аралас дауыс беру).

Егер де Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі ЖАЖ қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндетті. Қалған Директорлар кеңесі мүшелері осындай мәселені тек ЖАЖ қарамағына шығару туралы шешім қабылдауға қақылы.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық жасаған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Жасалуына Компанияның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Егер де тәуелсіз директорлардан басқа барлық Директорлар кеңесі мүшелері осындай мәміленің жасалуына мүдделі болса, шешім тәуелсіз директорлардың көпшілік дауысымен қабылданады. Тәуелсіз Директорлардың олардың кворум үшін жеткіліксіз дауыс санына байланысты шешім қабылдауға мүмкіншілігі жоқ немесе тәуелсіз Директорлардың дауыстары тең болған жағдайда шешімді ЖАЖ мәміледе мүддеге ие емес акционерлердің жәй көпшілік дауыспен қабылдауы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері

Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнгі жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамына мынадай тұлғалар енді:

Аты-жөні	Лауазымы	Жасы	Туған күні
Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	44	1970
Дәукеев Ғұмарбек Жүсіпбекұлы	Тәуелсіз директор	66	1948
Спицын Анатолий Тихонович	Тәуелсіз директор	75	1939
Лука Сутера	Тәуелсіз директор	43	1971
Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы	50	1964
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	44	1970

Қуаныш Бектеміров Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. Ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып Жалғыз акционердің 2012 жылғы 8 мамырдағы №21/12 шешімі бойынша тағайындалған. Бектеміров мырза Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін 1993 жылы бітірген. Бектеміров мырза электр энергетикасы саласында мол тәжірибеге ие. Бектеміров мырза сондай-ақ Қордың Басқарушы директоры болып табылады.

Бектеміров мырза оның Директорлар кеңесінің мүшесі және Жалғыз акционердің өкілі ретіндегі рөліне байланысты ешқандай сыйақы алмайды .

Ғұмарбек Дәукеев Компанияның тәуелсіз директоры ретінде Жалғыз акционердің 2012 жылғы 8 мамырдағы №21/12 шешімі бойынша тағайындалған. Дәукеев Ғ.Ж. В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының 1971 жылғы түлегі болып табылады. 1981 жылы техника ғылымдарының кандидаты атанды. Дәукеев мырза «KEGOC» АҚ мен «Самұрық Энерго» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР ИЖТМ Сараптамалық кеңесінің мүшесі, Алматы қ. әкімдігінің ТМРА электр энергетикасы саласындағы Сараптамалық кеңесінің мүшесі болып табылады. 1997 жылдан осы уақыт бойы Дәукеев мырза Алматы Энергетика және байланыс университетінің ректоры.

Дәукеев мырза Директорлар кеңесінің тәуелсіз директор ретінде сыйақы алады, ол Директорлар кеңесінің мүшесі міндетін атқаруына байланысты шығыстар бойынша өтемақы алу құқығына ие. Сыйақылар мен өтемақылар төлеу тәртібі мен шарттары тәуелсіз директор Дәукеев пен «KEGOC» АҚ-ның 2012 жылғы 5 маусымдағы №07-Д-581 шартында айқындалады.

Анатолий Спицын «KEGOC» АҚ-ның тәуелсіз директоры ретінде Жалғыз акционердің 2012 жылғы 8 мамырдағы №21/12 шешімі бойынша тағайындалған. Спицын мырза Одесса инженерлік-құрылыс институтының 1962 жылғы түлегі болып табылады. Спицын экономика

ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясы төралқасының мүшесі және Халықаралық Инвестициялар мен Экономикалық құрылыс академиясының бірінші вице-президенті, КСРО және Ресей Федерациясы Сәулетшілер одағының мүшесі болып табылады. Спицын мырза үш Еңбек Қызыл Ту орденімен, РЖҒА «Ғылым мен еңбек серісі» орденімен, «Ресей кәсіпқойы» орденімен, В.В. Леонтьев атындағы ғылымдағы жетістіктері үшін медалімен марапатталған.

Спицын мырза Директорлар кеңесінің тәуелсіз директор ретінде сыйақы алады, ол өз қызметіне байланысты шығыстар мен төлемдер бойынша өтемақы алу құқығына ие. Сыйақылар мен өтемақылар төлеудің тәртібі және шарттары тәуелсіз директор Спицын мен «KEGOC» АҚ-ның 2012 жылғы 5 маусымдағы №07-Д-580 шартында айқындалады.

Лука Сутера «KEGOC» АҚ-ның тәуелсіз директоры ретінде Жалғыз акционердің 2012 жылғы 8 мамырдағы №21/12 шешімі бойынша тағайындалған. Сутера мырза Англияда Лондондық экономика және саяси ғылымдар мектебін 1995 жылы бітірген. 1996 жылы іскерлік әкімшілеу бакалавры дәрежесін алған, Италияның Римінде Enel S.p.A./S.A.A. менеджмент мектебін аяқтаған. Сутера мырза Вице-президент және Қаржылық директоры болып табылады.

Сутера мырза Директорлар кеңесінің тәуелсіз директор ретінде сыйақы алады, ол өз қызметіне байланысты шығыстар мен төлемдер бойынша өтемақы алу құқығына ие. Сыйақылар мен өтемақылар төлеудің тәртібі мен шарттары тәуелсіз директор Сутера мен «KEGOC» АҚ-ның 2012 жылғы 5 маусымдағы №07-Д-582 шартында айқындалады.

Бақытжан Қажиев Директорлар кеңесінің мүшесі болып Жалғыз акционердің 2012 жылғы 8 мамырдағы №21/12 шешімі бойынша тағайындалған. Қажиев мырза «KEGOC» АҚ Басқармасының төрағасы болып табылады. Қажиев мырза Алматы энергетикалық институтының 1986 жылғы түлегі. 2000 жылдан KEGOC-та істейді, электр энергетикасы саласындағы тәжірибесі мол. 2006 жылы «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» атағы берілген.

Қажиев мырза өзінің Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі рөліне байланысты ешқандай сыйақы алмайды.

Алмасадам Сәтқалиев Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Сәтқалиев «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі болып Жалғыз акционердің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 21/12 шешімі бойынша тағайындалған. Сәтқалиев мырза Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін 1992 жылы бітірген. Оның мұнай-газ және электр энергетикасы саласындағы тәжірибесі мол. Ол «ҚазТрансОйл» АҚ-да жұмыс істеді әрі Қазақстанның Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі ретінде мемлекеттік қызметте болды. Сәтқалиев мырза қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының төрағасы. Экономика ғылымның кандидаты. ТМД еңбек сіңірген энергетигі (2003ж.).

Сәтқалиев мырза өзінің Директорлар кеңесінің мүшесі және Жалғыз акционердің өкілі ретіндегі рөліне байланысты ешқандай сыйақы алмайды.

Басқарма

Шолу

Компания Басқармасы Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады, ол Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады және Компаниядағы басқа органдардың құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма мүшелерін сайлау, олардың уәкілеттік мерзімі мен уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Басқарма өз отырыстарын күндізгі дауыс беру нысанында жүргізеді. Сырттай дауыс беру нысанына Басқарма туралы ережеде баяндалған айрықша жағдайларда жол беріледі. Компания басқармасының отырысы егер де онда мүшелерінің кемінде жартысы қатысып отырса заңды деп саналады. Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру кезінде әрбір Басқарма мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең кезде Компания Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1.1 Қоғамның даму стратегиясын, Даму жоспарын, Қоғамның бюджетін әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесіне ұсыну;

1.2 Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның Даму жоспарын, Қоғамның бюджетін іске асыруды жүзеге асыру, сондай-ақ олардың орындалуына жауапкершілікте болу;

1.3 Директорлар кеңесіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсыну;

1.4 Қоғамдағы ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу;

1 5 Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақтылы хабарлау;

1.6 Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген Қоғамның ішкі құжаттарын, оның ішінде біріктірілген менеджмент жүйесі жөніндегі құжаттаманы бекіту;

1.7 Ұлттық әл-ауқат қоры туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі анықтаған тәртіптің негізінде Қоғамның тобына кіретін ұйымдармен Акционерлік қоғамдар туралы Заңның ерекше талаптар белгіленген мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

1.8 Компания орталық аппаратының штат кестесін бекіту;

1.9 Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле құралы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;

1.10 қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

1.11 Компания Директорлар кеңесінің оның құзырет аясына жатқызылатын мәселелерді қарауын қамтамасыз ету;

1.12 Компанияның нақтыланған бюджетін Компанияның Даму жоспары шеңберінде (нақытланған бюджет болған жағдайда) бекітеді;

1.13 Қазақстан аумағында Компанияның филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ солардың ішкі құжаттарын бекіту;

1.14 Компаниядағы әкімшілік және басқарушылық еңбеккерлердің еңбекақысы мен сыйлықақылау туралы қағидаларын және лауазымдық қызметақылар тәсімдерін бекіту (Басқарма мүшелерінен, Ішкі аудит қызметінен, Компанияның корпоративтік хатшысынан басқа);

1.15 Компанияның мәмілені немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешімдер қабылдау, соның (солардың) нәтижесінде олар бойынша шешімді Компания Басқармасының төрағасы қабылдайтын мәмілелерден басқа құны Компания активтерінің жалпы құны мөлшерінен бес пайыздан асатын және кемінде он пайыз құрайтын мүлікті Компания сатып алады немесе иеліктен айырады.

Басқарма мүшелері

Осы меморандум жасалған күнгі жай-күй бойынша Басқарма құрамына мынадай тұлғалар енді:

Аты-жөні	Лауазымы	Жасы	Туған күні
Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы	Басқарма төрағасы	50	1964
Жазықбаев Бақытхан Медеғалиұлы	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары	45	1968
Ақмурзин Абат Аманұлы	Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	56	1958
Бексары Жаңабай Мұратбекұлы	Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары	49	1965
Қуанышбаев Әскербек Досайұлы	ҰЭТ және жүйелі қызмет көрсетулер жөніндегі басқарушы директор	59	1955
Бекенов Мұқтар Оңғарбайұлы	Филиалдармен және ЕБҰ-мен жұмыс жөніндегі басқарушы директор	56	1958
Темірбеков Болат Жолболдыұлы	Техникалық бақылау және қамтамсыз ету жөніндегі басқарушы директор	49	1964
Жақыпбаев Қайрат Төлегенұлы	Құқықтық қамтамаыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор	50	1964
Ботабеков Айбек Төлеубекұлы	Экономика жөніндегі басқарушы директор	37	1976

Бақытжан Қажиев Басқарма төрағасы болып «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 31.05.2011ж. №24/11 шешімімен тағайындалды. Ол Алматы энергетикалық институтын, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін бітірген. Электр энергетикасы саласында 1986 жылдан жұмыс істейді, 2000 жылдан бастап «KEGOC» АҚ-та түрлі лауазымдар атқарды. 2009 ж. ақпаны мен 2011 ж. мамыры аралығында «KEGOC» АҚ-ның Вице-президенті, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары. Қажиев мырза ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығының Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» естелік белгісімен, «Қазақстан Республикасында инженерлік істі дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Оған «ТМД Еңбек сіңірген энергетигі», «Еңбегі сіңген энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» атақтары берілді, «KAZENERGY» медалімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, «Теңгеге 20 жыл» медалімен марапатталды.

Бақытхан Жазықбаев Басқарма төрағасының бірінші орынбасары болып Директорлар кеңесінің 17.02.2012ж. №1 шешімімен тағайындалды. Жазықбаев мырза Компаниядағы экономикалық және қаржы бөлімдерінің жұмысын қадағалауға жауап береді. Ол Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін бітірген. 2007 жылдан бастап Жазықбаев мырза Талдықорған Энергетикалық Компаниясының (ТАТЭК) басшысы болды. 2001-2007 жылдары KEGOC-та түрлі

лауазымдарда қызмет атқарды, соның ішінде KEGOC Ақтөбе өңіраралық электр жүйелері филиалының (ЖЭТ) директоры болды. Оған «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі», «Еңбегі сіңген энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы», «ТМД еңбек сіңірген энергетигі», «Алматы облысы Қаратал ауданының құрметті азаматы» атақтары берілді. Жазықбаев мырза 2010 ж. Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. Жауынгер-интернационалист – КСРО-ның Ауғанстандағы әскери бөлігі құрамында соғыс қимылдарына қатысушы. «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Абат Ақмурзин Директорлар кеңесінің 19.10.2010ж. №6 шешімімен Басқарма мүшесі болып тағайындалды. Ақмурзин мырза Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары болып табылады. Ақмурзин мырза Қазақ ауыл шаруашылығы институтын 1980 жылы және Рудный индустриалдық институтын 2006 жылы бітірген. Оған «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» құрметті атағы 2002 жылы, «Еңбегі сіңген энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» атағы 2009 жылы берілген. ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Құрмет грамотасымен, «KAZENERGY» медалімен, мерейтойлық «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, 2010 жылы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Жаңабай Бексары Директорлар кеңесінің 24.02.2010ж. №1 шешімімен Басқарма мүшесі болып тағайындалған. Бексары мырза Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары болып табылады. Ол 1989 жылы Воронеж политехникалық институтын бітірген. Бексары мырза мемлекеттік қызметші ретінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып тағайындалды. Бексары мырза «Астананың 10 жылдығы» медалімен, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, Қазақстан Республикасының «Ерең енбегі үшін» медалімен марапатталған.

Әскербек Қуанышбаев Директорлар кеңесінің 07.04.2011ж. №2 шешімімен Басқарма мүшесі болып тағайындалған. Қуанышбаев мырза ҰЭТ-ты дамыту және жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директоры болып табылады. Алматы энергетикалық институтын «Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қалаларды электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша 1977 жылы бітірген. Мәскеу басқару институтының аспирантурасын экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін ала отырып аяқтаған. Ұзақ уақыт Алматы энергетикалық институтында қызмет істеді (ассистент, оқытушы, доцент, деканның орынбасары). 2001 жылдан бастап осы уақытқа дейін «KEGOC» АҚ Жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры, Экономика жөніндегі басқарушы директор, «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингінің» электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, «Алматы жүйеаралық электр тораптары» филиалының директоры, «KEGOC» АҚ-та Адами ресурстарды басқару жөніндегі директор, ҰЭТ-ты дамыту жөніндегі басқарушы директор лауазымдарын иеленді. 2011 жылдың маусымынан Ә.Д.Қуанышбаев Ресей Жаратылыстану ғылымдары Академиясының «ТМД және ЕурАзЭС-тің интеграциялық проблемалары» бөлімшесі бойынша консультанты болып табылады. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталған. Оған «ТМД Еңбек сіңірген энергетигі» атағы берілді.

Мұқтар Бекенов Директорлар кеңесінің 08.07.2011ж. №5 шешімімен Басқарма мүшесі болып тағайындалған. Бекенов мырза Филиалдармен және ЕБҰ-мен жұмыс жөніндегі басқарушы директор болып табылады. Ол Алматы энергетикалық институтын 1991 жылы бітірген. Ол «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалдарымен, «KAZENERGY» медалімен марапатталған. Оған құрметті «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» атағы, «Еңбегі сіңген энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» атағы берілген, 2010 жылы Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Болат Темірбеков Директорлар кеңесінің 17.02.2012ж. №1 шешімімен Басқарма мүшесі болып тағайындалған. Темірбеков мырза Техникалық бақылау және қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор болып табылады. Ол Алматы энергетикалық институтын бітірген. Бұрын Темірбеков мырза Сатып алу департаментінің директоры, Сатып алу жөніндегі кеңесші болып қызмет атқарған. Ол «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» естелік белгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Құрмет Грамотасымен марапатталған. Оған «Еңбегі сіңген энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» атағы берілген. 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қайрат Жақыпбаев Директорлар кеңесінің 29.05.2008ж. №5 шешімімен Басқарма мүшесі - Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор болып тағайындалған. Жақыпбаев мырза Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін үздік бітіріп, 1990 жылы Мәскеудегі КСРО Бас прокуратурасының басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына түсіп, АҚШ, Венгрия және Швеция мемлекеттеріндегі шетелдік тәжірибені оқып-үйрену тренингтерінен өтті. Жақыпбаев мырза заң шығармашылығы мен құқық қолдану қызметі аясында мол тәжірибеге ие. Бас прокуратурада, ҚР ІІМ мемлекеттік тергеу комитетінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қаржылық бақылау комитеті төрағасының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісі Аппараты заңнама бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Парламенті Заң шығармашылығы қызметі және мониторинг орталығының директоры, және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының кеңесшісі ретінде мемлекеттік қызметтер атқарды. Ол «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл», «Қазақстан теміржолына 100 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен, ҚР Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовтің алғыс хатымен, «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен, «KAZENERGY» медалімен марапатталған.

Айбек Ботабеков Директорлар кеңесінің 2009 ж. №8 шешімімен Экономика жөніндегі басқарушы директор болып тағайындалған. Ботабеков мырза жоғары білімді 1997 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде алған. Ол еңбек жолын KEGOC-та 1997 жылдан, Компания филиалдарының бірінде бухгалтер лауазымында жұмыс істеуден бастады. Ол ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Алғыс хатымен және төс белгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет Грамотасымен, Қазақстан Республикасының «Ерең енбегі үшін» медалімен марапатталған. «ТМД құрметті энергетигі» атағына ие.

Өтемақы

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне және негізгі қызметкерлерге төленген өтемақының жалпы сомасы 2012 жылы 273 534 мың теңге және 2013 жылы 295 738 мың теңгені құрады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін өтемақылар

Компания Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленуі және Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін немесе функцияларын орындауға байланысты шығыстары өтелуі мүмкін. Компания Қордың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлемейді және шығыстарын өтемейді. Компания тәуелсіз директорларға ғана сыйақы төлейді және шығыстарын өтеп береді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу: жылдық тіркелген сыйақыдан және қосымша сыйақыдан тұрады. Жылдық тіркелген сыйақының мөлшерін Акционерлердің жалпы жиналысы анықтайды.

Қосымша сыйақы тәуелсіз директорға Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің әрбір күндізгі отырысына қатысқаны үшін төленеді. Компания сондай-ақ тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің күндізгі отырысына баруға байланысты жұмсаған шығыстарын егер осындай отырыс тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткен жағдайда өтеп береді.

Мың теңгемен

	2011 жылға	**2012 жылға**	**2013 жылға**
Сыйақы сомасы	5 913	12 564	14 120
Өтемақы сомасы	349	1 952	1 952

Басқарма мүшелеріне төленетін өтемақылар

Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу 2013 жылғы 10 қазандағы "KEGOC" АҚ Ішкі аудит қызметінің еңбеккерлері мен Корпоративтік хатшысына еңбекақы және сыйақы төлеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма мүшелері ай сайынғы негізде жалақы алады. Басқарма мүшелерінің қызметақы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады. Жалақыға қосымша ретінде Компания сондай-ақ Басқарма мүшелеріне мынадай өтемақыларды: (1) әлеуметтік төлемдерді және (2) сомасы Басқарма мүшесінің жұмыс нәтижелеріне тікелей байланысты болатын Басқарма мүшелерінің жұмысын негіздеуге бағытталған өтемқыларды төлейді.

Әлеуметтік төлемдер (i) Компания Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай барлық қызметкерлерге жылына бір рет төлейтін тіркелген сыйақы сомасынан тұрады, ол 10 ең аз жалақыдан немесе осы Бастапқы инвестициялық меморандум жасалған күнге 199 660 теңгеден аспайды; және (ii) сауықтыруға арналған материалдық көмек сомасы, оны Компания сондай-ақ барлық қызметкерлерге жылына бір рет жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген көзде төлейді.

Негізделген өтемақы Компания Басқарма мүшесіне белгілі көрсеткіштерге немесе Басқарманың әрбір мүшесі үшін жеке-жеке Директорлар кеңесі белгілейтін міндеттерді орындауға, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізгені үшін төлейтін сыйақысын білдіреді. Сыйақының соңғы сомасын Директорлар кеңесі Басқарма мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері және олардың алға қойылған міндеттерді орындауы бойынша (белгілі бір нәтижелерге немесе көрсеткіштерге қол жеткізу) анықтайды.

"KEGOC" АҚ Басқарма мүшелеріне төленген жалақы мен өтемақы мөлшері кестеде көрсетілген:

Мың теңгемен

	2011 жылға	**2012 жылға**	**2013 жылға**
Жалақы сомасы	72 878	260 836	264 790
Өзге өтемақылар сомасы	180 966,6	186 615,2	164 940,8

Негізгі қызметкерлерге (филиал директорлары мен құрылымдық бөлімше басшыларына) төленетін өтемақылар

Негізгі қызметкерлерге еңбекақы төлеу "KEGOC" АҚ қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Компанияның негізгі қызметкерлері ай сайынғы негізде жалақы алады. Негізгі қызметкерлердің қызметақысының мөлшерін Басқарма төрағасы белгілейді. Жалақыға қосымша ретінде Компания сондай-ақ негізгі қызметкерлерге мынадай өтемақыларды (1) әлеуметтік төлемдерді және (2) сомасы негізгі қызметкердің жұмыс нәтижелеріне тікелей байланысты болатын Басқарма мүшелерінің (негізгі қызметкерлердің) жұмысын негіздеуге бағытталған өтемқыларды төлейді.

Компания негізгі қызметкерлерге Басқарма мүшелеріне төленетін ұқсас әлеуметтік төлемдерді төлейді.

Уәждемелік өтемақы Компанияның негізгі қызметкерлерге тоқсан және/немесе жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері үшін төленетін сыйақылардан тұрады. Осындай өтемақының соңғы сомасын әрбір негізгі қызметкердің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Басқарма анықтайды, алайда кез келген жағдайда ол белгілі бір тіркелген мөлшерден аспайды.

Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерінің мүдделілігі

Директорлар кеңесі немесе Басқарманың бірде бір мүшесі Ықтимал ұсынысқа дейін Компания акцияларын иеленген емес және Акцияларды сатып алуға өтінім бермеген. Ықтимал ұсынысқа дейін Директорлар кеңесінің мүшелері немесе Басқарма мүшелері отбасыларының бірде бір мүшесі Компания акцияларын меншік құқығында иеленбеген және Акцияларды сатып алуға өтінім берген жоқ. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма мүшелерінің арасында отбасылық және туыстық қарым-қатынас жоқ.

Компания директорларының бұрын атқарған лауазымдары туралы ақпарат

Директорлар кеңесі немесе Басқарманың бірде бір мүшесі соңғы бес жыл ішінде:

қандай да бір серіктестікте әріптес болып, осы уақыт аралығында немесе осыған дейінгі он екі айда серіктестіктің мәжбүрлі таратылуына, серіктестікті басқаруға немесе оның қандай да бір келісімі бойынша әрекет жасауға қатысқан жоқ; айлакерлік немесе тәртіп бұзушылықтар бойынша айып тағылып, сотқа тартылған жоқ;

алаяқтық немесе әдепсіздік айыптауларына байланысты қайсыбір соттауларға (өтіп кеткен не өтпеген) ие емес;

банкрот болып жарияланбаған және қандай да бір тұлғамен келісімге тұрмаған;

осы сәтте немесе өзі директор немесе басқа да лауазым иесі болғаннан кейінгі он екі ай ішінде конкурстық өндіріс, мәжбүрлі тарату, басқару жүргізілген, компанияның қандай да бір келісімі немесе кредиторлармен тұтастай не осындай компанияның кез келген сыныпты кредиторларымен келісімге отырған қандай да бір компанияның директоры немесе басқа да лауазымды тұлғасы болған жоқ;

осында серіктестіктің кез келген активтері үшін конкурстық өндіріс басталған сәттегі немесе он екі ай ішінде кез келген серіктестің әріптесі болған жоқ;

серіктестікке қатысты конкурстық өндірісі бар активтерге ие емес; немесе

кез келген мемлекеттік орган тарапынан (арнайы кәсіби органдарды қоса алғанда) кез келген ресми айыптаулар тағылған жоқ, немесе компания директоры немесе басқа лауазымды тұлға ретіндегі іс-қимылдары үшін не Компанияға басшылықты жүзеге асыру немесе істерін жүргізу кезіндегі іс-қимылдары үшін сот арқылы біліктілігінен айырылған жоқ.

Компания департаменттерінің басшылары

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум әзірленген күнге Компания департаменттерінің басшылары мына тұлғалар болып табылады:

Департамент	Департамент басшысы
Жүйелік қызмет көрсету	Қуанышбаев Жәнібек Болатбекұлы
Сатып алу	Демина Любовь Михайловна
Қамтамасыз ету	Ахметтаев Дәуір Диасұлы
Жоспарлау және экономикалық талдау	Жексембинов Серік Жомартқалиұлы
Бухгалтерлік және салықты есепке алу	Мұқанова Динара Тұрашқызы
Қазынашылық	Молдыбаева Ника Ахметқызы
Жобаларды басқару	Катышев Сергей Ирманович
Релелік қорғаныш және қосалқы станцияларды автоматтандыру	Нұритдинов Әділ Болатұлы
ҰЭТ-ты дамыту	Исенов Нұржан Кәкімжанұлы
Пайдалану	Арыстанов Бауыржан Пірімтайұлы
Күрделі құрылыс	Атақұлов Ермаханбет Тіллабекұлы
Заң	Сафуани Төлеген Есенқұлұлы
Корпоративтік даму	Ахметов Ербосын Кимович
Адами ресурстарды басқару	Айменов Ханат Армиянұлы
Сыртқы байланыс	
Ішкі аудит қызметі	Шайханов Арман Жаңабайұлы
Корпоративтік хатшы қызметі	Есетов Өміржан Өмірбекұлы
Техникалық бақылау және еңбек қорғау қызметі	Рамазанов Ертай Бауыржанұлы Аппақов Нұрбол Тілеукеұлы
Қауіпсіздік қызметі	Жақыпбаев Алпысбай
Баспасөз қызметі	Қарпышев Орал Қабылұлы
Телекоммуникациялар және ақпараттық технологиялар басқармасы	Әнесов Серік Ибадуллаұлы
Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы	Кезекенева Күләй Бақайқызы

Компания филиалдарының/өкілдігінің басшылары

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум әзірленген күнге Компания филиалдарының/өкілдігінің басшылары мына тұлғалар болып табылады:

Филиал/Өкілдік	Филиал/Өкілдік басшысы
Жүйелік оператордың Ұлттық	Нұғманов Серік Айбекұлы

Филиал/Өкілдік	Филиал/Өкілдік басшысы
диспетчерлік орталығы (Филиал)	
«Ақмола ЖЭТ» филиалы	Алшынбеков Жаңабай Жұмаділұлы
«Ақтөбе ЖЭТ « филиалы	Қазиев Хабибулла Асанұлы
«Алматы ЖЭТ» филиалы	Уражанов Қайрат Манапұлы
«Шығыс ЖЭТ» филиалы	Алпысбаев Талғат Тұрсынұлы
«Батыс ЖЭТ» филиалы	Дайнеко Александр Николаевич
«Сарыбай ЖЭТ» филиалы	Қаракесеков Қайрат Ізбасарұлы
«Солтүстік ЖЭТ» филиалы	Тұяқов Төлеу Ақанұлы
«Орталық ЖЭТ» филиалы	Бейсенов Арман Қыдырбайұлы
«Оңтүстік ЖЭТ « филиалы	Гольдштейн Сергей Генрихович
KEGOC-тың Алматы қ.-дағы өкілдігі	Қалменов Марат Ерғалиұлы

«Энергоинформ» АҚ басшылығы

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум әзірленген күнге «Энергоинформ» АҚ Басқармасының төрағасы Әбдіғалиев Әнуар Молдағалиұлы болып табылады.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС басшылығы

Осы Бастапқы инвестициялық меморандум әзірленген күнге «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС Бас директоры Нұрмағанбетов Жандос Демесінұлы болып табылады.

Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүдделі тұлғалары

Компания өзінің күнделікті шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында негізгі акционері Қор болып табылатын оның үлестес компанияларымен жасалуынада мүдделілік бар мәмілелер жасап келді және жасауда. Қор тобының мүшелері арасында мәмілелер жасау рәсімі Қор туралы заңмен және Қор Тобы мүшелерінің арасында мәміле жасау ережесімен реттеледі («Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін ұйымдар арасында мәміле жасау ережелері).

Қор Тобы мүшелерінің арасында мәміле жасау ережесі Компания Басқармасына Қор Тобының өзге мүшелерімен мәміле жасау туралы шешім қабылдауға өкілеттік береді. Компания Басқармасы мүшелерінің 75 пайызы шешім қабылдауды жақтап дауыс берсе, шешім қабылданды деп саналады. Компанияның Директорлар кеңесі де өз қарауы бойынша Қор Тобының мүшелерімен мәміле жасау туралы шешім қабылдай алады.

Осы Бастапқы меморандум әзірленген күнге Қор Компанияның жалғыз акционері болып табылады және Ықтимал ұсыныстан кейін Қорға 90% плюс бір акция тиесілі болады. Компанияның бақылаушы акционері бола отырып, Қор KEGOC-тың Директорлар кеңесін, сондай-ақ Компания Басқармасының да жұмысын бақылайды. Бұл жағдаят Компания үшін жасалуында мүдделік бар мәмілелердің өзара байланысты емес тараптар арасында жасалған мәмілелерге қарағанда қолайлылық шарты аз екендігін көрсетеді, бұл мәмілелер жасау тәуекелін туындатады.

Толығырақ ақпарат үшін «**Қордың Компанияның негізгі акционері ретіндегі мүдделері Компания мүдделерінен және Акцияларды ұстаушылардың мүдделерінен ерекшеленуі мүмкін**» бөлімін қараңыз.

Директорлар кеңесі мүшелерімен, Басқарма мүшелерімен және негізгі қызметкерлермен жасалатын мәмілелелер

Компания Директорлар кеңесі мүшелерімен немесе осы бөлімде аталған негізгі қызметкерлермен 2011 жылдың 1 қаңтарынан 2013 жылдың 31 желтоқсаны аралығында олардың Директорлар немесе Компания қызметкерлері ретіндегі мәртебелеріне байланысты мәмілелерден басқа мәмілелелер жасаған жоқ

Корпоративтік басқару

Компания корпоративтік басқаруды жетілдіру саясатын іске асыруда. Тиімді корпоративтік басқару әдістерін әзірлеу мен тұрақты дамуды қамтамасыз ету KEGOC-тың 2025 жылға дейінгі Ұзақ мерзімді даму стратегиясында баяндалған Компанияның тұтқалы стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады.

Тәуелсіз директорлар

Акционерлік қоғамдар туралы заңға сай директорлардың кемінде 30 пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Қазіргі тұста алты директодың үшеуі тәуелсіз директор болып табылады. Сонымен, тәуелсіз директорлар саны Акционерлік қоғамдар туралы заң талаптарына жауап береді.

Акционерлік қоғамдар туралы Заңға және Компанияның Жарғысына сәйкес, Директор мына жағдайларда:

- Компанияның немесе оның үлестес ұйымдарының үлестес тұлғасы болып табылмаса және Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейінгі үш жыл ішінде сондай дәрежеде болмаса (Компанияның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайынан басқа);

- Компанияның немесе оның үлестес ұйымдарының лауазымдық тұлғаларына бағыныштылықпен байланысты болмаса, және Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейінгі үш жыл ішінде сондай дәрежеде болмаса;

- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Компанияның аудитіне қатыспаса және Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса;

- Компания органдарының жиналыстарына кез келген акционердің өкілі ретінде қатыспаса және Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейінгі үш жыл ішінде мұндай өкіл болмаса;

- мемлекеттік қызметші болып табылмаса тәуелсіз болып саналады.

Директорлар кеңесінің Комитеттері

Акционерлік қоғамдар туралы Заңға және Компанияның Жарғысына сәйкес, Компания Директорлар кеңесінің мынадай мәселелер жөніндегі комитеттерін құруға міндетті:

- ішкі аудит;
    - кадрлар мен сыйақылар;
    - стратегиялық жоспарлау;
    - әлеуметтік мәселелер.

Компанияда үш комитет жұмыс істейді: Аудит бойынша, кадрлар мен сыйақылар мәселесі бойынша, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару жөнінде. Әлеуметтік мәселелер осы үш комитет арасында бөлінеді. Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес 1-4т. санамаланған мәселелер бойынша комитеттердің төрағасы тек тәуелсіз директорлар бола алады.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің кеңесші комитеті болып табылады. Ол Директорлар кеңесіне мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар беруге жауапты: (i) Компанияның қаржылық және экономикалық қызметін мониторингілеу жүйесінің тиімділігі; (ii) Компания тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділігі әрі (iii) Компаниядағы сыртқы және ішкі аудиторлардың тәуелсіздігі.

Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес аудит жөніндегі комитет төрағасы тек тәуелсіз директор болуы тиіс. Компанияның ішкі құжаттарына сай Аудит жөніндегі комитет құрамына кем дегенде екі директор енуі тиіс, ең болмағанда біреуі тәуелсіз директор және комитет төрағасы болуы тиіс. Ішкі аудит жөніндегі комитеттің кемінде бір мүшесінің бухгалтерлік есепке алу, қаржы, қаржылық есеп немесе аудит аясындағы білімі жеткілікті, тәжірибесі болуы тиіс.

Қазіргі уақытта Аудит жөніндегі комитетке үш тәуелсіз директор енеді: Дәукеев мырза, Спицын мырза және Сутера мырза. Сутера мырза комитет төрағасы болып табылады. Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелерінің комитет қарауындағы мәселелерге қатысты білімдері мен біліктілігі жеткілікті.

Аудит жөніндегі комитет жылдық қызмет жоспарын әзірлейді және осы жоспарға сәйкес отырыстар өткізеді. Комитет отырыстары бейне немесе аудиоконференция түрінде өткізілуі мүмкін. Қажет кезде кезектен тыс отырыстар жүргізіле алады. Комитет отырыстарды ұйымдастыру мен шақыру үшін жауапты хатшыны тағайындайды.

Аудит жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері: (i) Компанияның қаржылық есептілігін тексеру; Бухгалтерлік есепке алу саясатына енгізуге ұсынылған өзгерістерді қарау және талдау; (ii) Компания басшылығы мен сыртқы аудитор арасындағы елеулі келіспеушіліктерді қарау; (iii) Бухгалтерлік есепке алу саясатын алдын ала бекіту; (iv) қаржылық есептілікті жылдың аяғына қарай алдын ала бекіту; (v) сыртқы және ішкі аудиторлардың Компания тәуекелдерін басқару жүйесіне қатысты есептерін қарау; (vi) тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін және ішкі мониторингті арттыру мақсатында Компанияның алдын ала қолданатын іс-қимылдары мен шараларының салдарларын талдау; (vii) сыртқы аудиторды тарту туралы ұсыныстарды қарау және тиісті ұснымдарды беру; (viii) аудиторлық қызметтер мен қосымша қызметтерді көрсету туралы шарттар жобаларын қарау; (ix) жылдың аяғына қаржылық нәтижелер мен сыртқы аудиттен өтетін аралық қаржылық есептікті қарау; (x) Ішкі аудит қызметінің жұмысына бақылау.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің кеңесші Комитеті болып табылады. Акционерлік қоғамдар туралы Заңға сәйкес Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс. Компанияның ішкі құжаттарына сай Аудит жөніндегі комитет құрамына кем дегенде екі директор енуі тиіс, ең болмағанда біреуі тәуелсіз директор және комитет төрағасы болуы тиіс. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады.

Қазіргі уақытта Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет үш тәуелсіз директордан тұрады: Дәукеев мырза, Спицын мырза және Сутера мырза. Дәукеев мырза комитет төрағасы болып табылады.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі жылдық қызмет жоспарын әзірлейді және осы жоспарға сәйкес отырыстар өткізеді. Қажет кезде кезектен тыс отырыстар ұйымдастырылуы мүмкін. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет отырыстарын ұйымдастыру мен шақыру үшін жауапты Комитет хатшысының міндетін Корпоративтік хатшы орындайды.

Комитеттің негізгі міндеттері: (i) тәуелсіз директорлар мен корпоративтік хатшыны таңдаудың біліктілік талаптарын жәене өлшемдерін әзірлеу; (ii) Директорлар кеңесінің, басқарманың мүшелерін, корпоративтік хатшы мен Компанияның басқа да қызметкерлеріне сыйақы беру туралы ұсынымдар әзірлеу; (iii) корпоративтік хатшыны тағайындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу; (v) Басқарма мүшелерінің сандық құрамы мен уәкілеттік мерзімдеріне қатысты ұсынымдар әзірлеу; (vi) сыйақы мен еңбекақыға қатысты ішкі құжаттарды, сондай-ақ соларға өзгерістер мен толықтыруларды қарау.

Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің кеңесші Комитеті болып табылады. Акционерлік қоғамдар туралы Заңға сәйкес Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс. Компанияның ішкі құжаттарына сай Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитет құрамына кем дегенде екі директор енуі тиіс, ең болмағанда біреуі тәуелсіз директор және комитет төрағасы болуы тиіс. Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады.

Қазіргі уақытта Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитеттің құрамында үш тәуелсіз директор бар: Дәукеев мырза, Спицын мырза және Сутера мырза. Спицын мырза Комитет төрағасы болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитет жылдық қызмет жоспарын әзірлейді және осы жоспарға сәйкес отырыстар өткізеді. Қажет кезде кезектен тыс отырыстар өткізеді. Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі Комитет отырыстарын ұйымдастыру мен шақыру үшін жауапты Комитет хатшысының міндетін Корпоративтік хатшы орындайды.

Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері: (i) Компанияның ұзақ мерзімді стратегиясын, сондай-ақ соған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала талдау; (ii) ұзақ мерзімді стратегияны іске асыру жөніндегі жоспарларды алдын ала талдау; (iii) есептерді және стратегияның тиімділігі туралы ақапаратты мазмұндайтын басқа да құжаттарды алдын ала талдау.

Корпоративтік хатшы

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін корпоративтік хатшыны жай көпшілік дауыспен сайлайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері: (i) Компанияның, оның басшылығының және басқа да органдар қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғы мен Компанияның басқа да ішкі құжаттарында мазмұндалған корпоративтік басқару талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету; (ii) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының тиімділігін қамтамасыз ету; (iii) басқарушы органдармен және Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасындағы тиімді коммуникацияны қамтамасыз ету.

Корпоративтік басқару кодексі

Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») 2011 ж. 17 мамырда Компанияның жалғыз акционері ретіндегі Қор арқылы бекітілді. Компанияның корпоративтік басқару қызметінің ашықтығын арттыру және Компанияның жоғары корпоративтік басқару

стандарттарын орындау даярлығын көрсету Кодексті қабылдаудағы негізгі мақсаттар болып табылады.

Кодекс қағидалар мен ұсынымдар жиынтығын көрсетеді, оларды Компания ішкі корпоративтік қатынастар мен басқа да нарыққа қатысушылармен қарым-қатынастардың жоғары этикалық стандарттарын сақтау үшін қызмет барысында басшылыққа алуы қажет.

Кодекс Компанияның ағымдық қызметінде заңнамалық талаптарды және іскерлік тәртіптің этикалық стандарттарын бұлжытпай сақтауға негізделген тиімді стандарттар мен корпоративтік тәртіп салттарын тұжырымдауға және ендіруге сәйкес әзірленген. Компанияның акционерлердің, клиенттер мен қызметкерлердің алдындағы жағымды имиджін қалыптастыру, сондай-ақ тәуекелдерді бақылау мен мейлінше азайту, орнықты қаржылық нәтижелер мен табысты жарғылық қызметті қолдау Кодексті ендіру және сақтаудағы мақсат болып табылады.

Кодекске сәйкес акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты, Компанияны Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару қағидаты, Компанияның тәуелсіз қызмет қағидаты, Компанияның қызметі туралы ақапратты ашықтық пен шынайылық қағидатына сәйкес жариялау, заңдылық пен этикалық қағидат, дивидендтік және кадр саясатының тиімділік қағидаты, қоршаған ортаны қорғау қағидаты, корпоративтік дау-дамайлар мен мүдделер қақтығысын шешу қағидаты, сондай-ақ жауапкершілік қағидаты Компанияның корпоративтік басқару мақсаттары болып табылады.

Инвесторлармен қарым-қатынастар

Өз акционерлерімен қарым-қатынастарды жоғары деңгейде ұстап тұру үшін Компания Инвесторлармен жұмыс департаментін құрды, ол құрылым Компаниядағы инвесторлармен қарым-қатынасты үйлестіретін болады және Компанияның өз акционерлерімен өзара іс-қимылды жолға қоюда негізгі байланыс көзіне айналады.

Тәуекелдерді басқару

Компания тәуекелдерді басқару құрылымын әзірледі және бекітті, оған Директорлар кеңесі бекіткен Компанияның бірнеше саясаттары енеді. Компания сондай-ақ Басқарманың кеңесші органы болып табылатын Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетті құрды.

Комитет құрамына мына мүшелер енеді:

- Комитет төрағасы, KEGOC Басқарма төрағасы - Қажиев Б.Т.;
- Комитет төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары - Бексары Ж.М.;

Комитет мүшелері:

- KEGOC Басқарма төрағасының бірінші орынбасары - Жазықбаев Б.М.;
- Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – Ақмурзин А.А.;
- Техникалық бақылау және қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор – Темірбеков Б.Ж.;
- Экономика жөніндегі басқарушы директор – Ботабеков А.Т.;
- Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор – Жақыпбаев К.Т.;
- ҰЭТ-ты дамыту және жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директор – Қуанышбаев А.Д.;
- Филиалдармен және ЕБҰ-мен жұмыс жөніндегі басқарушы директор – Бекенов М.О.;

- Заң департаментінің директоры – Сафуани Т.Е.;
- «KEGOC» АҚ «ЖО Ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалының директоры - Нұғыманов С.А.;
- Ішкі аудит қызметінің басшысы (дауыс беру құқысыз, бақылаушы ретінде) – Есетов О.О.;
- Корпоративтік даму департаментінің директоры– Ахметов Е.К..

Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері: (i) Басқармаға тәуекелдерді басқарумен байланысты кез келген шешімдер бойынша ықпал ету; (ii) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөнінде ұсынымдар беру; (iii) тәуекелдерді анықтау, талдау, бағалау және тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды әзірлеу; (iv) Компанияның еншілес ұйымдарына тәуекелдерді басқару жөнінде ұсынымдар беру.

Ішкі аудит

Компанияда Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметі құрылған. Акционерлік қоғамдар туралы Заң Ішкі аудит қызметінің болуын міндетті деп есептемейді.

Ішкі аудит қызметінің мүшелерін Директорлар кеңесі тағайындайды. Компанияның ішкі саясаттарына сай Ішкі аудит қызметі өз міндеттерін риясыз орындауы үшін тәуелсіз болуы тиіс, Ішкі аудит қызметінің мүшелерінің (i) кейін ішкі аудит объектісі болатын қандай бір қызметке қатысуға немесе (ii) бұрын өздері атқарған қызметке аудит жүргізуге құқығы жоқ. Компанияның ішкі саясаттары Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерінің біліктілік талаптарын белгілейді. Біліктілік талаптары Ішкі аудит қызметінің мүшелерінің лауазымына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері:(i) ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау; (ii) Компанияның Қазақстан заңдарының талаптарын сақтауын бағалау, талаптарды орындау жүйесін бағалау; (iii) Компанияның активтерін пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау; (iv) корпоративтік басқару жүйесінің сәйкестігі мен тиімділігін бағалау; (v) Компанияның еншілес ұйымдарындағы Ішкі аудит қызметтеріне қолдау көрсету.

Ішкі аудит қызметі мынадай негізгі міндеттерді атқарады: (i) Компаниядағы ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігі мен тиімділігін бағалау; (ii) Компанияның Қазақстан заңдарының, халықаралық шарттардың, Компанияның ішкі саясаттарын, мемлекеттік органдар өкімдерінің, Компания органдары шешімдерінің талаптарын сақтау мониторингі және жоғарыда санамалағандарды мониторингілеу жүйесін бағалау; (iii) Компанияның сыртқы аудит ұсынымдарын сақтау мониторингі; (iv) Компанияның сыртқы аудитіне қатысу.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ СИПАТТАМАСЫ

Компанияның Жарғылық капиталы жай акциялардың қосындысынан тұрады, жай акциялар өз иеленушілеріне дауыс беру құқығын береді.

Компанияның ірі акционері Қор болып табылады, ол Ықтимал ұсынысқа дейін Компанияның барлық дауыс беруші акцияларының 100%-ға тең мөлшеріндегі жай акцияларына ие болды. Ықтимал ұсыныстан кейін Қор Компанияның барлық дауыс беруші акцияларының кемінде 90% плюс бір акциясына ие болады. «НЕГІЗГІ АКЦИОНЕР» бөлімін қараңыз.

Бастапқы жарғылық капитал

1998 жылы Компания атаулы құны 10 000,00 теңге болатын 7 406 963 жай акция шығарды. Акциялар шығарылымын Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық Комиссия 1998 жылдың 27 тамызында тіркеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті арқылы барлық 7 406 963 жай акцияны сатып алды, олардың ақысын Компанияның жарғылық капиталына (i) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйегіндегі № 1188 қаулысына, [(ii) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 шілдесіндегі № 1193 қаулысына және (iii) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 тамызындағы № 1210 қаулысына сәйкес мемлекеттік мүлікпен жарғы салу арқылы төледі.

Компания осы активтерге меншік құқығын иеленіп отыр, олар қазір ҰЭТ-тың едәуір бөлігін құрайды. Компанияның акционерлік капиталы 74.069, 63 млн.теңгеге тең.

Акционерлік капиталдың ұлғаюы

1-шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – KEGOC;

жалпы саны – 7.406.963 дана;

түрі – жай акциялар;

бір жай акцияның атаулы құны – 10.000 теңге;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық Комиссиясы;

мемлекеттік тіркелім нөмірі - 02-2-19/4177;

бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен күн - 1998 жылғы 27 тамыз;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні:

- 1998 ж. 27 тамыз

- 1998 ж. 02 қараша;

2-шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – KEGOC;

жалпы саны – 155.625 дана;

түрі – жай акциялар;

бір жай акцияның атаулы құны – 10.000 теңге;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі;

мемлекеттік тіркелім нөмірі – А3493;

бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен күн - 2005 жылғы 09 маусым;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні:

- 2005 ж. 09 маусым – 2006ж. 21 наурыз (155.624 жай акция)

- 2007 ж. 22 қыркүйек – 2007ж. 24 желтоқсан (1 жай акция);

3 -шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – KEGOC;

жалпы саны – 935.000 дана;

түрі – жай акциялар;

бір жай акцияның атаулы құны – 10.000 теңге;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі;

мемлекеттік тіркелім нөмірі – А3493;

бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен күн - 2008 жылғы 18 шілде;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні:

- 18 шілде 2008 ж. – 27 қаңтар 2009 ж. (423.000 жай акция);

- 28 қаңтар 2009 ж. – 27 шілде 2009 ж. (269.000 жай акция);

- 28 қаңтар 2011 ж. – 27 шілде 2011 ж. (60.000 жай акция);

- 28 шілде 2012 ж. – 27 қаңтар 2013 ж. (100.000 жай акция);

- 28 қаңтар 2013 ж. – 27 шілде 2013 ж. (806.000 жай акция).

4 -шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – KEGOC;

жалпы саны – 300. 000 дана;

түрі – жай акциялар;

бір жай акцияның атаулы құны – 10.000 теңге;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі;

мемлекеттік тіркелім нөмірі – А3493;

бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен күн - 2008 жылғы 24 қараша;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні:

- 2008 ж. 18 шілде - 2009 ж. 27 қаңтар;

5-шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – KEGOC;

жалпы саны – 1.969.709 дана;

түрі – жай акциялар;

бір жай акцияның атаулы құны – 10.000 теңге;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі;

мемлекеттік тіркелім нөмірі – А3493;

бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен күн - 2009 жылғы 25 қараша;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні:

- 2009 ж. 28 шілде - 2010 ж. 27 қаңтар;

2013 жылғы 18 наурызда Компания акциялар санын 1:20 пропорциясында бөлшектеу жолымен көбейтті.

6 -шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – «KEGOC» АҚ;

жалпы саны – 22 978 437 дана;

түрі – жай акциялар;

бір акцияның атаулы құны – 500 теңге;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитеті;

мемлекеттік тіркелім нөмірі – А3493;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні - 2013 жылғы 18 наурыз;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні – акциялар орналастырылған жоқ.

7-шығарылым

Шығарылым құрылымы:

эмитент – KEGOC;

жалпы саны – 21.675.623 дана;

түрі – жай акциялар;

бір жай акцияның атаулы құны – 364 теңге 78 тиын;

шығарылым нысаны – құжатсыз;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

мемлекеттік тіркелім нөмірі – А3493;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні - 2014 жылғы 10 қыркүйек;

акциялар шығарылымының күшін жою – жоқ;

бағалы қағаздарды орналастыру мезгілінің басталу және аяқталу күні – акциялар орналастырылған жоқ.

Компания тіркеушісі

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» («**Тіркеуші**») АҚ, тіркеуші Компания мен Тіркеуші арасында 2013 жылы жасалған келісімге сәйкес Компания акционерлерінің тізілімін жүргізу жөнінде қызмет көрсетеді. Тіркеуші қызметі лицензияланбайды.

Тіркеуші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2011 жылғы 28 қазандағы №172 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы №1 шешімімен бекітілді және қазіргі уақытта бағалы қағаздар нарығының жалғыз қатысушысы болып табылады, ол қазақстандық компаниялардың акциялар ұстаушыларының тізілімдерін жүргізуге құқылы. Қоғамның акцияларына меншік құқығы тиесілігі Қоғам акционерлерінің тізілімінен алынған үзіндімен расталады.

Тіркеуші мына мекенжайда орналасқан: Алматы, 050000, Абылай хан даңғ., 141 тел. 8 (727) 272 47 60, факс 8 (727) 272 47 60 ішкі 230 email [info@tisr.kz]. Хамитов Бекболат Сәбитұлы Тіркеуші Басқармасының төрағасы болып табылады.

САЛЫҚ САЛУ

Қазақстандағы салық салудың кейбір мәселелеріне арналған осы қысқаша шолу Қазақстан заңнамасына және Қазақстандағы салық органдарының осы құжат әзірленген күнгі тәжірибесіне негізделген, және заңдарға енгізілетін өзгерістерге, осындай заңдарды (кері күші бар) түсіндіру мен қолдану тәжірибесіне байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл қысқаша шолу Акцияларды сатып алу, иелену немесе иеліктен шығару туралы шешім қабылдауда маңызды болып табылатын барлық салық мәселелерінің жан-жақты сипаттамасы болып табылмайды, және барлық инвесторлар санаттарына қолданылатын салықтық салдарларды қарастырмайды, олардың кейбіреулеріне (дилерлер, қаржылық институттар, сақтандыру компаниялары, ұжымдық инвестициялық тәсімдер, салықтан босатылған ұйымдар, Компаниямен немесе акцияларды иеленген лауазымына не атқаратын жұмысына орай сатып алған (немесе сатып алды деп саналған) акционерлермен байланысты) арнайы талаптар таралуы мүмкін. Егер де өзгедей көрсетілмесе, осы қысқаша шолу Қазақстан азаматтары болып табылатын инвесторларға ғана қатысты болап табылады.

Төменде мазмұндалған мәлімдемелер қандай да бір акционерге оның жеке салық салуына қатысты кеңес бере алмайды. Қазақстандағы салық салуғ ақатысты күмәні бар инвесторлар және Қазақстаннан тысқары тұратын әрі Қазақстан болып табылмайтын басқа юрисдикцияда салық салынатын акционерлер кәсіби консультанттың кеңесіне жүгінулері тиіс.

Осы қысқаша шолуда Акцияларды сатып алумен, иеленумен және орналастырумен байланысты Қазақстанда туындайтын салықтық салдарлар талқыланады. Тұтастай алғанда, бағалы қағаздар мен қаржы құралдарының салық салынуын реттейтін Қазақстанның салық заңнамасы жеткіліксіз дамыған және көп жағдайларда қазақстандық салынатын салықтың дәл көлемі, нормаларға сәйкестік қағидалары және күштеп орындау тетігі айқын емес және оларды әртүрлі ұғындыру мүмкіншілігі бар.

Жоғарыда аталған мәмілелер бойынша белгілі бір жағдайлар кезінде Қазақстанда қолданылуы мүмкін бір ғана салық табыс салығы болып табылады. Жоғарыда аталған мәмілелер бойынша басқа ешбір салық немесе міндетті төлемдер Қазақстанда тиіс емес. Төменде аталғаннан басқа (мысалы, дивидендтерге қосарлы салық салудан жалтару туралы шарт) осы қысқаша шолудың барлық тиісті мақсаттары үшін заңды және жеке тұлғалар ұқсас салық салуға жатады.

Салықтық резиденттік

Қазақстан азаматтары, егер де олардың тіршілік етуортасы Қазақстанда орналасса, Қазақстан резиденттері болып саналады. Егер де төменде барлық санамаланған талаптарға сай келсе, олардың тіршілік ету ортасы Қазақстанда деп есептеледі:

- Жеке тұлға Қазақстан азаматы болып табылады немесе Қазақстанда тұру құқына ие;
- Жеке тұлғаның отбасы мен жақын туыстары Қазақстанда тұрады; және
- Жеке тұлға немесе оның отбасы мүшелері Қазақстанда меншік құқығында немесе кез келген басқа негізде жылжымайтын мүлікке ие, және ол жылжымайтын мүлік Жеке тұлғаның немесе оның отбасы мүшелерінің тұруы үшін қолжетімді.

Қосарлы салық салудан жалтару туралы шарт резиденттікті айқындаудың өзге де қағидаларын қарастыра алады.

Қазақстанның салық резиденттерінің әлемнің кез келген бөлігінде алынған табысына салық салынады. Осы қысқаша шолу барлық Акционерлер мен Акциялар эмитенті салық салу мақсаттары үшін Қазақстан резиденттері болып табылады деген жорамалға негізделеді.

Салық салынбайтын акцияларды иеліктен айыру

KASE-де акцияларды ашық сауда-саттық әдісімен сатып алудан түскен кез келген кіріс, егер бұл акциялар KASE-нің ресми тізімінде болатын болса кез келген салық төлемінен босатылады.

Дивидендтерге салық салу

Дивиденділерді есептелетін күні KASE-нің ресми тізімінде тұрған Акциялар бойынша дивидендтер кез келген салық төлемдерінен босатылады.

Жоғарыда келтірілген сипаттама Акцияларды сатумен, иеленумен және орналастырумен байланысты барлық салықтық салдарлардың толық талдамасы бола алмайды. Инвесторлар өз салық консультанттарына нақты жағдайдағы салық салуға қатысты өтінім беруі тиіс.

ЛИСТИНГ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Аффиллиирленген тұлғалар

Төмендегі ақпарат Қазақстандық қор биржасы Листингілік ережелерінің (2009ж. қараша) 3 қосымшасы 4 бөлімінің 6 бабы талаптарына сәйкес ұсынылып отыр.

Толық атауы	Заңды және нақты мекенжайы (орналасқан жері)	Қызмет түрі	Бірінші басшы туралы ақпарат	Аффиллиирлену негіздемесі
«Энергоинформ» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа көш.,15 үй	ҚР БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмыс істеуі мен тиімді дамуын қамтамасыз ету	Әбдіғалиев Әнуар Молдағалиұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 65- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«КазЭнергоПровод» ЖШС	Казақстан Республикасы, 071400, ШҚО, Семей қ., Рысқұлов көш., 4-Б	Кабель және электр өткізгіштері өнімдерін өндіру және сату	Күзекбаев Ақан Ғалымжанұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 6) тармақшасы
«Батыс-транзит» АҚ	Казақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Шевченко көш.,162 ж	Солтүстік Қазақстан мен Ақтөбе облысын қосатын өңір аралық жеткізу желілерінің құрылысы	Ысқақов Асқар Кенжекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Мехэнергострой» ЖШС	Казақстан Республикасы. 050057 Алматы қ., Марков көш., 13	Кернеу күштері әр түрлі электр жеткізу желілері мен қосалқы электр станцияларының барлық түрлерін салу, қайта жаңалау және жөндеу	Мұқашев Азат Саматұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 6) тармақшасы
«Компания Паритет» ЖШС	Казақстан Республикасы, 050057 Алматы қ., Төле би көш. 302	Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, қайта қалпына келтіру және енгізу, қаржылық және статистикалық есептемені әзірлеу	Бершимбеков Ильяс Кайратбекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы»ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 6) тармақшасы
«Ракурс»экономикалық талдау орталығы» Қоғамдық Қоры	Казақстан Республикасы 050057 Алматы қ. Достық	Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеумен айналысатын мемлекеттік емес коммерциялық емес зерттеу ұйымы		«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 6) тармақшасы

	даңғылы, 97 Б, 7/2 кеңсе			
«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржылық орталығы» ЖШС	Казақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік,37	Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілерде өндірілген және Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілетін электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алуды және сатуды жүзеге асыру	Нұрмағанбетов Жандос Демесінұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 6) тармақшасы
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	Заңды мекенжайы: Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев көш., 8 үй, Блок Б	Қор тобына енетін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын арттыру және активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын жақсарту	Шүкеев Өмірзақ Естайұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай Батыр даңғылы, 19 үй	Мұнай және газ тасымалын, Қазақстан аумағында толтырылған танкерлердің тасымалын қамтамасыз етеді. Компания Қазақстандағы негізгі тазарту зауыттарын басқарады. Мұнайды және мұнай мен газ өнімдерін сатады, осы өнімдердің сауда-саттығына қатысты экспорттау саясатында мемлекет мүддесін қорғайды.	Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев көш., 6 үй	Магистральды теміржол желісінің, теміржол көлігімен жолаушылар және жүк тасымалының операторы қызметін атқару секілді қызмет түрлерін жүзеге асырады	Мамин Асқар Ұзақбайұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Казпочта» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, М. Әуезов көш., 13	Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық тұтынушыларға олардың қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыратын қазіргі заманға сай пошта, қаржылық және логистикалық қызмет түрлерін ұсынады	Мусин Бағдат Батырбекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Казахтелеком» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сауран көш., 12 (уақытша пошталық мекенжайы)	Қазақстан Республикасының пайдаланушыларына кең ауқымдағы телекоммуникациялық қызмет түрлерін, жоғары сапалы сандық коммуникация қызметін ұсынады	Есекеев Қуанышбек Бахытбекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы

	Казақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Фурманов көш., 240 Б			
АО «Шөкин атындағы ҚазҒЗ энергетика институты»	Казақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Байтұрсынов көш., 85 үй	Стандарттан тыс электр энергиясы және жаңартылатын энергия көздері саласындағы зерттеулер, нанотехнологияның жаңа түрлерін зерделеу, сондай-ақ энергияны тиімді пайдалану және энергия үнемдеу мәселелері	Абдуллаев Калық Абдуллаұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«КОРЭМ»АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тұран даңғылы, 18 үй, блок А	Электр энергиясының спот-сауда-саттығын ұйымдастыру және жүргізу	Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Эйр Астана» АҚ	Казақстан Республикасы, 050039 Алматы, Закарпатская көш., 4А үй Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Самал шағынауданы, 12 «Астана Тауэр» бизнес орталығы 12 қабат	Ішкі және халықаралық әуе қатынасын қамтамасыз етеді	Питер Фостер	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Казатомпром» Ұлттық атом компаниясы» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев көш., 10 үй	Уран және ядролық отын циклы, бериллий, тантал және ниобий өндіру мен энергия қуатын өндіру саласында жұмыс істейді	Қаппаров Нұрлан Жамбылұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Казахстан Инжиниринг»Ұлттық компаниясы»АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Д. Қонаев көш., 10	Қазақстан Республикасының әскери күштерін, өзге де әскер түрлері мен әскери құрамаларын технологиялық жаңғырту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға қатысу және қару-жарақ пен әскери техника өндіруді дамыту	Смағұлов Болат Советұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы

«Майқайыңалтын» АҚ	Казақстан Республикасы, 140308, Павлодар облысы, Майқайың ауылы, Баянауыл ауданы, Чкалов көш., 13	Құрамында алтыны бар колчеданды-полиметалды кенді өндіру және өңдеу	Богачев Игорь Геннадьевич	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Павлодар Аэропорты» АҚ	Казақстан Республикасы, 140001, Павлодар қ., аэропорт	Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес әуе көліктеріне, жолаушыларға, жүк, пошта, жолжүктердің тасымалына қатысты қауіпсіз және тиімді қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету	Юдин Владимир Иванович	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Атырау халықаралық аэропорты» АҚ	Казақстан Республикасы, 060011, Атырау қ.	Әуе көліктеріне, жолаушыларға, жолжүктері, пошта мен жүктерге қатысты қызмет көрсету	Керей Есбол Құсманұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Ақтөбе халықаралық аэропорты» АҚ	Казақстан Республикасы, 030003, Ақтобе қ., Авиақалашық	Аэропортта көрсетілетін барлық қызметтер жиынтығы: жолаушылар тасымалын, жолжүктері мен жүктердің меншік нысанына қарамай Қазақстан, ТМД және алыс шетелдер аумағында жүйелі және біржолғы (чартерлік) рейстер арқылы әуе көлігімен тасымалдануын қамтамасыз ету. Сондай-ақ Аэропорт әуе көліктерін жанар-жағар майлармен және қосымша қызмет түрлерімен қамтамасыз етеді.	Аманбаев Бегежан Жанқадырханұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Самұрық-Энерго» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 17, Блок Е, «Лукойл» Бизнес орталығы	Электр қуатын, жылу энергиясын өндіру, электр қуатын жеткізу және тарату, көмір өндіру, энергия өндіруші жабдықтарды қайта жаңалау, кеңейту және салу	Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы (Басқарма Төрағасы)	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев көш., 8	«Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін компаниялардың сатып алу жүйесіндегі қазақстандық мазмұн үлесіне мониторинг жасау; «Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін компаниялар сатып алатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бағасына	Елшібеков Серікбек Кеңесбекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы

	үй, Блок Б, 36 қабат	маркетинг жүргізу; «Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін компаниялардың сатып алулары бойынша бақылау шараларын жүзеге асыру		
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Орынбор көш., «Қазына Тауэр»ғимараты, 102 қабат	«Самұрық-Қазына» АҚ (Қор) инвестициялық қызметіне сараптама жасау арқылы қатысу, Қордың бірқатар инвестициялық жобаларына қатысу және басқару	Найзабеков Қайрат Ғалымжанұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Д. Қонаев көш., 12/1 үй, 5 Б кеңсе	Тәуелсіз кәсіпкерлікпен айналысу барысында таза табыс табу және Қазақстан Республикасының химиялық өнеркәсібін дамыту. Зерттеулер, сараптамалар және инвестициялауға қажетті өзге де жұмыстарды ұйымдастыру және орындау. Заңды тұлғалардың акцияларын белгілеуге және/немесе сатып алуға қатысу; корпоративтік басқарудың озық халықаралық әдістерін енгізу	Ердебай Дәурен Иманжанұлы (Бақылау Кеңесінің Төрағасы);	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
KGF Management	Казақстан Республикасы, 050059, Алматы, Әл-Фараби көш., 19 үй, «Нұрлы Тау» БО, 1Б ғимарат, 502 кеңсе	Инвестициялар	Джон Уорд (Атқарушы Төраға); Беспаев Досым (Басқарушы серіктес)	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
KGF SLP	15.12.2008ж WK-221029			«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
KGF IM	15.12.2008ж WK - 221054			«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы»	Казақстан Республикасы, 010000,	Ресурстық қорды өндіру мен өңдеуді қалыптастыру жобаларын дамыту; инновациялық технологияларды тарту	Тұрмағамбетов Мәжит	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-

Акционерлік қоғамы	Астана қ., Д. Қонаев көш., 12/1 үй	жобаларын дамыту; қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, қайта өңдеу саласында біріктірілген активтер портфелін қалыптастыру	Әбдіхалықұлы	тармағының 5) тармақшасы
«Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	Казақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Орынбор көш., «Қазына Тауэр» ғимараты Казақстан Республикасы, 050040, Алматы, Байзақов көш., 280 үй, «Алматы Тауэрс» БО, Оңтүстік ғимарат, 7 қабат	Тұрғын үй құрылысына инвестиция салу және жылжымайтын мүлікті тиімді басқару, құрылыс индустриясын дамыту, отандық жұмыс, тауар және қызмет жеткізушілерді қолдау	Мыңжасаров Жұмағали Ахметғалиұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Карагандагипроша хт и К» ЖШС	Казақстан Республикасы, Қарағанды қ., Лобода көш., 15 үй	Күрделі құрылыс үшін жобалау жұмыстары: технологиялық жобалау (көмір шахталары және разрездері, қара және түрлі-түсті өнеркәсіптің кен орындары мен карьералары, құрылыс материалдары), архитектуралық құрылысты жобалау, инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау, жұмыстарды жүргізу және құрылысты ұйымдастыру жобаларын әзірлеу, сметалық құжаттаманы әзірлеу	Мирный Иван Яковлевич	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы
«Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС	Казақстан Республикасы, 050000, Алматы, Фурманов көш.	Қатысу үлесі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі қаржылық ұйымдарды басқару бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға консультациялық қызметтер көрсету	Көшкімбаева Мира Аманқұлқызы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64- бабы, 1-тармағының 5) тармақшасы

№ р/с	Фамилиясы, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)	Аффиллиирленген тұлғаларға енгізу негіздемесі	Тұратын қаласы, елі	Ескертпе
1	Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3)	Астана қ., Қазақстан	Активтерді басқару жөніндегі Бас директор «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-

		тармақшасы		ауқат қоры» АҚ, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
2	Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
3	Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
4	Жазықбаев Бақытхан Медеғалиұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
5	Бексары Жаңабай Мұратбекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
6	Темірбеков Болат Жолболдыұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
7	Жақыпбаев Қайрат Төлегенұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
8	Ботабеков Айбек Төлеубекұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
9	Акмурзин Абат Аманұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
10	Қуанышбаев Әскербек Досайұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы	Астана қ., Қазақстан	«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі
11	Бекенов Мұқтар Оңғарбайұлы	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 64-бабы, 1-тармағының 3) тармақшасы		«KEGOC» АҚ Басқарма мүшесі

ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИЙІ

ТМРА Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі – бұрын Қазақстанда табиғи

	монополияларды, тарифтерді есептеу мен енгізу мәселелерін қоса отырып реттейтін агенттік. Агенттік 2014 ж. таратылды және оның міндететрі ҰЭМ-ге тапсырылды;
АСКУЭ	электр энергиясын бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесі;
Аудиттелген қаржылық есептеме	2011, 2012 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанындағы жай-күй бойынша және осы кезеңдерге жасалған Компанияның қаржылық есептемесі;
Әуелік электр жеткізу желілері немесе ӘЖ	ашық ауада орын тепкен және тіректерге немесе кронштейндер мен тіреулерге оқшаулағыштар және арматура көмегімен инженерлік құрылыстарда (көпірлерде, жол құбырларында және басқаларда) бекітілген сымдар бойынша электр энергиясын жеткізуге арналған құрылғы;
Азаматтық кодекс	1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-I Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім);
Топ	Компания және оның еншілес компаниялары;
Қор Топтары	(i) Қор; (ii) Акцияларының 50% астамын дауыс беру құқымен немесе қатысу үлесін Қор иеленетін ұйымдар ("Қор ұйымдары"); (iii) Акцияларының 50% астамын дауыс беру құқымен немесе қатысу үлесімен Қор иеленетін Қор ұйымдарының еншілес кәсіпорындары (Ешілес кәсіпорындар) және (iv) Акцияларының 50% астамын дауыс беру құқымен немесе қатысу үлесімен Еншілес кәсіпорындар иеленетін компаниялар;
ПШД	пайданың шекті деңгейі;
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ;
БЖЗҚ	"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы;
БЭЖ	Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесі;
Акционерлік қоғамдар туралы заң	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II заңы;
Валюталық реттеу туралы заң	"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-III Заңы;
Мемлекеттік сатып алу туралы заң	"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-III Заңы;
Азаматтық қорғаныс туралы заң	"Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V Заңы;

Мемлекеттік мүлік туралы заң	«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV заңы;
Табиғи монополиялар туралы заң	«Табиғи монополиялар және реттемелі нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-I заңы;
Бағалы қағаздар туралы заң	«Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461 заңы;
ҰӘҚ туралы Заң	"Ұлттық әл-ауқат қоры" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңы;
Электр энергетикасы туралы заң	«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II заңы;
АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы заңы	"Бағалы қағаздар туралы" АҚШ-тың 1933 жылғы Заңы (өзгерістерімен);
Өтінім	реттелетін қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейін қарауға арналған өтінім;
Инвестициялық меморандум	Компанияның осы инвестициялық меморандумы;
Компания немесе KEGOC	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы;
КОРЭМ	«КОРЭМ» АҚ (электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы);
КГ	(ӘЖ жұмысының уақыты, сағат) / (8760 сағат);
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры;
ҚЕХС	Қаржылық Есептеменің Халықаралық Стандарттары;
ЭМ	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
ИЖТМ	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;
АЕИ	Заңнамаға сәйкес тиісті жылдарға белгіленетін, республикалық бюджетті реттейтін айлық есептік индекс;
Ұлттық қор	Қазақстанның Ұлттық қоры;
ҚҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
ҰДО	Ұлттық Диспетчерлік Орталық;
Аудиттелмеген қаржылық есептеме	2014 жылдың 30 маусымына және жоғарыда көрсетілген мерзімнің 6 айына Компанияның аудиттелмеген қаржылық

	есептемесі;
ҰЭТ	электр энергетикасы туралы заңда айқындалғандай, ұлттық электр торабы, ол қосалқы станциялар жиынтығынан, тарқатушы құрылғылардан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері мен электр станцияларының кернеуі 220 киловольт және одан жоғары электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр желілерінен тұрады;
ПН	пайда нормасы;
АЖЖ	акционерлердің жалпы жиналысы;
Үкімет	Қазақстан Республикасының Үкіметі;
Самұрық-Қазына сатып алу ережесі	Қордың Директорлар кеңесі 2012 жылы 26 мамырда бекіткен Қорға және дауыс беруші акцияларының 50 және одан көп пайызы (қатысу үлесі) Қорға меншік құқығында немесе сенімгерлікпен басқару тәртібімен тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларға қатысты қабылданған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібін реттейтін ереже;
Правила заключения сделок между компаниями Группы Фонда	«Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін ұйымдар арасындағы жасалуына қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен ерекше жағдайлар көзделген "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен бекітілген мәмілелер жасау ережелері;
Қосалқы станция	электр энергиясын түрлендіру мен тарату үшін қызмет ететін және трансформаторлардан немесе энергияның басқа түрлендіргіштерінен, басқару құрылғылары мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы;
Проспект	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2013 жылғы 28 мамырда тіркеген Проспект;
АРБ	Жұмыс істеп тұрған активтерді реттейтін база;
ӨДО	Өңірлік диспетчерлік орталық;
ӨЭК	Өңірлік электр желілік компания;
Тіркеуші	"Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ;
Самұрық	"САМҰРЫҚ" АҚ мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ;
Тиісті мүше-мемлекет	"Эмиссиялық проспектілер туралы директиваны» іске асыратын Еуропалық экономикалық кеңістікке мүше мемлекет;

Тиісті іске асыратын күн	"Эмиссиялық проспектілер туралы директиваны» тиісті мүше мемлекеттер іске асыратын күн;
ОШК	Орта және шағын кәсіпорындар;
АҚШ	Америка Құрама Штаттары;
Теңге	Қазақстанның ресми валютасы;
Жарғы	Компанияның қолданыстағы Жарғысы;
Өзбекэнерго	"Өзбекэнерго" МАК;
Қор	"Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;
Қаржылық консультант	"Қазақстан Халық Банкі" еншілес ұйымы Halyk Finance" акционерлік қоғамы;
Қаржылық есептеме	Аудиттелген қаржылық есептемемен бірге аудиттелмеген қаржылық есептеме;
ОАЭЖ	Орталық Азия энергия жүйесі;
Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі орталық	"Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС;
Орталық депозитарий	"Бағалы қағаздардың Орталық депозитарийі" АҚ;
ЭЖҰ	энергия жеткізуші ұйым;
ЭЖҰ	энергиямен жабдықтаушы ұйым;
Экологиялық кодекс	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Экологиялық кодексі;
"EUR" немесе "еуро"	Еуропа экономикалық және валюталық одақтың бірыңғай валютасы;
KASE	«Қазақстандық қор биржасы» акционерлік қоғамы;
SEC	АҚШ-тың бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі комиссиясы;
"USD" немесе "АҚШ доллары"	АҚШ-тың ресми валютасы;

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР ИНДЕКСІ

Беттер

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның аудиттелмеген шоғырландырылған қаржылық есептемесі, 2014 ж. 30 маусымда аяқталған алты айға

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....
Меншік капиталының өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп .....
Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер .....

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептемесі, 2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....
Меншік капиталының өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп .....
Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер .....

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептемесі, 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....
Меншік капиталының өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп .....
Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер .....

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептемесі, 2011 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп .....
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп .....
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....
Меншік капиталының өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп .....
Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер .....

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР

КОМПАНИЯНЫҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ, БАНКТЕР ЖӘНЕ АУДИТОРЛАР

Компания	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ 010010 Астана қ., Сарыарқа ауданы, Тәуелсіздік, 59.
Жалғыз қаржылық консультант	«Қазақстан Ұлттық банкінің еншілес ұйымы «Halyk Finance» Акционерлік қоғамы Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 19/1, «Нұрлы Тау» БО, 3Б, 6 қабат
Заң консультанты	«Декерт Қазақстан» Лимитед Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 43 «Достық» БО
Қаржылық консультанттың Заң консультанты	«Proskauer Rose» LLP Ten Bishops Square London E1 6EG United Kingdom
Аудиторлар	ТОО «Ernst & Young Kazakhstan» Қазақстан, 050060, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 «Есентай Тауэр»Бизнес орталығы
Техникалық консультанттар	Fichtner GmbH&Co KG Sarweystr.3 70191 Stuttgart Германия